

РЕЗУАНОВА ҒАЛИЯПАНУ КАБИЕВНА

**ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ
ЛЕКСИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ**

Нұр-Сұлтан 2019

ӘОЖ 81.37 (574)(035.3)

КБЖ 81 (5 Қаз)-3 в4

Р 31

**Баспаға Инновациялық Еуразия университетінің
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Пікір жазғандар: *филология ғылымдарының докторы,
профессор А.О. Тымболова*
*филология ғылымдарының докторы,
профессор С.Қ. Иманбердиева*
*филология ғылымдарының докторы,
профессор Ғ.Е. Иманбаева*

Резуанова Ғ.Қ.

Р 31

Р Қазақ тілінің лексикалық парадигмасы:

Ғылыми монография. «Тұран-Астана» университетінің
баспаханасы. – Нұр-Сұлтан, 2019. - 310 б.

ISBN 978-601-7871-65-9

Монографияда қазақ тілінің семантикасы, сөз мағыналарының шығу негіздері мен түрлері, тілдің лексикалық жүйесіндегі парадигматиканың табиғаты сөз болады. Басты нысан етіп алынып отырған сөз семантикасы, соның ішінде көп мағыналы сөздер. Көп мағыналы сөздердің бірнеше лексика-семантикалық топтардың пайда болуына, өрістеп дамуына негіз болатыны нақты мысалдармен дәйектелген. Лексикалық бірліктердің парадигматикасы мен синтагматикасы, сөз-синтагма, омотема, оған әсер етуші факторлар, омонимия мен полисемия, синонимия мен полисемия, антонимия мен полисемияның парадигматикасы, олардың өзара қатынасы зерттеледі.

Зерттеу нәтижесінде түйінделген ғылыми тұжырымдар мен бағыт-бағдарлар ғылыми қызметкерлер, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен ізденушілер, филология мамандығының студенттері, магистранттар мен докторанттары үшін пайдалы деп санаймыз. Сондай-ақ, еңбек соңында берілген қосымша-сөздік арнаулы орта оқу орындары мен мектеп оқушыларына мол пайдасын тигізеріне күмәніміз жоқ.

ӘОЖ 81.37 (574) (035.3)

ББК 81 (5 Қаз) – 3 в4

ISBN 978-601-7871-65-9

© Резуанова Ғ.Қ. 2019

*Осы еңбегімді маған ізден, оқы, «бақыт кілті – білімде»
деп менің білім алуыма, тұлға ретінде қалыптасуыма,
өсуіме жол сілтеген әкем Резуанұлы Зейнелқабиден мен
анам Қанатияқызы Торғын, сондай-ақ менің әрбір жеткен
жетістігіме шын ниетпен қуана білген әпкелерім Сапиябану
мен Ләйлә, жездем Дауылбай марқұмдардың аруақтарына арнаймын.*

Автор

КІРІСПЕ

Жалпы адамзат тілі қоғам тарихымен тығыз байланысты. Қай халықты алсақ та, оның басынан өткен қилы-қилы кезеңдері сол халықтың тіліне ізін қалдырмай тұрмайды. Демек, «сөз тарихы тіл тарихымен, тіл тарихы халық тарихымен, халық тарихы қоғам тарихымен тығыз байланысты. Біреуін екіншісінен бөліп алуға келмейді. Бірін айтсақ бәрін байланыстырып бірге қатар айтуды қажет етеді» [1, 140]. Осы қатынастардың сырын ашу – тілші-ғалымдар алдында тұрған үлкен міндет.

Қазіргі қазақ тіл білімінде тілдік құбылыстардың бір қатары терең зерттелгенімен, зерттеуді одан әрі қажет ететін мәселелер баршылық. Соның бірі – лексикалық парадигма және лексика-семантикалық топтардың өзара байланысы. Тіл-тілдегі лексика-семантикалық топтардың қайсысын алсақ та, ол сөз мағынасымен байланысты болып табылады.

Қазақ тіл білімінің лексикология саласында сөз мағынасының алатын орны ерекше. Сөз мағынасы өзгеруінің, бастапқы мағынасының үстіне бірнеше қосымша мағыналар жамалуының өзіндік даму, қалыптасу заңдылықтары бар. Сөз және оның мағынасының төңірегінде әр алуан көзқарастар болғандығы бізге мәлім. Себебі, сөз мағынасы қыры-сыры мол құбылыс. Ол ежелден-ақ көптеген тілшілердің қызығушылығын тудырып, олардың назарына ілігіп, түрлі-түрлі пікірталастардың негізгі нысаны да болып келді. Бұл пікірталастар көбінесе сөздердің көп мағыналы болу мәселесіне негізделген. Осы орайда сөздің көп мағыналы болатынын мойындамай неше мағына болса, сонша сөз болуы керек деп қараған зерттеушілер де, сөздің көп мағыналығы кездейсоқ нәрсе деп қарағандары да, сөздің көп мағыналығы тілдің көне дәуірінің, сол дәуірдегі сөздердің диффуздық (жіктелмеген, ажыратылмаған) қалдығы деп түсінген тілшілер де, бір сөз бір өзі бірнеше мағына бере алады деген тілшілер де болғандығын

айтуымыз керек. Демек, сөз және оның мағынасы көне дәуірден-ақ тілшілер мен ойшылдардың (философтардың) назарынан тыс қалмай талай пікірталастар тудырып жүрген күрделі мәселе болған және болып та келеді. Тек тілшілер мен ойшылдарды ғана емес, әр алуан бағытта зерттеу жұмысын жүргізуші басқа маман иелері де сөз мағынасына баса назар аударған.

Сөз мағынасы жөніндегі ілімді тіл білімінде семасиология деп атайтындығы тілшілер қауымына белгілі. Семасиология ілімінің негізін салған француз тілшісі М.Бреаль. 1897 жылы оның «Essai de semantique, science des significations» («Очерк семантики, науки о значениях») деген кітабы жарық көрді. Сол кездің өзінде-ақ М.Бреаль семасиологияның қызықты сала екендігін түсіндіріп, бұл саланың негізгі мақсаттарына және сөз мағынасының қалайша түрленіп отыратындығына назар аудартқысы келген. Ол: «... мы предлагаем исследовать, как же происходит, что слова, однажды созданные и наделенные определенным значением, расширяют это значение или сужают, переносят его с одного круга понятий на другое, повышают либо понижают его ценность, коротко говоря, изменяют его», - деп атап көрсеткен болатын. Осылайша лингвистикалық семантиканың бастамасы пайда болды. Алайда ол ұзақ уақыт бойы әр түрлі аталып келді. Біреулер бұл саланы тарихи семантика деп атаса, енді біреулері тарихи семасиология деп атаған болатын. Бұдан біз семасиология деген терминнің өзі тіл біліміне кеш енгендігін, ал семасиологияның пән ретінде зерттеле бастауы тіл білімінің басқа салаларына қарағанда кеш қолға алынғандығын көреміз. Түркологияда бұл пән тіпті кенже пән болып есептеледі. Семасиология ХІХ ғасырдың аяғында лингвистиканың бір саласы ретінде пайда болды. Сонымен лексикология – тіл білімінің сөз және оның құрылымын зерттейтін саласы болса, семасиология – сол сөздердің мағыналарын зерттейтін тіл білімінің бір саласы ретінде, дербес пән ретінде қалыптасты. ХІХ ғасырдың соңынан осы кезге дейін сөз мағынасының өзгеру жолдары, оны анықтаудың, зерттеудің әр түрлі бағыттары мен әдіс-тәсілдері қалыптасып біршама материалдар жинақталды, маңызды қорытындылар мен тұжырымдар жасалды және семантикалық зерттеудің негізгі қағидаттары белгіленді. Алайда қазақ тіл білімінде лексикалық семантика аясындағы лексикалық жүйе, лексикалық жүйедегі қатынастар, лексикалық мағынаның құрылымдық жүйесі, тіл мен ойлау мәселесі, лексикалық жүйедегі мағыналардың өзара қарым-қатынасқа түсу ерекшелігі т.с.с. көптеген

мәселелер тек соңғы кезде ғана қолға алынуда. Соның өзінде де семасиологиялық тұрғыдан әлі де болса зерттей түсуді керек ететін, зерттелгендерінің өзін әрі қарай талдай түсуді қажет ететін тұстары да жоқ емес. Себебі сөз мағынасы – көп сатылы, көп қатпарлы құбылыс, ол – таңбажасам (семиосис) үрдісімен байланысты барлық құбылыстардың гаммасы. Лингвистиканың лексикология және семасиология салалары бір-бірімен өте тығыз байланысты. Өйткені әр сөздің екі жағы болады: бірі – дыбыстар кешенінен тұратын сөздің сыртқы материалдық жамылғышы, екіншісі – оның мазмұны, яғни сөздің білдіретін мағынасы.

Сөйтіп, семасиология сөздің мағынасын, оның дамуы мен өзгеруін, ауысуын және оның әдіс-тәсілдерін, сондай-ақ ол өзгерістердің болу себептерінің ішкі, сыртқы заңдылықтарын қарастырады. Семасиологияның негізгі мақсатының бірі – тілдік единицаларда тілден тыс құбылыс қалайша көрініс табатынын зерттеу. Тілдің лексика-семантикалық жүйесін басты түрде қамтамасыз етуші болмыстағы құбылыстар арасындағы байланыс пен қарым-қатынас тілдің өзіне қарағанда, әрине, сыртқы заңдылық болып табылады. Алайда кез келген таңбалық жүйе берілген жүйеден тыс жатқандарды белгілеу үшін қолданылады, және таңба (сөз) мағынасының өзі берілген жүйеден тыс та ашылады. Бірақ бұдан тілдің лексика-семантикалық жүйесінің тілдік ерекшелігінің рөлі төмен екен деп түсінбеу керек.

Сөздің лексикалық мағыналары біркелкі емес. Мағыналардың арасындағы айырмашылық, ең алдымен, ақиқат өмірдегі заттар мен құбылыстарға қатысы жағынан айқын көрінеді. Сөздің кейбір мағыналары зат немесе құбылысқа нақтылы атау болып жеке өзі тұрып-ақ түсінікті болатын болса, кейбір мағыналары тек сөйлем ішінде, контексте ғана ашылып түсінікті болады. Сөздің жеке тұрып білдіретін мағынасы мен сөйлем құрамында келіп білдіретін мағыналары басқа-басқа болып келеді. Соған орай сөз мағынасын: негізгі және туынды мағына, тура және ауыспалы мағына, конкретті және абстракты мағына, ортақ және қосалқы мағына т.с.с. деп бөліп қарастырамыз. Жалпы мағынаны әр зерттеуші өзінше түсінеді. Бұндай әр түрлі түсінушілік зерттеу жұмысының бағытына, тілдер тобының ерекшелігіне байланысты. Сөз мағынасын зерттеудің әр түрлі жолдары: сөз мағынасын тезаурустық сөздік бойынша зерттеу бар, лексикалық мағынаны психологиялық зерттеу, сөз мағынасын полисемия құбылысы ретінде зерттеу бар. Негізі

сөздің лексикалық мағынасының зерттелуі барысында әр кезде әр түрлі бағыттар өмірге келіп отырады. Қалай дегенде де сөздің мағыналық жақтарын зерттеудің әрі теориялық, әрі практикалық зор мәні бар. Өйткені тіліміздің сөздік құрамы, ондағы сөз мағыналарының өзгерісі тілімізде үздіксіз болып отыратын үдеріс. Қоғамның, ондағы құбылыстардың дамуы барысында кейбір сөздердің мағыналары тарылып отыратын болса, ал енді біреулерінің мағыналары, керісінше, дамып, бұрыннан бар бастапқы мағынасының үстіне жаңа мағыналар үстеліп отырады. Жаңа мағына жоқтан бар болмайды. Олардың пайда болуына тілдегі бар сөздік материалдар негіз болады. Ол жөнінде Р.Барлыбаев былай деп көрсетеді: «бір жағынан, жаңа мағына жасау тілдегі бар материалдардың негізінде болса, екінші жағынан сол жаңа мағынаны көрсету мұқтажы сол сөздің мағынасының дамуына, сол сөзбен жаңа сөз жасауға себепкер болады. Сыртқы қоғамдық жағдай жаңа мағынаның тууына уәж болса, ол тіліміздің ішкі мүмкіндіктері арқылы қалыптасып жарыққа шығады» [2].

Сөйтіп, тіліміздегі сөздердің бұрынғы мағынасының үстіне бірнеше басқа мағыналар қосылып сөз көп мағыналылыққа ие болады. Сөздің көп мағыналылыққа ие болуының өзіндік заңдылықтары, әдіс-тәсілдері бар.

Ол жөнінде еңбігіміздің I тарауында ашып айтылады. Жалпы, тіліміздегі сөздер белгілі бір заңдылықтар бойынша байланысқан, ұйымдасып келген бір бүтін, біртұтас жүйелі құбылыс. Лексиканы жүйелі категория деп тану лексикалық мағынамен тікелей байланысты. Сөздік құрамның ішкі бірлігі оның парадигмалық және синтагмалық байланысынан көрінеді.

Лексикалық жүйе үшін сөздер тобының негізгі түрі лексика-семантикалық топ болып табылады. Сөздерді белгілі бір лексика-семантикалық топқа біріктіруші сөздің лексикалық мағынасы. Басқаша айтатын болсақ, лексикалық мағына сөздерді белгілі бір заңдылық бойынша лексика-семантикалық топтарға біріктіреді. Бір лексика-семантикалық топтағы сөздердің негізгі парадигмалық ерекшелігі олардың мағыналарында біркелкі семалар болады. Яғни бір ғана топқа бірігу (ену) үшін ол сөздердің не мағыналарында ортақтық, жақындық болады, немесе ол топтағы сөздер мағына қарама-қарсылығына негізделіп бірігеді. Мұндай топтар кейде өзара байланысып та келеді.

Жалпы адамзат тілі жүйелі категория. Олар бірімен-бірі

байланысып, бірінен-бірі туындап жатады. Міне, осы тұрғыдан келгенде көп мағыналы сөздер де бірнеше лексика-семантикалық топтардың жасалуына негіз болатындығы жөнінде, олардың біртұтас жүйе құратындығы, яғни лексикалық парадигмада түзілетіндігі жайында өз еңбегімізде сөз қозғағалы отырмыз. Тіл-тілдегі лексика-семантикалық топтардың бәрі де көп мағыналы сөзбен байланысты болып келеді. Тіліміздегі сөз мағынасы, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдер өз алдына жеке-жеке зерттелгенмен (мәселен, К.Аханов «Қазақ тіліндегі омонимдер»; Ә.Болғанбаев «Қазақ тіліндегі синонимдер»; Ж.Мусин «Қазақ тіліндегі антонимдер»; Р.Садықбеков «Қазақ тіліндегі сөздердің көп мағыналылығы» және М.Оразовтың «Қазақ тілі семантикасы»), көп мағыналы сөздердің тілдегі басқа лексика-семантикалық топтармен байланысы қазақ тіл білімінде жеке зерттеу нысаны болған жоқ. Орыс тіл білімінде бұл бағытта біршама ғылыми зерттеулер жүргізіліп, соның негізінде біраз еңбектер жарық көрді. Қазақ тіліндегі қандай да бір лексика-семантикалық топтарға қатысты еңбектерде сөздердің лексикалық мағынасының құрылымдық сипатына қатысты құнды пікірлер айтылған. Ондай топтың өзіндік ерекшеліктері, тілдегі мағына өзгеру механизмдері жайында түрлі пікірлер, көзқарастар берілген. Тіпті сөздердің лексикалық мағынасының компоненттік құрамдары анықталған. Бірсыпыра сөздердің мағыналары түрлі қырынан ашылып, талдауға түскен. Мәселен, қазақ тілінің семантикасы туралы іргелі еңбек жазған М.Оразов қазақ тіл білімінің атасы Қ.Жұбановтан кейін лексикалық мағынаның құрылымы, тілдегі жүйелік қатынастар, валенттілік мәселесі т.с.с. лексикалық мағынамен байланысты бірсыдырғы мәселелерді алғаш қарастырған ғалымдардың бірі. М.Оразов өз еңбегінде парадигмалық мағына мен синтагмалық мағынаның күрделілігін толық болмаса да атап көрсеткен. Алайда бұл мәселелер содан кейін де қазір де еш көтерілмей сол жабулы күйінде жатыр. Қазақ тіл білімінде бірнеше лексика-семантикалық топтарды өзара байланыста қарастырған еңбек жоқтың қасы. Біздің қарастырып отырғанымыз – сол бірнеше лексика-семантикалық топтардың арасындағы байланыс.

Тілдегі ортақ бір белгісіне қарай біріккен единицаларды парадигмалық қатынаспен байланысты қарастырудың маңызы ерекше. Біз тіліміздің лексикасын жүйелі құбылыс ретінде қарастырғалы отырмыз. Қазақ тіл біліміндегі лексиканың, жалпы

сөздік құрамның жүйелік сипаты жөнінде сөз қозғаудың өзі тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Қазақ тілінде мағына ұқсастығына немесе қарама-қайшылық т.б. белгілеріне қарай парадигмалық қатынасқа түскен, я біріккен сөздерді ашып айқындау маңызды. Әсіресе, оларды сол сөздің мағынасының негізінде қарастыру, бір парадигмалық тұтастыққа біріктірудің маңызы зор. Еңбегімізге басты желі етіп алып отырған көп мағыналы сөздер бірнеше лексика-семантикалық топтардың құрамы жағынан баюына негіз бола алады. Біріншіден, бұл категория синониммен, яғни мәндес сөздермен мағыналық жақтан байланыса келіп, оларды сан жағынан дамытып отыратын құбылыс. Көп мағыналы сөздің бастапқы (негізгі) мағынасы өзімен мағыналас сөзбен бір синонимдік қатар құраса, қосымша мағынасының дамуы негізінде жаңа синонимдік сыңар жасалатыны анық. Екіншіден, көп мағыналы сөздердің мағыналары дами келе бір-бірінен алшақтап, әр түрлі ұғымдағы сөздер ретінде танылуы да мүмкін. Соның нәтижесінде омоним сөздер жасалады да, тілде екі тәуелсіз атауыштық (номинативті) мағына пайда болады. Үшіншіден, қарсы мәндегі сөздер, антонимдер, бір сөз табына енетін сөздер арасында болады да, бір лексика-семантикалық топтың құрамында өмір сүреді. Олар сөздің бүкіл мағынасында емес, тек белгілі мағынасында ғана жақындасады. Демек, қарсы мәнді сөздерді қарастыруда да, антоним таңдауда да сөздің көп мағыналығын ескеру керек.

Зерттеу барысында Ф. Де Соссюр, А.Вежбицкая, Ю.Апресян, В.Гак, О.Ахманова, Д.Шмелев, В.Солнцев, Ю.Караулов, Л.Новиков, А.Уфимцева, И.Стернин, Э.Кузнецова, Қ.Жұбанов, М.Оразов, І.Кеңсбаев, Ә.Болғанбаев, Б.Қалиұлы, Б.Хасанұлы, Б.Сағындықұлы, Б.Момынова сияқты шетелдік, орыс тілшілері мен отандық тіл білімінің танымал ғалымдарының теориялық тұжырымдары басшылыққа алынды. Еңбек қазақ тіліндегі көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарларды айқындауға арналады. Мұндай құбылысты көрсету үшін зерттеу жұмысымызда мына сияқты түпнұсқалар мен деректер пайдаланылғанын айтуды жөн көрдік: «Древнетюркский словарь», Э.В.Севортян «Этимологический словарь тюркских языков», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1-10 т.т), М.Белбаева «Қазақ тілінің омонимдер сөздігі», Ә.Болғанбаев «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі», Ж.Мусин «Қазақ тілінің антонимдер сөздігі», сондай-ақ газет-журналдар мен қазақтың классик қаламгерлері: А.Құнанбайұлы, М.Әуезов, Б.Майлин,

С.Бегалин, Ә.Сәрсенбаев, О.Шипин т.б. шығармалар жинағынан мысалдар теріліп алынды.

Еңбекте көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарлар анықталды. Мұның лексикалық жүйені айқындауда көмегі зор. Арнайы зерттеу нысаны бойынша мынадай мәселелер тұңғыш рет ғылыми шешімін тапты:

- Көп мағыналы сөздер мен лексикалық-семантикалық топтардың өзара байланысы арнайы қарастырылып, олардың арақатынасы мен айырмашылықтары түсіндірілді.

- Көп мағыналы сөздер мен синоним, омоним, антоним категорияларының жүйелі түрде бір ғана парадигмалық қатынасқа енетіндігі дәлелденді.

- Олардың арасындағы мағыналық байланыс бірінен-бірі туындап жататындығы айқындалды.

- Сөздің мағыналық қатынасы бірте-бірте кеңейе беретіндігі анықталды.

- Антонимдердің ұғымдық сипатын анықтау арқылы оның көп мағыналылықпен байланысының сыры ашылды.

- Полисемия мен лексика-семантикалық басқа да топтардың арақатынасы негізінде лексиканың жүйелілігі бір қырынан сипатталды.

- Сөздік құрамның ішкі бірлігі оның парадигмалық және синтагмалық байланысынан көрінетіндігі түсіндірілді.

Парадигмалық, синтагмалық қатынастар, лексиканың жүйелілік сипаты туралы жұмыстың қорытындылары мен тұжырымдары қазақ лексикологиясы мен семасиологиясы бойынша тың түйін жасауға, жаңа бағыт қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай теориялық қағидаларды жоғары оқу орындарында, колледждерде, гимназия, лицей сыныптарында арнаулы курс немесе арнайы семинар ретінде оқу бағдарламасына енгізуге болады. Лексикалық-семантикалық топтар сөздігі практикалық жұмыста жоғары оқу орындарының студенттері үшін де, арнаулы орта оқу орындары мен орта мектеп оқушылары үшін де көмекші құрал бола алады. Полисемия негізінде синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарлардың пайда болуы туралы теориялық қағидалар, тұжырымдар синонимдер, омонимдер, антонимдер сөздіктерін құрастырғанда белгілі бір дәрежеде көмегін тигізуі мүмкін.

Полисемиядан жасалған синонимдердің, омонимдердің, антонимдердің жиілігін анықтауда зерттеу материалдары ретінде қазақтың көркем әдебиет туындылары, газет-журналдар және

синонимдер сөздігі, омонимдер сөздігі, антонимдер сөздігі, көне түркі сөздігі, көп томдық түсіндірме сөздіктері пайдаланылады.

I ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ЛЕКСИКАЛЫҚ ПАРАДИГМА

Адамзат қоғамының қарым-қатынас жасаушы құралы – тіл екендігін бәріміз де білеміз. Кез келген сөздің тілдік жүйеден, адам өмірінде алатын өз орны бар. Өйткені адам баласы бір-бірімен пікір алысып, тіл арқылы қатынас жасағанда, ең алдымен, сөзге сүйенеді. Р.А. Будагов: «Сөз – ең негізгі категория. Тіл жөнінде ойласақ, әдетте, сөз туралы ой жүгіртеміз. Себебі тіл сөздерден тұрады, сөздерге бөлінеді, сөздердің бір-бірімен қарым-қатынасы, байланысы арқылы іске асады. Тіл туралы ғылым сөзбен бірге басқа да тіл категорияларын қарастырады, бірақ басты табиғи категория ретінде сөз алынады», - деп өте дұрыс айтқан [2,5].

Сөз – тіл білімінің барлық салаларының негізгі зерттеу нысандарының бірі болып саналады. Бірақ тіл білімінің әр саласы сөзді бір ғана қырынан зерттеп, өз заңдылықтарына сай сөз етеді. «Тілдің дыбыстық және мағыналық жақтары, сөз және морфема, сөз тіркесі және сөйлем тілдің жалпы ортақ жүйесінің әр тектес бөлшектері ретінде қарастырылады да, ол әр алуан бөлшектерден құралған «жүйенің жүйесі» деп аталады», - дейді Д.Н. Шмелев [3, 5]. Осыған орай тіл білімі біршама дербес, бірақ өзара шарттас және бір-бірімен байланысты қазіргі қазақ тілі курсының мынадай негізгі салаларынан тұратындығын айтуға болады: қазақ тілі фонемасының жүйесі мен дыбыстық қатарын зерттейтін фонетика (фонология); морфология мен синтаксис сияқты екі тараудан тұратын грамматика; тілдің сөздік құрамын, оның тарихи дамуы мен қазіргі қалпы тұрғысынан қарастыратын лексикология. Аталған негізгі салалармен тікелей байланысты және оларды толықтыратын тіл туралы ғылымның прагматикалық бағыттағы тараулары: орфоэпия, орфография, графика, пунктуация, стилистика. Тілді қарастыру барысында тілші-ғалым Б.Момынова айтқандай әуелі ең кіші тілдік бірлікті анықтап аламыз да, енді одан біртіндеп күрделіге қарай иерархиялық жолмен сатылап зерттейміз [4, 6]. Бұл тіл білімінде қалыптасқан дағды. Орыс тіл білімінде семасиология мәселесімен айналысып келген Н.И. Гайнуллина да осы пікірді құптай отырып, тілдік бірліктерді зерттеу барысында жеңілден ауырға қарай бағыт жасалатындығын, оны ғылымда стратификация деп атайтындығын айтады [5, 12]. Сол себепті ғылыми зерттеу үрдісінде тілдік бірліктер төмендегідей бір ізбен қатарланады: фонема – өзіндік мағынасы жоқ, бірақ бір сөзді

екінші сөзден, бір морфеманы екінші морфемадан ажыратуға септігі бар, ары қарай бөлшектеуге келмейтін дыбыстық бірлік (единица). Морфема – сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін кіші мағыналық бөлшегі. Сөз – өзіндік дербес лексикалық мағынасы бар, тілдің өз алдына бір кіші бірлігі. Сөз тіркесі – мағыналық және грамматикалық жақтан байланысқан екі немесе бірнеше айрықша мәні бар сөздер. Сөйлем біршама тиянақты ойды білдіретін және предикаттық синтаксистік конструкциялардан тұратын тілдік бірлік. Бұдан байқайтынымыз, сөз берілген стратификацияның орталығында жүреді.

Тіліміздегі бүкіл сөздердің жиынтығын сөздік құрам немесе лексика деп атап, оны тіл білімінің бір саласы – лексикология қарастырады. Лексикология – сөздік құрамның пайда болуын, оның дамуын зерттейтін тарихи лексикология және сөздердің мағыналарын немесе семантикасын (грек. *Semantikos* – «белгіленуші»), сөздік құрамның көлемін, құрылымын т.с.с. зерттейтін сипаттамалы лексикология деп бөлінетіндігі бізге мәлім. Қазақ тілі лексикологиясы қазіргі қазақ тіліндегі сөздер жүйесін зерттейтіндіктен, әрине, оның негізгі нысаны *сөз* болады. Жоғарыда айтылып кеткендей сөз тіл ғылымының өзге салаларында да қарастырылады. Дегенмен олардың арасындағы мақсат басқа-басқа болады. Тіл білімінің қай саласы болмасын белгілі бір жүйеге негізделген.

1.1 Қазақ тілі лексикасының жүйелік сипаты, парадигмасы мен синтагмасы

Жүйе мен құрылым ерекше ғылыми ұғым болып табылады. Бұл ұғымдар ғылыми әдебиеттерде кеңінен қолданылады. Біз де өз еңбегімізде «жүйе» және «құрылым» ұғымдарын негізге аламыз, сондықтан оларға арнайы тоқталып өтуді жөн көрдік. Тілдің сөздік құрамын жүйе ретінде қарастыру тіл білімі тарихында ХХ ғасырдың басында алғаш қолға алынды. Яғни осы кезден бастап жүйе және құрылым ұғымы ғылыми қолданысқа енген еді. Ол туралы А.А. Уфимцева: «Вопрос об изучении словарного состава языка ставится впервые в истории языкознания в начале ХХ века», - дейді [6, 18].

Лингвистикада тіл жүйелі құбылыс ретінде қарастырылады. Ал тілді қалыптасқан жүйе деп түсіну тілдің сөздік құрамын да жүйе деп тануды қажет етеді. Әйтпегенде логикалық тұрғыдан қарсы көзқарас

туындап лексика «тілден тыс» жатқандай саналар еді. Алайда, лексиканың жүйелігін мойындауда соңғы уақытқа дейін бір қатар қарсылықтар болып келгендігін де жасыра алмаймыз.

Кейбір зерттеушілер лексиканың өзінде сондай бір жүйелік жоқ деп ойлаған болатын. Мысалы, Р.М. Жирмунский: «В лексике нет никакой системности», кроме той, которая обусловлена отношениями между явлениями самой действительности», - деп ашық айтқан [7, 70]. Лексиканың ұйымдасуы қоғамдағы құбылыстар мен заттардың арасында болатын байланыстардан көрінетіндігіне ешкім де дау айтпас. Бірақ лексикадағы бұл байланыстардың көрінісі тілдік факторлардың өзімен реттелетінін теріске шығара алмаймыз.

Нақты лексикалық материалдарда жеке сөздердің немесе түрлі сөздер тобының табиғатын зерттейтін енді бір топ зерттеушілер лексикада оны құрайтын единицалардың арасында қалайда үнемі тартылу және алшақтау, өзара әрекеттің белгілі бір түрлері болады деген тұжырымға келеді, яғни лексиканың белгілі бір жүйелігін түсінеді. Мысалы, профессор Б.Қалиұлы өзінің «Қазақ лексикасындағы жүйелілік» деген мақаласында сөздер бір-бірімен жақындаса да, я болмаса бір-бірінен алшақтаса да олардың мағыналық жағы басшылыққа алынатынын, тіліміздегі синонимдік, антонимдік қатынастарда, сондай-ақ көп мағыналы сөздер мен омонимдердің арасында бір-бірімен салыстыруға, теңестіруге, қарсы қоюға болатын бір тектес белгілер (мағыналар) болатынын айта келе: «лексикадағы жүйеліліктің түп қазығы – сөздердің берер мағыналары мен білдіретін ұғымдары», - деп өз ойын түйіндейді [8, 3].

Сонымен, тілшілердің бір тобы тіл білімінің лексика саласы жүйелі құбылыс дейтін болса, енді біреулері бұған қарсы пікір айтады. Лексиканың жүйелілігін мойындамаудың өзіндік себебі де жоқ емес. Өйткені лексика күрделі және үнемі қозғалыс үстінде болатын тілдік сала болып табылады. Сондықтан да тілдің басқа жақтарымен (салаларымен) салыстырғанда лексиканың ерекшелігін ескере отырып, біз лексиканың жүйелігін анықтау грамматикалық немесе фонетикалық жүйелерге қарағанда қиынырақ (күрделірек) екенін айтуымыз қажет.

Лексикадағы жүйелілік қатынастың сипаты жөнінде ХІХ ғасыр орыс әдеби тілінің сөздік құрамын терең зерттеген О.С. Сорокин: «Лексический состав – это также определенная система,

правда, в отличие от других языковых систем, мало проницаемых и более замкнутых (например, системы фонематической или грамматической), несравненно более обширная, сложная, гибкая и подвижная...», - деп түсіндіре отырып, тілде өзінің қатысы мен өзара әрекетінің негізінде жеке сөздердің табиғатын анықтайтын ең кем дегенде бес үнемі әсер етуші күш болуы керек. Біріншіден, сөздердің дербес мағынасының күші, оның ақиқатқа қатысы. Екіншіден, сөз тудыруға қатысы, өзінің тұлғасына қарай сөздердің басқа сөздермен байланысы, сөздердің қандай да бір грамматикалық топқа енуі. Үшіншіден, сөздердің мағыналық жақтан басқа сөздерге қатысы. Төртіншіден, сөздердің мағыналарының контекстуалды шектестігіне қарай байланысы, кең мағынадағы сөздердің семантика-фразеологиялық байланысы. Бесіншіден, сөздердің сөйлемге, контекстке қарай байланысып келуі, стилистикалық тұрғыдан сөздердің топталуы», - деп қорытындылайды [9, 10].

Д.Н. Шмелев XX ғасырдың 30-жылдары сөздердің арасындағы жүйелік қатынасты көрсету мақсатында әр алуан тілдік өріс теориясы ұсынылғандығын айтып, И.Трирдің «Ұғымдық өріс» теориясы бойынша әрбір «ұғымдық өріске» қалдықсыз мүшеленетін әрі «сөздік өріс» құратын сөздер енеді (онда әрбір сөз сәйкес «өрістің» бөлшегі ретінде ғана мағына алады), ал Р.Порцигтің «семантикалық өріс» теориясы, сөздің өз мағынасында негізі жатқан байланыстарды табуға ұмтылғанын төмендегідей мысалмен келтіреді: *қармау және ұстау* деген сөздер *қол* сөзімен байланысты, *жүру* – аяқпен, *көру* – көзбен т.с.с., бұл байланыстардың негізінде «мағынаның элементарлы өрісі» қаланады, мұндай өрістің ядросы, әдетте, етістік болып танылады», - дейді [3, 183].

Әрине, лексиканың барлық саласы тең дәрежеде «жүйелі» ұйымдасқан деп есептеуге негіз жоқ. Керісінше, түрлі сөз топтарын жақынырақ қарастырғанда бұл топтардың ішіндегі сөздер әр түрлі байланысып, бір-бірімен қатынаста жататындығын өзара әрекеттесетіндігін байқау қиын емес.

Сонымен, лексиканың жүйелі құбылыс екендігі өткен ғасырдан бастап айтылып келе жатқанмен де тілшілер арасында даулы мәселе болып, біраз уақытқа дейін ортақ бір пікірге келе қоймағандығын байқауға болады. Дегенмен де лексика жүйелі ұйымдасқан біртұтас құбылыс деп біз толық айта аламыз. Себебі тіліміздегі сөздер қалай болса солай жинақтала салмаған, олар да белгілі бір құрылым бойынша жүйеге түскен. «Ескерте кететін

нәрсе: лексикадағы жүйелілік дегеніміз – бір қалыптан шыққан ақ кірпіштерден қалап тұрғызған ақ сарай сияқты тым стандартты нәрсе емес. Ол – өте күрделі және сан салалы құбылыс» [8, 6].

Сөйтіп, «жүйе» мен «құрылым» ұғымы ХХ ғасырдың 50-жылдарының орта шенінде ғылымның барлық саласына тарай бастады. Бұның ғылымға енуі табиғат пен қоғамдық құбылыстарды зерттеудің жаңа жүйелі-құрылымдық тәсілінің пайда болуының нышаны.

Жүйелі-құрылымдық тәсіл қандай да бір зат (құбылыс) туралы мәліметтерді бір жалпы тұтастыққа (бірлікке) органикалық біріктіреді. Бұл тәсіл айналадағы қоршаған әрекеттерді бөлшектеп (фрагменттік) және жеке-дара түсінуден жалпы бірлік ретінде түсінуге мүмкіндік береді және ол ғылымда жаңа үлкен мүмкіндіктер ашады. Нысанды біртұтас қарастыру – ойлаудың неғұрлым жоғарғы сатысының қалыптасуында маңызды орын алады, ал атап айтсақ, оның аналитикалық сатыдан танымдық процестен құбылысты неғұрлым жан-жақты және терең тануға бағытталатын синтетикалық ойлауға көшеді. Бұл тәсілдің көмегімен білімнің қазіргі уақытта айырықша нәтижелі болатын жүйелі құрылымы қалыптасады. Әр түрлі ғылымда жүйелі тәсілдің қалыптасуы жүйенің жалпы теориясын жете зерттеуге әкеледі.

Ендеше, тіл де жүйелі-құрылымдық тәсіл арқылы қарастырылған кезде көптеген нысандармен ортақ, сондай-ақ тек өзіне ғана тән ерекше белгілері бар ақиқаттағы көптеген нысандардың бірі ретінде беріледі.

Жүйелі немесе жүйелі-құрылымдық (бұл екі термин берілген еңбекте бір мағынада жұмсалады) тәсілде негізгі болып табылатын: нысанды тұтас құрылым ретінде, оның интегралды және дифференциалды сипаттарын жиынтық ретінде, жүйе ретінде қарастыру. Бұнда басты назар оны тұтас жүйе ретінде сипаттайтын қасиеттер мен белгілерді анықтауға бағытталады. Сондықтан да жүйе және құрылым ұғымдарының айрықша мәнділігіне байланысты олардың анықтамасына тоқталу қажет деп таптық. Тілші ғалым В.С. Тюхтин: «Система – это множество связанных между собой элементов (любой природы), имеющих тот или иной вид упорядоченности по определенным свойствам и связям и обладающих относительно устойчивым единством, которое характеризуется внутренней целостностью, выражающийся в относительной автономии поведения, (или) существования», - дейді [10,18]. Ал Г.С. Щур жүйе

және құрылым ұғымына мынадай түсініктеме береді: «Совокупность элементов (единиц) данного объекта называется структурой. Совокупность связей, существующих между элементами данной структуры, называется системой» [11, 16]. Қазіргі лингвистикалық әдебиеттерде «жүйе» және «құрылым» терминдері неғұрлым кең қолданылып, ерекше көңіл бөлуді талап етеді.

Сонымен, «жүйе» деп отырғанымыз рет-ретімен орналасып ұйымдасқан біртұтас құбылыс. Басқаша айтқанда, жүйе – өзара белгілі бір заңдылықтар бойынша байланысқан, бірнеше элементтерден құралған бір бүтін категория. Әрбір элемент жүйеге бүтіннің бөлшегі ретінде енеді, ол басқа элементтермен тілдік категориялар арқылы тікелей иә жанама байланысып жатады.

Әрбір жүйенің белгілі құрылысы, тәртібі (ұйымы) болады. Оны жүйенің құрылымы деп атайды. Құрылым – дегеніміз тіл элементтерінің арасындағы қатынас сызбасы, жүйенің барлық бөлшектерін қамтып, оларды бір бүтіндікке біріктіретін қатынас желісі. Жүйе мен құрылым бүтін мен бөлшек ретінде ара қатынаста болады. Тіл білімінің қай саласы болмасын белгілі бір жүйеге негізделген.

Лексиканы жүйелі категория деп тану лексикалық мағынамен тікелей байланысты. Сөздіктермен, әсіресе, түсіндірме сөздікпен жұмыс істеу барысында әр сөздің мағынасын ашып, ғылыми талдаулар жасалғандығын көреміз. Ол қазақ тілінің сөздік құрамын жүйелі құбылыс деп лексика-семантикалық, тақырыптық (тематикалық) топтарға біріктіріп, әр топтың құрамындағы мүшелердің арасындағы байланыстарды анықтап зерттеуге жағдай жасайды. Ал оның тіл білімі үшін маңызы зор. Мәселен, өткен ғасырдың аяқ шенінің өзінде М.М. Покровский өзінің семантикалық ізденісінде «белгілі бір сөз мағынасының тарихы біз үшін ол сөзді онымен синтаксистік және, бастысы, бір ғана ұғымға жататын басқа сөздермен байланыста қарағанда ғана түсінікті болады», - деп көрсетті [12, 65].

Жалпы тілді, зат немесе құбылысты жақсы білу үшін оның барлық жағын, барлық байланысын, бүкіл жанама жағын жақсы зерттеу қажет. Осылай жүйелі-құрылымдық тәсіл шеңберінде қоғамдағы құбылысты зерттеуге кешендік және жан-жақты қарастырудың әдіснамалық талабы қолданылады.

Тіл білімінде сөздік құрамды зерттейтін ғылымның негізінде екі

іргелі теориялық жағдай орын алған. Соған орай орыс тіл білімінің лексикологы Э.В. Кузнецова тілдің сөздік құрамын екі түрлі аспектіде қарастыруға жүгінеміз дейді. Ол – тіл әлеуметтілігі және оның жүйелілігі. Басқаша айтсақ, сөздік құрамды тілден тыс (экстроллингвистикалық) факторлармен байланыстырып, жүйелі семантикалық аспекті тұрғысынан қарастырамыз. Лексиканың әлеуметтілігі және жүйелілік сипат идеясы тіл білімінің көрнекті өкілдері Ф.Ф. Фортунатов, И.А. Бодуен де Куртэне, А.А. Шахматов, М.М. Покровский, А.И. Смирницкий т.б. еңбектерінде жақсы көрсетілген [13, 4; 5, 13].

Қазіргі ғылымда сөздік құрамға байланысты лексикология мен семасиология, яғни сөз және оның мағыналары жөніндегі ғылымдарды бөліп қарау керек дейтіндер де бар. Бұл – дұрыс. Алайда бұл екі саланы бір-бірінен мүлдем бөліп алуға болмайды.

Лексикология мен семасиология мәселесінің ара жігіне шектеу қоюға болмайды. Қазіргі қазақ тілі оқу бағдарламасында жалпы лексикология деп аталатын салаға бүкіл тілдің лексикалық жүйесін анықтаудың ішкі лингвистикалық және лингвистикадан тыс факторлармен біріккен қазақ лексикасын оқытуға байланысты мәселелер енеді. Дегенмен де бұл жалпы мәселелердің ішінен, әлеуметтік-лингвистикалық және көбінесе, жүйелі-семантикалық аспектіге жататын мәселелерді жіктеп қарауға болады.

«Лексикада бұл екі бағыт ара-тұра тар мағынадағы лексикология мен семасиологияның ажырауымен үйлеседі.

Лексикология, ең алдымен, тілдің сөздік құрамында әлеуметтік тарихи тұрғыдан тілден тыс факторлармен шарттас жақтарын қарастырады. Оның міндетіне тілдің сөздік құрамының қалыптасу мәселесін қарастыру, онда болатын тарихи өзгерістер, қалыптасуына қарай, қолданылу аясына қарай жіктеу, белсенділігі тұрғысынан (қолданысына қарай) жүйеленуі кіреді.

Семасиология тілдің лексикалық жүйесін және сөзді, ең әуелі, ішкі заңдылықтарға қарай осы жүйені қалыптастырушы ретінде қарастырады. Семасиологияның нысаны – лексиканың жүйелілігінің әралуан көрінісі, сөздің лексика-семантикалық тобы, семантикалық түрлену құбылысы, сөздің үйлесушілік заңдылықтары, бүкіл мағыналық және сөздің семантикалық шартты оппозициясы» [13, 5].

Лексиканы оқытуда ол әлеуметтік-лингвистикалық жақтан қарастырылып, тарихи-әлеуметтік тұрғыдан тілден тыс факторлармен

байланысты белгілерді есепке ала отырып, сөздер жіктеледі және оларға мінездеме беріледі. Тілдің сөздік құрамының әлеуметтілігі мынадай аспектілерден көрінеді: 1) сөздердің қоғам дамуының әр түрлі кезеңдерінде қалыптасуы (халықтың территориялық орналасуы, мемлекеттің пайда болып дамуы т.с.с.); 2) сол халықтың өмірі мен тұрмысындағы ерекшеліктердің тілдің сөздік құрамынан көрінуі; 3) басқа халықтармен қарым-қатынас жасау барысында сол халықтың тілінен сөздер алуы; 4) экономика, мәдениет және ғылымның дамуы барысында жаңа сөздердің жасалуы; 5) сол тілді таратушы әлеуметтік топтың қызметіне (кәсібіне) қарай сөз қолдану аясына сәйкес лексиканы түрлі жікке бөлу т.б.. Мәселен, кірме сөздердің өзін: латинизм – атрибут, апелляция, арена, артикуль, автор, архив, агент, аспект, ассимиляция, аттестация т.б.; грек тілінен енген – аффоризм, автономия, демократия, академия, алфавит, динамика т.б.; ағылшын тілінен кірген – бизнес, бюджет, торт, вокзал, тренер т.б; галлицинизм, яғни француз тілінен алынған – люстра, билет, абонмент, пальто, такси, ассамблея, аттракцион, банкет, афиша; орыс тілінен енген (оның өзін: Қазан төңкерісінен кейін, кеңес үкіметі кезінде деп түрлі дәуірге бөлуге болады) – зауыт (завод), гимназия, училище, карта т.б.; неміс тілінен кірген – штаб, кран, папка, штраф, курорт, вахтер т.б.; итальян тілінен енген – дуэт, бас, тенор, студия, касса т.б. деп бөлу. Қолданылу дәрежесіне қарай: қазіргі уақытта аз қолданылатын немесе мүлдем қолданылмайтын, себебі олар атайтын зат немесе құбылыс бізге мүлдем таныс емес немесе қолданудан шығып қалған (қауға, шабарман, болыс т.б.) оны пассив сөздер деп белгілі бір құрылым бойынша жүйеге түсіруге болады.

Лексикадағы жүйелілік дегеніміз өзара шарттас, бір-бірімен байланысты заттар мен ақиқат болмыстың нысандарын көрсететін тілдік бірліктердің бірлігі. Жай ғана бірлігі емес, лексикалық жүйелілік дегеніміз «заңды түрде тұрақты қатынас арқылы өзара байланысты және қашан болмасын өзара әрекеттес тілдік элементтердің ішкі ұйымдасқан бірлігі» [9, 10].

Тілдің сөздік құрамын жүйелі-семантикалық жақтан зерттеуде бірінші кезекте қазақ лексикасы жүйе ретінде алынып, оның ішкі семантикалық құрылымына көңіл бөлінуі керек. Тілдің лексикасына жүйелі құбылыс ретінде қарау, әрине, күрделі іс. Сондықтан да қоғам өмірінің лингвистика саласында бұл идеяны қолдаушылар да, қолдамаушылар да болған. Мәселен, лексика жүйелілігі идеясы, ең

алғаш лексикологияның маңызды мәселесі ретінде орыс тіл білімінде М.М. Покровский, Л.В. Щерба, В.В. Виноградов еңбектерінде қозғалып, басқа да лексикологтар тарапынан қолдау тапты. Және лексиканың даму себептері ашылды [13, 7]. Ал қазақ тіл білімінде лексика жүйелілігі мәселесі арнайы зерттелмеген десек те болады. Өйткені лексикадағы жүйелілік мәселесі төңірегінде әр түрлі деңгейде сөз қозғалып, К.Аханов, Т.Қордабаев, З.Базарбаева, М.Оразов, Б.Қалиұлы, Ж.Аралбаев сияқты ғалымдардың еңбектерінде азды-көпті сөз болғаны болмаса, арнайы зерттеу еңбектері жоқ. Бірақ соңғы кезде көптеген тілшілер мен ізденушілерді ойландырып жүрген құбылыс деп айта аламыз. Бұл мәселе соңғы уақытта Е.Өтешова, Б.Момынова, Ғ.Хасанов тағы басқалардың еңбектерінде көтеріліп жүрген мәселе екендігін айтуға болады.

Сөздік құрамды жүйелі-семантикалық аспекті тұрғысынан қарастырғанда біз жалпы лексиканы механикалық жиынтық ретінде емес, жүйелі ұйымдасқан жиынтық ретінде қарастыруымыз қажет. Мәселен, *"балалық"* деген сөз қарама-қарсы антонимдік қатынаста *"кәрілік"* сөзімен байланысты, ал мағына жақындығы жағынан *"жастық, сәбилік, балғындық"* сөздерімен синонимдік қатар құрайды. Бұл сөз екі түрлі мағынада қолданылады: 1. *Жастық, бұғанасы қатып, есеймеген кез;* 2. *Тіс қақпағандық, дүние көрмегендік.* Демек, лексикадағы сөздер қалай да бір-бірімен байланысты. Яғни жүйелі түрде ұйымдасқан. Сондай-ақ біз *"су"* десек, біздің санамызда суға байланысты көптеген құбылыстар елес береді, сөйлемге (контекстке) байланысты оның атауы нақтылана түседі. Нәтижесінде, құрамында су семасы бар келесі сөздер тобы парадигма құрайды. Көлеміне қарай: *көл, өзен, теңіз, мұхит, бұғаз, шығанақ.* Шығу тегіне қарай: *тоған, канал, бөген, су қоймасы т.б.* Оның өзін іштей – *табиғи сулар және жасанды сулар* деп бөлуге болады. Сонда бұлардың басын біріктіріп өзара байланыстырып тұратын мағыналық бөлшек (сема) – *сұйықтық.* Су (сұйықтық) деген ортақ мағынасы бар мұндай сөздердің тобын лексика-семантикалық топ деп атаймыз. Сонда тұлға бірдейлігі десе, біз омонимді, ал мағына жағынан бірдей немесе ұқсас десе мәнделес сөздерді – синонимді, қарама-қарсылық десе – антоним, варианттылық десек (мысалы, көп мағыналы сөздің нұсқаларын, варианттылығын) мағыналық қатысты түсінеміз. Аталған қатынас сөздік құрамды сөздік бірліктердің жай ғана көптік

жиынтығы етіп қоймай, оларды жүйеге келтіреді. Лексикадағы жүйелілік тек қана синонимдік қатар, антонимдік сыңар, лексика-семантикалық топтарда (ЛСТ) ғана емес, сол сияқты қандай да бір негізгі ортақ тақырыпқа біріккен тіліміздің сөздік құрамындағы сөздер жиынтығынан да көрінеді. Сөздердің ондай тобын тақырыптық топ деп атайды.

Тіл білімінде тақырыптық (тематикалық) топ және лексика-семантикалық топ деген екі термин қатар өмір сүреді. Көптеген зерттеушілер сөздерді тақырыптық топқа топтастыруда лингвистикалық қағидат негізге алынбайды, зерттеулердің табиғи белгілері, объективтік қатынастары тағы сондай-сондайлар негізге алынады. Ал лексика-семантикалық топ сөздердің лексикалық мағынасына негізделеді, яғни сөздердің антонимдік, синонимдік не ұштас мағыналары есепке алынады дейді. Шынында да бір тақырыптық топқа біріккен сөздердің арасында ешқандай мағыналық байланыс болмауы да мүмкін. Мәселен, *үй жиһаздарының атаулары* өз алдына бір тақырыптық топ құрайды. Сонда ол топтың ішіндегі мүшелер, яғни сөздер өзара семантикалық байланысқа түспейді десе де болады. Алайда, олардың арасында мүлдем ешқандай байланыс болмайды деуге болмайды. Оны тілші М.Оразов пен Э.В. Кузнецованың айтқан мына бір пікірлері растай түседі: «Единство элементов тематических групп определяется прежде всего денотативным фактором, общностью самих явлений. Семантические связи между словами в рамках таких групп довольно разнообразны: часть и целое (щека-лицо), функциональные связи предметов (поезд-рельсы), а также родо-видовые отношения (скот-корова)» [13, 71].

«Тематикалық топ сөздердің тек денотаттық мағынасына (кейде объективті дүниедегі заттардың өзгеруіне) негізделсе, лексика-семантикалық топ сөздердің лексикалық (әрі денотаттық, әрі сигнификаттық, әрі ішкі лингвистикалық) мағынасына негізделеді», - деп көрсетеді М.Оразов [14, 8].

Лексика-семантикалық топтар мен болмыстағы бар заттардың қандай да бір тобын белгілейтін сөздердің бірлестігін яғни тақырыптық топтарды ажырата білу керек. «Такого рода объединения слов, основывающихся не на лексико-семантических связях, а на классификации самих предметов и явлениях, можно назвать тематическими словарными группами», - дейді Ф.П. Филин [15, 526]. М.Оразов өзінің семасиология мәселесіне арналған оқулығында

Щурдың «Теория поля в лингвистике» деген еңбегіне талдау жасай отырып, оның тақырыптық топтарға сөздерді топтастырғанда өріс теориясын қолданып, оған сөздердің парадигмалық қатынасын негіз етіп алғандығын айта келе, автордың тақырыптық топтың (өрістің) құрамына енген сөздер семантикалық ерекшелігіне қарай бірізді болмай, бір жағынан синтаксистік қасиетімен, екінші жағынан белгілі бір затты білдіретіні, әрі экстралингвистикалық әрі лингвистикалық жақтан көрінеді деген пікірімен келісе отырып, «синоним болсын, антоним болсын сөздердің арақатынасынан туады, ол заттардың өзіндік белгілерімен ғана емес тілдік заңдылықтармен де қалыптасқан дәстүрмен де байланысып жатады», - деп түйіндейді /Қараңыз: М. Оразов, 1991/.

Егер тақырыптық топтағы сөздердің біреуі уақыт өте келе басқа сөздермен ауыстырылса, ондай ауыстырылу сол топтағы сөздердің стилистикалық бояуына, мағынаның өзгеруіне әкелмейді. Мәселен, егер *жон* (жота) сөзі *арқа* сөзімен ығыстырылса, *ол бас, ауыз, тізе* деген сияқты сөздерге ешбір әсерін тигізбейді. Бірақ *арқа* және *жон, аяқ пен тізе, қол мен алақан т.б.* осы сияқты сөздердің арасында байланыс болады. Демек, бір тақырыптық топтың шеңберінде неғұрлым кіші, бірақ ішінара байланысқан сөздердің лексика-семантикалық топтары болады.

«Лексико-семантические группы слов представляют собой собственно-языковые единицы, продукт исторического развития того или иного языка. Слово, выражая свои собственные значения, в рамках одной лексико-семантической группы в тоже время оказаться связанной между собою отношениями, небезразличными их собственных значений. Это отношение синонимии, антонимии, всякого рода уточнения дифференциации, обобщения близких или сопредельных значений» [15, 535].

Салыстыру арқылы сөздерді әр түрлі топтарға біріктіру жүйесінің деңгейі бірдей емес екенін оңай байқауға болады. Мәселен, туыстық қатынасты белгілеу үшін қолданылатын «*ата, әке, бала, немере, шөбере, немене, шөпшек*» деген сияқты сөздер мен адамдар арасында басқа қатынасты көрсету үшін қолданылатын сөздерді алсақ, олардың арасындағы қатынас бірдей емес екенін көруге болады. Бірінші топ мүшесі толық мағынада микрожүйені көрсетсе, екінші топтағы сөздер өздерінің мағыналарын қатаңырақ ажыратады, салыстыратын болсақ: *дос, таныс, жолдас, тамыр, тілеулес – қастық ойлаушы, қарсылас, қас, дұшпан, жау, жауыз, бақталас*

т.б. Олардың қолданылуы біржақты қарсы қоюмен реттелмейді. Әрине, сөздік құрам бірліктерін (лексикалық единицаларды) тақырыптық топқа біріктіру де тілмен нақтыланатын шеңберден тыс жасалмайды. Ол берілген нақты тілге тән қандай да бір мөлшерде семантикалық қатынастың жалпы сипатымен анықталады.

Сөздік құрамның жүйелі-семантикалық қасиеті жеке-дербес мағынасында тілдің басқа единицаларымен қиылысатын сөздердің байланысының көптігін бейнелейді.

Қазіргі кезде лексикада жүйе идеясы әлеуметтік-лингвистикалық және жүйелі-семантикалық ұйыммен тең дәрежеде қабылданады деп санауға болады. Жүйе идеясы мына сияқты лексикологтардың еңбектерінде сенімді қолдауын тапты: орыс тіл білімінде В.В. Виноградов, Ф.П. Филин, Н.И. Толстой, Д.М. Шмелев т.б., сондай-ақ роман-герман тобына жататын тілдерді зерттеуші А.И. Смирницкий, Н.Н. Амосова, В.Г. Гак, А.А. Уфимцева, И.В. Арнольд т.б. еңбектерінде. Жалпы тілдің жүйелі құбылыс екендігін көпшілік ғалымдар мойындады [13, 8; 5, 19].

Бұл пікірдің объективтік құндылығы мен ғылыми жемісін мынадай дәлелдеулер арқылы көрсетуге болады. Егер біз тілді жүйе деп алсақ, онда бұдан лексиканың жүйелілігі автоматты түрде мойындалуы тиіс. Өйткені бір бөлгілі жүйелі, екінші біреуі жүйесіз «жүйені» көз алдыға елестету қиын. «Басқа дәлел: лексика саласында, жалпы тілдік жүйеге негіз болатын единицалар арақатынасының барлық түрі анық қадағаланып отырады. Оған: қатынас құралы қызметі, парадигмалық, синтагмалық қатынастар және түрлену (репрезентация) қатынасы жатады» [13, 9]. Енді бұл қатынастардың лексикада көрінуін қысақаша атап көрсетейік. Өзінің негізгі номинативтік қызметіндегі лексикалық жүйедегі жеке-дербес единица ретіндегі сөздер парадигмалық қатынас арқылы өзара байланысып жатады. Мұндай қатынастың жиынтығы сөз аралық парадигматиканы білдіреді. Ең алдымен, мұндай қатынасты қарастырмас бұрын, берілген қатынастың бөлшегі болатын лексикалық единицалардың өзінің мәртебесін анықтап алуымыз қажет. Сөз тіл жүйесінің лексикалық единицасы ретінде екі мәртебеге ие болады. Біріншіден, сөздің сөйлемде қызметке түспеген, өз алдына номинативті бірлік мәртебесі. Яғни, атауыш сөз немесе ономотема-сөз мәртебесі. Екіншіден, сөйлемде қызмет атқаратын синтаксистік сөз немесе синтагма-сөз мәртебесі. Яғни, сөйлемнің бөлшегі бола отырып,

оның құрамында сөздер бір-бірімен байланысқа түсіп, жалпы ойды қалыптастырып айтуға ат салысады. «Ономотема-сөздің екі жағы болады. Оның екі жағы да комбинаторлық сипатта болады: лексема –морфемадан, семема – семдік компоненттерден тұрады. Тілдік бірліктердің комбинаторлығы кез келген парадигматикалардың іргелі негізін құрайды» [13]. Ономатема-сөздің мағынасы, негізінен, лингвистикадан тыс факторлармен анықталады. Ол сөйлем құраудағы қызметіне тәуелсіз, контекстен тыс өз алдына дербес мазмұнға ие, оның басты қызметі номинация болатын лексикалық жүйенің бірлігі. Дәл осы өзінің ономатикалық мәртебесінде сөз өзара парадигмалық қатынаспен байланысады. Ал мазмұнына келетін болсақ, ол бір мағыналы ма, жоқ әлде көп мағыналы ма соған байланысты әр түрлі қарастырылады. Егер сөз бір мағыналы сөз жайында болса, ондай мағынаның мазмұнын түсіну қиын емес. Көп мағыналы сөз мәселесі қиынға соғады /Э.В. Кузнецова, 1989, 29-31 беттерді қараңыз/.

Сөз түрлерінің бүкіл топтары күрделі лексикалық парадигма құрайды. Тілдің лексикалық жүйесінің шеңберінде мұндай парадигмалық бірліктің күрделілігімен көп қабаттылығын кезінде В.В. Виноградов сипаттап берген: «Смысловые явления в языке образуют внутренне связанные ряды, основанные на общем элементе или признаке и прежде всего соотносятся внутри этих рядов. Эти ряды в свою очередь и следуя тому же принципу являются членами рядов высшего порядка и т.д.. Само собой разумеется, что «все эти ряды» не только соотносительно, но и взаимосвязаны и взаимозависимы» [16, 296].

Сонымен, лексикалық жүйелілік дегеніміз заңды түрде өзара тұрақты қатынастағы және әрдайым өзара аралас жататын тілдік элементтердің ішкі бірлігі. Сөздік құрамның ішкі бірлігі оның парадигмалық және синтагмалық байланысынан көрінеді. Ендеше сөзді және оның мағынасын парадигмалық аспектіде қарастыруымыз керек. Ал тілді парадигмалық аспектіден қарастырудың лингвистикалық негізі Ф.де Соссюрдің идеясынан бастау алатындығы белгілі. «Парадигма гректің «мысал, үлгі» деген сөзі. Біріншіден, тілде олардың мүшесінің формалды немесе семантикалық ортақ принципі бойынша бір-біріне қарама-қарсы қойылған белгілі деңгейдегі лингвистикалық единицалардың (топтардың) жиынтығы. Екіншіден, жекелеген семантикалық белгілері және қарама-қарсы грамматикалық мағыналары бірігіп бір

лексеманы білдіретін сөз формаларының жүйесі. Парадигматика лингвистикалық топтардың – парадигмалардың жиынтығын құрайтын тілдік жүйе және ол адам санасында немесе жадында олардың формаларының немесе мазмұнының ортақтығына байланысты немесе бір мезгілде сол екеуінің ұқсастығы негізіндегі әлде бір әсерлер арқылы жинақталған және салыстыру қатынасына байланысты тіл жүйесінің элементтері ретіндегі лингвистикалық бірліктерді зерттеу аспектісі. [17, 264]. «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте»: «Парадигма (от греч. *parádeigma* – пример, образец) – 1) в широком смысле – любой класс лингвистических единиц, протовопоставленных друг другу и в то же время объединенных по наличию у них общего признака или вызывающих одинаковые ассоциации, чаще всего совокупность языковых единиц, связанных парадигматическими отношениями; 2) модель и схема организации такого класса или совокупности; 3) в более узком смысле – синоним термина «морфологическая парадигма» (система форм одного слова). А парадигматика 1) один из двух аспектов системного изучения языка, определяемый выделением и противопоставлением двух типов отношений между элементами и/или единицами языка – парадигматических и синтагматических; раздел науки о языке, занимающийся классификацией, определением области их действия и т.п.; противопоставляется синтагматике по типу изучаемых отношений и их группировок; 2) в более широком смысле – то же, что система языковая, понимаемая как совокупность лингвистических классов – парадигм; противопоставляется синтагматике как синониму понятия лингвистического процесса и текста» деген анықтама берілген [Лингвистический энциклопедический словарь / Под ред. В.Н. Ярцева. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 682 с., 366 б.].

Демек, парадигма термині тіл білімінде бірнеше мағынада қолданылады: 1) кең мағынада бір-бірінен ерекшеленіп келетін, сонымен бірге бәріне ортақ белгілері арқылы біріккен кез келген тілдік бірліктер тобы, 2) осындай топтар мен жиынтықтардың жасалу моделі (үлгісі) мен схемасы (сызбасы). Тіл бірліктері тобының жүйесіне қарай парадигма морфологиялық, синтаксистік, лексикалық және сөзжасамдық болып жіктеледі. Жалпы «парадигма» термині алғаш рет лексика саласына қатысты қолданылған. Бұл құбылысты өткен ғасырдың басында швейцар ғалымы Ф. де Соссюр тілдегі мағыналық қатынастардың парадигмалық және синтагмалық қатары

ретінде ұсынған еді. Парадигматика парадигмалық қатынастарды, оларды топтастыруды, олардың таралу саласын қарастыратын тіл білімінің саласы ретінде ұғынылатын болса, онда оның тіл деңгейлеріне де қатысы бар деп түсінген жөн. Мәселен, *лексикалық парадигматика* лексемалардың арасындағы түрлі қатынастарды қарастырады. Ондай қатынастар антонимдік немесе синонимдік болуы мүмкін. Кей лексемалар бір-біріне мағыналық жағынан жақын болса, кей лексемалар бір-біріне қарсы мағынада келеді. Міне осындай тармақтық қатынасты *парадигмалық қатынас* дейміз. Бұл парадигма ұғымының тілдің лексика саласындағы қолданылуының шегі емес. Оны кең мағынада кез келген топтауға сүйенілген лексемалардың қатары деп те қарауға болады (тақырыптық топтар, көп мағыналы сөздердің қатары, семантикалық топтар және т.б.). Бұл мәселенің сөйлеу теориясына да қатысы бар. Сөйлеуші парадигмалық қатынаста тұрған лексемалардың бірін өз сөйлеу мақсатына қарай тандап қолданады. Парадигматикалық қатынастар тілдік қолданыста, мәтін ыңғайында әрдайым бірдей бола бермейді. Олар айтушының санасы мен жадында сақталған ұғым мен тілдік элементтердің арақатынасының көрінісі болып табылады. Олар бұл элементтердің сәйкестігін не грамматикалық тұлғаларға қарап, не мазмұнға қарап, тіпті осыларды тұлға мен мазмұнның екеуіне қарап байланыстыруы мүмкін.

Парадигматика сөздік таңбалардың семантикалық құндылығын және соған сай тіл жүйесіндегі номинативтік бірлік сөздің мағыналы қатынасының моделін ашады, синтагматика болса – нақты тұлғаларға және жүйелік мүмкіндіктің маңыздылық тәсілдерін, осы әлеуетінің қолданылу деңгейімен шартын көрсетеді. *Синтагма* дегеніміздің өзі – бірге құралған, біріктірілген немесе интонациялық-мағыналық бірлік дегенді білдіреді. Ол контексте бір түсінікті білдіріп, бір сөзден, бір сөз тобынан және тұтас сөйлемнен құралады. Синтагма синтаксистік бірлік болып табылады. Ал синтагматика (гректің *Syntagma* – «бірге құрылған») – тіл жүйесін зерттеудегі аспектінің бірі Тіл таңбаларының арасындағы ерекше синтагматикалық қатынастарды зерттейді. Нақты сөйлеуде және мәтінде тізіле орналасқан тілдік бірліктер арасында пайда болады. Синтагматика парадигматикаға қарсы қойылған құбылыс. Синтагматикалық қатынастар тіл құрылысының түрлі деңгейінде ажыратылады. Сондықтан морфологиялық, фонетикалық, синтаксистік және

лексикалық синтагматика сөз етіледі. Синтагматика фонетикалық единицалардың, бір дериваттарға әр типті морфемалардың синтаксистік конструкциясының және сөздер компоненттерінің бір-бірімен тіркесу ережелерін зерттейді [17, 333].

Тілдің синтаксистік және номинативтік қызметінің өзара байланысқаны сияқты синтагматика мен парадигматика да өзара тығыз байланысты, әрі шарттас болады. Лексикадағы парадигматикалық және синтагматикалық қатынастар әр текті және белгілі бір тұрғыда қарама-қайшы тілдік құбылыстардың диалектикалық бірлігін білдіреді. Бұл құбылыстар сөйлеу барысында өзара әрекеттесіп, бір бірлікке бірігеді да коммуникацияны қамтамасыз етеді және анықтайды. Соның арқасында тіл өзінің маңызды қызметінің бірі қарым-қатынас (коммуникативті) қызметін атқарады. Екі жақты мән ретіндегі лексикалық бірліктермен бұл единицалардың қатынасының жиынтығын қамтитын лексикалық парадигматика мен лексикалық синтагматика қазіргі тіл білімінде тілдік жүйенің айрықша кіші жүйесі – лексика-семантикалық жүйе ретінде қарастырылады.

Лексика-семантикалық жүйе екі негізі жағынан – субстантивті немесе референтті, яғни ақиқат өмірдегі арақатынасы жолымен (олармен зат, құбылыс, сапа т.б. белгілеуімен) және қызметімен, яғни сөздің қызметтік белгісін оның синтагмалық мәртебесін анықтау негізінде бөлінетін бірліктер ретінде түсінілетін сөздер құралады. Сөз белгілі бір парадигманың мүшесі бола келе, оның басқа сөздермен синтагмалық бірігуін жаңа синтагмалық байланыс мүмкіндігін анықтайды. «Парадигма сөйлеу деңгейінде (синтагмада) бір позицияда единицаларды ретке салып, өзара бірін-бірі шығарып тастап отырады» [5, 14]. Синтагмалық қатынасқа түскен бір парадигма бір уақытта бір ғана форманы көрсете алады. Түсінікті болу үшін өзімізге бұрыннан таныс зат есімнің көпше және жекеше түрін алып көрсетейік: «*бөлме, кір, қыз*» деген сөздерден бір уақытта екі түрлі қылып «*Бөлмеге қыз кірді*» және «*Бөлмелерге қыз кірді*» деп айта алмаймыз. Бірінші синтагмалық қатынаста біз бөлменің біреу ғана екенін байқасақ, екіншіде көптік ұғым берілген. Сол сияқты «*Қыз бөлмеге кірді*» десек, қыздың қайда кіргені жайында ақпарат береміз, ал «*Бөлмеге қыз кірді*» десек, бөлмеге кімнің кіргендігі жайлы ақпарат

беріледі. Және бір парадигманың мүшесін синтагмалық қатынасқа түсірген кезде септік категориядан не атау септігін, не барыс септігін аламыз, яғни бір уақытта бір сөз бір ғана септік жалғауында келе алады. Тілде лексикалық парадигматика мен лексикалық синтагматика арақатынасын анықтау дегеніміз сол тілдің лексика-семантикалық жүйесіне құрылымдық сипат беру деген сөз.

Сөз тілдің лексика-семантикалық жүйесінің негізгі айқындауыш единицасы болғандықтан, лексика-семантикалық жүйені зерттеуде ол (сөз) заңды түрде зерттеудің негізгі нысаны болып саналады. Лексика-семантикалық жүйені анықтау – бірінші кезекте оның практикалық ұшы-қиыры жоқ объектісімен байланысты ұзақ та күрделі үрдіс. Зерттеу сонша күрделі, әрі көлемді, өте маңызды іс. Академик Л.В. Щерба көрсеткендей бір сөзді оның барлық көрінісінде, әрі байланысында қарастыру дегеніміз терең ғылыми зерттеу [18]. Сөзді қарастырудың маңызды болатын себебі, сөз – тілдің лексика-семантикалық жүйесінің негізгі единицасы ғана емес, сондай-ақ тілдік жүйенің бәрінің де орталық единицасы. Міне, сондықтан да бір ғана сөзді оның парадигмалық та, синтагмалық та барлық байлығында қарастыру маңызды да күрделі іс. Мұндай жұмыс тілдің маңызды сатысы (деңгейі) лексика-семантикалық жүйесін зерттеуде қажеті зор болып табылады.

Лексикалық деңгей шеңберінде сөздер өзара әр түрлі қатынаста байланысады. Н.В. Крушевский өз кезінде сөздің жүйелі байланысының көп қырлылығын былай көрсеткен болатын: «Слова связаны двоякого рода узами бесчисленными связями сходства со своими родичами по звукам, структуре или значению и стол же бесчисленными связями смежности с разными своими спутниками во всевозможных фразах; оно – всегда член известных гнезд или систем слов и в то же время член известных рядов слов» [13, 10].

Сонымен, тіл қандай да бір материалдық форма арқылы ой мазмұнын жеткізу құралы ретінде универсалды таңба жүйесі болып табылады [13, 10]. Жүйе өз элементі ретінде сөздің мағыналық қатынастарын, оның ішінде ең маңыздысы деривациялық (яғни көп мағыналы сөздің мағыналарының арасындағы қатынасты) синтагмалық (яғни сөйлемдегі тіркескен сөздердің мағыналарының арасындағы қатынасты) және парадигмалық қатынасты (яғни қандай да бір мағыналық белгілерінің негізінде бір топқа біріккен лексика-семантикалық парадигмалардың арасындағы қатынасты

көрсетеді.

Мағына адам, қоғам жасаған құбылыс ретінде аталатын затқа қатысты түрін, яғни бағаны және сонымен байланысты сөздердің тілдік байланысын, сондай-ақ мәдени компонентті қоса көрсетеді. Сөз мағынасы дегеніміз қоғамдағы зат немесе құбылыстың өзі емес, олардың адам санасындағы сәулесі, яғни түйсік арқылы қабылданған ұғым.

Қорыта келгенде, *парадигма* деп - тілдік бірліктің тілдік жүйесі элементі ретінде бір-біріне сыбайлас не қарсы келетін қасиеттерімен адам санасында жинақтаған, яғни тіл элементтерінің сол тілді пайдаланушы адамның санасында жинақталуын айтамыз (Ахманова 66, 310). Лексикалық мағынамен байланысты парадигманы семантикалық парадигма деп те атауымызға болады.

1.2 Полисемантика категориясының лексика-семантикалық сипаты

Әрбір сөзде белгілі бір мағына болады. Біз қоғамдағы зат, иә құбылысты топшылап оның мазмұнын түсінеміз. Сөзге мағына берудің өзі қоғамдық тәжірибеге, өмірге, дәстүрге де байланысты. Сөздің мағыналары біркелкі емес. Тілдің дамуы барысында сөздің лексикалық мағынасында әр түрлі өзгерістер болып жатады. Тілдегі біршама сөздер бір ғана мағынаға ие болып, қандай да бір дыбыстар тізбегімен (дыбыстық кешенмен) тұрақтанып, бекітіледі. Оларға көбінесе термин сөздер жатады. Мәселен, медициналық термин: *шприц, лор, ангина т.б.*; экономикалық: *нарық, менеджер, бизнес, коммерция т.б.* Мұндай сөздер анық көрсетілген заттық қатынаспен суреттеледі, олардың семантикалық шегі әбден анықталған. Лексикологияда мұндай сөздерді бір мағыналы немесе моносемиялы сөз деп атайтындығы белгілі. Ол гректің *monos* – «біреу» және *semantikos* – «белгілеуші» деген сөздерінен алынған термин. Мұндай сөздер басқа топтағы сөздерге, яғни қазіргі лексикологияда кеңінен тараған көп мағыналы сөздерге қайшы қойылады. Оны лингвистикалық термин бойынша полисемия деп те атайды. Ол грек тілінің *poli* – «көп» және *sema* – «белгі» деген сөздерінен жасалып, көп мағыналық дегенді білдіреді. Сөз көп мағыналылықты бірден қабылдамайды. Кейбір мағыналар сөйлеу кезіндегі қызметі үрдісінде пайда болып, содан кейін тіл фактілеріне айналады, яғни лексикалық жүйеге енеді. Кейде тіпті сөздің алғашқы мағыналары

сирек қолданылады, немесе, тіпті сөздік құрамның белсенді (актив) тобынан шығып қалады, ал екінші мағынасы негізгі мағына қызметіне өтеді.

Ғ.Қайыржанұлы «Сөз мағынасының зерттелу тарихы» деген мақаласында: «Сөз және оның мағынасының құрылымын, құрамын зерттеу ағымы, негізінен, Батыс Еуропа тіл білімінің лексикологиясында ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында пайда болды», - дегенді айтады [19, 103]. Біздіңше, сөз, сөз мағынасы тілшілерді, сондай-ақ ойшылдарды (философтарды) көне дәуірден-ақ ойландырып келе жатқан, олардың арасында әртүрлі талас тудырып жүрген күрделі мәселе болса керек. Әрине ол кездегі айтылған ой-пікірлердің біразымен біз келіспеуіміз де мүмкін, не болмаса оларды әрі қарай зерттей, анықтай түсетін тұстары да жеткілікті болуы да сөзсіз. Олардың біразы ғылыми тұрғыдан дәлелденбей болжам түрінде сөз болуы да ықтимал. Қалай дегенде де сөз мағынасы өте күрделі мәселе. Сөз мағыналары біркелкі емес. Ол жоғарыда айтылғандардан-ақ байқалып отыр. Сөз мағыналарының арасындағы айырмашылық, ең алдымен, шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарға қатысы жағынан айқын көрінеді. Көптеген мағыналар сөздің жеке тұрып та білдіре беретін зат пен құбылыстардың нақты атауларынан туса, мұнан соңғы бір топ мағыналар бір заттың (немесе құбылыстың) атауын екінші бір затқа (немесе құбылысқа) ауыстырып қолдануынан туады.

Сөздердің әуелі пайда болған кездегі мағыналары біреу-ақ болғанмен де, бертін келе олардың кейбіреулерінің мағыналары молайып отырған. Ол туралы ғалым Әсет Болғанбаев былай деп тұжырым жасаған болатын: «.. Ең алғаш пайда болған кезінде бұлар да аз мағыналы болған. Кейін талай замандар өткен соң, сөздік қордағы сөздердің бұрынғы мағыналарына тағы да бірнеше мағыналар жамалып, семантикалық шеңберін ұлғайта берген, содан көп мағыналы сөздер пайда болған» [20, 47].

Қалай дегенде де бұл ұзақ уақытты қамтитын үрдіс. Бұл, негізінен әр халықтың жүріп өткен тарихына, әдет-ғұрпына, шаруашылығына, мәдени тұрмысына байланысты туған. Тілдің тарихында осының бәрі де түгелімен бейнеленеді, яғни сөздің мағынасында әр халықтың өзіндік тіршілігі, іс-әрекеті әр түрлі көрініс табады. Бұл жөнінде профессор О.С. Ахманова былай дейді: «Каждый язык представляет собой как своеобразную, самобытную неповторимую систему внешних различий, так и

индивидуальную самобытную и неповторимую систему языковых значений. Поэтому отдельные значения находятся в системе каждого данного языка, оказывается непостоянно не соизмеримыми со значениями, входящими семантическую систему другого языка или языков» [21, 51]. Сөздің көп мағыналығы жайында тілші ғалымдардың арасында екі түрлі көзқарас болған. Шетел лингвистерінен Штейнталь сөздің көп мағыналығын мойындамаған, ал Г. Паульс сөздің көп мағыналығын мойындай отырып, оны кездейсоқ нәрсе деп қателеседі. Орыс тіл білімінің атақты ғалымдары А.А. Потебня мен Л.В. Щерба да сөздің көп мағыналы болуын мойындамай, қанша мағына болса, сонша сөз болады деп қабылдаған. Сөздің көп мағыналылығын мойындап, бірақ оның тарихи заңдылығын керісінше түсінушілер де болған. Мәселен, Н.Я. Марр сөздің көп мағыналығы тілдің көне дәуірінің, сол дәуірдегі сөздердің диффуздық (жіктелмеген, ажыратылмаған) қалдығы деп қарайды. Осы тәрізді пікірді француз оқымыстысы Леви Брюль де айтады.

Дегенмен, тіл білімінде тілші ғалымдардың көпшілігі сөздің көп мағыналылығына шүбә келтірмейді. Ал қазіргі кезде сөздің көп мағыналылығын жалпы тіл білімінде лингвистердің бәрі де мойындады десек қателеспейміз. Сөйтіп, сөздің әуелі пайда болған кездегі мағынасы көп болмаса да, бертін дами келе молайып отырған. Тіпті олардың кейбіреулерінің мағыналары алыстай келе мағыналық байланысы үзіліп, омоним сөздерге де ауысып кетіп отырған.

Сонымен, ұғымдық қатынастардың өзара бірлігі бар, мағыналық жігі ажырамаған түрлі мағыналардың қатысын бір сөз арқылы бір сөздің шеңберінде беруді сөздің көп мағыналылығы деп атауға болады. Сөздің көп мағыналылығына берілген анықтамалардың кейбіреуіне тоқталып өтетін болсақ, олар мына тұрғыда берілген:

Е.М. Галкина-Федорук: «Многозначностью слова или полисемии называется способность слова синхронический обладать разными значениями. Но когда-то эти значения были переносными», - дейді [22, 52].

Н.Н. Амосова тіл-тілде сөздің көп мағыналық қасиетінің бар екендігін айта келіп, сөздің көп мағыналылығы деп сөзде бір тура мағынамен бір я болмаса бірнеше ауыспалы мағынасы болатын сөзді айтуға болатынын айтқан [23, 10].

Б.М. Юнусалиевтың анықтамасы бойынша: «Если исключить

отдельные отклонения и брать явления в целом, то многозначность (полисемантизм) прослеживается по двум признакам а) в зависимости от структуры слов (количество слогов), б) в зависимости от принадлежности слов и к грамматическим классам слов, или к той или иной сфере употребления», - деп көрсетеді де, қорытынды ретінде былай дейді: «Полисемия (многозначность) – означает в силу необходимости звукового выражения новых понятий при невозможности изобрести для этого новое слово неязыковой традиции. В основе же развития полисемии лежат переносное значение или одного из значений существующего слова на новое понятие по ассоциативной связи сходных с ними представлений. По этому непреложным условием развития полисемии является устойчивость фонетического слова, обусловленная в свою очередь устойчивостью выражаемого им понятия. Многозначность (полисемия) корневых слов есть исторический развивающееся явление.

Полисемию следует рассматривать как один из важных способов развития лексики, прежде всего ее ядро корневых слов» [24, 98].

Ол сөздің көп мағыналылығын айта келіп, бірнеше мағынаны бір сөзге тән қасиет деп санамай, ол мағыналарды жеке-жеке сөз деп таниды. Ғ.Мұсабаев болса, қазақ тіл білімінде сөздің көп мағыналылығы тілдің тарихи даму процессінде пайда болған құбылыс деп көрсетеді [25, 42].

Ал тілші ғалым К.Аханов сөздің көп мағыналығы қоғамның дамуы барысында адам баласының танымағанды танып, зат пен құбылыстың қарым-қатынасын танудан пайда болған деп түсіндіре келіп, тілдегі полисемиялық құбылыс сөздің тура мағынасы мен туынды мағынасын қамтитынын айтады [26, 122].

Сонымен, сөздің көп мағыналығы тіл-тілдің қай-қайсында да болатын құбылыс деп түсіну керек. Бірақ олардың формалық, мағыналық жақтары, тіпті туыстас тілдердің өздерінде де ұқсас, сәйкес келе бермейді. Өйткені шындық өмірде болатын заттар мен құбылыстар барлық халыққа ортақ, бірдей болғанымен де, олардың тілдік формада берілуі әр тілде әр түрлі. Мәселен, қазақ тіліндегі «*етек*» сөзі ұқсастық белгісіне қарай: 1) *Киімнің төменгі жақ бөлігі*. 2) *Тау, өзен сияқты әр түрлі табиғат құбылыстарының төменгі жағы, төменгі жері*. Ал бұл мағыналар орыс тілінде басқа-басқа сөздер арқылы беріледі: *подол платья* – *көйлектің етегі*; *подолье* – *жазық етегі*; *подгорье* – *таудың етегі*.

Сондай-ақ «орта қап бидай» немесе «орта шелек сүт» дегендегі *орта* сөзі орыс тіліндегі *среда* деп аударылатын орта (қоршаған орта) деген мағынада да жұмсалады. Яғни бұл сөз өзінің бастапқы мағынасын сақтай отырып, кең мағынада «*среда – орта*» мағынасында қолданылады. Керісінше, орыс тіліндегі «*мир*» сөзі омоним сөз 1) *вселенная* 2) *спокойствие*, ал қазақ тілінде бұл сөз омонимдік мағына бермейді. Себебі ол сөздің білдіретін мағынасы екі түрлі сөз арқылы беріледі: 1) *вселенная* а) *дүние*; ә) *әлем*; 2) *спокойствие* сөзі де басқа-басқа сөздермен беріледі: а) *тыныштық*; ә) *бейбіттік, жайшылық*.

Сонымен, өзіміз байқап отырғандай, бір тілде көп мағыналы болып келетін сөз екінші бір тілде бір мағынаны ғана беруі мүмкін.

Жалпы, тілдің дамуы барысында сөздің мағынасында әр түрлі өзгерістер болып жатады. Сөз мағынасының өзгеруінің екі түрлі себебі бар: бірі – сыртқы факторлар, яғни тілден тыс; екіншісі – ішкі себептер, яғни таза лингвистикалық үрдістерге байланысты себептер. Сонымен, сөз мағынасының өзгеруінің тілден тыс қоғамдық жағдайларға байланысты және тілдік процестерге, тілдік жүйеге байланысты жағы болады. Алдымен, тілден тыс, сыртқы факторлардың негізгілерін атайтын болсақ:

1) Қоғамның дамуы барысында, қоғам өміріндегі жаңалықтардың негізінде, экономикалық, саяси және мәдени жетістіктердің нәтижесінде біздің өмірімізде күнбе-күн біртіндеп бір заттар мен құбылыстар пайда болып отырады. Және олар жөнінде белгілі бір ұғым туады. Сол заттар туралы ұғым адам санасында түпкілікті қалыптасып, өмір сүруі үшін нақты бір сөзбен атауымыз керек. Ал қоғамдағы кездесетін барлық заттар мен құбылыстарды, іс-әрекеттерді жеке-жеке сөздермен атау тілді оралымсыздыққа, шамадан тыс күрделілікке әкелер еді. Өйткені нақты бір тілдегі сөздердің бәрін бірдей меңгеріп алудың өзі сол тілде сөйлеуші халыққа қиындық келтірері сөзсіз. О.Карцевский айтқанындай: «Если знаки были бы неподвижны и каждый из них выполнял бы только одну функцию, язык стал бы простым собранием этикеток» [27, 85]. Сондықтан жаңа бір ұғымды сөзбен атаудың екі түрлі жолы бар. Бірі, ол ұғымдарды жаңа бір сөзбен атау, сөйтіп сөздік құрамды байыту, яғни оған жаңа сөз ретінде ену. Екіншісі, тілімізде бұрыннан бар сөздермен аталуы. Бізге таныс емес жаңа бір заттарды немесе құбылыстарды көргенде қоғам өмірінде бұрыннан бар затты

немесе құбылысты есімізге салатын оның жеке бір белгілерін байқаймыз. Соның негізінде заттардың түр-түс, процестер т.б. бірлігіне, байланыстарына, ұқсастықтарына қарай бір заттың атауы екінші бір затқа да атау болып ауыса береді. Яки адам санасында жаңадан көрген зат туралы түсінігі басқа бір заттармен де ұқсасып, байланысып тұрады. Соның нәтижесінде екінші заттың не сапасында, не болмаса атқаратын қызметінде жалпы ортақ ұқсастық пайда болады. Сол ұқсастықтардың негізіне сүйене отырып ұқсас келген екі немесе бірнеше затты бір атаумен атап отырамыз. Мәселен, *құлақ* сөзінің о бастағы негізгі мағынасы адам я жануардың есіту мүшесінің атауы болса, кейін келе музыкалық аспаптың шекті тартып тұратын тетігі де осы атаумен аталды. Сол сияқты *құлақ* сөзінің тұлға және орны жағынан ұқсастығына қарай төмендегідей бірнеше мағыналары да бар: 1) *малақайдың (тымақтың) құлағы*; 2) *мылтықтың құлағы*; 3) *телефонның құлағы*; 4) *қазанның құлағы*. Осы сияқты мысалдық деректемелерді көптеп келтіре беруге болады.

Сөйтіп, сөздердің мағыналарының дамуы адам баласының өзін қоршаған дүниені бұрынғыдан гөрі тереңірек біле түсінуіне, олардың арасындағы қарым-қатынасты, байланысты неғұрлым айқынырақ білуіне, тәжірибесінің молаюына байланысты. Яғни сөздің көп мағыналы болып келуінің адам баласы үшін танымдық маңызы зор. Сонымен болмыста бұрыннан бар заттар мен құбылыстар және жаңадан пайда болған заттар мен құбылыстардың арасындағы түрлі ұқсастықтар мен түрлі ортақ қасиеттерді байқап, топшылап түсіну арқылы сол жаңадан пайда болған затты да өзіне ұқсас бұрыннан бар заттың атымен атаймыз, яғни ол атау кейінгі затқа да атау болып ауысуы мүмкін. Соның нәтижесінде бір сөз әр түрлі ұғымның атауы болып жұмсалады. Ол сөз өзінің бастапқы мағынасының үстіне жаңадан туынды мағыналар қосып алады. Және ұқсас белгілері бар зат немесе құбылыстың көптігіне байланысты туынды мағыналар біреу ғана емес бірнешеу болуы да мүмкін. Негізінен, сөз негізгі мағынасынан басқа туынды мағынаға ие болып, әртүрлі мағыналарда қолданылуға икем келеді. Сөздің түрлі-түрлі мағыналарда қолданылуға икемділігі оның жалпылауыш қасиетімен тығыз байланысты. Сөздің жалпылауыш қасиеті оның бұрынғы негізгі мағынасының үстіне қосымша жаңа мағынаның үстелуіне мүмкіндік береді. Әр түрлі мағынада қолданылуға икемділік

сөздің өз табиғатында да бар қасиет екені байқалады. Мұндай бір белгілеушіге (сөзге) бірнеше белгіленушінің (мағынаның) сәйкес келуін көп мағыналық немесе полисемия деп атаймыз.

2) Қазақ тіліндегі көп мағыналы сөздерді зерттеген Р.Садықбеков бірқатар жағдайларда ұқсас ұғымдар көршілес басқа тілдерден де ауысып келуі мүмкін екендігін айта отырып, мынандай мысалдар келтіреді: қазақ тіліндегі *шешен* деген сөз бұрын тек қана «*сөзшең, тілмар*» деген мағынада ғана қолданылып келсе, қазір оның «*мінбеге шығып сөйлеуші адам*» деген екінші мағынасы жаңа бір ұғым ретінде орыс тіліндегі **оратор** сөзі арқылы еніп, сіңісіп кеткен. Және *шешен* сөзінің мағыналық аясын кеңейте түскен [28].

3) Сөз ұғымды білдірудің материалдық формасы бола отырып, сананың дамуымен байланысты болатын ұғымның өрісін де бейнелейді.

Ойлаудың дамуына тән ауысу үрдістері сөз мағынасының дамуына әсер етпей қала алмайды. Мәселен, нақтылықтан абстрактылыққа ауысу: «*жол*» деген сөз нақтылы мағынаны білдірумен қатар «*идея, бағыт, тәсіл*» сияқты абстрактылы мағыналарға да ие болады.

4) Сөз мағынасы функционалды семантика заңы бойынша да өзгереді. Функционалды семантика заттың қызмет бірлігіне негізделген. Бір зат немесе құрал басқа бір зат немесе құралмен ығыстырылып алмасады да, соңғысы қызмет бірлігіне қарай алғашқы заттың атымен аталады.

5) Ұғымның дәлденіп, дифференциалдануы да сөз мағынасының дамуына әсерін тигізіп отырады.

Енді сөз мағынасының өзгеруінің (баюының) ішкі таза лингвистикалық процестерін санамалайтын болсақ: 1. Сөздің жалқылықтан жалпылыққа ауысуы және қолданылу өрісінің өзгеруі (мысалы, бір саладан басқа бір салаға ауысуы) оның мағынасының өзгеруіне әкеледі. Егер сөз кең саладан арнаулы бір салаға, мәселен, халықтық лексикадан арнаулы лексикаға ауысса, оның мағынасы дәлдене түседі. Кейде белгілі бір ұғымды білдіретін терминдік мағынаға ие болады. Мысалы, **түбір**, **жұрнақ** деген сөздер жалпы халықтық лексикадан «**түбір**» сөзі – «*өсімдіктің тамыры*», ал «**жұрнақ**» сөзі «*бір заттың қалдығы*» деген жалпылама мағына білдірсе, ол арнаулы бір салада (лингвистикада): *түбір* – «*сөздердің әрі қарай бөліктеуге келмейтін мағыналы түпкі бөлішегі*» дегенді, ал

жұрнақ – «*түбір сөзге жалғанатын қосымша*» дегенді білдіріп, терминдік мағына алады. 2. Сөз тіркесінің құрамында қолданылуына байланысты. Тұрақты сөз тіркесіндегі сыңарлардың тіркесу мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, қосымша мағынада жұмсалатын сөздермен тіркесу аясы тым тар болып келеді. 3. Сөз, әдетте, басқа сөздермен байланыста тұрып, сөйлем ішінде қолданылады. Соған орай олардың әр мағынасын әр басқа контекст қана ашып көрсете алады. 4. Ішкі себеп көбінесе сөз мағынасының кеңею немесе тарылу процестерінен байқалады. Мәселен, **Отан** сөзі бұрын «үй» деген мағынада жұмсалып, әркім өз үйін – өз отаны деп атайтын болса, бұл сөз қазір жаңа мағынада қолданылып: «*ел, мемлекет*» дәрежесіндегі кең мағыналы сөзге айналып, бұрынғы мағынасы ұмыт бола бастаған. Сондай-ақ, **қарындас** сөзі бастапқыда «*бірге туған, бір қарыннан шыққан*» деген мағынада қолданылған болса, кейін келе ол бірге туғандардың ішінде тек әйел жыныстысына және оның жасы кішісіне қолданылатындай болып тарылған еді, ал қазіргі кезде мағынасы сәл кеңейіп бірге тумаған болса да жасы өзінен кіші әйел адамдарды қарындас дейтін болды. 5. Сөз номинативтік қызметінде қандай да бір сөз табына ене отырып, белгілі бір мағынада жұмсалады. Кейде олар қолданыла-қолданыла келе басқа бір сөз табының қарамағында жұмсалуы да мүмкін. Ал ол сөз мағынасының өзгеруіне әкеледі. Мысалы, бұл қазақ тілінде екі сөз табына бірдей сын есім мен зат есімге, сондай-ақ етістік пен зат есімге қатысты болатын сөздерден айқын көрінеді. Мәселен, *жамау* деген сөз етістік сөз табына еніп «*тозығы жеткен, жыртылған затты (киімді) жөндеп тігу, бүтіндеу*» немесе «*қираған, сынған заттарды бүтіндеп жөндеу, түзетіп ұқсату*» дегенді білдірсе, зат есім мағынасында «*киімді бүтіндеу үшін салынатын өзі түстес материал*» дегенді білдіреді. Сондай-ақ **тамаша** сөзі сын есім тобына еніп «*өте жақсы, керемет*» дегенді білдірсе, заттық мағынада «*ойын-сауық, той-думан*» дегенді білдіреді.


Лексикалық жүйе единицаларының арасында жүйелік қатынастың түрлерінің табиғи байланыстағы қатынастарының тағы бір түрі бар. Ол – варианттылық қатынас. Лексика-семантикалық вариант терминін алғаш рет А.И. Смирницкий қолданған. Ол сөздің лексикалық мағынасын ажыратып, бірнеше мағыналардың бір ғана сөзбен берілуін лексика-семантикалық вариант деп атаймыз дейді [29, 36].

Варианттылық қатынас тіл білімінде көп мағыналылық (полисемия) және синонимия (полилексия) арқылы көрінеді. Яғни 1)

бір ғана сөздің өз тұлғасын өзгертпей (бір ғана лексема арқылы) бірнеше мағыналарды беруі – бір сөздің мағыналық варианттары деген атау алады. 2) бір ғана мағынаның (семема) бірнеше басқа сөздермен берілуі мүмкін, оны сөз (тұлға) варианттылығы дейміз. Сонда бұлардың арасындағы қатынас – варианттылық қатынас деп аталады.

Бір ғана сөз номинативті единица ретінде сөйлемде сөйлемнің компоненті қызметін атқаруда қашан да өзінің грамматикалық немесе лексикалық варианттарының бірінде келеді. Варианттардың сипаты, біріншіден, сөздің атқару қызметіне, екіншіден, өзі келетін контекстке байланысты.

Көп мағыналы сөздің барлық мағыналары немесе лексика-семантикалық варианттар, алдымен, өзара лексема ортақтығымен байланысты. Сөз мағынасы мен оның табиғатын барлай зерттеген орыс тіл білімінің лексикологы Э.В. Кузнецова: «...полисемия құбылысы тілімізде бір тұлғаның (лексеманың) бірнеше мағыналарын (семаларын) көрсетеді. Мұндай қатынасты полисемант сызбасы түрінде былай беруге болады. Онда бір лексема ЛСВ (лексика-семантикалық вариант) түріндегі бірқатар мағыналы таңба-ономотемаға сәйкес келеді. Сондықтан да лексеманың өзі морфонологиялық тұрғыдан түрлене алатынын есептемесек және оны ономотема-сөздің бейнесі деп қабылдасақ, біз көп мағыналы сөзді мынадай сызба бойынша көрсете аламыз», - дейді:



Бұдан түсінетініміз, көп мағыналы сөздің мағыналары бір лексемамен берілген бірнеше семантикалық варианттың шоғыры. Бұл ЛСВ-тар (яғни жеке-жеке мағыналар) «сөздің ішкі семантикалық парадигмасын құрай отырып, мағыналық жағынан бір-бірімен байланысты әр түрлі контексте беріледі» [13, 100]. Бұлай болу

себебі сөз мағынасының өзгеруіне сөйлем ішінде оны қоршауына алып, тіркесіп тұрған сөздердің әр тобы әр басқа әсер етеді. Сөздің көп мағыналық реңкін тек контексте, басқа сөздермен тіркесіп, байланысқа түскенде ғана аңғара аламыз. Бұл жөнінде Галкина-Федорук былай деп өте жақсы айтқан: «Разные значения в слове возникают в зависимости от того, в какой круг других слов и понятий мы его включаем. Следовательно, значение слова определяется контекстом, если оно многозначно» [30, 15].

Көп мағыналы сөздің барлық мағыналары белгілі бір құрылым бойынша жиналып келіп сөздің ішкі сөздік семантикалық парадигмасын құрайды. Көп мағыналы сөздің мағыналарының арасында семантикалық байланыс болатыны белгілі. Яғни полисемиялы сөздің әрбір жеке мағынасы басқа мағыналармен қандай да бір ортақ сема арқылы байланысады. Міне, осылай ортақ сема көп мағыналы сөздің әрбір жеке мағынасын бір-бірімен байланыстыра келіп бір сөздің мағыналық варианттары болуын қамтамасыз етеді. *Сема* дегеніміз (гректің *sema* – «белгі») семантикалық көбейткіш, семантикалық компонент, семантикалық маркер, семантикалық белгі, поэма және басқа мазмұн өрісінің ең басты единицасы. Сөздердің элементарлық мағыналарының құрылымы семаларды анықтау барысында белгілі болады. Семалардың жиынтығы семеманы құрайды. Орталық (интеграл) сема немесе архисема семантикалық өрістегі барлық сөздердің орталық белгілерін бейнелейді. Сөздің мағыналарында сондай-ақ сөзге қатысты ассоциацияның дамуын көрсететін контекстуалды сема бөлінеді. Контекстуалды сема есебінен тілдік единица мағынаның коннотативті мағыналық реңктері немесе коннотатты сема (эмоционалды, сезімді, бағалау) жасалады. Сөз мағынасын семантикалық талдау лексикография теориясы мен практикасында, тілдің сөздік құрамын идеографиялық сипаттауда кеңінен қолданылады [17, 324].

Сөздің жеке семантикалық варианты категориалды – лексикалық семалардың орталығымен байланысты болуы мүмкін. *Вариант* дегеніміз (лат. *Varians* – «өзгермелі») – тілдік бірліктерді жүзеге асырудың сөйлеудегі ерекше бір түрі, модификациясы. Вариант белгілі бір құбылыстың әр түрлі айтылуы ретінде (инвариант ретінде) түсініліп келеді. Варианттылық инварианттық тұрғыдан фонема, морфема, лексема т.б. бірліктерді «эмалық деңгей» атаулары (инвариант деп қарастырылса, дыбысталу

тұлғалары, аллофондар мен фондар, алломорфалар мен морфтар, сөздің лексикалық-семантикалық варианттары т.б.) бірліктердің «аталық деңгей» атаулары (варианттар деп танылады) [17, 6].

«Сөздің жеке семантикалық варианттары негізгі мағына үшін дифференциалды, тіпті потенциалды болатын белгілер арқылы өзара байланысуы мүмкін. Егер сөздің қандай да бір мағынасы екінші бір мағынамен ең құрығанда кішкене бір сема арқылы байланысса, онда ол семантикалық варианттың бірі ретінде сол сөздің ішкі сөздік парадигмасының мүшесі болып қалады. Сөздің жеке мағыналарының байланысы айқын компоненттік сипатта болмауы да мүмкін. Көбінесе семантикалық варианттың негізінде күрделі психологиялық ассоциация жатады. Оны мағынаның жеке компоненттерге жай ұқсастығы деп түсінуге келмейді» [13, 103].

Тіліміздегі сөздердің көпшілігі табиғатынан семантикалық жақтан түрленіп, көп мағыналы болуға бейім келеді. Бірақ, сөзде кез келген мағына емес, парадигмалық байланыс арқылы берілген, айрықша айқындалған мағына ғана дамиды. Оны Д.Н. Шмелевтың сөзімен айтатын болсақ: «регулярной является такая многозначность, при которой вторичное значение (или вторичные значения) слова, входящего в определенный лексико-семантический ряд, предопределено общей семантической характеристикой всего данного ряда, т.е. первичными значениями соответствующих лексических единиц» [31,16]. Көп мағыналы сөздердің мағыналарының дамуы олардың жиі әрі кең қолданылуымен де тікелей байланысты. Сондай-ақ, біз жоғарыда сөздің екі жағы болады, әрі оның екі жағы да комбинаторлық сипатта болады дедік. Лексикалық мағына (сема) компоненттерінің құрамы қозғалмалы өзгерімпаз болып келеді. Біреулері анықталып, әрі күшейіп өзін көрсетсе, екінші біреулері әлсіреп құриды. Міне бұл сөздің мағыналық түрленуінің негізін салады. Сөйтіп, әр түрлі себептердің негізінде сөз алғашқы мағынасының үстіне бірнеше қосымша мағына үстеп көп мағыналылыққа ие болады.

Ал енді осы көп мағыналы сөздерді талдауға келетін болсақ өзіміз басшылыққа алып отырған еңбекте: «Көп мағыналы сөзді талдаудың нысанасы нақты сөз қолданылатын семантикалық вариант дәрежесіндегі полисемантизмді сөз болуы мүмкін. Көп мағыналы сөздерді талдаудың екі жолы бар: 1) *әр мағынасын типологиялық сипаттау*. 2) *сөздің ішкі сөздік*

семантикалық парадигмасын жалпы сипаттау. Талдаудың екі жолы да көп мағыналы сөздердің әрбір мағыналарының мазмұнын компонентті талдауға сүйенеді», - дей келе оны нақты мысалмен суреттеп көрсетеді [13, 114-115].

Полисемиялы сөзді талдаудың бірінші жолын қарастырсақ. Ол, сөздің әрбір жеке мағынасы сипаттала алатын білім параметріне сүйенеді. Оған келесі сипаттар жатады.

- а) негізгі - негізгі емес
- ә) еркін - контекстке байланысты
- б) тура - ауыспалы
- в) бейтарап (нейтральное) - стилистикалық.

Осы жолмен қазақ тіліндегі *ауыр* сөзінің бірнеше мағынасын алып бірінші тәсіл бойынша талдап көрелік: Талдау барысында оны компоненттік талдауға әкелетін, сөздің талданып отырған мағынасының мазмұнын анықтауға тиісті төрт негізгі және бір дайындық кезеңін көрсетуге болады. Мысалы:

1. *Қодардың ауыр балғасын ол ұршықша ойнатады, өзін аттан аударып алып қабырғасын күйретеді* (М.Әуезов, Әр жыл.). *Ол торсықтың ауыр екенін де сезді* (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

2. *Ер едің қажымайтын ауыр іске, Толтырдың не себептен көзді жасқа* (Д.Еркінбеков, Шығ.).

3. *Командирлер мен солдаттар барлығы ауыр ой үстінде, іштерінен тынып тұр* (Б.Момышұлы, Офицер.күнд.).

4. *Асыл ананың ауыр қимылдап, аз күрсініп, қиялға батқан ойлы кескініне назар аударды* (С.Бақбергенов, Күй).

Дайындық кезеңінде «*ауыр*» сөзінің берілген фразадағы мағыналарының мазмұнын анықтаймыз: 1) *салмақты, зілдей* 2) *қиыншылығы, азабы мол: ауыртпалығы, мекхнаты көп (жұмыс, еңбек, іс)* 3) *қайғылы, мұңды. Жанға бататын (хабар, ой)* 4) *ақырын, байсалды, жай.*

Бірінші кезең сөз мағынасын анықтауда *негізгі – негізгі емес* белгісіне сүйенеді. *Ауыр* сөзінің негізгі мағынасы бірінші фразада берілген. Тексеру үшін кез келген басқа ұлттың адамын алып *ауыр* сөзімен сөйлем құра десек: *мына сөмке ауыр екен, қандай ауыр жүк т.с.с.* негізгі мағынадағы *ауыр* сөзімен сөйлем құрайды. Бірақ бізге негізгі мағынасы осы болып көрінді, ендеше осы негізгі мағына демей, түсіндірме сөздікке жүгінуіміз керек.

Екінші кезеңнің мақсаты – берілген *контекстке байланысты* сөз мағынасының түрін сипаттау. Көп мағыналы сөз қолданылған

мысалдар мен тексттерді талдау және сөздің тіркестерін талдау негізінде оған тән мағыналарды ажырату. Оның мағыналарын ажыратуда қажетті және жеткілікті шарт – мәтіндер мен көп мағыналы сөздердің әр түрлі ЛСВ қолданылған мысалдар. Ендеше мәтінге талдау жасау арқылы көп мағыналы сөздің қайсысы бірінші жағдайда (тексте), қайсысы екіншіде, қайсысы үшіншіде жұмсалғанын анықтауға болады. Контекст түрінің ерекшелігі контекстологиялық талдау жасау арқылы анықталды. Сондай-ақ әр түрлі мағынадағы сөздердің тіркесу ерекшелігін нақты көрсететіндіктен сөздіктерге де жүгінуге болады. Қолданылған сөз *еркін бе, тұрақты ма, синтаксистік байлаулы, конструкторлы шартты ма* соны көрсетеді. Бұл кезеңде алынып отырған сөз құрамында кездесетін контекстерді неғұрлым көп жинағанымыз абзал. Себебі неғұрлым мысал көп жиналса, соғұрлым біз ол сөздің қолданылу аясының кеңдігін байқаймыз. Міне осындай жұмыстың негізінде *ауыр* сөзінің (1) «*салмақты, зілдей*» мағынасы (тура мағынасы болғандықтан) көптеген сөздермен тіркесіп келіп екі затты салыстыру процесінде жиі қолданылатындығын байқадық. (2) «*қиыншылығы, азабы мол: ауыртпалығы, мекнаты көп*» мағынасы контексте қолданылған кезде «*жұмыс, еңбек, іс*», «*жол, сапар*», «*хал, тұрмыс, күй*», «*азап, бейнет, мұң, қайғы*» жайында ғана әңгіме болуы мүмкін. (3) «*қайғылы, мұңды, жанға бататын*» мағынасында тіпті «*хабар, ой*» сөздерімен ғана тіркесетіндігін байқасақ, (4) «*ақырын, байсалды, жай*» мағыналарында «*қозғалыс, қимыл, үн*» сияқты сөздермен келетіндігін көрдік. Көп мағыналы сөзді зерттеудегі үшінші кезеңде әрбір мағына қандай мазмұнда, яғни тура ма, әлде келтірінді мағынада ма екендігі анықталады. Негізгі мағына – *тура* да, негізгі емес мағынасы – *туынды не келтірінді мағына* болып есептеледі. Келтірінді мағынада оны ішкі тура мағынамен байланыстыратын «ішкі тұлға» жақсы көрінуі керек. Бұл мақсат әр түрлі жолмен шешіледі. Көп мағыналы сөздің қандай да бір ЛСВ пен аталатын болмыстағы заттардың белгілерін талдау жолымен, әралуан лексика-семантикалық парадигманың мүшесі арасындағы семантикалық қатынасты талдау әдісімен, семантикалық келісім деп аталатын құбылысты талдау тәсілімен шешіледі. Төртінші кезеңде сөз мағыналарын стилистикалық жағынан сипаттайды. Сөз келтірінді мағына алған кезде семантикалық компонентпен бірге қызметтік те, нормативтік те (әдеби нормаға қатысты), экспрессивтік бояуы да өзгеруі мүмкін. Сөйтіп, сөзде стилистикалық компонент пайда болады.

Стилистикалық компонент дегенде біз сөздің стилистикалық бояуын түсінеміз. Э.Г. Ризель стилистикалық бояудың үш түрін көрсетеді: қызметтік (сөйлеу стиліне қатысты), нормативті (әдеби нормаға қатысты) және экспрессивті. Біздің ойымызша стилистикалық бояудың осы үш түрі сөз мағынасының стилистикалық компонентін сипаттайды. Сөздің сөздікте берілуінде бұл да көрсетілуі керек.

Сонымен, талдау нәтижесінде біз *ауыр* сөзінің мағынасына төмендегідей мінездеме аламыз:

- 1) *салмақты, зілдей* – негізгі, еркін, тура, бейтарап (жалпыхалықтық)
- 2) *қиыншылығы, азабы мол: ауыртпалығы, мехнаты көп* – негізгі емес, контекстік, келтірінді, бейтарап.
- 3) *қайғылы, мұңды, жанға бататын* негізгі емес, (морфологиялық және синтаксистік) контекстке байланысты, ауыспалы, стилистикалық бояма.
- 4) *ақырын, байсалды, жай* – негізгі емес, контекстке байланысты, ауыспалы, стилистикалық, бояма.

Э.В. Кузнецованың айтуы бойынша көп мағыналы сөзді талдаудың екінші түрі жеке мағынаның сипатын емес, жалпы ішкі сөздік семантикалық парадигманың құрылысымен байланысты. Жоғарыда айтып кеткендей бұл парадигма бір сөздің мағыналарының өзара байланысқан семантикалық варианттарының жүйесін көрсетеді. Әр сөздің ішкі сөздік семантикалық парадигмасы бір-бірінен ең алдымен сан жағынан ерекшеленеді. Әр сөздің семантикалық варианттарының жиынтығы әртүрлі, әркелкі болуы мүмкін. Оны түсіндірме сөздіктен көруге болады. Бір сөздер бір мағыналы болса, енді бір сөздің он бестен аса мағынасы бар. Бірақ басты айырмашылық семантикалық варианттардың байланысында. Бұл байланыстар көп мағыналы сөздің семантикалық парадигмасының ішкі құрылысын құрайды, және оның негізінде семантикалық компоненттің ортақтығы жатыр, сондықтан да алдымен жеке мағынаның мазмұнына компоненттік талдау жасалуы керек.

Көп мағыналы сөздің парадигмасында басты рөлді негізгі мағына атқаратындықтан, барлық қалған мағыналардың байланысы осы мағынаға қатысты шешіледі. Лексикалық мағынаның түрін және мағыналардың арасындағы семантикалық байланыс сипаттарын анықтау арқылы, байланыс бағыттарының айырмашылықтарының негізінде ғалымдар көп мағыналы сөздің үш түрін бөліп көрсетеді:

- а) көп мағыналы сөздің барлық мағынасы бір ғана «ортақ

мағынамен» беріледі. Мұны тарамдалған (радиальный) полисемия деп атайды. Көп мағыналы сөздің бұл түрінде барлық мағыналар ортақ компонентке ие болады. Мәселен, үй көп мағыналы сөзі: 1) адам тұратын, мекендейтін баспана. 2) үй ауыс. бірге тұратын адамдар, үй іші. 3) белгілі бір қоғамдық қажеттілік үшін пайдаланылатын орын, мекеме: мәдениет үйі, офицерлер үйі, пионерлер үйі, өнер үйі, ғалымдар үйі, актерлер үйі, тұрмыс үйі (дом быта), сән киімдер үйі т.б.. Бұл мағыналардың бәрі бір негізді сипаттайды – мекен-жай деген бір ұғыммен біріккен. Сол сияқты: **табан** 1) аяқтың жерге тиетін, жер басатын бөлігі; 2) аяқ киімнің адам табаны тиіп тұратын бөлігі; 3) заттың жерге тиіп тұратын астыңғы жағы, төменгі бөлігі; 4) өзеннің, сайдың, өзектің су ағатын арнасы, төменгі етегі, іші.


ә) Көп мағыналы сөздің әрбір жаңа мағынасы өзіне жақын мағыналармен байланысатын сипатта болатын **тізбекті полисемия**. Мысалы, көз деген сөз. 1. Жан-жануар, адам баласының көру мүшесі. 2. Күннің көзі (сәуле, жарығы) 3. Бұлақтың көзі (қайнар жері). Бұл мағыналардың бәрі не себепті бір ғана сөзбен берілген деген сұраққа жауап беруге тырысайық. Адамның көру мүшесі көз жасқа толғанда тарам-тарам жас аққаны сияқты бұлақтың суы да жер астынан көтеріліп барып тарамдалып, тармақтанып ағады, сол сияқты күннен де сәуле шашырап тарайды. Сондай-ақ **тазарту** сөзін алсақ, 1) кір-қоқыс, шаң-тозаң т.б. нәрселерден арылып, тазалану. 2) ауыс. арам, жаман пиғылдан арылу, аришылу немесе **талас** зат е. 1) белгілі бір мәселе жайында пікір тартысы, айтыс, керіс. Айтысқан адамдардың арасында белгілі бір бәсекелестік келіп тууымен байланысты бұл сөздің екінші мағынасы «бәсекелес, үміткер, дәмелі» - келіп шығады. Енді бұдан тайталастық келіп, 3) **тайталас**, қатарма-қатар, теңбе-тең мағынасы туындайды. Ал бұл – талас әлі шешілмегендікпен байланысты. 4) даулы, шешілмеген, анықтанығы белгісіз деген мағына пайда болады. Сөйтіп тізбекті полисемия жасалады екен.

б) Көп мағыналы сөздің жиірек кездесетін түрі – **тарамдала-тізбектелген полисемия**. Мұндай көп мағыналылыққа **тәтті** сөзі мысал бола алады. 1) дәмі бал, қант, кәмпит сияқты тіл үйіретін; 2)дәмді, нәрлі, жұғымды, сіңімді; 3) зат. мағ. кәмпит, қант, шекер, нуат; 4) ауыс.мағ.: артық, қымбат; 5) жанға жайлы, жұғымды, сүйкімді; 6) ынтымақты, тату, сыйлас; 7) өмірдің қызығы, рақаты, жақсы жақтары. Бұдан байқайтынымыз, бір мағыналар негізгі мағынамен тікелей байланысса, екінші

біреулері қандай да бір мағыналар арқылы байланысады. Сондай-ақ екінші мағынаның негізгі мағынамен тікелей байланысы бір жақты емес. Олар негізгі мағынамен қандай компоненттер арқылы байланысты (категориялды-лексикалық, дифференционалды немесе потенциалды) соған орай ажыратылады. Көп мағыналы сөздің ішкі сөздік парадигмасының құрылымын сипаттауды кей ғалымдар үш кезеңге бөледі: а) парадигманы сан жағынан сипаттау; ә) негізгі мағынамен тікелей байланысты мағынаны сипаттау; б) негізгі мағынамен жанама байланысқан мағынаны сипаттау. Мұндай талдау жасау барысында сөздің неше мағынасы бар және мазмұны түсіндірілген түсіндірме сөздікке сүйену керек. Үлгі ретінде **жосы** сөзіне осындай талдау жасап көрейік: *жосы* көп мағыналы сөз. а) Бұл сөздің ішкі сөздік семантикалық парадигмасы алты мағына, яғни алты семантикалық варианттан тұрады. Атап көрсетсек: 1) қан, су, көз жасы сияқты сұйық заттардың тез ағуы, сорғалай жөнелуі. Мысалы: *Тоқал жердегі тпемірмен Нұрышты нақ бастан ұрды. Қан жосып кетті, Нұрыш қалпақтай түсті* (Б.Майлин, Шығ.). 2) қашу, босу, зыту, безу. Мәселен, *Елде үрей жоқ. Бір үйден бір үйге кіріп жосып жүр. Бәрінің аузында: «Кім айтты, кімнің аузынан естідің»...* (Б.Тоғысбаев, Асыл адам). *Еліміз мұнан үркіп, кеткен жосып, Сіздерге кез келтірді құдай қосып. Кеше түсте атып ем бір аққуды, Отырмын осы жерде соны тосып* (Батырлар жыры).

3) шұбау, шұбыру, сабылу. *Сарын жақындаған сайын жылқының дүбірі айқындала түсті. – О, гажайып, желге қарсы жосызан бұл не жылқы* (Ә.Әбішев, Найзағай). 4) жорту, жүйткү, жөңкү. *Астымдағы өрістен ұстап мінген колхоздың бәйгі қарагері. Ауық-ауық пысқырынып қойып жосып келеді* (Тұлпар). 5) Екпіндеп есу, зулау, зымырау. *Құр жалаң айқайлама желше жосып, Атыңды өктеме тек борбайға осып. Баппенен егіске айда, марғау болма, Айналып жем бер сылап, қант қосып* (С.Сейф.,Өлеңд.). б) ауыс. орынсыз бөсу, мақтану. *Соны айтуым мұң-ақ екен, байғұсың бөсіп берді, Россияға бүкіл бір мемлекетті қаратып бердім деп жосыды* (С.Бегалин, Шоқан асу.). **Жосу** сөзінің негізгі мағынасымен мынадай семантикалық варианттар тікелей байланысады *қашу, босу, зыту, безу және шұбау, шұбыру, сабылу*

Енді бұл сөздің мағыналары бір-бірімен қалай байланысатынын көру үшін біз оны Э.В. Кузнецова сияқты сызбаға салып көрсетсек былай болып шығады:



Сонымен, жоғарыдағы айтылғандарды қорытындылай келгенде, сөз мағынасы үздіксіз өзгеріс үстінде болатын процесс. Ол мағыналық түрлену негізгі мағынаның ауыспалы мағына алуымен байланысты. Қосымша мағынаның біреулері негізгі мағынамен тікелей байланысты болса, енді біреулері екінші бір мағынадан туындап, бір-бірімен сатылы (жалғасып, тізбектеле) өрбейтіндігін жоғарыдағы сызба арқылы байқауға болады.

Жалпы көп мағыналы сөздерге тән ерекшеліктер мыналар: 1) Көп мағыналы сөздердің барлық мағынасы бірдей дыбыстық тұлға, бірдей материалдық көрсеткішке ие болады. Бұл белгінің маңыздылығын көптеген лингвисттер көрсеткен болатын. Мысалы, Д.Н. Шмелевтің көрсетуінше: «употребление слова в различных по смыслу слова, опирающегося на тождество его звуковой формы», -дейді [32, 74]. 2) Оны құраушы мағыналардың өзара байланыстылығы, өзара әрекеттестігі. Өзара байланысқан мағыналарды салыстыра отырып, біз олардан ортақ семантикалық компонентті көреміз және туынды мағынаның пайда болу себептерін ашамыз. Әдетте, көп мағыналы сөздердің мағыналарының арасындағы қатынас – деривациялық қатынас деп аталады. 3) Көп мағыналы сөздің мағыналарының мөлшері қатаң шектелмеген, ашық құрылымды болады. 4) Көп мағыналы сөз бір ғана сөз табынан болады. 5) Олардың мағыналарының дамуы ішкі және сыртқы себептерге (факторларға) негізделеді. 6) Көп мағыналы сөздердің мағыналарының мазмұны контексте ашылады. Мұндай сөздердің семантикалық байланысы нақты бір фразада сөздердің өзара семантикалық әрекетінде беріледі, яғни синтагмалық қатынасы арқылы айқындалады. 7) Сөздің семантикалық түрленуі, көбінесе, семантикалық топқа жататын парадигмалық байланыс арқылы анықталады.

Сөз мағынасының өзгеруін мұқият қарастыру барысында, біздің байқайтынымыз, әдетте мағына бүтіндей өзгермейді. Тек оның бір

бөлігі ғана өзгереді. Ал басқа бөліктері жаңа мағына алуда да сақталып қалады. Мысалы, *Күннің алтын нұры шуағын шаиқандай* деген сөйлемдегі *алтын* – сын есімі келтірінді мағынада қолданылған. Оның тура мағынасы «*баға мәлиері үшін және қымбат заттар жасау үшін қолданылатын сары түсті қымбат металл*». Алтыннан жасалған заттың жарқыруына байланысты *алтын* сөзі келтірінді мағынада алынуы, нұрдың да жарық беріп тұруымен байланысты туып отыр. Яғни бұдан байқайтынымыз мағынасының бір бөлшегі өзгергенмен, екіншісі сақталып қалған.

Тілдегі сөздердің мағыналарының логикалық динамикасы қиын. Жалпы алғанда тіл-тілдің семантикалық жүйесінде сөздерге қарағанда мағына көбірек. Өйткені тіліміздегі сөздердің көпшілігі көп мағыналы болып келеді. Тіл-тілдің лексикасында түрлі-түрлі мағынада жұмсалатын полисемантизмді сөздердің болуы – сол тілдердің кедейлігін көрсетпейді, қайта оның байлығын, ондағы сөздердің мағыналық мүмкіндіктерінің молдығын және мәнерлегіш сипаттың икем екендігін сондай-ақ мазмұн жағынан жан-жақты дамыған бай тіл екенін көрсетеді. Әрбір тілдің байлығы ондағы сөздердің санының көптігімен ғана өлшенбейді, сонымен бірге ондағы сөздердің мағыналық аясының кеңдігі, түрлі-түрлі мағынада қолданылуға икемділігі, мәнерлегіш, бейнелегіш тәсілдердің молдығымен де өлшенеді. Сөздің семантикалық жақтан өзгеріп, түрленуі тілдің сөздік құрамы дамуының басты жолдарының бірі болып саналады. Полисемия тілдің лексика-семантикалық категориясына жатады. Өйткені ол сөздік құрамға ене отырып, бір сөздің тұлғасымен (бір лексемамен) берілген, іштей байланысқан мағыналардың семантикалық қатынасы және осы сөздің әралуан өзара бірін-бірі сыртқа шығарушы позицияға сүйене отырып мәтінде шектелуі. Бір сөздің бір мағынасы бір позицияда бір түрлі қызмет атқарса, екіншісі басқа функцияда жүруі мүмкін. Сөздің көп мағыналы болып келетінін кезкелген түсіндірме сөздікті ашып қарағанда кездестіруге болады. Бір қарағанда полисемияның мағыналары түсініксіз бір себептермен біріге салған сияқты. Көптеген полисемантизмді сөздердің сапасының қайталануы, қандай болмасын ортақ бір белгімен айрылған сияқты. Бірақ мұндай пікір алдамшы; көп мағыналы сөздердің мағыналары жүйелі. Бұл жүйелілік қайда жатқанын зерттеу полисемантизмнің мағыналарын олардың түрлеріне қарай жүктеу деген сөз.

Орыстың атақты лингвисті А.А. Потебня (1835-1892 жж.)

сөздердің алыс және жақын мағыналары болады деген. Барлығына ортақ қолданыстағы сөздердің жақын мағынасы кімге болса да түсінікті, ал алыс мағынасы мамандарға ғана түсінікті. Мәселен, *ай* сөзінің «*жерге жарық сәуле беруші*» деген мағынасы жақын мағына, ал ғылыми түсінік бойынша: *жерді, күнді айналып тұратын аспандағы планета, жер серігі* – бұл алыс мағынасы. Бұл мағынаны анықтаған кезде оны әрі қарай өрбітсек, *ай* 30 күннің ішінде оның әр қырынан көрінуіне байланысты бірде толысып, екінші бір қырынан қарағанда жіңішкеріп «туумен» байланысты *жылдың он екіден бір бөлігін көрсететін мезгіл атауы* дегенді білдіреді. Сөздің жақын мағынасы дегеніміз мамандыққа да, кәсіптік көзқарасқа да, бір затқа қарағанда екінші бір затпен көп жұмыс істеуіне де байланысты емес. Әйтеуір сол тілде сөйлеуші адамдардың бәріне (балаға да, кәріге де) түсінікті болатын өзіндік лексикалық минимум. Әрине, адам әр түрлі сөздердің мағыналарын қарастыра отырып жақын мағына төңірегінде ғана жетік хабардар болуы мүмкін. Әйтпегенде тіл білімі бүкіл адам білімділігіне, өзіндік «ғылымның ғылымына» айналар еді.

Сөз көп мағыналы болғанда әр түрлі мағынаның қатысы біркелкі болмайды. Сол әр түрлі мағынаның ішінде бір ғана мағына басым болып, басқаларына негіз болады. Полисемияның басты мағынасы басқа мағыналарына қарағанда ерекше. Басты мағына дегеніміз контекстке байланысты болмай, өзі тұрып-ақ мағынасы түсінікті болатын мағына. Мәселен, *тіл* деген сөздің бірінші мағынасы: *жан-жануардың дәм сезетін, адамның сөйлеу дыбыстарын шығаратын, ауыз қуысындағы негізгі мүшесі*. Басты мағына тарихи тұрғыдан бірінші шыққан болуы міндетті емес. Мысалы, «*палата*» сөзінде тарихи жақтан бірінші мағынасы «*сарай, керемет баспана*» (лат. *Palatium* – «дворец») болатын, бірақ қазіргі қазақ тілінде басты мағына ретінде: *ауруханалар мен емханалардағы аурулар жататын арнаулы бөлме* – мағынасы саналады.

Басты емес, қалған мағыналар – «басты мағынаның семантикалық элементтеріне контекстің элементтері де қосылған мағыналар». Басты емес мағыналар контекстсіз ашылмаған болар еді. Мәселен, *тіл* сөзінің төртінші мағынасы «*соғыс даласында мәлімет алу мақсатында қолға түсірген тірі тұтқын*» мағынасындағы *тіл* мынандай контексте ғана түсінікті: *Күн сайын торуыл, күн сайын барлау, іздейтіндері – тіл* (С.Сейітов, Сөз сұра). *Кезекті барлау жұмысына, таудың алыс тылынан тіл әкелуге жіберіледі* (С.Бақбергенов, Қоянкөз).

Сөздің басты емес мағынасы екі топқа бөлінеді. Оның бір тобына тілдік контекст мағынаға шынымен-ақ әсер ететін мағыналарды жатқызамыз. Ондай топ туралы Е.Курилович былай дейді: «Изменение смысла слова внутри контекста заметно тогда, когда оно совпадает со значением другого, существующего в языке слова (или оборота) или когда образуются семантическое отношение между данным словом и другим словом, повторяемое в системе данного языка...». Бұл қатынасты былай сызба түрінде көрсетуге болады.



C1 мен Сөз-шартты түрде сәйкеседі, ал C2-мен семантикалық сәйкеседі. Сөйтіп, бір топтағы басты емес мағына екінші бір сөз арқылы сипатталады. Басты емес мағынаның екінші тобына Е.Курилович мынаны жатқызады: «Никто не сомневается в том, что с лингвистической точки зрения значение слова *есть* в сочетаниях *есть яичницу* и *есть яблоки* тождественно, хотя физиология разная между этими двумя действиями довольно значна. Разница между *мыть* или *стирать* не существует в немецком и английских языках, в которых соответственный термин однозначен. Руководствуясь контекстом, говорящий механический добавляет или отнимает от общего значения слова семантические элементы, является составной частью не данного значения, а контекста. Здесь мы имеем дело лишь с мнимым влиянием контекста на значение» [33, 241].

Сөз мағынасының өзгеруі, әсіресе, ауыспалы мағынаға ие болуы қазақ тілінде ерекше орын алады. Көп мағыналық құбылысының даму жолдары соның айқын көрінісі. Полисемия, әдетте, сөздің ауыс мағынасында қолданылуынан келіп шығады. Ал сөздің ауыс мағынасында қолданылуы тіл білімінде қандай себептер, қандай әдіс-тәсілдер арқылы пайда болды дегенде лингвистикалық әдебиеттерде осындай әдіс-тәсілдердің басты-бастылары деп метафора, метонимия, синекдоха және қызмет бірлігі тәсілдерін атайды. Жоғарыда айтып өткендей сөздер өзінің табиғатынан-ақ көп мағыналылыққа бейім келеді. «Сөз мағынасы өзгереді, дамиды: мағына аясы бірде кеңейе түсіп, бірде тарылады; түрлі бейнелі мағыналар үстемелеп, бірде сөз қолданыс тәсілі молайып, бірде соны мағына туады, заман ағымына қарай, кей ретте, сөз де, сөз мағынасы да

мүддем жаңарады; сөйтіп сөздердің семантикасы үздіксіз екшеліп отырады» [34, 2]. Проф. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев: «Сөз мағыналарының көпшілігі семасиологияның белгілі заңдары бойынша жасалады. Оның бастылары: ұқсату заңы (метафоризация); функциялық семантика заңы; бөлшектің бүтінге ауысу заңы; мағынаның кеңеюі мен тараюы», - дейді [25, 45]. Мұндағы ұқсату заңы дегенді – метафора тәсілі, функционалдық семантика заңын – қызмет бірлігі тәсілі, ал бөлшектің бүтінге ауысу заңын – синекдоха тәсілі деп түсіну керек. Бұл жерде тіл білімінде синекдоха метонимияның бір түрі дейтін де пікірдің барлығын ескеру керек. Шындық болмыстағы белгілі бір сөзбен аталған зат немесе құбылыс белгілерінің кейбіреулері көбінесе басқа бір заттың немесе құбылыстың не түр, не тұлға, я болмаса қимыл ерекшеліктерімен, тіпті кейде олардың ішкі мазмұнымен де ортақ болады. **Метафора** дегеніміз осы белгілердің ортақтығына, ұқсастығына қарай бір заттың немесе құбылыстың екінші бір зат не құбылыс атауымен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы. Қазақ тілінде көп мағыналықты туғызуда метафора басты рөл атқарады. Егер сөздің номинативті – тура мағынасы оның қоғамдағы құбылысқа сай жалғыз тура атауы болып жұмсалса, сөздің метафоралық мағынасы мүлдем басқа сипатта болады. Метафора екі белгімен сипатталады. Біріншіден, ол семантикалық қосжоспарлықпен сипатталады. «В метафорном значении, который всегда является переносным, совмещаются, взаимодействуют «предшествующее» и «последующее» значения слова, они объединяются на основе какого-либо общего признака обоих сравниваемых предметов, наиболее существующего с точки зрения субъекта речи». Екіншіден, метафора зат немесе құбылысқа баға беруші бейнелікпен де сипатталады. «Взаимодействие основного (прямого) конкретно-предметного и производного значений видоизменяет и осложняет номинативную функцию слова: оно уже служит не только средством наименования того или иного предмета, но также (и в этом специфика метафоры) средством выражения субъективной оценки предметов и явлений действительности со стороны говорящего» [35, 35].

Сөйтіп, ішкі немесе сыртқы ұқсастыққа байланысты атаудың ауысып, келтірінді мағынада қолданылған сөзді метафора дейді. Метафора негізінен екі топқа бөлінеді: поэтикалық және лингвистикалық. Поэтикалық метафораларды ақын-жазушы, публицистер жасайды. Ол әр жазушының өзіндік шеберлігіне

байланысты. Оны кейде метафора арқылы жасалған оккозионализм деп те атайды. Метафора тәсілімен ауыстырып айтудың бәрі бірдей сөзде нақтылы мағына туғыза бермейді. Олардың көпшілігі жеке қолдану дәрежесінде қалуы мүмкін, ал бұдан сөздің семантикалық құрамы өзгеріске ұшырамайды. Енді біреулері алғашқы кезде метафоралық қолданыс дәрежесінде көрініп, соңынан метафоралық мағына ретінде қалыптасқан бірқатар полисемиялы сөздердің көпшілігі бүгінде образдық мәні өшіп, нақты заттың немесе құбылыстың тура атауы болып қалып келетінін көруге болады. Сөздің метафоралық мағынасы шешендік сарындағы өсиет өлеңдерден, мақал-мәтелдерден, айтыс-жырлардан, қиссалардан, жұмбақ пен жаңылтпаштардың, ауыз әдебиетінің өзге де үлгілерінен кездеседі. Бірақ осының ішінде өте-мөте жиі және әр тарап түрде келіп отыратыны көркем әдебиет стилі. Мысалы, *Сөз бақпаған момын ағайынның бәрі де Қодарды қараламады* (М.Әуезов). *Өмір бойы кімге кездесе де ылғи тарқап кеткен базардың соңына ілінумен өткені ме? Өткен соң базар, қайтқан соң ажар... Сен едің базарым* (Абай). Осы үзіндідегі *қараламады* деген етістік метафоралық тәсілмен өзінің тікелей мағынасынан шығып, стилдік жаңа ұғымда жасалған. Метафораның ең басты стилдік ерекшелігі бейнелілігі, ойды бейнелі жеткізетіндігі (Ол сондықтан да көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады).

Ал ғылыми, кеңсе, ресми-іс қағаздар стилінде метафора дәл мұндай дәрежеде кездеспейді» [36, 63].

«Сөздерге әр түрлі мән беріп бейнелеп қолдану арқылы ғана ақын-жазушылар өмір құбылысын әрі жанды, әрі көркем етіп суреттеп бере алады. Сөйтіп олар сол арқылы өздерінің шығармаларын оқушылардың тіліне жеңіл, жүрегіне жылы тигендей тартымды етеді. Қазақ тіліндегі көптеген сөздер өздерінің заттық, атауыштық мағыналарының үстіне ерекше көркем мән беретін бейнелі мағына қосып алғандығын көреміз. Мәселен, **шыжық** деген сөз өзінің заттық негізгі мағынасының үстіне *мехнат*, *бейнет* мағыналарында, **соқыр** – *надан*, *топас* мағыналарында; *құзғын* – *жалмауыз*, *тойымсыз* мағынасында; **бұлбұл** – *шешен*, *тілмар* мағынасында, **шалқу** – *тасу* мағынасында, *сору* – *аяусыз қанап жеу* мағынасында, **қуыру** – *орынсыз жанды қысу*, *тықсыру* мағынасында бейнеленген түрде қолданылып жүр [20, 49].

Р.Садықбеков өзінің зерттеу еңбегінде «Сөздің көп мағыналылығы (полисемия) мәселесіне тоқтағанда басты міндет

метафора тәсілімен ауысқан әрбір сөздің жеке автор қаламынан туған қолданыс дәрежесінде тұр ма, жоқ әлде жалпы халық таныған лексикалық мағына ретінде көрініп тұр ма, міне осыны анықтау қажет. Осы тұрғыдан біз сөздердің метафора тәсілімен ауыс мәнде жұмсалудың метафоралық мағына және метафоралық қолданыс деп саралауды жөн көреміз», - деп метафоралық мағына және метафоралық қолданыс дегеніміз не, оның пайда болу себептеріне жеке-жеке тоқталған [28]. Түркі тілдерінде көптеген сөздер полисемияға лингвистикалық метафора жолымен келген. Оған төмендегі мысалдар дәлел болады: *құлақ – қазан, кәстрөл, мылтық, малақайдың, сондай-ақ домбыраның шекті тартып тұратын бөлігі, құлағы*. Бұл сөздің негізгі мағынасы – *есіту мүшесі*, ал қалғандары сыртқы тұлға не орналасуы жағынан ұқсастыққа негізделіп пайда болған. **Ауыр** сөзінің негізгі мағынасы *салмақпен* байланысты болса, белгілі бір салмақтың миға немесе денеге күш түсіруге байланысынан – *қиындық* мағынасы келіп шыққан: *ауыр жүк, ауыр ой, ауыр іс, ауыр жағдай, ауыр сөз, ауыр күн*. Метафоралық мағына негізінен мынадай тәсілдер арқылы жасалады: 1. Тұлға ұқсастығы: *адамның көзі, бұлақтың көзі, мылтықтың көзі, иненің көзі, терезенің көзі немесе адамның мұрны (тұмсығы), қайықтың тұмсығы, ұшақтың тұмсығы т.б.* 2. Бір түрге жататын: *адамның аузы, қалтаның аузы, сөмкенің аузы, құмыраның аузы; қолтық – адамның қолтығы, өзеннің қолтығы*. 3. Кейбір зат (нәрсе), процесс бір-бірімен өздеріне тән ерекшеліктерімен ұқсасады. Мысалы: *тұз – ас тұзы; дәм, тағам* (тұзыңнан таттым; дәм-тұздың кепейеті ауыр болады). *Ұлу (выть) ит ұлыды, қасқыр, жел ұлыды, адам ұлыды* (азаннан бері ұлығаның жетер, доғар енді). 4. Зат (нәрсе), әрекет, жағдай бір-біріне өзінің қозғалысы арқылы ұқсасуы мүмкін: **Тарт** ет. (тянуть, тащить) сөзінің мына сияқты мағыналары бар. 1. Бір затты өзіне қарай сүйреу, жылжыту. *Ең күшті "С-80" тракторы тартқан көк вагон сықырлап, жай қозғалып барады* (Ғ.Сланов) 2. Алып шығу, алға сүйреу. *Дәл осы кезде ол мені қара күннен алып шыққандай болды*. 3. Жылжу, созылу. *Жиналыс бір сағатқа созылды*. 4. Керу, ұстату. *Жан-жағынан темір арқандармен тартып тастаған түтінсіз темір трубка биік дөңнің бетінде тұр*. (Ғ.Мұстафин) 5. Жүріп кету, аттану, жөнелу. *Қалай тартайын? - деп, Бержабай мойнын бұрды, – Өз үйіңе! - деді Шақшай* (І.Жансүгіров). Ашылу сөзі келесі мағыналарды білдіреді:

гүл ашылды, күн (ауа-райы) ашылды, жиналыс ашылды (басталу), көңіл-күйі ашылды (қуану). 5. Бір заттың екінші бір затқа орны жағынан ұқсасуы мүмкін. **Бас:** адамның басы, тарының басы, ағаштың басы, жанұяның басы, бас мақала, жылдың басы. 6. Түсінің ұқсастығы жағынан атаудың ауысуы: ақ (сүт, ізбес, көзге түсетін нозала) ауру, қызыл (түс, ет, ала). 7. Кейбір зат (нәрсе), жағдай, әрекет қасиеттерінің атауы ұқсастығына қарай ауысу: жылы сөзі – дауыс, тамақ, жүз; ашық: есік, аспан, алаң; **ыстық:** шай, махаббат, сөз, кез. Лингвистикалық метафора арқылы мағынаны ауыстыру жоғарыда көрсетілгендей қазақ тілінде кеңінен тараған тілдік фактор. Көп мағыналықты жасауда метафорадан кейін метонимия маңызды рөл атқарады.

Метонимия дегеніміз бір заттың (немесе құбылыстың) екінші бір затпен (не құбылыспен) өзара іргелес, шектес келуіне байланысты атауларын алмастыра отырып келтірінді мағынада жұмсалуды. Метонимия да негізінен екі топқа бөлінеді: поэтикалық және лингвистикалық [37, 95]. Поэтикалық метонимияда жаңа мағына жасалынбайды. Ол тек қана сөйлеу барысында, контексте нықталады. Сондықтан да ол тұрақты мағына жасамайды, ол тек стилистикалық құрал ретінде қолданылады. Метонимияның көбірек қолданылатын жері – көркем әдебиет стилі. Бірақ шығармада метонимияны қолдану үшін белгілі дәрежеде шеберлік қажет. Оның кейбір жазушы шығармасында аз, ал кейбіреуінде көбірек болатын себебі де осыдан. Жазушы үшін метонимиялық тәсіл адамның бойындағы түрлі мінез-құлықты неғұрлым айқын ашу, характер жасаудың, көркем образды бейнелеп жеткізудің мықты құралы болып табылады. Метонимия тілдегі стилдердің бәрінде қолданылмайды. Ғылыми және ресми-кеңсе стилдерінде тіптен де кездеспейді.

Лингвистикалық метонимияда тұрақты лексикалық мағына жасалады. Ол барлық контексте түсінік болып, дербес мағынаға ие болады. Лингвистикалық метонимия мынадай тәсілдер арқылы жасалады. 1. Зат, құбылыс, процестердің кеңістікте қатар, шектес болып орналасуы негізінде атауы ауысады: Мысалы, ауыл, қала, көше сөздерімен сонда тұратын адамдар да аталады: ауыл ұйқыда, ол үй кеше қаладан келді; 2. Бір зат немесе құбылыс атаулары екінші бір затқа орны, мекені (оның ішінде орналасуы) жағынан байланысқан затқа ауысады. Мысалы, **бас** – ақыл, ес, сана: Басы (ақылы) жоқтың асы жоқ (нақыл). Сол сияқты тіл сөзі адамның, жан-жануардың дәм

сезетін, әрі адамның сөйлеу дыбыстарын шығаратын ауыз қуысындағы негізгі мүше. Осы сөз – сөйлем, сөз, стиль дегенді де білдіреді. *М.Қашқаридың тілі – бай тіл; Келінде тіл, қайын енеде ынсап жоқ* (нақыл). *Табақ, кесе* сияқты сөздер *ыдыс* деген мағынада да, *тамақ* деген мағынада да жұмсалады. Мәселен, *Ортадан табақ айрылды*. 3. Бір зат өз атауын өзінен жасалынған бірнеше заттарға да таратуы мүмкін. Мысалы, *қағаз* сөзі қағаздың өзін және құжаттардың барлық түрін де білдіре алады. Мәселен, *Керекті қағаздарды дайындап оқу орнына әкеліп өткізді*. Сол сияқты бұл сөздің *қара қағаз (извещение)* деген мағынасы да болғандығын естен шығармау керек. 4. Уақытқа байланысты атаудың ауысуы: *таңертең, азанда, түс, ақшам, кеш* дегендер тәуліктің төрт бөлігінің бірі, уақытты білдіреді. Мәселен, *Бүгін кешке жиналыс болады*. Сондай-ақ осы сөз *кеш, жиын, ойын-сауық* дегенді де білдіреді. Бұл ондай кештердің, жиналыс, жиындардың көбінесе кешқұрым өтуімен байланысты болса керек.

А.Назаров «Түркімен тіліндегі көп мағыналық» деген зерттеу еңбегінде лингвистикалық метонимия арқылы атауды ауыстырудың тағы екі жолын көрсетеді. Олар: 1. Заттың не үшін керектігіне, нендей қызмет жасауына байланысты, алатын орнының жақындығына байланысты атауды ауыстыру. Мысалы, *тамақ* сөзі (горло, гортань) сөйлеу аппараты, сондай-ақ *ас, тамақ, тағам* дегенді де білдіреді. 2. Бөлшектің атауы бүтінге ауысуы немесе керісінше. Мысалы, *есік үйге кіретін бөлікті білдіреді*. Бірақ осы сөз жалпы үйді де білдіреді: *Барар есігің мың болса да; жатар есігің бір болсын* (нақыл) [38]. Бұл жерде *есік* сөзі синекдохға жатады. Сонымен, бір заттың атауын екіншіге ауыстыру көбінесе лингвистикалық метонимия тәсілімен жасалады. Жалпы, метафорадан кейін метонимия құбылысы қазақ тілінде полисемия жасаудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады.

Атауларды алмастырып айтудың тағы бір түрі – синекдох. Мұның негізінде жапсарластық, іргелестік жатады. Бірақ синекдоханың метонимиядан айырмашылығы аталатын заттардың сандық белгілерінен көрінеді [37]. Синекдох дегеніміз бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқының (дараның), үлкеннің орнына кішіні қолданудың немесе керісінше қолданудың негізінде сөз мағынасының ауысуы. Синекдохалық мағына көбінесе сөйлеу стилі мен көркем әдебиет, публицистикалық стилдерде жиі

байқалады. Ол көркем образ, әсерлі бейне жасаудың тәсілі ретінде қолданылып, сөйлемге экспрессивті-эмоциялы мән беріп тұрады. Сондықтан да қандай да бір атауды осылай синекдохалық мағынада жұмсауда коммуникативтік қызметтен гөрі стилдік мақсат басым жатады. Жазушылар оны өзінің айтайын деген ойына әлдебір әзіл нышаны, юморлық өң беру үшін де жиі қолданады. Мысалы ...*Жаңағы арбаның үстіне тиіп қойған сақалдарың немене?...* *Сақал-мұртына мұз қатып, шақыр-шақыр басып келген кім десем, ауыл екен ғой* (М.Әуезов).

Сөйтіп, синекдоха да жоғарыда аталған екі түрге ұқсап іштей екіге бөлінеді: поэтикалық синекдоха және лингвистикалық синекдоха. Поэтикалық синекдохаға жоғарыдағы айтылғандар жатады. Ол тұрақты лексикалық мағына жасамайды, көркем құрал ретінде тек поэтикалық мақсатта қолданылады. Поэтикалық синекдохада сөздің ауыс мағынада келгендігі өзі жұмсалып тұрған контексте ғана ұғынықты болады. Ал лингвистикалық синекдохада сөз белгілі бір ұғым білдіреді. Бұл мағына оған үнемі тән. Сондықтан лингвистикалық синекдоха полисемия жасаудың тәсілі болып табылады. Оның мынадай жолмен жасалғанын көруге болады:

1. Зат, процесс, құбылыс бөлшегінің атауы бүтін зат, процесс, құбылысқа ауысады. Мәселен, адамның дене мүшесінің атауы арқылы бүтіндей адамның өзін белгілеуге болады: *бас, аяқ, қол, көз, жүз, тізе, қабырға, арқа* сөздері адамды білдіруі мүмкін: *Бір басқа бір өлім. Бет көрсе, жүз ұялар. Жүзі жылыдан түңілме. Екі аяқты, жан* сөздері де адам дегенді білдіреді: *Екі аяқтыда бажа тату, төрт аяқтыда бота тару. Жан бар жерде қам да бар т.б..*

2. Бүтін заттың атауы сол заттың бөлшегінің де атауы боп қолданылады. Мысалы, *Қол* сөзі негізінде иықтан саусаққа дейінгі бөлікті білдіреді, ал мына жерде олай емес: *Сол қолы сары майда, оң қолы суық суда. Қолынан келмейтіні жоқ немесе бес саусағынан өнер тамған.*

3. Жалпы ұғымды білдіретін сөз нақты затты атау үшін де жұмсалады. Мәселен, *Құстар жылы жаққа ұшты*. Бұрын *жігіт* сөзі жалпы ұғымды білдіріп, кең мағыналы жанды заттың жастық шағын білдірсе, қазірде бұл сөздің мағынасы нақтыланған. Мысалы: *Үстел басында екі жігіт пен бір қыз отыр.*

4. Жеке бөлшектер сол заттың санын, көлемін, мөлшерін білдіреді. Мәселен, *Оның отарында елу бас қара бар.*

5. Әралуан ағаш, өсімдіктің беретін жемісі сол ағаш немесе өсімдіктің атауымен белгіленеді. Мысалы, *екі түп алма ектім; қыпқызыл алманың дәмі де сондай тәтті екен*. Немесе, *қауын гүлдеді, қауындар көгере бастады, қауын тамырынан өседі*. Бұл мысалдардың бәрінде де қауын сөзі өсімдік мағынасын береді. Ал мына сияқты мысалдарда жеміс мағынасын білдіреді. Мысалы: *Қонаққа жұмсақ нан мен қауын ұсындым*. Сондай-ақ *бидай егілді және мен бидай қуырдым*. *Орта Азияда мақта көп өседі және бүгін дәріханадан бір бума мақта алдым*.

6. Лингвистикалық синекдоханың түрлерінің бірі көпше түрдің орнына жекеше түрді қолдану: Мысалы, *Қымбатшылық қазаққа әсіресе ауыр тиіп тұр*.

Полисемия жасаудың келесі бір түрі – қызмет бірлігі тәсілі. Қоғам өмірінде ғылым мен техниканың, экономиканың дамуы барысында көптеген зат, процестер қандай да бір екінші зат, процестермен қызмет бірлігі жағынан байланысқандықтан, олардың атауын алады. Сөздердің қызмет бірлігіне қарай ауысуы ішкі және сыртқы ұқсастықтарына негізделмейді, тек қана қызмет ұқсастығына, бірлігіне негізділеді. Сондықтан да қызмет бірлігіне қарай полисемияның жасалуы метафора, метонимия, синекдоха тәсілдерінен өзгеше. Уақыт өткен сайын адам баласы белгілі бір заттың небір жаңа түрлерін, жаңа үлгілерін жасап отырады. Ол заттардың арасында бір жұмысты атқаруы жағынан ортақтық, ұқсастық болуы мүмкін. Бір заттың қызметі екінші біреуінің қызметімен ортақ (ұқсас) болған жағдайда, соңғысы біріншісінің атауын алады да екеуі бір атаумен аталады. Зат (нәрсе, әрекет, құбылыс) тұлға, түс, түр, көлемі жағынан әр түрлі болуы мүмкін, тіпті оларды жасайтын материал да түрлі-түрлі болады, бірақ олар бірдей қызмет атқарады. Қызмет бірлігін үй сөзінің мағынасымен көрсетуге болады. Бұл сөз қазақ тілінде бұрыннан бар сөз. Алғашқыда қара шаңырақ «кереге, уық, шаңырақ т.б. тұратын киіз үй» түрінде пайда болып, «ақ үй, төрт қанатты үй» т.с.с. деп айтылатын еді. Кейін балшықтан соғылатын үйді белгіледі. Қазір кірпіш, бетоннан жасалынған көп қабатты үйді білдіреді. Сондай-ақ бұл сөз тек қана «тұрғын үй, пәтер, тұрақ, жатақты» білдіріп қоймай, сонымен бірге «мекен, орын, баспана» деген де мағына береді. Бұл мағыналар қызмет бірлігі жағынан біріккен. Сондай-ақ *төсек* деген сөзбен қазақтар «ұйықтауға, тынығуға

арналған көрпе, жастық, төсеніштен тұратын орынды» айтатын. Кейіннен темірден, ағаштан арнайы жасалған затты да осы қызметті атқаруына байланысты төсек деп атайтын болдық. *Жол* сөзінің де бірнеше мағынасы бар. Ол қозғалыс болатын жер деген қызмет бірлігіне қарай бір ғана атаумен аталады. Мәселен, *сүр жол, соқпақ жол, тротуар, машина жүретін жол, әуе жолы, су-құбыры жолдары т.б.*

Қызмет бірлігі тәсіліне *шатыр* сөзі де мысал бола алады. 1. *Үйдің ат жалданып келген төбесі немесе көп қабатты үйлердің ең үстіңгі қабатына қар, жаңбыр суларын жібермес үшін арнайы материалдар төсеп жабатын бөлігі.* 2. *Жаңбырдан қорғану үшін жасалған адам төбесіне ұстайтын қалқасы бар қолишатыр.*

Сонымен, сөз мағынасының функционалды тәсіл бойынша ауысуы, сөз жоқ, халықтың жағдай-тұрмысын, өскен мәдениетін, техникалық және ғылыми жетістіктерін көрсетеді.

В.В.Виноградов өзінің сөз мағынасы жөніндегі еңбектерінде: «причина появления новых слов и новых значений старых слов по большей части заключается в изменениях общественной жизни, в развитии производства и других областей человеческой деятельности, а также в развитии мышления», - деп көрсетеді [39, 193].

Сөз мағынасы біркелкі емес әр алуан болады. Бірнеше түрлі мағыналарды білдіретін көп мағыналы сөздердің мағыналарының арақатынасы, бір-бірімен байланысы бірдей болмайды. Олардың кейбіреулерінің мағыналары өзара жақын туыстас, төркіндес мағыналар болса, екінші біреулерінің арасында ондай жақындық болмайды. Жалпы, сөздер тек контексте ғана емес, тілдік жүйеде де өзара байланыста болады. Егер сөз мағынасы контексте өзінің айналасындағы сөздермен байланысып, оларға әсер етіп, оларға байланысты болса, ал тілдік жүйеде сөздер әр түрлі әдіспен топтауға болатын белгілі бір сөздер тобын құрайды.

1.3 Полисемияның басқа да лексика-семантикалық топтармен байланысы

Тіл қарым-қатынас құралы ретінде, өз құрылысының бөлшектері тәртібін сипаттайды да, белгілі жүйе ретінде көрінеді дедік. Оның жүйелік сипаты, әралуан тілдік құбылыстардың бір-бірімен өзара байланысты болып бір бүтін тұтастық ретінде

қызмет атқаруынан байқалады.

«Слова каждого языка образуют систему и изменения их значений вполне понятны только внутри такой системы» [18, 89].

Тілдің әр алуан жақтарының мұндай өзара байланысы, олардың (ұйымшылдығы) өз бейнесін фонетикалық және грамматикалық құрылыс, сондай-ақ сөздік құрамнан табады. Тілдің материалдық жағы (жамылғышы) сол тілдің грамматикалық заңдары бойынша құрылғанда ғана адам ойының берілуіне толық мүмкіндік туады. Біздің ойымыз (ұғымымыз) бен түсінігімізді білдіруге көмектесетін сөздік құрам өзіндік ерекшелігі бар құрылыс материалы бола отырып, тіл жүйесінің жеке бөлшектерінің тәртібін көрсетеді. Лексиканың (сөздік құрамның) тәртібі, ұйымы қарым-қатынас жасау үрдісінде оларды қолдану тұрғысынан маңызды болып табылады. Ол ерекшелік, белгісіне қарай сөздерді енгізу, топтау тәсілі арқылы іске асады. Қандай да бір грамматикалық ерекшелігіне қарай тілдің сөздік құрамы топтарға бөлінеді. Мысалы, сөздер сөз табына қарай топталады. Қазақ тілінде *мысық, үй, әдемілік, уақыт, ерік, тазалық т.б.* сөздердің жеке лексикалық мағыналары әр алуан болғанмен де, өзінің грамматикалық сипатына қарай зат есімдерге жатады. Бұл – сөздердің грамматикалық топталуы, онда лексикалық мағына шешуі рөл атқармайды.

Сөздер, сондай-ақ, сөзжасам байланысында түбір немесе негіздің ортақтығына қарай бірігеді. Мәселен, *біл* етістігінен тараған тізбекті көрсетейік: *біл – білгіш – білгіштік – білгішісі; біл – білгір – білгірсі – білгірсін – білгірлік; біл – білік – білікті (біліксіз) – біліктілік (біліксіздік); біл – білім – білімдар (білімсіз) – білімдарлық – білімдарсы; біл – білім – білімпаз – білімпаздық – білімпаздан; немесе бас* етістігінен *баста – басқыш – баспақ – басар – баста – бастамашы – басқын – басқыла* сияқты сөздер туса, олардың әрқайсысының өзіндік сөзжасамдық ұясы болады. Бұл ретте сөз өзінің грамматикалық белгісіне қарай әр түрлі топтарға жатқанмен, түбірлері бір, ал олардың лексикалық мағыналары мүлдем әралуан. Демек, бұл – сөздердің сөзжасам тобы.

Әрбір стилге жататын сөздер қолданылу аясына қарай бірігуі мүмкін. Мысалы, ауызекі сөйлеу стилі адамдардың бір-бірімен күнделікті қатынасында пайдаланылады. Сондықтан, онда тілдің коммуникативтік қызметі басым сезіледі. Ал іс-қағаздар стилі өмір қажетінен туып, өз алдына орныққан бөлек жүйе болып

саналады. Оған әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Мәселен, *ось, инерция, фонема деген сияқты сөздер ғылыми стилге жатса, ант урган, қатын, мықты, кушиті* дегендер ауызекі сөйлеу стиліне жатады. Мұны сөздердің стилистикалық тобы деп атайды.

Сондай-ақ бірыңғай, біртектес немесе олардың мағыналарының жай жақындық тұрғысынан біріккен сөздер тобы бар. Мысалы, *көз, мұрын, ауыз, бет т.б.* сөздер дене мүшесін білдіруі жағынан бірігеді. Мұндай топтарды тақырыптық топ деп атаймыз. *Көз және ат* десек, лексикалық мағына жағынан байланыспайды.

Тілдің лексикалық жүйесінде тақырыптық топтамамен қатар сөздердің ғылыми-терминдік топтары болатынын айтуымыз керек. Ғылымның дамуымен байланысты термин сөздер де тілімізде күннен-күнге көбейіп келеді. Мәселен, *әуен, альта, сапрана, дуэт т.с.с.* сөздер музыкалық ұғымды білдіріп, осы саладағы білім терминологиясына жатса, *грипп, фаренгит, астма, феервекс, аспириносса т.с.с.* сияқты сөздер түрлі ауруды, сондай-ақ олардың алдын алу немесе оларды емдеу үшін қолданылатынын дәрі атауларын білдіреді. Бұл сөздер, әрине, медициналық терминге жатады. Демек, лексикалық мағына сөздерді белгілі бір заңдылық бойынша лексика-семантикалық топтарға (ЛСТ) біріктіреді.

Э.В. Кузнецова лексикалық жүйе үшін сөздер тобының негізгі түрі лексика-семантикалық топ болып табылатынын айта келе оған өзінше сипаттама береді [13, 75]. Белгілі ұқсас құбылыстардың тарауы және арақатынасы белгілене отырып, бір топқа енетін сөздер тек қана лингвистикадан тыс факторлармен бірікпейді. Сондай-ақ олар бірнеше ортақ лингвистикалық сипатта болады. Біріншіден, бір лексика-семантикалық топтағы сөздердің негізгі парадигмалық ерекшелігі олардың мағыналарында біркелкі категориялды-лексикалық семалар болады. Бұл сема топтардың семантикалық негізін құрап әрбір жеке сөзде дифференциалды сема арқылы нақтыланады. Мәселен, *илеу* етістігінің мағынасында «*теріні арнайы ерітіндімен босаңсыту арқылы өңдеу*» дегеннен «*өңдеу*» категориалды-лексикалық семаны және арнайы нысан өңдеу тәсілі – «*босаңсыту*», құралы «*ерітінді*» дифференциалды семасын бөліп көрсетуге болады.

Бір топтағы сөздердің ерекшелігіне тән өте маңызды нәрсе, ол категориалды семаларды анықтаушы

дифференциалды семалар біртектес болып қайталанып отырады. Категориялды сема, кез келген емес өзінің анықталатын кейбір белгілі аспектілерін ғана көрсететіндей көрінеді. Бұл аспектінің шеңберінде типтік дифференциалды семалар қалыптасады. Осыған орай әрбір жеке ЛСТ-та дифференциалды семалар жиынтығы спецификалық болып келеді. Мәселен, «*ауыспалылық*» категориалды семасы етістікке айналғанда төмендегідей аспектіде нақтыланады: «*бағым*», ауысу құралы, ауысу ортасы, ауысушы мүшелер т.б.. «*Бағым*» аспектісі жеке етістік мағынасында дифференциалды белгілерді былай болжайды: *жоғары (ұшу), ішке (ену, кіру), айдалаға (қашу, секіру, жүзу) т.б.* «*Құрал*» аспектісіне мына сияқты дифференциалды семалар кіреді: *аяқ арқылы (жүру, жүгіру, жүзу), транспорт құралы көмегімен (апару, жүргізіп бару), қанат арқылы (ұшу)*. Екішіден, біртектес қайталаушы семалар топқа енуші барлық сөздерді белгілі оппозицияда байланыстырып тұрады. Барлық оппозициялық байланыстың жиынтығы бұндай топтардың ішкі парадигмалық құрылысын қалыптасырады. Топтардың барлық элементтері-сөздер – негізгі тіреуіш архисемалық сөзбен байланысты болғандықтан, құрылыс иерархиялық сипатта болады. Зерттеу практикасы көрсеткендей топтардың семантикалық бірлігін бейнелейтін және осындай анықтаушы қасиетке ие негізгі сөз ЛСТ-ға тән. Тәртіп бойынша олар жиі қолданылады. Бұл берілген топтағы басқа етістіктердің қолданысын неғұрлым асыра түседі.

Жай әншейін байланысқан қандай да бір сөздерді біз басқа лексика-семантикалық топта да кездестіреміз. Мысалы, *жылжу* етістіктер тобында: *жылжу – жүру – адымдау; ұшу – сепелеңдеу; жүру – қаңғыру – сенделу т.б.*

Жүйелі байланысқан оппозицияда сөздердің мұндай тізбегі сөздердің ЛСТ-ның ішкі құрылысына көпсатылы иерархиялық жүйе ұсқынын береді. Сондай-ақ сөздердің мұндай типтері жалпы лексикалық жүйе құрылысы үшін де маңызды. Жалпылау мағыналы және неғұрлым нақты мағыналы сөздер бірін-бірі анықтай отырып, өзара бірлікте өмір сүреді. «Негізгі сөзсіз лексика-семантикалық топтың жалпы семантикалық идеясы берілмес еді, ал туынды сөзсіз ол кедейленер еді», - деп көрсетеді Ф.П. Филин [15, 525]. Үшіншіден, бір лексика-семантикалық топқа енетін сөздердің ұқсастығы, олардың синтагмалық

сипаттарының біртектес болуымен сипатталады. Сөздердің лексикалық мағынасының құрамында ортақ семантикалық компоненттердің болуы жағынан дәрежелі единицалар сөйлем құрамында олардың қызмет атқару тәсілін көрсетеді. Қызметтің бір қалыптылығы ұқсас семантикадағы сөздердің синтагмалық қасиетінің біркелкілігін тудырады. Әсіресе етістікті лексикада айқын көрінеді. Төртінші, бір ЛСТ-ға жататын сөздердің ұқсастығы варианттылық қатынастағы олардың екінші байланысы дәрежесінде көрінеді. Ең әуелі бұл ұқсастық ұдайы семантикалық жақтан ұқсас сөздердің негізгі мағынасы арқылы екінші мағынаның дамитын көп мағыналық құбылысында көрінеді. Тілдегі сөздердің әр түрлі лексика-семантикалық топтарының болуы, нақты бір тілдің лексикалық құрамында бір сөздің мағынасы екінші бір сөздің мағынасымен байланысты болуы негізінде тілдің лексикасының семантикалық жүйесі құралатынын көрсетеді. Тілдің фонемалық жүйесі жөнінде зерттеу мәселесінде байқалғандай және грамматикалық жүйені қарастыруда белгілеуге болатындай лексикалық мағына төңірегінде олардың белгілі байланысы, тіл жүйелілігі көрінеді. Тілдің лексикасын ЛСТ-қа біріктіруші сөздердің мағыналық байланысының болуы, тілдің лексикалық байлығын пайдалануға жеңілдік келтіреді. «Лексика-семантикалық топ дегеніміз екі немесе одан да көп сөздердің мағынасына қарай тобы» [15, 230]. ЛСТ-ның ішінде грамматикалық бірыңғай, бір тектес, бір ғана сөз табына жататындары да бар. Олар өзінің лексикалық мағынасының жақындығы негізінде топтастырылады. Егер сөздер қарама-қарсы мағынасына қарай біріктірілсе – антонимдер тобын алуға болады. Ал егер топтау негізіне мағына ортақтығын қойса, онда синонимдік, тақырыптық қатар, семантикалық өрісті аламыз. Практика тілінде көп мағыналыққа жоғарыда айтылғандай бір-біріне жақын, төркіндес, туыстас мағыналарды білдіретін сөздер еңсе, омоним сөзге білдіріп тұрған мағыналарында бір-біріне ешқандай жақындығы жоқ, бірақ бірдей дыбысталатын сөздер жатады. Жалпы, ЛСТ-тағы сөздер өзара бір-бірімен қиылысып, шиырласып жатады. Бұл жөнінде Ю.Д. Апресян былай деп көрсеткен болатын: «Незамкнутых и многократно пересекающихся семантических группировок, любые две из которых связаны, как и отрешаемый ими мир вещей, процессов и идей, непрерывной цепью посредствующих семантических звеньев, независимо от того, насколько далеко друг от друга отстоят семантическом пространстве языка эти группировки» [40, 255].

Негізінен, лексикалық жүйе күрделі құбылыс: «Сложность лексической системы языка объясняет возможность существования разных моделей, различного членения и выделения разных группировок в одном и том же материале» [41, 89]. Сөйтіп, тілдің сөздік құрамындағы сөздер де, әр түрлі лексика-семантикалық топтар да бір-бірімен тығыз байланысып, өзара қиылысып, қиюласып жатады дедік. Бұл байланыс лексикалық топтардың бәріне тән болғанмен де, көп мағыналы сөздердің басқа лексикалық топтармен байланысы мықтырақ болады. Өйткені көп мағыналы сөздердің мағыналарының арасындағы байланыс үзілу барысында омоним сөздер жасалса, полисемиялы сөздердің құрамына енген мағыналардың әрқайсысы синонимдік, сондай-ақ антонимдік қатарды молайтуға өз септігін тигізуі де мүмкін.

II КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕРДЕН ЖАСАЛҒАН СИНОНИМДІК ҚАТАРЛАР

2.1 Синоним сөздердің зерттелу тарихынан

Лексика-семантикалық топтардағы сөздер өзара бір-бірімен қиылысып, шиырласып жатады. Бір топқа жататын сөздер ғана емес, әр басқа лексика-семантикалық топтардың өздері бірімен-бірі астарласып, байланысып келеді. Осындай байланысты көп мағыналы сөздер мен синонимдердің арасынан да байқауға болады.

«Синоним» грек сөзі. Дәлме-дәл аударатын болсақ: бірдей атау, аттас деген мағына береді. Мәселен: *сөйлеу - айту, істеу - жасау, орфография - дұрыс жазу, батыр - ер жүрек - батыл, ықылас - көңіл - зерде - ынта - назар*.

Бұдан байқайтынымыз: синоним дегеніміз ақиқат өмірдегі бір ғана затты (құбылысты, әрекетті) белгілейтін сөздер тобы. Алайда, бір ғана затты атай отырып, синонимдер негізінен бір затты әр түрлі атайды, яғни аталған заттың түрлі-түрлі жақтарын әр алуан қырынан сипаттайды.

Бұл жөнінде орыс тіл білімінің көрнекті өкілі А.А. Реформатский былай деп жақсы көрсеткен болатын: «Два слова называют одну и ту же вещь, но соотносят ее с разными понятиями и тем самым через названия вскрывают разные свойства данной вещи» [42, 91]. Сол сияқты А.Н. Гвоздев те: «Синонимы – слова с близкими, но нетождественными значениями», - деген анықтама береді [43, 30]. Демек, синоним сөздер бір ғана затты (құбылысты, әрекетті, үрдісті) белгілегенімен (атағанымен) семантикалық (мағыналық) жақтан өзінің эмоционалды-стилистикалық құрылысы жағынан да бір-біріне теңбе-тең емес. Синоним сөздер лексикалық мағынасы жағынан тым жақын болып келгеніменде, бір синонимді екінші синонимнен ерекшелендіретін үш негізгі сипаты бар. 1. Өзіне қатысты семантикалық, яғни лексикалық мағынасының реңктерімен. 2. Сөйлем жанрында қолданылу аясы жағынан. 3. Өзінің экспрессивті-эмоционалды бояуымен.

Синоним сөздер лексикалық мазмұн ерекшелігі тұрғысынан заттың әр алуан сипатын атайды және айтқан уақытта ұғымның тек бір жағын баса көрсетеді. Синонимдер затты атаудағы ішкі тұлға ерекшелігін, яғни сол заттың әр түрлі

белгілерін көрсетеді. Ең әуелі синоним мағыналық қатынасқа енуде белгісі (реңкі) тілімізде синонимдік қатынасқа түскенмен де, *ескі* дейтін болсақ – «*бірнеше жыл болған*», ал *көне* десек – «*бағзы заманнан келе жатқандықты*» ұғынамыз. Сондай-ақ, біз *иісі шығып тұр* деп те, *мүңкіп тұр* деп те айта береміз. Ал бұл тіркестердің арасында нәзік реңкі (ерекшелігі) бар. Өйткені иіс жақсы (жағымды) да, жаман (жағымсыз) иіс те болуы мүмкін. Ал мүңку ол тек тәтті, жағымды (жақсы) иіске байланысты айтылуы ләзім. Яғни сөздің мағыналарының арасындағы реңктер – мағына кеңдігі мен мағына аясының тарлығына байланысты.

Синонимдерді ерекшелендіретін тағы бір сипат – сөйлемде қолданылу ерекшелігі. Біздің тіліміздегі қандай да бір сөздер, басым, айрықша байланыста болады. Яғни синонимдік қатынасқа түскен сөздердің ішінде біреуі басқаларына қарағанда тілімізде (сөйлеу барысында) жиірек қолданылуы мүмкін. Мәселен, *шыдамсыз - сабырсыз - күйгелек - тағатсыз* деген синонимдерді алатын болсақ, олардың ішінде жиі қолданылатыны *шыдамсыз*. *Шөлдеу - сусау - таңдайы кебу - шөліркеу* деген синонимдік қатардың ішінде жиі қолданылатыны *шөлдеу*. Тіліміздегі сөздер бір-бірімен тіркесе бермейтінін де білеміз. Мысалы, *майда ақша - ұсақ ақша* деп айтылғанмен, *кіші ақша* деп айтылмайды.

Синонимдерді бір-бірінен ерекшелендіретін үшінші сипаты – олардың стилистикалық ерекшелігі, түрлі стилистикалық бояуы, реңкі. Мәселен, мына сияқты синонимдік сыңарларды алып қарастырсақ: *көз - жанар; қарын - іш; ат - жылқы; бет - дидар т.б.* бұлардың бірінші сыңарлары (*көз, қарын, ат, бет*) ауызекі сөйлеу тілінде күнделікті қолданылатын болса, екінші сыңарлары (*жанар, іш, жылқы, дидар*) публицистикалық стильде жиі қолданылады және сондай стилистикалық бояуымен ерекшеленеді. Сондай-ақ *ерке, шолжың* сөздерінің эмоционалды-экспрессивті бояуларының өзгешілігін, көреміз. *Ерке* сөзінде жағымдылық, *шолжың* сөзінде жағымсыздық мағына аңғарылады.

Қандай да болмасын сөздің стилистикалық сипаттағы ең күрделі мәселесі – синонимдік қатынастағы ауыспалы мағына. Мысалы, *тірек - бел ағаш* деген синонимдік қатар бар. *Тірек* сөзін кейде ауыспалы мағынада тұрғанда *сүйеніш* сөзімен ауыстырып айтамыз. Бірақ *бел ағаш* дегенді жоғарыда айтылған *сүйеніш - таяныш* дегендермен бір синонимдік қатарға жатқызуға келмейді. Сонымен,

синоним сөздер бір-бірінен мағыналық реңктерімен, эмоционалды-экспрессивті бояуымен белгілі жанрға тән стильдік белгісімен, қолдану өзгешеліктерімен, басқа сөздермен мағыналық байланысымен өзгешеленеді.

Дегенмен, синонимдердің тілде болуы зат немесе құбылыс, я болмаса қимыл-қозғалыстың әралуан қырларын ашуға көмектеседі. Олардың мұндай қызмет атқаруының өзі синоним құбылысының тілдің лексика жүйесінен орын алуына себепші болады. Сөйтіп, лексиканы (сөздік құрамды) құрайтын құрамдық бөлшектің бірі – синоним сөздер. Синоним дегеніміздің өзі кемінде екі не одан да көп сөздердің бір ұғымды аңғартуы. Бірақ, бірнеше сөз бір ұғымды аңғартқанда, бәрі бірдей болып келе бермейді. Олар атайтын затын, қимыл-процесін әр жағынан аңғартып, мән-мағынасы жағынан толықтырып тұрады. Ал кейде белгілі бір ұғымды толық қамтып көрсету мақсатымен бірнеше синонимді қатарма-қатар қолданатын кездер де болады. Мәселен, *Жылатушы көп болса, уатушысы, жұбатушысы да көп болған ел сорлы бола ма* (М.Әуезов). Сондай-ақ кейде оларды қосарлап та айтамыз (*үлгі-өнеге, қасиет-белгі, азып-тозу*) деген сияқты.

Жалпы қазақ тілі синонимдерге бай. Бұл айтайын деген ойыңды дәл жеткізуге мол мүмкіндік жасайтын ерекше байлық. Әрбір адам ана тілінің байлығына зер сала қарауы керек. Өз ойыңды дәл, нақты көркем (әдемі) жеткізе білу, әрбір тілдік қолданыста тұлға мен мазмұн бірлігіне жету сөйлеу мәдениетіне керекті жағдай. Бұған жетудің көзі – тілдің әр алуан грамматикалық құралдары мен лексикалық байлықты меңгеріп өз сөзінде орынды қолдана білу. Ал қажетті сөзді орынды қолдану үшін адамға, әрине, білім қажет. Тілді неғұрлым жақсы білген сайын, соғұрлым синонимдердің ерекшеліктерін жақсы біліп, сөйлеген кезде олардың ішінен қажеттісін орынды қолдана білесің. Тілдің нақтылығы, көбінесе, синонимдерді дұрыс таңдай білуге байланысты.

Жазушы болсын, ғалым болсын, тіпті қарапайым жай адам болсын синонимдерді, әдетте, бір сөзді қайталай бермеу үшін қолданады. Яғни синоним сөз қайталауын туғызбайды, ұғымды, мағынаны түрлендіре атап, пікірді дамытуда күшті рөл атқарады. Ол арқылы адам өзінің сөзін (сөйлемді) түрлендіріп, құбылтып, айтайын деген ойын тыңдаушысына дәлме-дәл, әрі көркем етіп жеткізіп, егжей-тегжейлі түсіндіре алады. Осы жағынан алып қарағанда синоним сөздердің тілді нақтылап, мәнерлей түсудегі

маңызы өте зор.

«Кімде-кім мәндес сөздердің нәзік мағыналық ерекшелігін дұрыс аңғарып, керекті жерде лайықты қолдана білетін болса, ондай адамның сөйлеген сөзі немесе жазған еңбегі барынша нақысты, келісті, мәнерлі болмақ. Қаламы жақсы төселген, тілге шебер кісінің жазғанының үнемі өте тартымды, көркем болып келуінің тетігі олардың тілдік құралды сондайлық орынды, асқан шеберлікпен пайдалана білуінен», - дейді ғалым Ә. Болғанбаев [44, 35].

Синоним сөздер адамның ойлау қызметінің шарықтап дамуы барысында қоғам өміріндегі заттардың, құбылыстың немесе әрекеттің сан түрлі қасиет-белгілерін және әр алуан сыр-сипаттарын жан-жақты танып білудің нәтижесінде пайда болады. Тіліміздегі синонимдер тілдің тарихи дамуының, сөздік қордың үздіксіз, ұзақ уақыт баюының негізінде қалыптасады.

Қай-қай тілде болмасын синонимия құбылысы кең тараған. Бірақ ол тілдерде синонимнің кең таралуына қарамастан, тіл-тілде синонимдік қатар саны бірдей болмайды. Белгілі бір тілде олардың саны көп, ал енді бір тілде аз болуы да ықтимал. Мәселен, белорус, украин тілдеріне қарағанда, орыс тілінде синоним көбірек. Ал поляк тілі лексикасынан неміс сөздері елеулі орын алатын болса, болғар тілінде түркі тектес сөздер басым. Татар тілінің синонимдерінің біразын араб сөздері құрайды. Қазақ тілінде де синонимді дамытуда кірме сөздер едәуір орын алады. Мәселен, орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы енген *сөтке (сутки)* сөзі – *тәулік* сөзімен, *кірпіш (кирпич)* – *қыш, саман* атауларымен, *проект* – *жоба* сөзімен синонимдеседі. Бұдан байқайтынымыз, кірме сөздер де синоним жасауда өз үлесін қосқан.

Синонимия құбылысы едәуір жақсы зерттелген семантикалық категориялардың бірі. Лингвистика ғылымында синонимдерді зерттеу өте ертеден басталды. Сондықтан да оған арналған көптеген теориялық мақалалар мен арнайы еңбектер де баршылық. Олардың көпшілігі өте қызғылықты ойлар мен нәзік бақылаулардан тұрады. Жалпы қай тілде болмасын синонимдер жөнінде көптеген еңбектер бар.

Лексиканың құрамды бөлшегі ретінде синонимдер сөздік құрамның құрылыс материалы болып есептеледі де тіл білімінің лексикология саласында қарастырылады. Сондай-ақ стилистика оқулығында да синоним мәселесіне арнайы тарау берілген. Стилистикалық тұрғыдан алып қарағанда қай стильде болса да

синоним сөздер қолданылады. Бірақ олардың қолданылу дәрежесі бірдей деңгейде емес. «Ресми-кеңес, ғылыми стилде синонимдердің жеке бір сыңары кейде ретіне қарай қолданылады. Ал екі не үш синоним бірдей, қатар жұмсалмайды. Бұлай тек публицистикалық не сөйлеу стилінде, көбінесе көркем әдебиет стилінде жұмсалады» [36, 77].

Жалпы сөйлеу тілі стиліне тән синонимдер бар да, публицистикалық көркем әдебиет стилінде қалыптасқан синонимдер өз алдына бөлек. Бұл екі топтағы синонимнің әдеби аясындағы қолданылуы бірдей емес. Көркем шығармада автордың өзіндік стиль ерекшелігіне байланысты қолданылатын синонимдердің кейбіреулері ғана жалпы халықтық сипат ала алады. Ал, көпшілігі белгілі бір публицистикалық стильдегі, әсіресе, көркем әдебиет стиліндегі синонимдердің біразы контекстік синонимдер. Ресми-кеңес, ғылыми стильдерде мұндай контекстік сипаттағы синонимдер қолданылмайды. Оларда тек көркем әдебиет, публицистикалық стильдегі және сөйлеу тіліндегі жалпы халықтық сипат алған синонимдер жұмсалады. Онда да екеуі не үшеуі қатарынан емес, бір ғана сыңары алынады. Ал көркем әдебиет, публицистикалық, сөйлеу тілі стильдерінде, әсіресе, контекстік синонимдер керісінше қос-қосымен, қабат жұмсала береді. Қайткен күнде де синонимия мәселесі тіл ғылымы үшін әрқашан да қызығушылық тудырып отырады. Синонимия мәселесіне соқпай өткен тілшілер жоқ десе де болады. Синоним құбылысын сөз еткен ғалымдардың біреулері оны стилистикалық аспектіде қарастырса (мәселен, Черемисова П.Г. Опыт исследования стилистической синонимии; Даняров А. Стилистические функции синонимов в современном узбекском языке; Османова А.А. Семантико-стилистические функции глагольных синонимов в казахском языке), енді біреулері синонимдік қатынасты ғылыми тұрғыдан сөз қылады. Оған дәлел орасан көп мақалалар саны және толығымен синонимия категориясына арналған бірнеше еңбектердің жарық көруі. Олар жалпы лингвистикалық немесе жалпы лексикологиялық және семантикалық сипаттағы синоним мәселесіне байланысты айтылған құнды пікірлері бар еңбектер. Сонымен қатар синоним мәселесіне арнайы жазылған еңбектер де бар: Р.А. Сиротина, Лексическая синонимия в русском языке; В.К. Фаворин, Синонимы в русском языке; М. Мухамедиева, Синонимы в современном таджикском языке; Р. Мескутов, Синонимы в современном туркменском языке; С.

Исмухамедова, Синонимы в современном узбекском литературном языке; Ш. Ханбикова, Синонимы в татарском языке; Б.Т. Абуллаев, Лексические синонимы в современном азербайджанском языке; М.Сергалиев, Қазіргі қазақ тіліндегі етістікті синонимдер; Ә.Болғанбаев, Қазақ тіліндегі синонимдер; О.Жұмашев, Қазақ тіліндегі етістікті синонимдер; М.Ф. Палевская, Синонимы в русском языке, Очерки по синонимике современного русского литературного языка; Авторлық ұжыммен дайындалған «Лексическая синонимия»; Ю.Д. Апресян, Лексическая семантика и синонимы современного русского языка; Синонимы русского языка и их особенности т.б..

Синонимия құбылысын теориялық тұрғыдан шетел тілшілері де едәуір қарастырған. Онда да жаңа ойлар айтылып, тілдік единица мағыналық баламасына жаңаша қараған. Кейбір авторлар синонимия мәселесін лексикографиялық немесе тарихи аспектіде сөз қылады. Бұл жерде К. Тальявини, Б. Тейтмейер, Р. Банера мақалаларын атауға болады. Тіл-тілде қазір синонимдік сөздіктер де басылып шықты.

Синонимия құбылысына қатысты еңбектердің баршасын қарастыра отырып, біз синонимге анықтама беру барысында тіл мамандарының біраз уақытқа дейін ортақ бір пікірге келе алмағандығын байқадық. Олардың кейбіреулері «синонимдерді сөздердің мағыналық ерекшелігіне қарай шешіп, мағынасы жағынан жақын сөздерді синоним дейміз», - десе, енді біреулері «сөз мағынасын контекске байланыстыра шешіп, белгілі бір контексте бірін-бірі алмастыруға жарайтын сөздерді синоним дейміз», - дейді. Мәселен, А.А. Булаховский: «Слова способные в том же контексте или контекстах, близких по смыслу, заменить друг-друга без ощущения заметного различия по смыслу носят название синонимов», - дейді [45, 38]. Осы пікірге жақын пікірді І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев та айтады: «Синоним дегеніміз мағынасы жақын болғандықтан белгілі контексте бірін-бірі алмастыруға жарайтын сөздер» [25].

Қазақ лексикологы, ғалым Ә.Болғанбаев синоним болатын сөздерге қойылатын басты шарттарды санамалап көрсету барысында: «Белгілі контексте бір қатынастағы қолданылатын синонимдердің бірінің орнына екіншісін ауыстырып қолдануға болатын жағдайда, олар сөйлемнің бір ғана мүшесі болу керектігін айтады. Мысалы, *Ақ қағазға маржандай тізілген ұсақ жазуы тым әдемі* (Ғ.Мұстафин) деген сөйлемдегі *әдемі* сөзі баяндауыш қызметінде тұр. Мұндағы *әдемі* сөзін «*көркем, сұлу, әйбат*» сөздерінің кез келгенімен ауыстырып қолдануға болады. Бұлар

сөйлемде басқа қызмет атқармайды, тек әдемі сөзінің мағыналық баламасы ретінде баяндауыш қана болып жұмсалады. Ал басқа ауыстырып қолдануға, болмайтын «*ару, әсем, көрікті*» сияқты синонимдер өзінің ол сөздермен синонимдік қасиетін жойып жібермейді, қайта әрқайсысы өзіндік қасиетін өзгертпей, толық сақтап тұрады. Демек, синонимдер бірінің орнына екіншісі кез келген контексте міндетті түрде талғаусыз ауыстырылып қолданыла беруі шарт емес» [46, 34]. Осындай шарттардың бірі ретінде сөздердің өзара ауысуы ұсынылады, яғни синоним сөздер деп өзара орын ауыстырып қолданғанда мәтін мазмұнына ешқандай өзгеріс келтірмейтін сөздерді жатқызамыз. Алайда, егер сөздер бір-бірінен міндетті түрде қалай дегенде де айырмашылығы болады деп есептесек (дәл осы шарт олардың тілде болуына мүмкіндік береді), онда өзара орын ауыстырып қолдану шарты «өз-өзінен шығып қалады, өйткені бір синонимді екіншімен ауыстыру барысында сөйлемнің мағыналары немесе оның стилдік бояуы өзгереді». Дегенмен өзара ауыстырып қолдану мүмкін, бірақ оны синонимдердің жалпы қасиеті деп емес, синонимдердің жеке көрсеткіш деп қарастыру керек. Бұл жөнінде Шапиро былай деп көрсетеді: «Следует со всей категоричностью сказать, что один лишь признак взаимозаменяемости не может служить основанием для признания слов синонимов» [47, 75]. Ал Д.Н. Шмелев болса, керісінше, өзара ауыстырып қолдану шартын синонимді анықтау негізіне жатқызған: «Исходя из парадигматических связей слов, можно сказать, что синонимы – это слова несовпадающими семантическими признаками которые являются только такие признаки, которые могут устойчиво нейтрализоваться, в определенных позициях. Чем больше таких позиций, тем выше степень синонимичности соответствующих слов, тем чаще осуществима их взаимозаменяемость» [48, 128]. Д.Н. Шмелев өзінің синонимге берген анықтамасымен синонимнің өзара ауысу белгілеріне семантикалық негіз құрғандай болды. Синонимдер кейде орын ауыстырып қолданылмайды, себебі олардың семантикалық белгісі сәйкес келмейді, ал кейде кейбір сөздердің мағыналық қасиеті ұқсас болғандықтан, өзара ауысып қолданыла береді. Мәселен, *алыс – қашық – жырақ; амандасу – сәлемдесу; жылдам – тез; анық – айқын; сүйсіну – сүйіну; зат – нәрсе; бұйым – мүлік – дүние – жасау* деген синонимдерді көптеген тіркестерде бірінің орнына бірін ауыстырып қолдануға болады. Мұндай синонимдерді қазіргі тіл білімінде «толық» немесе «абсолютті» синонимдер деп атап жүр. Мәселен, «Лингвистикалық түсіндірме

сөздікте» «қораз – әтеш», «сәби – бөбек» деген мысалдармен көрсеткен. Синонимдер атауыштық мәндері жағынан бір-біріне қаншалықты жақын болғанымен де үнемі абсолюттік бірлікте бола бермейді. Сондықтан да олар әрдайым бірінің орнына екіншісі ауысып келмейді. Мысалы, *күшті - мықты – әлді* дегендер синонимдік қатынасқа түсіп біраз сөздермен тіркескенімен: *күшті адам, күшті ат; мықты адам, мықты ат; әлді адам, әлді ат* дегендегі *күшті* және *әлді* сөздерін үнемі бірінің орнына бірін қолдануға келмейді. «Студент сабақты күшті оқиды» деп айтуға болады, алайда «Студент сабақты әлді оқиды» деп айтуға болмайды. Сол сияқты деген *ақыл – ес* деген синонимдерді алатын болсақ, *есті бала, ақылды бала; ес кірген бала, ақыл кірген бала; есің қайда, ақылың қайда* деп айта береміз, бірақ *еске алды, еске салды* дегеннің орнына *ақылға салу, ақылға алды* немесе *есі шыққанша қуанды* дегеннің орнына *ақылы шыққанша қуанды* дей алмаймыз деп көрсетеді Ғ.Мұсабаев [49]. Мұндай мағынанық сәл өзгешелігі бар сөзді А.Салқынбай, Е. Абақан редакторлығымен шыққан «Лингвистикалық түсіндірме сөздігінде» «жартылай» немесе «относительді» синоним дейміз деп береді.

Жалпы тіл біліміндегі синонимдерге берілген анықтамаларды қарастыра отырып, біз олардың ұқсас келетінін байқадық. Олар, негізінен, ортақ мағынасы және айырым реңктері бар сөздерді синоним деп атаймыз дейді. Мағынасының «ортақ ядросы» болу синоним болудың міндетті қасиеті. Ал айырмашылығына келсек, олар семантикалық та, синтагмалық та, стилистикалық та, сөзжасам да болуы мүмкін. Сондықтан да соңғысын (айырым реңктері бар дегенді) баса айтқан жөн. Өйткені практикалық жұмыста, көбінесе бір синонимнің орнына екінші синонимді қалай болса солай қолданып айтуды (жазуды) кездестіреміз.

Сонымен, синонимге берген көптеген анықтамаларда мағыналары жуық, жақын, өзара мәндес сөздерді синоним деп айтамыз дейді. Жалпы оған берілген анықтамалар жөнінде қиян-кескі даулар мен таластар бар. Тіпті бір ғалым екі мақала жазса, ол синонимге екі түрлі анықтама берген кездері де ұшырасады. Синонимнің жалпы анықтамаларымен келісе отырып кейбір ғалымдар синонимдерді біріктіретін ортақтыққа ерекше көңіл бөледі, яғни оның бірінші бөлігіне сүйенетін болса, кейбіреулері синонимдер үшін олардың арасындағы айырмашылық неғұрлым маңызды деп есептелетін оның екінші бөлігіне назар аударады. Синоним құбылысы ерекшеліктің жеке және жалпы диалектикалық бірлігіне сүйенетіндіктен, синоним

ерекшелігінің екі бөлігіне де көңіл бөлген дұрыс сияқты. Оған берілген анықтамалардың әрқайсысына тоқталу біздің мақсатымызға кірмегендіктен, сол анықтамалардың ішінде әрі толық, әрі дұрысырақ берілген тек біреуіне ғана тоқталып өтейік: «Әр түрлі айтылғанмен, көбінесе жақын болып келетін, бірақ әр қайсысының өзіне тән не мағыналық, не стилдік, не эмоционалдық сәл ерекшеліктері бар, бір сөз табынан болған екі немесе одан да көп сөздерді синоним деп атаймыз» [50, 141].

Осындай араларында синонимдік қатынас болатын сөздер синоним сөздер немесе жай ғана синонимдер деп аталады, ал мұндай сөздерді біріктіру «синонимдік қатар» терминімен белгіленеді. Белгілі бір синонимдік қатарды құрастырушы сыңарлар (сөздер) қолданылу шеңбері, сөздермен тіркесу мүмкіншілігі жағынан әр түрлі болады. Әңгіме, сірә, синоним туралы ма, жоқ әлде синонимдік қатар туралы ма ақыр аяғында бәрі синонимдік қатынасқа әкеледі.

Синонимді анықтау, оларды жіктеу принципі синонимдік қатардың шегі мен құрамы, доминант таңдау т.б. осы сияқты неғұрлым жалпы мәселелер орыс тіл білімі, шетел тіл білімі, түркітану тіл біліміндегі көптеген зерттеулерде синонимнің қандай да бір тұтас теориясын шығаруға әкелмейді. Лингвистикада бұл құбылыстың мәнін түсінуде ортақ көзқарастың болмауы синоним ұғымын неғұрлым кең қабылдаумен, оларда нақты контурдың болмауымен түсіндіріледі.

Т.Л. Дегтерева: «Синонимика явление равнозначности слов или языковой формы, необходимо закономерное явление в языке, один из основных внутренних законов языкового развития», - деп көрсетеді [51, 34].

Ия, тіліміздегі синонимдер лексиканың құрамды бір бөлігі болғандықтан, сөздік құрамда болған өзгерістер оларға да (синонимдерге) күшті әсер етіп олардың бойынан айқын көрініп отырады.

Ендеше, синонимдер сөздік құрамға тән ортақ заңдылықтармен дамып, өзгеріп, байып отырады. Тіліміздегі синонимдерді тек тілдің өзінің ішкі даму заңдылықтарымен ғана байланыста емес, жалпы қоғам тарихымен және қазақ халқының өз даму тарихымен байланыстыра зерттеу қажет. Өйткені қай халықтың болса да өміріндегі түрлі құбылыстар, басынан өткен дәуірлері оның тіліне ізін қалдырып, белгілі бір лексикалық ұғыммен ұласып

жатады. Ол халықтың әлеуметтік-саяси тіршілігі де, ұлттық болмысы және мәдени дүниесі де сөздік құрамнан, ондағы сөздердің мағынасынан айқын білініп тұрады.

«Сөз тарихы тіл тарихымен, тіл тарихы халық тарихымен, халық тарихы қоғам тарихымен тығыз байланысты. Біреуін екіншісінен бөліп алуға келмейді. Бірін айтсақ бәрін байланыстырып қатар айтуды қажет етеді», - деп Ә.Болғанбаев өте дұрыс айтқан [1, 140].

Қоғамның дамуымен байланысты сол қоғамның қатынас құралы болатын тіл де, оның қалпы, құрылысы, байлығы, ондағы жеке сөздер де, олардың мағыналары да сол қоғаммен бірге өзгеріп отырады. Өйткені қоғамда жаңадан пайда болған заттың өзін немесе оның бойындағы түрлі белгілерін адам бәрін бірдей бір мезгілде танып білмейді. Ол оны біртіндеп бақылау барысында танысып, біліп, өзінің ойлау қабілетін дамыта түседі. Сөйтіп белгілі бір заттың сан алуан сыр-сипатын жан-жақты, терең танып білудің нәтижесінде синоним сөздер пайда болады. Осыған орай синонимдер кездейсоқ құбылыс емес деп айта аламыз. Себебі олар жайдан-жай, құр бекер туа салмаған. Олар өмірге қажеттіліктен келіп біреулері ілгері, екінші біреулері соңынан шығып отырады. Синонимдік қатарға енетін синоним сөздердің енді біреулері бәрі бірдей бір кезде пайда болуы да мүмкін.

2.2 Көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік қатарлар

Синонимдердің пайда болу жолы тіліміздегі жеке сөздердің, оның сан алуан мағыналарының пайда болу жолымен бірлікте, бір бағытта жатыр. Синонимия құбылысы іштей мағынамен астарласып жатқандықтан да оны семасиологиялық категориялардың бірі ретінде есептейді. Сондықтан да мағынамен тікелей байланысты болып келетін синонимика құбылысын тілдің лексика-семантикалық тұрғысынан қарастырамыз. Себебі олардың бойындағы ерекшеліктің басым көпшілігі лексика-семантикалық белгілерге тән.

Синонимдер сөздердің жалпы белгісіне қарай топтастырылады. Синонимдік қатардың мағыналық негізі сөздерді өзара жақындастырып салыстыру үшін ғана емес, сонымен бірге оларды бір-біріне қарсы қойып ерекшелеуге де негіз болады. Міне; осындай мағыналық жағынан синонимдер лексиканың басты бір саласы бола отырып, сөздік құрамның

көптеген басқа да топтарымен тығыз байланысты болады. Атап айтсақ, омонимия, полисемия, антонимия, фразеология құбылыстарымен шиырласып, әсіресе, сөз мағынасымен, оның өсу, даму жолдарымен іштей араласып жатады. Сөз мағынасының кеңеюі де синонимдік қатынастың өзгеруіне үлкен септігін тигізіп отырады.

«Түбір тұлғадағы сөздердің мағыналарының кеңеюі екі түрлі: біреуі негізгі мағынасын сақтай отырып, жаңа ұғымды көрсету арқылы мағынаны кеңейтсе, енді біреулері негізгі (бұрынғы) мағыналарын сақтамай, яғни бұрынғы мағынасы жалпы халықтық тілімізден шығып қалып, семантикалық архаизмге айналып, жаңа мағынасы қолданылады», - дейді Р.Барлыбаев [52, 38]. Ал синонимдер бір синонимдік қатарға енгенде бір негізгі мағынаны тірек етіп барып бірігеді. Бірақ синонимдік қатарға топтастырылған сөздердің бәрі бірдей өзінің негізгі мағынасында келіп, мағыналық жағынан әркез ашық, айқын болып тұрмайды. Синонимдік қатарға енген сөздердің кейбіреулері ауыс мағынада немесе қосымша мағыналарының бірінде тұрып басқа сөздермен синонимдеседі. Өйткені қай-қай тілдің болмасын сөздік құрамын алып қарасақ та ондағы сөздердің басым көпшілігі көп мағыналы сөз болып келеді.

Сонымен, қоғам өмірінде адам санасының, ой-өрісінің дамуы негізінде ғылым мен техника, мәдениет пен әдебиет кең өріс алып көркейеді. Ал олардың жетілуімен байланысты сөздік құрамға жаңадан сөздер еніп отырады. Бірақ тілдің байлығы сөздік құрамдағы сөздердің сан мөлшерімен ғана өлшенбейді, сөздердің мағына жағынан да бай болуымен де өлшенетінін есте ұстауымыз ләзім. Кейде бізді қоршаған ортадағы екі немесе одан да көп заттардың бойында ұқсас бір белгілері болуымен байланысты сөздің о бастағы негізгі мағынасының үстіне бірнеше қосымша мағыналар үстеліп отырады. Сөйтіп, тілімізде көп мағыналы сөздер пайда болады. Ал ол сөздің көп мағыналы болып қалыптасуына олардың негізгі мағыналары ұйтқы болады. Ол басқа қосымша мағыналарды төңірегіне топтастырып соларға негіз болып тұрады. Көп мағыналы сөздердің өзіндік даму заңдылықтары бар. Ол заңдылықтарды ашу синонимдерді зерттеуге үлкен пайдасын гигізеді. Сондықтан да бұл екі саланы үнемі бірлікте, өзара қарым-қатынаста қарау керек.

Жалпы синонимдердің пайда болуы дегенде міндетті түрде тілімізде жаңа сөздердің пайда болуы деп түсінбеуіміз керек.

Синонимдік қатар – сөздердің түрленуінен гөрі мағынаның түрленуіне біршама бейім тұратын қасиет. Сол себептен де біз жоғарыда синоним ұғымы сөз мағынасы ұғымымен тығыз байланысты деп айтқан болатынбыз. Егер де біз сөздің о бастағы мағыналарын біреу-ақ деп білсек, уақыт өткен сайын көптеген сөздер өзінің о бастағы меншікті мағынасының үстіне жаңадан бір я бірнеше қосымша мағыналар қосып алғанын байқаймыз. Жалпы, сөз мағынасына келетін болсақ, лексикалық мағынаның іштей бірнеше түрге жіктелетінін ұмытпауымыз керек. Айналада қоршаған ортадағы әр зат, құбылыс, іс-әрекет, қасиет-белгі т.с.с. белгілі бір сөзбен аталатындығы бізге туғаннан-ақ белгілі. Яғни бірнеше заттардың немесе денотаттардың ішінде бір ғана затты (қасиет, іс-әрекет т.б.) сөзбен атау арқылы біз оны басқа заттардан бөліп жеке көрсетеміз. Осылай затты атау негізінде сөз негізгі атауыштық немесе номинативтік сипатқа ие болады. *Номинатив* дегеннің өзі латын тілінің **nomen** – «атау» (имя) деген сөзінен алынған.

Орыс тілінің лексикологы М.И. Фомина сөздің лексикалық мағынасын анықтау үшін мына сияқты сипаттарды білу қажеттігін: «во-первых, выяснить его предметно-вещественное и понятино-логическое содержание (т.е. связь с денотатом); во-вторых, установить как связана называемая словом реалия с теми, которые объективно существуют в окружающей действительности; в третьих, выявить, как определенное лексическое значение соотносится с другими значениями, так как слова «выражают свои значения не изолированно, не в отрыве от лексико-семантических систем данного конкретного языка, а в неразлучной связи с ней как ее составной элемент»; в четвертых, найти такой различный признак, который позволил бы вычленить именно это лексическое значение из ряда подобных», - деп санамалай келе, сөздің лексикалық мағынасын бұлай анықтау А.А. Уфимцева, Ш.Шмелев, Н.М. Шанский т.б. еңбектерінде дәлелді шешімін тапқандығын айтады [53, 29]. Негізінен, сөздің бойындағы әр түрлі мағыналардың табиғаты бірдей біркелкі емес. Лингвистикада сөздің мағыналарын әр түрлі тұрғыдан қарастыру және осыған сәйкес сөз мағыналарын түрліше топтастырып саралау дағдысы бар. Алдымен айтарымыз, осы күнге дейін өз құнын жоғалтпай келе жатқан В.В.Виноградовтың сөздің лексикалық мағынасына жасаған жіктемесі. Ғалым сөздің лексикалық мағынасына байланысты мынадай жіктемені көрсеткен: 1) тура (номинативті) мағына; 2)

фразеологиялық байлаулы мағына; 3) синтаксистік шартты мағына. В.В. Виноградов өз еңбегінде мағынаның бұл түрлерінің әр қайсысына жеке-жеке тоқталып, нақты мысалдар келтіру арқылы дәлелдеп түсіндірген [54, 162]. Бұдан кейінгі семасиология мәселесімен шұғылданған ғалымдардың біразы осы жіктемені (В.В.Виноградов концепциясын) негізге алады. Ә.Болғанбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің лексикологиясында» да осылай көрсетілген [55]. Бірақ кейін осы автор Ғ.Қалиұлымен біріге отырып толықтырып, қайта өңдеп 1997 жылы шығарған «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» оқулығында В.В. Виноградов жіктемесін одан әрі жетілдіре түскен. Ол туралы авторлар: «1970 жылдардан бастап сөздің лексикалық мағынасының В.В. Виноградов жасаған типологиясы онан әрі жетілдіріліп келеді. Соның нәтижесінде сөз мағынасының типологиясын анықтауға қажетті белгілер толықтырылып нақтылана түсті», - деп түсіндіреді [56].

Сонымен, кейінгі уақытта көптеген тілші-ғалымдар бұл идеяны басшылыққа алғандарымен, оны одан әрі қарай дамыта түскендіктері байқалады (Қараңыз: Б.Н. Головин, 1960), ал енді біреулері оны жаңартып немесе түрін өзгерткенге ұқсайды (Д.Н. Шмелев, 1977). Ал қазіргі кезде сөздің лексикалық мағынасының түрлерін бірнеше бағыт бойынша топтастыру қолға алынған. Мәселен, М.И. Фомина: 1. По характеру соотношения с действительностью: а) прямые б) переносные: {1} с потухшей образностью {2} с живой образностью; 2. По степени мотивированности (происхождение): а) непрямые (первичные) б) производные (вторичные); 3. По способам и возможностям лексической сочетаемости: а) свободные; б) несвободные: {1} фразеологически связанные {2} синтаксически обусловленные-конструктивно ограниченные; 4. По характеру выполняемых функции: а) номинативные; б) экспрессивно-синонимичные, - деп бөліп сызба түрінде көрсетсе [53, 37], Н.И. Гаинуллина осы іспеттес жіктемені кесте арқылы берген. Ол жіктемедегі өзгешелік мағынаны қолданылу сипатына қарай а) жалпы тілдік (узуальные); б) окказионалды, - деп беруі. Ал К.Аханов сөз мағынасын топтастыруда тарихи тұрғыдан сөз мағыналары – негізгі және туынды мағына деп аталатын екі түрге бөлінетінін, қазіргі қалпы тұрғысынан – тура және келтірінді (ауыспалы) мағына. Келтірінді мағына өз ішінен – метафоралық және метонимиялық

болып сараланатынын, стилистикалық жақтан – битарап, стилистикалық бояма мағына деп аталатын мағыналарға топтастыруға болатынын айтады [57, 98].

Жоғарыда келтірілген сөз мағынасын топтастырудың жалпы сипатымен келісе отырып, біз өз тақырыбымыздың осы тарауына (көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдерге) байланысты мынадай жіктемені ұсынамыз:

1. Номинативті (тура) мағына;
2. Ауыспалы (туынды) мағына;
3. Контекстік (синтаксистік шартты) мағына.


1. Номинативті (атауыш) мағына сөздің затты я құбылысты атап білдіретін мағынасы. Бұл мағына заттарға (құбылысқа) тікелей бағытталғандықтан (қатысты болғандықтан), тура мағына деп те аталады. Қазіргі қалпы тұрғысынан ол негізгі мағына болып есептеледі. Сөздіктерде болсын, практикада болсын сөз мағынасын талдау осы негізгі (тура) номинативті мағынадан басталады.

2. Ауыспалы мағына бірінші тарауда айтылып кеткендей, сөздің номинативті (тура) мағынасының негізінде туындайтын мағына. Яғни, «сөздің ауыс мағынасы бір заттың негізгі атауыш (тура) мағынасын басқа бір затқа атау етіп ауыстырып қолданудан барып туады. Сондықтан оны туынды мағына деп те атайды (*адамның аяғы – үстелдің аяғы, төсектің аяғы; судан өту – емтиханнан өту*). Оған, әдетте, бір затты, оның белгілерін басқа бір затпен салыстыру, ұқсастыру себеп болады» [55, 79]. Ауыспалы мағына, әдетте, контекст арқылы ашылады. Яғни сөз сөйлем ішінде (контексте)

басқа сөздермен байланыста тұрып қолданылатындықтан, оның әр мағынасы контексте ғана ашылып, бізге түсінікті болады.

Демек, тіліміздегі сөздерде негізгі (тура) мағынамен қатар екі немесе одан да көп қосымша (ауыспалы, келтірінді) мағыналары болуы мүмкін. Яки сөздер, оның мағынасы ауыспалы мағына үстеу нәтижесінде байыған үстіне байи түседі. «Мағыналық жақтан құбылып, әр түрлі мағынада жұмсалу тілдегі әр алуан сөздерге тән құбылыс болып саналады. Белгілі бір сөздің негізгі мағынасы мен туынды мағыналары сол сөздің мағыналық мазмұнын құрастырады» [57, 105]. Демек, тіліміздегі сөздерде негізгі (тура) мағынамен қатар екі немесе

одан да көп қосымша (ауыспалы, келтірінді) мағыналары болуы да ықтимал. Сөз ауыспалы мағынаға ие болуы негізінде тіліміздегі синонимдер де өз қатарын сан жағынан толықтырып көбейте түседі. Өйткені синонимдік қатынасқа енген сөздердің басым көпшілігі де көбінесе сөздің қосымша мағыналарының бірінде тұрып синонимдеседі. Мысалы, көп мағыналы сөздің бастапқы (негізгі) мағынасы өзімен мағыналас сөзбен бір синонимдік қатар құрса, сөзде екінші (қосымша ауыспалы) мағынаның дамуы негізінде жаңа синонимдік сыңар жасалуы ықтимал. Мәселен, *ағым* деген сөздің негізгі мағынасы 1) бір нәрсенің ағуы, ағыс. *Өзенге ағылған сал сияқты қанның ағымымен жылысып барады да, дәл аурудың тұсына келгенде тоқтап, қан тамырынан өтіп, ісікті тауып алады* (З.Шашкин, Доктор Дарханов). Ал екінші мағынасы бір нәрсенің белгілі бір бағыт бойынша жылжып ағуымен байланысты, соған ұқсас болғандықтан шыққан. 2) бағыт, беталыс. *Жиырмасыншы ғасырдың басынан бері бүгінге шейін бұл романтизм мен реализмнің өздері де түрлі-түрлі формаға, түрлі үлгіге, түрлі ағымға түсіп келеді* (С.Сейфуллин, Шығ.). Сонда негізгі мағынасында тұрғанда *ағым* сөзіне *ағыс* сөзі синоним болса, ауыспалы мағына алуының негізінде *бағыт*, *беталыс* сөздері синоним болып екінші бір синонимдік қатар пайда болады. Сол сияқты мысалы, *адал* сөзі негізінен *арам емес, пайдалануға жарамды, таза* мағынасымен бірге бірнеше қосымша (*күнәсіз, жазығы жоқ сияқты*) мағыналарға ие. Бұл мағыналардың әр қайсысы сөздің қосымша, екінші қызметін атқарады. *Адал* сөзі осы екінші бір тұлғада берілуі арқылы, яғни қосымша мағыналар арқылы екінші бір синонимдік қатар түзейді. Мәселен, *адал* сөзінің мағыналарының бірінде «*ақ ниетті*» мағынасында *таза ойлы, әділ* сөздеріне синоним болып, алғашқы мағынамен екінші тұлғада байланысады. Өстіп, көп мағыналы сөздің әрбір мағыналары жеке-жеке синонимдік қатар құрамына енулері мүмкін. Оны мынадай сызба арқылы көрсетуімізге болады:



Адал сөзіне қатысы жағынан «*ақ ниетті, таза ойлы, әді*» оның екінші қызметі. Сөйтіп, мағыналас сөздерді белгілі бір синонимдік қатарға топтау үстінде көптеген мәселелер сөздің негізгі, ауыспалы және контекстік мағыналарымен түйісіп отырады. Бір сөз бірнеше мағынаға ие болғандықтан, қай сөзбен қандай қарым-қатынаста жұмсалып тұрғандығын айыру кейде өте қиынға соғады. Алайда синонимия мен полисемия жақындығы толық параллелизм деген сөз емес.


3. Жалпы, сөз мағыналарын қарастырғанда, мағына мен қолданысты бір-бірінен ажырата білу қажет. Себебі сөз сөйлемде (контексте) қолданылу жүйесіне қарай дағдылы (әдеттегі) мағынасынан тыс басқа бір ерекше мағыналық реңк алуы да мүмкін. Мұны контекстік мағына деп атаймыз. Бұл ауыспалы мағынаның бір түрі, бірақ бұл мағына ауыспалы мағына сияқты бір заттың номинативті (тура) мағынасын басқа бір затқа атау етіпауыстырудан туған мағына емес. Және ол тұрақты емес, тек қолданыста, қандай да бір контексте сөйлем ішінде ғана көрінеді, сол себепті оны кейде синтаксистік шартты мағына деп те атайды. Мәселен, *Жәрмеңке жастық уақыт өтіп кетіп, Бұл күнде қоқталып тұр сол базарым* (Ақан сері). Осы сөйлемдегі қарамен берілген сөздер тура мағынасында тұрған жоқ, бұл жерде олар *қызық, думан* мағынасын білдіріп тұр. Сондықтан да М.И. Фомина мұндай сөздерге мынандай түсініктеме береді: «Синтаксический обусловленным называется у слова переносное значение, которое проявляется у слова при выполнении необычной для него функции в предложении».

В развитии и утверждении подобных значений весьма существенна роль контекста ...» [53, 40]. Мұндай мағыналарға да синоним болатын сөздер тілімізде кездескенімен де ол шартты (тұрақсыз) болғандықтан да, өз алдына синонимдік қатар құра алмайды.

Көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік қатарларды

талдау барысында біздің байқағанымыз ауыспалы мағынаның негізінде пайда болған синонимдер тілімізде едәуір орын алады. Яғни сөз ауыспалы мағынаға ие болады да, оған синонимдік сыңар бола алатын сөздер жиі кездеседі. Сондай-ақ, номинативті (атауыш) мағынаға синоним болатын сөздер де аз емес.

Көп мағыналы сөз бен синоним сөздердің іштей бірлестігі олардың сөз мағынасының ұқсастығынан шығады. Бірақ та мағыналық ұқсастық екеуінде екі түрлі көрінеді. Мәселен, көп мағыналы сөздер қоғамдағы белгілі бір заттар мен құбылыстардың бойындағы ерекшелікті екінші бір заттар мен құбылыстарға ұқсастыра отырып, бір атаумен атайтын болса, синонимде, керісінше, бір заттың немесе құбылыстың бойындағы ерекшелікте әр түрлі сөздермен атайды. Э.В. Кузнецова оны: «егер көп мағыналы сөз инварианты лексема (сөздің жамылғышы), ал варианттары сол лексеманың жеке-жеке мағыналары болса, ал синонимде – инварианты – белгілі бір мағына, ал варианттары әр түрлі лексемалар», - деп түсіндіре отырып, мұны сызбаға салатын болсақ, былай көрсетуге болады дейді: /Қараңыз: Э. В. Кузнецова, 1989/.



Синоним мен полисемияның арасындағы байланыстың болатынын көптеген зерттеушілер айтқан болатын. Мәселен, орыс тіл білімінде Р.А. Будагов, Е.М. Галкина-Федорук, Г.С. Клычков, А.А. Уфимцева,



С.Г. Бережан, Д.Н. Шмелев, Э.В.Кузнецова т.б.. Қазақ лексикологиясында К.Аханов, Ә.Болғанбаев, О.Жұмашев т.б.; Сондай-ақ басқа да тілдерде мұндай құбылыстың арасында болатын байланыс жөнінде сөз болатын еңбектер бар. Олардың қатарына Ш.Ханбикова, Синонимы в татарском языке; Б.Суранчиев, Синонимы в киргизском языке т.б. атауға болады. Мысалы, Ю.Д. Апресян 1957 жылдың өзінде-ақ көп мағыналы сөз, әдетте, бірнеше синонимдік қатарға енеді... сөйтіп тілде ассоциацияның үздіксіз жүйесі қалыптасады да, ол сөздің үлкен бір бөлігін оның синхрониялық түрінде қамтиды», - деп көрсетті [58].

Француз тілшісі Анри Митеран өзінің лексикология жөніндегі кітабының «Семантикалық структура» бөлімінде мәнділігі тұрғысынан әрбір сөз екі осьте қарастырылуы қажет: бірінші, әртүрлі сөздердің айтылуындағы мағынасы үшін мүмкін субституциясын анықтау (ол синонимия), ал екіншісі, мағынаның ықтимал варианттары бар бір ғана сөздің мүмкін комбинациясын анықтау (бұл полисемия) деген болатын. Бұл қандай да бір құрылымға жатады. Сөйтіп, полисемия мен синонимияның арасындағы тығыз байланыстың болатындығын айтады.

Бұл мәселе жөнінде А.А.Уфимцева былай дейді: «Разработка проблемы синонимии очень схожей по своей сущности с полисемией, прежде всего обусловлена пониманием лексического значения слова, а соответственно пониманием природы и таких лексических связей слов. Сложность и многообразие логических связей слов обусловлены прежде всего природой языкового значения. Словесный знак, в отличие от механических, чисто конвенциональных знаков, обладающих только свойством различения несет в себе принцип обобщения предполагающих функцию как различения и отождествления. В силу этих своих особенностей слова способны находиться в нескольких синонимических рядах и в нескольких лексико-семантических

групшах» [59, 29].


Көп мағыналы сөздер жеке-жеке ұғымды білдіргендіктен, олардың әрбір мағынасы бөлек-бөлек синонимдік қатар құрауға себепші болады. Яғни, полисемия құбылысы бір сөздің екі немесе бірнеше синонимдік қатар құрамына кіру мүмкіндігіне әкеледі. Мәселен, *күшті* сөзі (сильный) көбіне физикалық күшті белгілеу үшін жұмсалады, бірақ кейде басқа-басқа мағынада қолданылып, бірнеше синонимдік қатардың құрамына енеді. *Күшті* сөзі негізгі қатарда күш мағынасымен байланысты өз төңірегіне *әлді*, *қуатты*, *қайратты* сөздерін өзара синонимдестіреді. Осылардың ішінде жиі қолданылып, жалпыға түсінікті болатын доминант сөз «*күшті*» сөзі. Енді осы *күшті* доминант сөзі арқылы бұтақтана, тармақталып тағы да бірнеше синонимдік қатар түзіліп шығады: *күшті* - *мықты* - *нық* - *қатты*. Күшті сөзінің келесі тармағы «*қайратты*» сөзі арқылы шығып: *күшті* - *қайратты* - *қуатты* - *құдіретті* сияқты синонимдік қатарлар жасалады. Сондай-ақ *күшті* - *әлді* деген синонимдік қатар бар. Сонда бір ғана *күшті* сөзі 1) күш мағынасымен байланысты «*әлді*»; 2) *мықты*; 3) *қайратты* мағыналарында болып, бірнеше синонимдік қатар түзеуге негіз болады екен. Бұл қазақ тілінде жиі кездесетін байланысты көрсететін бір ғана мысал. Мұндай байланыс тіл-тілдің бәрінде де ұшырасуы мүмкін. Мәселен, татар тілінің синонимдерін зерттеген Ханбикова мұндай құбылысты мына бір сөзді мысалға ала отырып дәлелдейді: «слова *рәт* (қазақ тіліндегі рет) в одном случае синонимизируется со словом *саф* (ряд) составляет вместе с этим словом синонимическое гнездо, в другом случае со словом *тапқыр* (икенче рәт алай эшләмә - в другой раз так не делай); в третьем - со словом *тәртип* - (рәт белмәу - не знать порядка); в четвертом *магьнә* (смысл, толк) (рәт чикмас - толку не выйдет); пятом - *жай* (удобство, лад - дело пошло на лад); в шестом - *еш* (син ул сузне рәт ычкындырасың - это слово часто срывается с твоих устов); в седьмом - *яхшы* (хәле рәтледен түгел - состояние или здоровье не хорошее или положение не из хороших), - деп көрсете отырып, бірақ та бұл сөздер өзара синонимдесе алмайтындығын айтады. Слова *саф*, *тапқыр*, *тәртип*, *магьнә*, *жай*, *еш*, *яхшы* между собой не синонимичны. Они являются словами, образующими синонимические ряды к слову рәт - получается согнездование [60, 5].

Синонимдердің мұндай түрін, ерекшелігін кейбір тілшілер амплитуда (ауытқу ені) деп көрсетеді.

Полисемияның, бірнеше синонимдік қатарға енуін мынадай шартты белгілермен белгілеуге болады. Егер А көп мағыналы сөзі *a, d, b* ...т.б. мағыналарға ие десек, онда *a* мағынасының өзі А, Ә, Б, В синонимдік қатарына енуі мүмкін. Ә мағынасы А, Л, М, Н синонимдік қатарға, ал *b* мағынасы А, О, П, Р т.б. синонимдік қатарларға да кіруі мүмкін. Б, Л, М, О, П т.с.с. сөздердің де полисемиялы сөз болуы ықтимал. Б сөзінде *a*-дан басқа *d, e, ж, з* мағыналары да болып, олар көп мағыналы сөздерден тұратын басқа синонимдік қатарларға енеді. Міне, осылай тілде өзінің синхрониялық жағдайда сөздердің едәуір бөлігін алатын сөздердің үздіксіз ассоциациялық жүйесі қалыптасады.

Сонымен, тіліміздегі бірсыпыра сөздер өзіне телінген меншікті негізгі (тура) мағынасымен қатар бірнеше туынды мағыналарды да алып жүре алады екен. Бұны сөздің көп мағыналылығы деп атаймыз. Қазақ тілі лексикасының ерекшелігінің өзі осында. Яғни қазақ тілі лексикасының құрамындағы сөздердің көпшілігі полисемиялы болып келуінде. Ал мұндай көп мағыналы сөздер жеке-жеке ұғымды білдіргендіктен, оның әрбір мағынасы бөлек-бөлек синонимдік қатарға енеді. Сөйтеді де көп мағыналы сөз синонимдік блок құрайды. Оның мүшелерінің арасында жақындастығы әр түрлі деңгейдегі синонимдік қатынас орнығады.

Белгілі ғалым Ә.Болғанбаев сөздік қордағы қыруар сөздер көп мағыналы болып келуіне байланысты белгілі бір синонимдік қатардағы әрбір жеке сөзден басқа қатарлар туып, олар бір-бірімен ұласып, шексіз кете беретін жағдайы болады және олар бірінен-бірі алшақтай беретіндігін және мұндай ерекшеліктер көбіне контекстегі сөз қолданысынан туатындығын айтады, оны мына сызбамен көрсетеді.



Сызбадағы сөздерден бірнеше синонимдік қатар бөліп шығаруға болатынын аңғартады. 1. Әдіс - тәсіл - амал - лаж - жол. 2. Әдіс - метод. 3. Амал - айла. 4. Айла - қулық - сұмдық. 5. Айла - ем - дауа. 6. Жол - бағыт. 7. Бағыт - беталыс - бет. 8. Беті - үсті - төбесі. 9. Төбесі - биігі - басы - шыңы - құз. 10. Басы - үлкені. 11. Бет - жүз. 12. Жер - әлем - дүние. 13. Дүние - зат. 14. Дүние - өмір. 15. Өмір - тіршілік. 16. Дүние - жаратылыс. 17. Бет - жақ. 18. Жақ - тұс. [1, 30]. Демек, көп мағыналы сөз бірнеше синонимдік қатарға еніп, синоним сөздердің сан жағынан көбейіп дамуына ерекше ықпал жасайды. Оған мысал ретінде мына сияқты сөздерді алып көрсетуге болады:

I Аймақ : 1) аудан; 2) айнала; 3) өлке

II Аймақ - аудан - аумақ – төңірек

Аймақ - айнала - көлем - маң - маңай

Аймақ - өлке - край - аудан

Мұндағы I деп белгілеп отырғанмыз, сол сөздің беретін мағыналары, яғни, бұл сол сөзде неше мағынасы бар екендігін (көп мағыналығын) білдіреді. Ал II деп шартты түрде синонимдік қатарды көрсеттік. Яки, көп мағыналы сөздің әрбір мағынасына синоним болатын сыңарлар. Сөйтіп, синонимдік қатарлар мағына көптігінің негізінде пайда болғанын көрсеттік.

I Әжептәуір: 1) бірсыпыра; 2) жап-жақсы

II Әжептәуір – бірсыпыра – бірталай – біраз – бірқатар – едәуір – бірқыдыру

Әжептәуір - жап-жақсы - әп-әдемі – оңды – керім

I Биік : 1) жоғары; 2) мәртебелі; 3) асқар; 4) зәулім; 5) ұзын

II Биік – жоғары

Биік – мәртебелі - дәрежелі

Биік - асқар - заңғар

Биік - зәулім - зеңгір

Биік - ұзын - сұңғақ - еңселі – сырықтай

I Бөтен: 1) жат; 2) басқа; 3) ерекше; 4) бөлек

II Бөтен - жат - бөгде - басқа біреу – бейтаныс

Бөтен - басқа – өзге

Бөтен - ерекше - өзгеше - айрықша

Бөтен - бөлек – сырт

I Бәйге: 1) сыйлық; 2) жарыс

II Бәйге - сыйлық – жүлде

Бәйге - жарыс – ойын

I Бәле: 1) жала; 2) қырсық

II Бәле - жала - шатақ - дау-жанжал

Бәле - қырсық - кесел - кесапат – кедергі

I Дүние: 1) мүлік; 2) өмір; 3) әлем; 4) табиғат

II Дүние - мүлік - жиһаз – нәрсе

Дүние - әлем - жер-жүзі

Дүние - табиғат – жаратылыс

I Ерік: 1) ықтияр; 2) қақы; 3) сезім; 4) кеңшілік

II Ерік - ықтияр - ырық – билік

Ерік - қақы - құқы – право

Ерік - сезім - жігер – қайрат

Ерік - кеңшілік – мұрсатана

I Жаман: 1) құнсыз; 2) нашар; 3) ақымақ; 4) жағымсыз; 5) жайсыз; 6) өте; 7) сорлы

II Жаман - құнсыз

Жаман - нашар - жөнсіз - дұрыс емес

Жаман - ақымақ – ессіз

Жаман - жағымсыз - ұнамсыз

Жаман - жайсыз - қолайсыз

Жаман - өте - қатты

Жаман - сорлы - байғұс

I Тура: 1) дұрыс; 2) орынды; 3) тік; 4) шақ

II Тура - дұрыс - дәл - жөн – түзу

Тура - орынды - қатесіз

Тура - тік - тіке - түзу - тікелей

Тура - шақ - дәл

I Тексеру: 1) білу; 2) қадағалау; 3) зерттеу; 4) тергеу

II Тексеру - білу - айқындау

Тексеру - қадағалау - бақылау - байқау

Тексеру - зерттеу - іздену
Тексеру - тергеу - жауап алу

I Өш: 1) араз; 2) кек
II Өш - араз - қырбай
Өш – кек

I Қадір: 1) құрметті; 2) беделді
II Қадірлі - құрметті - ардақты - аяулы - қымбатты
Қадірлі - беделді - абыройлы

I Ықылас: 1) жақсы ниет; 2) көңіл
II Ықылас - жақсы ниет - пиғыл
Ықылас - көңіл - зерде – ынта

I Іздеу: 1) қарастыру; 2) жоқтау; 3) талпыну
II Іздеу - қарастыру - іздестіру
Іздеу - жоқтау - қажет ету - керексіну
Іздеу - талпыну - талаптану

Бұл көп мағыналы сөздердің негізінде пайда болған синонимдік қатарлар. Бірақ тілімізде полисемия үнемі синонимдік қатардың сан жағынан өсуіне негіз бола бермейді. Мәселен, *жабу* етістігін алсақ, *жап*: 1) бір заттың аузын ашық қалдырмау, бекіту; 2) адамның, жан-жануардың т.б. үстін жамылғымен бастыру; 3) кітаптың бетін ашық қалдырмау, жинастыру; 4) мекеменің, ұйымның жұмысын біржола тоқтату, доғару; 5) аяқтау, бітіру; 6) жабыла жұмсау, ұйымдастыру; 7) өзі істеген істі басқаға аудару, басқа адамды кінәлі етіп көрсету; 8) орнын толтыру, құю, төлеу; 9) бұлт не жаңбыр торлау, басу; 10) жер бетін қар басу, бүркеу; 11) түрмеге отырғызып қою, қамау; 12) сыр ашпау, жасыру; 13) ауыс. Орнын басу, ауыстыру /ҚТТС, т.4, б. 656/. *Соқ* етістігі: 1) ұру, періп жіберу; 2) тықылдату, тарсылдату, қағу; 3) бір жерге бару, аялдау, тоқтау, кідіру; 4) металдан әр түрлі бұйымдар, құралдар жасау; 5) үлкен ғимарат, үй т.б. құрылыс тұрғызу, салу; 6) ауыс. тамақты ашқарақтана жеу, қомағайлана асау; 7) ауыс. бір нәрсені айту, зуылдату, көбейту; 8) жүрек, тамыр сөздерімен тіркесіп келіп «жұмыс істеу», «қозғалу» деген мағына береді; қоңырау, дабыл

сөздерімен тіркесіп келіп «қағу» мағынасын білдіреді.

Ширау сөзі: 1) ширатылған арқанның, жіптің көп есіліп кетуі, пысу; 2) жуылған киімнің қысқарып қалуы, отыруы, апшуы; 3) жердің дегдуі, кебу; 4) адам денесінің сергуі, ширығуы; 5) қимыл-қозғалыстың артуы, үдей түсу, күшею; 6) күш жию, әлдену, тыңаю; 7) өсу, ересек тарту, есею; 8) ауыс. ысылу, шынығу, шыңдалу. Бұл келтірілген мысалдардағы сөздер көп мағыналы болып, бірнеше жеке-жеке ұғымды білдіргенмен де ешбір синонимдік қатарға енбейді.

Қорыта келе айтарымыз, полисемия көбінесе синониммен мағыналық жақтан байланыса келіп, оны сан жағынан дамытып отыратын құбылыс. Жеке сөздерге жаңа мағына қосудың ең өнімді жолы олардың негізгі мағыналарын басқа сөздермен алмастырып қолдану арқылы болады. Мысалы, «ағым» сөзін алатын болсақ, оның негізгі түбірі I. *ақ* - *аQ* - *ық* - *Iq* - *ығ* /*у* (Вамбери, 236) және

одан туынды сөз *ықыш-ықын*, сондай-ақ *ығызмақ* — < *ық-қын* (өзб. диал., Абдуллаев, б. 48) II. *ақ* - *ығ* - *ық*; *алхым* - *алқын*. Жоғарыдағы берілгендерден байқайтынымыз, түркі тілдерінде қарастырылып отырған негіздің екі тұлғасы бар, бірі – ашық дауыстымен, екіншісі

қысаң дауысты дыбыспен келеді. Шартты түрде *ақ* – *ыққа* қарағанда көне болып есептелуі тиіс; себебі екінші тұлға ескерткіштерден байқалатындай, шағатай тілі мәтіндерінен бұрынғысында кездеспейді. Алайда *ық* етістікті түбір *ық* есімді түбірмен бірге етістікті-есімді (*ақ* та солай) омоморф сыңар құрайтындықтан, бұл түбірлердің бәрін де көне түбір ретінде қарастырамыз, яғни ашық-қысаң дауыстылар өзара алмасып келіп отырады. Бізге керектісі екінші «ақ» сөзі болған себепті, біз сол сөздің беретін мағыналары қандай соны қарастырып көрелік. **Ақ:**

- 1) течение (ағым) – татар диал. (алқын), өзб.диал.;
- 2) поток, быстротекущий (сел, тасқын) - татар диал. (алқын); место быстрого течения реки (ыққын)
- 3) стекание реки из водоема (ағыс) – эзер. диал. (алхым);
- 4) направление вниз по течению;
- 5) жидкость, влажное, слезы (сұйықтық).

Ақ сөзінен туындап неғұрлым көп тарағаны мыналар:

1. -(а)м аффиксі арқылы жасалған жалпы түркілік есім (әрі неғұрлым көнергені) ақым – түрк., ақим, ағым – қаз., қбал., ққал.,

қыр., тат., баш., тув.; 1) течение (ағым) барлық тілдерде; текущий, проточный (ағын, ағыс) – тув; поток (сел) – баш., өзб., тув.; струя (ағыс, сорғалау, шапшып ағу) – қбал., баш.; быстрина (сарқырама) – тат.; 2) ауыс. мағынада течение, направление (беталыс, бағыт (ғылымда, саясатта)) – қбал., қаз., ққал., чув.;

2. -(а)ш аффиксімен келетін есім: ағыш – қбал., тат., баш.; ағыс – қаз., ққал. Аталған тілдердің бәрінде 1) ағым – течение, баш. тілінде сондай-ақ ауыспалы мағынасы бар; поток – сел тат. 2) направление – бағыт тат.; 3) взаимное падение вниз – қбал.;

3. -ы(нты) қосымшасы арқылы оңтүстік-батыс және солтүстік-батыс тілдерінде есім сөз болатын түрі жасалады: акынты – түр.; ахынты – әзер., ағынды - қыр., қаз. 1) течение (ағым) – түр., әзер.; струя (ағыс) – тат., течь (ағу) – әзер.; быстрая – (в словосочетание «быстрая река) – қаз.; 2) принесенное что-либо водой – қыр., сплавной (ағызатын) – қыр.

Ақ сөзінен сөз түрлендіруші -ыл жұрнағы арқылы қазақ және қарақалпақ тілдерінде ағыл (< ақ-ыл) = *ағыл-тегіл* «мол, молшылық» қос сөзі жасалады. Негізгі әрі көне мағынасы «*течь (о реке), уноситься*

(*течением реки*)» болып табылады.

Сонымен, жоғарыдағыдан байқайтынымыздай, «*ағым*» сөзінің бір сыңары *ағыс*. Енді осыдан *ағым*, я *ағыстың* белгілі бір ұзап құяр жері болуы, яғни жолға ұқсап кетуіне байланысты метафора жолымен синонимдік қатардың екінші бір түрі келіп шығады: *ағым - ағыс; ағым - беталыс - бағыт* (тұлға ұқсастығына қарай); ал енді *айла* сөзін алатын болсақ, оның негізін *а:л/а:1* -дан іздестіреміз деп көрсеткен /ДТС, 32 б./. Бұл сөздің беретін мағыналары: 1) хитрость (қулық, айлакерлік) – барлық түркі тілдерінде десек те болады; уловка (амал, айла, әдіс, тәсіл) – түрк., түр. диал. /ДТС/; ухищрение (айла, әдіс, қулық, сұмдық) – түрк. /ДТС/; лукавство (қуланушылық, мекерлік) – түрк., әзер. диал.; хитроумный совет (айлалы кеңес) – ДТС. 2) ложь (өтірік) – әзер. диал. (Ширалиев, 163); обман (алдау, жалған) - құм. (Будагов), стратегия – (Будагов).4. способ (тәсіл, амал).

Г.Рамстедт түркі тіліндегі *ал* және одан туған *алда* етістігін корей тіліндегі дәл осындай түбірмен салыстырған «алдау, алдандыру, құмарту» (обманывать, льстить) /ЭСТЯ, 128/.

Ал ҚТТС-те *айла* сөзінің мағынасын ашу барысында оны араб тілінен енген сөз деп көрсетіп, қасына *амал, лаж, шара* деген мағыналарын көрсеткен /ҚТТС, т.1, 97 б./. Қазақ тілінің

синонимдер сөздігінің 23 бетінде *айла - тәсіл* және *айла - шарық* деген синонимдік қатарлар берілген. *Айла* сөзінің негізгі мағынасы *құлық* болса, адам басқа біреуді *алдау*, *құлық жасау* үшін оның белгілі бір тәсілін, я амалын тауып барып жасайды, ал ол амалды қолдану үшін оның шама-шарқын ойластырады. Осыған байланысты бұл сөз екі түрлі синонимдік қатар түзеді: 1) *айла* – *құлық - тәсіл* – *амал* және 2) *айла - шара - шарық* – *лаж*. Сөзіміз түсінікті болу үшін, яки көп мағыналы сөздердің есебінен жасалынған синонимдердің қаншалықты көп екенін көрсету үшін осы секілді бірнеше сөздерді мысалға алып көрсетелік: Мәселен, **аңқау - Аңқав⁰** 1) бестолковый, непонятливый (зердесіз, топас) – түрк.; тупой, невоспримчивый (адам туралы) (зейінсіз, топас) – қтат; недогадливый человек (аңқау, тез түсінбейтін) – ққал; недалекий, придурковатый (ой өрісі тар, ақылы кемдеу) – қыр.; глупый (ақымақ) – ноғ. 2) простоватый, простосердечный, наивный (аңғырт, қарапайымдау, аңқаулау, ақ көңіл) – қыр, қаз.; простофиля, простак (ашық ауыз, ақ көңіл) – қыр; разиня, ротозей (ашық ауыз, аңқау) – түрк., ноғ., өзб.; *Аңқай*-<аң- «опешить, приходиться в замешательство» (сасып қалу, аңырап қалу, әбігерге түсу, абыржу, қысылу)+усилительно-учащательный (күшейткіш) аффикс -қа- + афф. в (у) со значением носителя процесса немесе *аң, аңқ+қа-а+в=аңқай, аңқар*.

Аңқай 1) быть широко открытым (кең ашылу) – қыр., қаз., ққал.; - открываться, распахиваться, широко растворяться (ашылу, кең ашылу) – тув., як.; зиять (үңірею) – қыр., қаз., тув.; 2) удивленно смотреть, растерянно озираться, таращить глаза, глазеть, зевать (таң қала қарау, сасқалақтап бадырая қарау, ашық ауыздану) – өзб.; иметь растерянный, неуклюжий болғанмен де, сайып келгенде бұл метафора жолымен жасалғандығы көрініп тұр. Сонымен, *аңқай* – *ашық қалу* сөзіне *бос қалу* сөзі синоним болып келсе, тұлға ұқсастығынан туған *аңқай* – *аң-таң болу* сөзімен *аңқаю, маңқаю, аңырау, аңтарылу* сөздері синонимдік қатынасқа түседі.

Ажырау - (<*айра-айры*-<*айыр-а(ж-й)*). *Ажырау* сөзінің бірінші беретін мағынасы *бөліну*. Екі зат (немесе жапсарласып келген зат) бір-бірінен бөлінген соң аралары алыстай түсуіне қарай *алыстау* синонимі, одан әрі аралары ашылып, бір-бірінен қол үзуге дейін барады, осының негізінде «*қол үзу*» сөзі (сөз тіркесі) алдындағы сөздермен синонимдік қатынасқа түсетін болса, **ажырау** сөзінің екінші мағынасы *айрылу*. Айрылысқан адамдар бөлініп өмір сүруіне (немесе сиырдан төлін айырған уақытта сиыр басқа өзі сияқты ірі

кара малдармен өріске кетсе, бұзауы бөлек бағылатынын ескерсек) енді айрылу сөзіне *бөліну* сөзі синоним болады. Ал бөлінген аламдар біртіндеп бөлектеніп, тіпті жатсынып та кетуін ойласақ, олардың ұясына енді *бөлектену* сөзін де жатқызады екенбіз. Сөйтіп, осының нәтижесінде екі синонимдік қатар келіп шығады:

1. Ажырау - бөліну - алыстау - қол үзу

2. Ажырау айрылу - бөліну - бөлектену

Ескі - *ески* - *әски* - *есхи* - *иски* - *іска* - *есги* сияқты түркі тілдерінің әр қайсысында әр түрлі дыбысталатын *ескі* сөзін алатын болсақ, бұл сөз де көп мағыналы сөз. Оның әр мағынасынан әр басқа синонимдік қатар келіп шыққан. ***Ескі*** 1) ұзақ тұрған нәрсе жеуге келмейтіні сияқты көп тұрып қалған; 2) ескірген (затқа, киімге байланысты) зат тозығы жетіп, өңі кетеді, бұл, әрине, көп ұстаған нәрсеге байланысты; көп ұсталған нәрсе көнереді, осыған орай, бұл сөздің үшінші мағынасы келіп туады (3) ескі - көне - баяғдан, бағзы заманнан келе жатқан болуы ықтимал және ол ертедегі – бұрынғы да болуы мүмкін, ал бұрыннан бар зат, я адам бізге әбден танымал болса керек, осыдан төртінші мағына, яки төртінші синонимдік қатар келіп шыққан (4) ескі - танымал - таныс - байырғы. Байырғы танысың, әрине, сенің сенімді адамың осыдан келіп, (5) ескі - сыралғы - сырлас - сыр мінез мағыналары туады. Сырлас адамыңмен, әрине, дағды бойынша араласасың, осыған орай, (6) ескі – үйреншікті - дағдылы - қалыптасқан - машықты мағыналары өз алдына синонимдік қатар түзеді. Үйреншікті мағынасы таныс сөзінен де келіп шығуы мүмкін. Жоғарыда айтылғандардан көріп отырғанымыздай, «*ескі*» сөзі алты түрлі синонимдік қатар жасауға негіз болады екен. Және бұлардың арасындағы мағыналар іліктес, бірінен соң бірі келіп шығатындығын байқау қиын емес, яғни олар метонимия жолымен жасалған.

Іздеу сөзіне келетін болсақ «Түркі тілінің этимологиялық сөздігінде» (ТТЭС) бұл сөз алты түрлі омонимдік қатар түзеді де, әр омонимнің беретін мағынасын жеке-жеке алып қарастырады. Біздің байқауымызша, «*іздеу*» сөзінің мағыналары әлі өзіндік дербестік ала қойған жоқ, олардың арасында әлі де болса мағыналық байланыс сақталғанға ұқсайды. Ендеше, бұл сөз тек қана қазақ тілінде емес, басқа да түркі тілдерінде көп мағыналы сөздің аумағында қарастырылғаны дұрысырақ болар. Жалпы алғанда, бұл сөздің қазақ тілінде беретін мағыналары мына іспеттес:

Іздеу - қарастыру – іздестіру;
Іздеу - жоқтау - қажет ету – керексіну;
Іздеу - талпыну - талаптану

Бұл сөздер де синонимдік қатарға енуде метонимия тәсілімен жасалған. Оны былай ұғынсақ керек: *ізденуші затты*, әрине, біз *іздестіреміз, қарастырамыз*, яғни сол іздестіріліп отырған нәрсе *жоқталып* тұруы ләзім. Әсте *қажет етіп, керексінген нәрсені* біз табуға тырысып *талаптанып, талпынамыз*.

Ал *ұлғайю* етістігі ұлы, үлкен сөздерінен туындаған тұлға. Оның беретін мағыналары төмендегідей: 1) громадный; 2) великий; 3) повзрослевший; 4) старый.

Форму *улуг* В.Бант выводил из «основание», «фундамент» опираясь в этом анализе караимскую форму и карачае-балкарскую (а также кумыкскую) форму *уллу*. В.Банту в 20-х годах не были известны другие аналогичные формы, в том числе теоретически восстанавливаемая им формула *уллуг*, дериват которого *уллуг* теперь известен из тюркско-караимского. Этимология Банга была принята рядом авторов.

Старейшим производным от *уллуг* является глагол «расти, увеличиваться» /ДТС/ «становиться взрослым», которых Банг восстановил теоретически путем, а также возводимая к последующая форма «увеличиваться», «расти» современный *ұлғай* «стареть» баш. диал..

Ұлғай - үлкей – өс - көбей

Ұлғай - жасы егде тарту – қартайыңқырау

Бұл синонимдік қатарларға енген сөздердің мағыналарының арасындағы байланысты түсіндіріп жатудың басы артық сияқты.

Аймақ сөзіне тоқталатын болсақ, оның шығу төркіні жер (территория) мағынасында болмағандығын ТТЭС-ден көруге болады. Онда «аймақ» сөзі халық, ру мағынасында жұмсалғандығы айтылған: 1) народ – кир., уз., уйг., алт., тув., як.; племя – тат.диал.; род, родовое подразделение – тат.диал.; фамилия, родня, родственник – як. Осыған қарағанда, *аймақ* сөзі әуел баста халық мағынасын берсе, кейін келе ол адамдардың орналасқан жерін белгілеп: аймақ - өлке - облыс - аудан ұғымын білдіргендігін байқауға болады. Бұдан келіп, ол синекдоха тәсілімен бүтіннің бөлшегін көрсетіп, тағы екі түрлі синонимдік қатар құрайды:

Аймақ - мекен - қоныс - жер

Аймақ - төңірек - маңай - айнала

Ал енді **алыс** сөзіне келейік, бұл сөздің беретін мағыналары төмендегідей:

1. далекий, дальний – түрк., қаз., ноғ. және даль – қыр., қаз., ққал; далеко – қыр, ұйғ.; долгий – өзб.;

2. конечный – хак.;

3. безмерный, чрезвычайный, необыкновенный, весьма, излишне, более, наиболее, черезчур, слишком и т.п..

4. прежний – хак.;

5. место, что-либо заслоненное, лишённое света (солнце);

6. источник, корень, суть – хак.;

Алыс < монг ср. монг. «расстояние», «даль», «вдали», «далеко», «дальний», «на другой стороне», «отдаленное будущее, через, больше чем» (Лексинг, 133). Не исключено, что с **алыс** связано кир. «алчак» дальний и «алшақ» далекий, раздвинутый. Однако в них не находит объяснения предположительно выделяемый корень *ал* если только остающаяся часть -чак (шақ) можно считать аффиксом. Сонда *алыс* сөзінің бірінші беретін мағынасы *шалгай - жақын емес* енді осыдан метонимия тәсілі арқылы қашық мағынасы келіп шығады, бұған мағыналық жақтан жуық келетін бірнеше сөздерді көрсетуге болады: *алыс - қашық - ұзақ - кереғар - жырақ - аулақ - қырым - қиян - қиыр шет*. Алыс заттың жақын болмайтынын ескере отырып, метафора жолымен *алыс* сөзінің тағы бір мағынасы келіп туады, ол атасы бөлек, яғни *бөтен - туыстығы жақын емес*. Сөйтіп, **алыс** сөзінен үш синонимдік қатар жасалып, бір ұя құрады екен және оның екіншісі бірінші мағынадан метонимия, ал үшіншісі біріншіден метафора амалы арқылы пайда болған.

Дәл осыған ұқсас жағдайды басқа да сөздерді мысалға алып көрсетуге болады. Мәселен, *езу - ез* сөзі түркі тілдерінде дыбыстала келіп (бұл табиғи заңдылық): *ез - ез- әз - аз - ес - из - ир - өзе* беретін мағынасы жағынан бірдей десек те болады.

1. (раз)мять (уқалау, езу) – түр., аз., қаз., хак. т.б.; месить (илеу) – тат., баш., чув.

2. давить (сығу, жаншу) – түр., аз., гаг., қтат., қар., қбал. т.б. выдавливать, сжимать (қысу, жаншу); выжимать, выдавливать (сок)

(қысу, жаншу) – өзб.; ступать (басу, таптау) – Вамбери.

3. толочь, молоть, растирать в порошок (ұнтақтау, майдалау)

—

түр., гаг., құм., қбал., ұйғ.; дробить, раздавливать – түр., қбал.

Жоғарыдан байқағанымыздай, әуелі бір затты *мыжып мыжғылаймыз*, тіпті *жаншып, таптайды* екенбіз. Ал жаншылған зат (өрік, жүзім) – *сұйылып* кетеді. Сөйтіп іле-шала бірінен кейін бір процесс жүргендігін көрдік. Осыған орай *езу* сөзінің метонимия тәсілі арқылы үш синонимдік қатар құрғандығы дәлелденді. Олар:

Езу - мыжу - мыжғылау

Езу - жаншу - жаныштау - таптау

Езу - сұйыпту - еріту

Енді мынандай мәселеге көңіл аударсақ, екі синонимдік қатар келіп қосылып оның саны көбейе түседі. Ол *мыжу процесінің* бірақ рет емес *қайта-қайта мыжғылай түсу*, яғни қайталақтауды ескеру нәтижесінде пайда болған мағына.

Езу - мыжыңдау - көп сөйлеу - қырт және *жаншылған, тапталған нәрсенің бұрынғыдай әдемі, түзу қалпын сақтамаумен ұқсастырылып:*

Езу - қайғы - мұңға батыру - еңсесін көтертпеу.

Сонымен, *езу* сөзінің алғашқы үш мағынасы метонимия жолымен жасалса, кейінгі екеуі метафора тәсілі арқылы түзелген де бес синонимдік қатардан тұратын бір блок келіп шыққан.

Жіңішке сын есіміне тоқталайық: *и:нче - инче - инше - иншә - инши - инчке - чиңге - ингичкә - иңичкә - йиншикә - жиңишке - жіңішке*

1. Тонкий; тонко; узкий – (жұқа, еңсіз) /ДТС/;

2. Шығу төркіні жағынан ауыспалы мағына: худой, нетолстый

(арық, семіз емес) – түрк.;

3. Мелкий (ұсақ) – түр, әзер. /Брокельман/; мелко /ДТС/;

4. Тонкий, едва заметный (жұқа, әрең байқалатын) /ДТС/;

5. Высокий (о голосе) – (ащы) – құм. диал, тат, чув;

6. Веревка для белья – түр. диал.;

7. Шығу төркіне қарай ауыспалы мағына: тихий (о шуме) (бәсең,

ақырын) /Брокельман/;

8. Слабый (әлжуаз, әлсіз) – осм, әзер.;

9. Изящный (нәзік, әсем) – түрк., түр., әзір., құм. диал, ұйғ. /ДТС,

Малов, Брокельман/, искусный (шебер, тамаша) – түр, әзер.;

10. Шығуына қарай ауыспалы мағына: нежный (нәзік) – түрк., түр., әзер., гаг., тат., баш. /Малов/, subtilный, хрупкий (нәзік, жұқа);
11. Изысканный (таңдаулы) – түрк, әзер., эlegantный (сырбаз, кербез);
12. Деликатный (қағылез, нәзік) – түр., әзер., қар..
13. Тонкий, мудрый (дана, ақылды) /ДТС/, тонко, мудро /ДТС/;
14. Точный (нақты) – (подробный (толық, егжей-тегжейлі)); ясно /ДТС/.
15. Отличный, хороший.

Основу всего семантического состава *инче* образуют значения группы 1 *инчи-ке* (-ке/-қа имеет уменьшительного значения). Қазақ тілінде *и-ж* сәйкестігіне орай жіңішке болып өзгерген, ал *і* қысаң дауысты дыбысының келу себебі қазақ тілінде қос дауыссыз қатар тұра алмайды. Сондықтан эпентеза құбылысы орын алған.

Сөйтіп «жіңішке» сөзінің негізгі мағынасы *енсіз*, қазақ тілінде *енсіз* сөзіне синонимдік сыңар табылмайды. Ал, керісінше, одан туған ауыспалы мағынасында (метофора арқылы туған) бірнеше сыңарлар бар:

Жіңішке – енсiз

Жіңішке - сидам - талдырмаш - жіптіктей - сыптығыр - жұқа - арық. Арық адамның нәзік келетінін ескеру негізінде (метонимия жолымен) тағы бір мағына туады.

Жіңішке - нәзік - бәсең - әлжуаз.

Орталық сөзі, әрине, туынды сөз, ол *орта* деген түбірге *-лық* қосымшасы жалғану арқылы жасалған. **Орта** сөзінің өзі середина; центр дегенді білдірсе, орталық сөзі: 1) середина (ортан белі не бел ортасы – түрк., әзер., тат., баш.; центр – қаз., ноғ., тат., баш.; среднее место – тат.; середняк – бал.; 2) просека (орман, тоғай жолы шекара) – тат.диал.; 3) остров (арал) – алт., тува. қара) окрестность (төңірек, өңір, маңай) түр., қырым тат.; среда, общество, люди (қоршаған адамдар) – түр.; 5) общий, общественный, общинный (ортақ, қауымдық) – түрк.; 6) вещи, дела, находящиеся налицо; мирские дела вообще, свет, народ, положение дел, времена /Будагов/.

Қазақ тілінде «орталық» сөзінің үш мағынасы барлығын көруге болады, ол *орталық*, яғни белгілі бір нәрсенің (ыдыста, сауытта тұрған) дәл *ортасы*, *бел ортасы* - *орта тұсы*, бұлар өзара синонимдік қатар түзеді. Осыдан келіп бір елдің бағынатын

бір орталығы, яғни бас қаласы болу керектігін ескерсек: *орталық - бас қала - астана* дегендер алдындағылармен ұқсастырыла отырып, өзара синонимдік қатар түзеді. Ал енді бұдан: астана үнемі мемлекеттің басқа жерлеріне негіз болуын ескеріп: *негіз - тірек - күш* дегендер ішінара синонимдес келеді.

Ызғар сөзінің шығу төркінін әр ғалым әр түрлі түсіндіруге тырысқан, біреулері оны *ыс* (ылғал) сөзімен гомогенді деп, ысқылаған уақытта белгілі бір затты сулап, ылғалды қылу мағынасы мен байланыстырса (В.В.Радлов, 139), енді біреулері (Л.Будагов) оны дыбысқа еліктеуден «ззз» немесе «жжж» шықты дейді. Сайып кегенде, *ылғалды*, кейін келе *суық* мағынасы шыққан. Қазақ тілінде осы *ызғар - суық* сөздеріне *үскірік - өт* дегендер синоним болады. Суықтың адам бетін шыдатпай ығыстыруына байланысты, сонымен ұқсастыру барысында (метафора тәсілімен) екінші мағына туса керек. Бұл, әрине, ауыспалы мағына: *суық рай*. Енді бұл сөзбен де синонимдік қатынасқа түсетін қазақ тілінде мына сияқты сөздер кездеседі: *ызғар - суық рай - ашу - кәр - қаһар*. Синонимдік қатынасқа түсетін сөздердің өздерін де жеке-жеке талдай түсуге болады. Мәселен, *суық* сөзімен синонимдесетін *үскірік* сөзі ауызекі сөйлеу тіліне жатса, *өт* диалект сөзге жатады. Ал *суық рай* тіркесіне синоним болатын *ашу* ауызекі тілде де кездесе береді, бірақ *кәр, қаһар* дегендер болса, тек қана публицистикалық стилге жатады.

Орна сөзі *орын* – *орун* сөзінен жасалған туынды сөз. *Орын* сөзінің өзі *орда* сөзінен шықса керек. Оны мынадан аңғаруымызға болады: слова «орун» генетический связан со словами «орду», «орда», с которым у него закономерно имеются и общие значения: местожительство (тұрағы, тұратын жері); местонахождение (тұрған жері, орны); место пребывания (мекені, келген жері). Осыдан келіп, енді етістік тудырушы -а/-е қосымшасы арқылы, *орна/ орун+а /ДТС, 371/* пайда болып, мына сияқты мағыналарда жұмсалады: 1) помещаться, занимать место, садиться (орын тебу, орын алу, отыру) /ДТС/, занимать престол, править /ДТС/ (таққа отыру, ел басқару) 2) поселяться, вселяться (қоныстану, кіру, орналасу) – қаз (+ размещаться) (араласу) – ққал; разлагаться, размещаться, находится, помещаться – өзб., ұйғ.; втискиваться (сығылысу, тығылысу) – қыр.; 3) укрепляться на месте (орнында бекітілу, нығайтылу) – қыр.; қаз.; обособливываться, обживатьсь, пускать корни (жаңа қонысқа орнығу, жайғасу). Яғни *орна* сөзінің негізгі мағынасы *қоныс тебу*. Адам белгілі бір жерге қоныс теуіп, орналасқаннан соң, сол жерге әбден

орнығып беки бастайды. Яки бұл үрдістер іле-шала болмағанымен де, өзара шектес құбылыстар ретінде қабылданады. Ал ол мағыналардың өз синонимдері бар.

Орна - қоныс тебу - орнығу – пайда болу

Орна - беку - қалыптасу

Осы сөзден келіп етістіктен етістік тудырушы –лас + тұйық етіс жұрнағы қосылу арқылы енді *орналасу* деген туынды сөз пайда болады. *Орналасу – орын тебу*. Адамның белгілі бір жерден орын теуіп, ұзақ уақыт тұруы, сөйтіп айналасындағы адамдармен аралас-құралас болуына ұқсас әрекет – адамның белгілі бір жұмыс орнына кіруі. Осыған орай:

Орналасу – орын тебу – орнығу – жайғасу

Орналасу – кіру – жұмысқа тұру – түсу –тұру деген сияқты мағыналар қалыптасады. Көп мағыналы сөздің бірі – *ел* сөзі. Бұл сөздің төмендегідей мағыналары бар: 1) халық; 2) өскен орта; 3) шыққан тегі; 4) отан; 5) дос-жар

Бұл мағыналар қашан және қандай әдіс-тәсілмен жасалғандығын анықтамас бұрын «ел» сөзінің жалпы түркі тіліндегі беретін мағыналары қандай деген мәселеге назар аударалық:

1. народ (халық) – түрк., түр. диал., қарашай балқар, қарақалпақ, қыр., қаз.; собственный народ, свое племя, своя семья – алт., лоб.(өз халқы, өз тайпасы (не ұрығы), өз жанұясы; население (I) халық; жерге орналасу, қоныс тебу) – түрк, түр. диал., қаз., ноғ., ққал.; жители (тұрғылықты халық) – түрк., түр.; обитатели (мекендеуші) – шағ., түр.;

2. люди (адамдар) – түрк., қырым тат., қар., қбал., өзб.; общество (қоғам) – құм., қбал., тат.;

3. племенной союз (тайпалық одақ) – қыр., алт. /ДТС/; племя (тайпа) – түр., қыр., ққал., өзб., алт.; племенная организация (тайпалық ұйым) /ДТС/. отделение народа - қыр., қаз..

4. чужой человек, человек чужой крови (бөтен адам, туысқан емес бөгде адам);

5. государство (мемлекет) – қыр., тат., /ДТС/; административная единица (әкімшілік бірлік) /ДТС/; область; губерния; деревня;

село, селение (ауыл, қыстақ) – құм, қбал, чув.;

6. господство, власть (үстемдік, билік).

7. подданные (қол астына қарайтын).

8. страна, часть страны, край; родина (мемлекет) – ног., баш. диал.;

9. мир, согласие, покой (бейбітшілік, келісім, тыныштық);

10. рой (пчел).

11. войско.

Қарастырылып отырған сөздің мағынасы зерттеушілерді ерте кезден-ақ қызықтырған болатын. Еңке Т.Ценкер предпринял попытку разделить *ел-ил* на омонимы: вост.-тюрк, со значениями «человек, кто-либо, чужой» и тур. *ел* или *il* со значениями «происхождение, начало», откуда Т. Ценкер выводил род, племя, сын, люди, народ, страна (Ц.Т., с. 150-151)

Ел сөзі туралы В.В. Радлов, И.Н. Березин, П.М. Мелиоранский, В.В. Бартольд, Н.Н. Поппелер де сөз қылған. Э.В. Севортян *ел* сөзінің мағыналарының зерттелуі жөніндегі материалдарға өз еңбегінде толық тоқталған.

Сөйтіп, бұл сөздің жоғарыда көрсетілген төрт мағынасына кейін келе бесінші (дос-жар) мағына қосылған. Бұл мағына да, асылы, бейбітшілік, тату мағынасының негізінде шыққан болуы керек деп түсіндік. Қалай болғанда да *ел* сөзінің мағыналары метонимия тәсілімен дамыған. Және *ел* сөзінің жоғарыда аталған осы бес мағынаның бесеуінің де қазақ тілінде өз синонимдері бар.

Ел - халық - жұрт - қауым

Ел - өскен орта - туған жер

Ел - шыққан тегі - негізі - заты - руы

Ел - отан - мемлекет

Ел - дос - жар - жақтас - ұрандас - жау емес

Тағы бір полисемиялы сөзді қарастырарлық, ***өшу***: 1. жануын тоқтату - бұл мағына тек қазақ тілінде ғана емес, түрік диалектісінде, сондай-ақ алтай тілдерінде де кездеседі; 2. жазуы, бояуы кету – бұл қырғыз, түркімен, өзбек, ұйғыр тілдерінде де *өшу* сөздері арқылы беріледі; 3. құру, жоғалу –мағынасындағы *өшу* сөзі татар диалектісінде, өзбек, якут, қырғыз, қарақалпақ тілдерінде де ұшырасады. Сонымен қатар қазақ, қарақалпақ тілдерінде бұл сөз *дыбысы шықпау, дауысы жоғалу* сияқты ауыспалы мағынада да қолданылады. Бұл сөздің жоғарыда келтірілген екінші мағынасы жануын тоқтатып, сөнген кезде оттың бірте-бірте өшіп жоқ болып кетуімен ұқсастырылып, салыстырмалы түрде метафора тәсілімен жасалып, оған *жоғалу -жойылу* деген сөздер синоним болып келеді.

Ал үшінші *құру, кему, жоғалу* деген синонимдік қатардың жасалуына ұйытқы болып тұрған құру мағынасы болса, біртіндеп, іліктес болатын процесті көрсетіп метонимия жолымен құрылған.

Сонымен, ойымызды қортындылай келе айтарымыз, метафора, метанимия, синедохалар полисемиялы сөздің ғана жасалуына себепші болып қоймай, олар синонимдік қатардың сан жағынан дамуына да әсер етіп отыратын құбылыс екен. Кейбір тілшілердің тілдегі көп мағыналылық құбылысының пайда болуының синоним сөздердің де пайда болуының белгісі болып табылады деп айтуы тегін болмаса керек. Синонимия құбылысы мен сөздердің келтірінді мағынада қолданылуы тығыз байланысты. Жазушылар мен ақындар көркем шығармада жоғары эмоционалды поэтикалық стилге жету мақсатымен поэтикалық троптарға, ауыс мағынада келіп сөйлемді әсерлеп, мәнерлеп тұратын метафора, метонимия, синедохаға жүгінеді. Мысалы, метонимияны қолдану жолымен көркем шығарма жоғары пафосқа ие болады. Мәселен, *барлық ауыл шырт ұйқыда* дегендегі *барлық ауыл* — *жұрт, халық, сол ауылдың тұрғындары* деген мағынаны білдірсе, *жарты уыс болса да жылы қабағыңды сездірсең етті* немесе *жарты ұрттам музыка* дегендер – «біраз, аз да болса, азырақ» деген мағыналарда жұмсалып тұр. Тіпті бұл жердегі «жылы қабақ» деген тіркесті алғанның өзінде бұл тура мағынасында жұмсалмағанын, қабақтың жылы, я суық болмайтынын біз білеміз, ендеше бұл жердегі *жылы* сөзін де I тарауда айтылып кеткендей метафораның жетінші түрі, яғни кейбір зат (құбылыс), жағдай, әрекет қасиеттерінің атауы ұқсастығына қарай ауысуы нәтижесінде алынған. Мәселен, *тамыр* сөзі жүйе мағынасында негізгі мағынада, ал *тамыр - емшек* (малдың) (*тамыр тартқан тарылмас*) ауыспалы мағынада метафора жолымен жасалған синонимдер. Метафора тәсілі арқылы мағына тудырып соның негізінде синонимдік қатарлар жасалуы тілімізде бірталай. Мәселен,

Пана - тұрақ - жай - баспана - қора - ықтасын жер

Пана - қорғаныш - сая (бір түрге жататын заттар)

Аласа - жатаған - кішкене - тырбық - мақар - бәкене - мәстек
Аласа - тапал - тәпелтек - мықыр - қортық - бәкене - бақалтақ - ергежейлі

Аласа - қысқа - молтақ дегендер форма ұқсастығы жағынан алынған.

Абиырсыз - абройсыз - беделсіз - кәдірсіз

Абиырсыз - ұятсыз - көргенсіз - әдепсіз (мазмұн ұқсастығына қарай)

Оралу - қайта келу - қайта көңіл бөлу - екінші рет соғу

Оралу - шырмалу - матасу (қимыл-қозғалысы арқылы ұқсасу)

Аудару - қопару - төңкеру

Аудару - құлату - жұлып алу

Аудару - күресу - астына түсіру

Аудару - астын үстіне қарату - екінші жағына ауыстыру

Аудару - төгіп алу - ақтара салу - сарқа құю – қотару

Аудару - басқа жаққа ауыстыру - көшіру мұндағы мағыналар әрекеттің жай-күйі, қозғалысының ұқсастығына қарай пайда болған.

Сұйылу – сұйқылдану - сұйық бола бастау

Сұйылу - селдіреу - сиреу

Сұйылу - тарай бастау - ыдырау

Сұйылу - сапасы нашарлау - қожырау

Белгілі бір заттардың сапа, қасиеттерінің атаулары ұқсастығына қарай ауысып тұр.

Тамыр - түп

Тамыр - төркін - негіз - шыққан жер

Тамыр - жүйе - қан жүретін жол дегендерді алсақ, бұл үш мағына форма (тұлға) ұқсастығына қарай, тіпті бұл жердегі төркін мағынасы ол аттардың өздеріне тән ерекшеліктермен ұқсастырыла алынса,

Тамыр - дос-жар

Тамыр - ашына-жай - көңілдес дегендер өз қасиеттеріне қарай байланысты шықса керек.

Тұсау - тұсамыс салу

Тұсау - қол-аяғын матау - еркіне жібермеу

дегендер орын жағынан әрі ұасиет-белгісі жағынан ұқсас мәндел сөздер. Бұл келтірілген мысалдардағы екінші мағыналарының бәрі де метафора әдісімен пайда болып, синонимдерді, синонимдік қатарларды сан жағынан көбейтуге негіз болып тұр.

Лингвистикада көп мағыналықты жасауда метафорадан кем түспейтін тағы бір әдіс – метонимия тәсілі. Мысалы, *бала, сәби, перзент және бала, жас, жастық* дегендер тура мағынасында тұрып өзара

синонимдесетін болса, *бала мінез* дегендегі *бала* мүлдем басқа ауыспалы мағынада жұмсалып, *жеңіл, жеңілтек* сөздерімен синонимдік қатар түзеді. Метонимия тәсілімен де синонимдік қатар молайып отырады. Мәселен,

Алыстау – қашықтау - жырақтау

Алыстау - байланысты ұзу - бойды аулақ салу - ұзау

Екінші синонимдік қатарда мінез жағынан шектестік байқалады.

Елпілдеу - тез жүру - жылдам-жылдам басу - лыпылдау-бүкең қағу

Елпілдеу - елпек қағу - қауқалақтау - елпектеу - елпілдеу

Елпілдеу - жаны қалмау - құрақ ұшу - бәйек болу – құрдай жорғалау

Елпілдеу - ұшып қону - қолды аяққа тұрмау - қалбалақтау - ұшқалақтау

Елпілдеу - желігу - желпіну - еріну

дегендердегі мағыналардың кимыл-қозғалыстың бірінен кейін бірі іле-шала орындалуымен байланысты туғандығын көреміз.

Ақыл - сана сезім - ойлау қабілеті

Ақыл - ес - парасат - білім

Ақыл - пікір - пайдалы кеңес - өсиет

Ақыл – дұрыс шешім - қиындықтан шығудың жолы - амалы - айласы.

Бұнда бір зат, я құбылыс атаулары екінші бір затқа орны, мекені (оның ішінде орналасуы) жағынан байланысқан затқа ауысу негізінде пайда болған.

Айнала - маңай - төңірек – жан-жақ

Айнала - барлығы - бас аяғы

Айнала - жиек - ернеу - кенере - шет

Әлем - барлық халық - әлеумет

Әлем - түрлі құбылыстар - салалық бөліністер

Әлем - жер жүзі - дүние - жиһан

деген синонимдік қатарларды алсақ, мұндағы мағыналар зат (немесе құбылыстардың) кеңістікте қатар шектес болып орналасуы негізінде жасалған.

Қарау - быт-шыты шығу - сыну - қаусау - күл паршасы шығу

Қирау - күл талқан болу - бұзылу - бүліну - талқандалу

Қирау - қырылу - өлу

Қирау - құру - жойылу - күйреу.

Міне осы сияқты зат, құбылыс, процестердің кеңістікте қатар,

шектес болып орналасуы жағынан, я уақытқа байланысты атауды ауыстыру немесе бір заттың екінші бір заттың ішінде орналасуы (орны мекені жағынан байланысы) не болмаса зат өзінен жасалған бірнеше заттарға да таралуы мүмкін болатын жағдайлар қазақ тілінде көптеп кездеседі. Соған орай, синонимдік қатардың да сан жағынан көбейгендігін көрсететін мысалдарды көптеп келтіре беруге болатын еді. Бірақ ол жұмыс көлемін тым көбейтіп жіберетіндіктен, біз олардың әрқайсысына тоқталмай-ақ еңбектің соңында сөздік ретінде беруді жөн көрдік. Және оларды екі синонимдік қатар, үш, төрт, бес... он синонимдік қатар түзуші көп мағыналы сөздер деп көрсетіп отырдық.

Сөздердің ауыс мағынада келуінің үшінші түрі – синекдоха, контексте жалпы ұғымның бөлшекпен берілуі негіз болады. Мәселен, *жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ болмайды. Тырнақ, тұяқ* тура мағынасында анатомиялық атау, ал *тұяқ, тырнақ, перзент, бала, ұрнақ, адам* дегендер синекдоха әдісімен жасалып синонимдік қатар ішінен орын алып тұр. Осы сияқты:

Жабдық - керек-жарақ - құрал сайман - әбзел

Жабдық - дүние - мүлік

Жабдық - түрлі тетік - бөлшек

Жабдық - қажетті нәрсе - бұйым

Жабдық - мал-мүлік - керек-жарақ

Жабдық - қару жарақ - құрал дегендер де жалпы ұғымды білдіретін сөз нақты затты атау үшін де жұмсалғандығын көреміз. Ал:

Төркін - туған-туысқан - ел жұрт

Төркін - түпкі негіз - бастау - арқау дегенде керсінше жеке атаудың жалпы ұғымға ауысуы сияқты мәселелерде кездеседі. Алайда сөздің көп мағыналылығын жасаудың тағы бір түрі қызмет бірлігі тәсілі болғанмен де, синонимдік қатарды дамытуда өз үлесін қоса алмайтындығын байқадық. Айқынырақ айтсақ, сөздің көп мағыналылығын тудырып, соның негізінде синонимдік қатарды көбейтуде метафора мен метонимияның рөлі ерекше, яғни көбінесе бұл екі тәсіл қызмет етсе, синекдоха және қызмет бірлігі тәсілі пассив жұмсалады.

Сөйтіп, бұл тәсілдер сөздің мағынасының үстіне тағы бір мағыналар әкеліп қосып отырады да синонимия құбылысымен тығыз қиюласып жатады. Көп мағыналықтың қандай да бір мағынасының көрінісі белгілі бір ұғымды беру үшін қолданыстың бір мағынасына тікелей қатысты болады.

Сонымен, синонимдік қатар жүйелік құрылыстан тұратын тарихи қалыптасқан сөздердің синхрониялық тобын құрайды. Ал полисемия синонимиялық қордың дамуына сан жағынан да, сапа жағынан да болса әсер етеді. Олар арқылы синонимдердің саны үздіксіз байып, молайып отырады.

III КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕРДЕН ЖАСАЛҒАН ОМОНИМДІК ЖӘНЕ АНТОНИМДІК ҚАТАРЛАР

Тіл білімінің лексикология саласында көп мағыналы сөздің алатын орны ерекше. «Многозначность слов - настолько большая и многоплановая проблема, что самые разнообразные вопросы лексикологии так или иначе оказываются связанными с нею» [2]. Демек, көп мағыналы сөздер синонимдермен ғана емес, фразеология, антонимия, омонимия т.б. құбылыстармен де іштей астарласып жатады.

3.1 Көп мағыналы сөздер мен омоним сөздердің байланысы

Омоним дегеніміз бірдей дыбысталатын, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздер. Омоним сөздегі тұлға бірдейлігі, көбінесе, омоним мен полисемияны бір-бірінен ажырату фактісіне қиындық келтіреді. Өйткені полисемия да өзара шарттас келетін лексика-семантикалық вариант жиынтығының тұлға бірдейлігін береді, бірақ мұндағы мағыналар бір-бірімен өзара байланысты болып келеді.

Бір қарағанда, мағыналық жақтан басқа-басқа сөздер, омонимдер, бір сөздің төңірегінде мағыналық қарым-қатынасты топтайтын көп мағыналы сөздерге ешқандай қатысты болмайтын да сияқты көрінуі мүмкін. Ал зер сала қарайтын болсақ, омоним құбылысының өзі бірқатар жағдайда сөздің мағыналық байланысының бұзылуы процесіне тап болып, полисемиядан туындайтынына көз жеткізуге болады. Яки, кезіндегі көп мағыналы сөздің мағыналарының ыдырауы нәтижесінде жасалады. Бұл, әрине, бүкіл омонимдерге қатысты сөз емес. Басқа да жолдармен жасалатын омонимдер бар. Ал бұл омонимнің пайда болуының бір жолы ғана.

Сөздің семантикалық байланысының бұзылуы мен сақталып қалу проблемасы – семасиологияның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады.

Сөздік құрамға семантикалық талдау жасауда қазіргі әдістер сөздің мағыналарын, өз кезегінде лексика-семантикалық жүйенің күрделі элементі болып табылатын, иерархиялық ұйымдасқан құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Сөзде жаңа мағыналар туып отырады, кейде тіпті сөздердің

мағыналары дами келе бір-бірінен алшақтап, әр түрлі ұғымдағы омонимдердің тууына әкеледі. Сөйтіп, көп мағыналы сөздердің әрбір мағынасы көптеген кейінгі туындылардың жасалуы үшін негіз болады.

Полисемия мен омонимияның арақатынасына арналған лингвистикалық әдебиеттерде, негізінен, бұл құбылыстардың ажыратылуы, яки айырым белгілері сөз етіледі. Ал семантикалық байланыстың ыдырау процесінің өзі жайында сөз қозғалмайды десе де болады. Дегенмен де омонимдерге қатысты еңбектердің көбінде лингвистер (тілші ғалымдар) бұл процестің бар екендігін бірнеше рет атап өтеді.

«Ведь само признание того, что омонимы могут образоваться вследствие семантического расщепления многозначного слова, предполагает признание определенного семантического процесса, приводящего к переходу многозначности в омонимию. Вряд ли оправданно представлять этот процесс, как какой-то мгновенный акт... Поэтому, конечно, в языке в каждый период его существования могут быть промежуточные, переходные случаи», - деп көрсетеді Д.Н. Шмелев [3].

Егер біз тілде үнемі өтіп жататын белгілі семантикалық процесті мойындасақ, онда негізгі кезеңдер мен бұл процестің тенденцияларын анықтау да заңды болар еді.

Еңбекте әрбір жеке сөз үшін кездейсоқ экстралингвистикалық фактілер шарттасқан семантикалық байланыстың ыдырау процесі екендігін ғылыми болжамдар ұсынылады. Лингвистикалық әдебиеттерде омонимия мәселесіне байланысты бірсыдырғы еңбектер бар. Мәселен, орыс тіл білімінде осы құбылысқа байланысты мақалалар мен ғылыми еңбектер жазылған ғылымдар Л.А. Булаховский, В.В. Виноградов, Н.Ю. Шведова, М.Галкина-Федорук, Н.Ф. Шумилов, З.М. Толмачов, Л.А. Новиков, М.М. Фалькович, Б.Н. Головин т.б.. Ал қазақ тіл білімінде омоним мәселесімен тікелей айналысып осы тақырыпта ғылыми зерттеу жұмысын жазған ғалым К.Аханов. Сондай-ақ, бұл мәселеге байланысты соңғы уақытта біршама ірілі-ұсақты мақала, я ғылыми еңбектер жазып жүрген ғалымдар қатарына Р.Садықбеков, А.Тілеукеев, А.Құрманалиева, Ә.С. Әлметова т.б. жатқызуға болады. Сонымен қатар басқа да түркі тіл білімінде арнаулы ғылыми еңбектер бар: М.Миртаджиев «Возникновение лексических омонимов в узбекском языке», В.М.

Пророкова «К вопросу о разграничении омонимов и лексико-семантических вариантов слов», М.Х. Ахтямов «Проблемы омонимии в современном башкирском литературном языке», Р.Бекджанова «Омонимы в киргизском языке». Бұл еңбектердің қай-қайсысын алсақ та, оларда омонимдерге берілген анықтамалар бір-бірінен онша алшақ кетпейді, олар өзара үндесіп, бір-біріне ұқсас келеді. Олардың бәрінде дерлік: Омоним дсп мағыналары басқа-басқа, айтылуы (дыбысталуы, жазылуы) бірдей сөздерді айтамыз делінген. Мәселен, 1925 жылы жарық көрген «Литературная энциклопедияда»: «Омонимы - слова, имеющие одинаковые звучание, но различные по значению» - деп берілген. Ал Л.В. Булаховский: «Омонимами называются два или несколько слов, одинаково звучащих, но имеющих совершенно различные значения», - дейді [45, 45].

Е.М. Галкина-Федорук болса: «Омонимами называются слова, одинаково звучащие, но имеющие различные значение», - деп көрсетеді [22, 14].

Р.А. Будагов өз еңбегінде омоним мәселесіне арнайы тоқтала отырып: «Омонимы это слова одинаковые по звучанию, но различные по значению», - деген анықтама береді [2, 30].

Зерттеу жұмыстарының тізіміне қарағанда, тіл білімінде омонимия құбылысы біршама зерттелгендігі байқалады. Оны жан-жақты зерттеудің жөні де жоқ емес. Себебі бұл зерттеулердің әрі теориялық, әрі практикалық зор мәні бар. Зерттеу жұмыстарының біразы омонимдердің өз табиғатына (анықтама беру, түрлерін анықтау, жасалу жолдарын қарастыруға) арналған болса, енді бір қатары омонимдер мен көп мағыналы сөздердің ара жігін ажыратуға арналады. Өйткені сөздіктерді құрастыруда ең бір қиындық келтіретін мәселенің бірі де осы. Міне, сондықтан да ғылым үшін берілген проблема шүбәсіз қызығушылық тудырады, сонымен қатар ара-тұра өткір пікірталастар да осы төңіректе туындап отырған болса керек. Мәселен, орыс тіл білімінде 60-жылдары үлкен пікірталас болды. «Эта дискуссия была вызвана тем, что в толковых словарях, в частности в «Толковом словаре русского языка» под редакцией Д.Н. Ушакова и в «Словаре русского языка» под ред. С.И. Ожегова наметилась тенденция к увеличению количества омонимов среди которых оказались значительное число полисемичных слов» [5, 110].

Мұндай шатастырушылық ғылымда омоним құбылысының өзін бір жақты талдаумен байланысты. Кейбір ғалымдар омоним деп

туынды емес, тек қана түбір сөздерді есептеу керек деп түсінген. Мәселен, В.И. Абаев туынды жай сөздердің лексемаларының сәйкес келуі омонимге жатпайды дейді. Бұл, әрине, дұрыс тұжырым емес. Омоним сөздер практика дәлелдегендей түбір сөз де, туынды сөз де болуы ықтимал. Омонимия құбылысы мен полисемия құбылысының ара жігін ашып алу мәселесіне келсек, ажыратуға байланысты ғылымда бірқатар әдістер ұсынылады. Олардың бірқатары мыналар:

1. Дәстүрлі тәсіл, әр алуан мағынаға синоним таңдау, яғни бұл

құбылыстарды ажыратуда лексикалық әдісті қолданамыз. Егер алынған синоним сөздердің арасында семантикалық байланыс болмаса (олар бір синонимдік қатар құра алмаса), онда талданып отырған сөздер өзара омоним болғаны, ал егер керісінше болса, онда көп мағыналы сөз болғаны.

2. Екі бірдей дыбысталатын сөздерде әр алуан сөзжасам қатарының болуының өзі олардың полисемиялы емес, омонимдес екендігін көрсетеді. Кішігірім контекстің лексикалық үйлесімін, сонымен бірге бүкіл контекстің (макроконтекстің) семантикасын анықтау.

3. Полисемия мен омонимияны ажыратуда семантикалық тәсіл қолданылады. Көп мағыналы сөз мағыналары семантикалық жақтан байланысты болып бір ғана мағыналық құрылым (микрожүйені) құрайтын болса, омонимдердің сыңарларының мағыналары өзара байланыссыз. Тіпті олар бірін-бірі шығарып тастап отырады.

4. Көп мағыналы сөздер мен омонимдерді ажыратудағы ең бір қызық тәсіл жойылып кеткен «аралық топты» табу.

5. Этимологиялық тәсіл. Бұл әдіс арқылы бірдей дыбысталатын сөздердің шығу төркіні анықталады.

6. Қазіргі омонимдердің ішкі байланысы тек тарихи тұрғыдан түсіндірілуі мүмкін болғанда, сөздердің ішкі тұлға байланысын және ортақтығын жоғалту себебін анықтау.

7. Морфологиялық тәсіл. Түбір қандай морфологиялық бөлшектерден тұратынын айқындау. Егер бірдей дыбысталатын сөз әр алуан сипаттағы морфологиялық бөлшектерден тұрса, онда ол

омоним сөз болғаны.

Омоним мен полисемияны дұрыс ажырата білу үшін және бұл құбылыстарды дұрыс көрсету үшін жоғарыда аталған тәсілдердің біреуін ғана емес, бір кезде бәрін бірдей қолдануымыз керек. Өйткені омонимдер мағыналарының бірнешеу болуы жағынан көп мағыналы сөздермен өте ұқсас келеді. Сондықтан бұларды бір-бірінен ажырату қажет.

3.2 Көп мағыналы сөздердің мағыналарының ыдырауы процесінде жасалған омонимдер

Сөздерді мағыналық жақтан қарастырып, олардың лексикалық мағыналарын айқындау жұмысында әрі күрделі, әрі шешуші қиын мәселенің бірі – көп мағыналы сөздерден омонимдерді ажырату мәселесі. Полисемия құбылысы мен омонимді ажыратудың қиындығы бұл екі категорияның кейбір ұқсастығынан келіп туады. Көп мағыналы сөздер, кейде, кейбір омоним сөздердің жасалуына негіз болады да, осының нәтижесінде, шығуы, жасалуы жағынан ондай омоним сөздердің көп мағыналығы дегенмен ұштасып жатады», - деп көрсетеді омоним мәселесін арнайы зерттеген көрнекті маман тілшіміз Кәкен Аханов [61, 143]. Ол атап кеткендей бір кездері полисемиялы болған сөздердің мағыналары ыдырап, ортақ байланыстырушысы мағынаның үзілуі нәтижесінде тілімізде бірсыпыра омонимдер жасалады. Мұндай түрдегі омонимдер сөздердің көп мағыналық құбылысымен өте тығыз байланыста болады. Мысалы:

Бауырлас 1. сын е.: а) бірге туған, туыстас;
ә) арманы, ой тілегі бір, дос-жар, туған (ел);
б) мөлшерлес, шамалас, шендес.

Бауырлас 2. етіст. а) туыстасу, жақын болу, достасу;
ә) бір-бірімен ұласу, жалғасу.

Бұл сөздің түбірі *бауыр* ~ *bayir* (ДТС). «Көне түрік сөздігінде» *бауыр* сөзі екі түрлі мағына береді деп көрсетілген.

Бауыр I

1. Печень: *jazida bori ulisa, evda it bayri tartisur* (жазықта бөрі ұлыса, үйде иттің бауыры тартар);

2. живот, брюхо: *jerdaki bayrin joriyта tinliyqa* (по отношению к живым существам, ползающим на брюхе по

земле);

3. перен. сердце: *bolu ber mana sen aja bayri tas* (согласись со мной ты, чье сердце камень) ;

4. родственник кровный (?): *oyuli, qizi, uruqi, tariyi bayri bosuki* (его сыновья и дочери, его потомки и родственники кровные и по браку будут многочисленны).

Бауыр II медь

Багыр (бауыр) сөзінен туған *багырсақ* – добрый, мягкосердечный,

жалостливый деп берілген, ал *багырсақлық* - преданность деп көрсетілген.

Қазіргі қазақ тілінде *бауыр* сөзі үш түрлі мағынада жұмсалады:

1. *Адамзат, жан-жануарлардың ас қорыту, қан таратушы ішкі мүшесі;*

2. *Жан-жануарлардың алдыңғы ішкі жағы, төс алды, өкпе тұсы;*

3. *Осыдан келіп әйел адам жүкті болған кезде бауырдың астыңғы қабатына таяу жатырда баланың жатуымен байланысты, бір қарыннан шыққан өзінен кіші ер баланы бауыр деп атаған. Кейін келе бұл сөздің мағынасы кеңейіп, төртінші мағынада бірге туған, қандас, ағайындас (мейлі ол бір шешеден тумай-ақ қойсын) адамдарды да **бауыр** дейтін болдық. Тіпті оңтүстік Қазақстанда жасына, тегіне де қарамай қолданыла беретінге ұқсайды. Ал кейінгі кезде біз өзімізге жат, бөтен, ешбір туыстығы жоқ, тіпті басқа ұлттың адамын да **бауыр** деп жүрміз. Бұл мағынаның тууы, тегінде, бірге туған адамдардың тату-тәтті өмір сүруімен байланысты бір елдегі, жер бетіндегі адамдардың ынтымақтастықта өмір сүруінен келіп шықса керек. Ендеше, жоғарыда келтірілген *бауырлас* сөзінің алғашқы үш мағынасы: а) *бірге туған, туыстас; ә) арманы, ой-тілегі бір, дос-жар , туған (ел) о) мөлшерлес, шамалас, шендес* дегендермен екінші етістік мағынасындағы: а) *туыстасу, жақын болу, достасу әрі; ә) бір-бірімен ұласу, жалғасу* дегендер өзара байланысты болады. Бірақ, әрине, соңғы етістік мағынасындағы топ өз алдына дербестік алып кеткен, соған орай, қазіргі қазақ тілінде оларды омоним сөз ретінде қарастырып жүрміз.*

Сонымен, омонимдер, көбінесе, тілде көп мағыналықтың ыдырауы жолымен жасалып, сөзде екі тәуелсіз номинативтік

мағынаның пайда болуын аңғартады. Полисемияның ыдырау процесі дегеніміздің өзі бір кездері өзара байланысқан жақын сөздердің ажырап, бөлініп кетуі екен.

Бауырлас сөзі де кезінде мағыналық жақтан байланысты полисемияның есебінен жасалған омоним. Полисемия сияқты омонимия да тіл жүйесінде тарихи семантикалық тұрғыдан бір сөз арқылы (бірдей дыбысталады, я жазылатын екі не одан да көп сөздер арқылы) бірнеше мағыналарды беріп, олардың дамуының әр алуан қатпарын көрсетеді. Сондықтан да бұл екі құбылысты шатастырушылықтың болатын себебі полисемиялы сөздердің мағыналарының ыдырау процесін байқамаудан болуы да мүмкін. Көп мағыналықтың ыдырау процесі кезінде сөздің мағынасын көп мағыналы сөзге есептеуден гөрі омонимге жатқызған. Өйткені ол сөздер омоним болуға икемдірек; сондықтан да оны омоним деп кесіп айтса керек. Бұрын бірлікте, байланыста болатын көп мағыналы сөздердің мағыналары дербестік алып жекеленуі ұзақ және біртіндеп болатын процесс болғандықтан, олардың арасын көп жағдайда кесіп-шектеп көрсету қиын. Ал кейбір ғалымдардың пікірінше бұл әлі де болса аяқталмаған үрдіс. Сондықтан да О.С. Ахманова «Орыс тілінің омонимдер сөздігінде» берілген бір топ етістікті зерттеу жұмысының нысаны ретінде алып, олардың полисемиядан таралғанын көрсеткен болатын. Онда 109 омонимнің ішінде сексенінің омонимизация процесін аяқталған деп есептеуге болмайды дегенді білдіретін арнайы (жұлдызша *) белгіленуі бар. Демек, зерттелініп отырған етістіктің көбінде семантикалық бірліктің (байланыстың) ыдырау деңгейі болады екен. О.С. Ахманова дәл осы кезде «омонимизация деңгейі» деген ұғымды енгізген болатын.

Жалпы, омонимия мәселесін тілге тиек еткен ғалымдардың көпшілігі омонимия мен полисемия құбылысының арасындағы байланыстың барлығын айтып өткен. Бірақ ол зерттеуші тілшілер, негізінен, омонимдердің жасалу жолдарына тоқталған кезде олардың көп мағыналы сөздің мағыналарының арасындағы байланыстың жойылуы нәтижесінде де жасалына алатынын бір-екі мысал ғана келтіру арқылы дәлелдеп кетіп отырған.

Омонимдердің пайда болуы негізі қандай болса да, мейлі ол этимологиялық әр түрлі сөздердің фонетикалық кездейсоқ үйлесуі болсын, мейлі ол бір кездегі полисемияның ыдырауынан пайда болсын, тілдің белгілі бір даму кезеңінде синхрониялық тұрғыдан омонимдер,

әдетте, мағыналық жақтан байланыспайтын әр түрлі сөздер ретінде қабылданады. Алайда, олардың біразы кезінде мағыналық жақтан байланысты болатын полисемияның енді бір кездері сол мағыналық байланысының үзілуінен жасалады. Демек, бір жағдайда омонимдердің арасында ешқандай байланыс болмаса, екінші жағдайда бір кездері олардың арасында мағыналық байланыстың болған. Сол себептен де ол (байланыс) қандай да бір жағдайда қазір де сезілуі мүмкін.

«Сөз және оның мағынасы» атты еңбегінде Р.А. Будагов: «Көп мағыналық пен омонимия қатар өмір сүруші құбылыстар», - дейтін болса, 1989 жылы В.А. Белошапкова редакциялығымен шыққан «Современный русский язык» оқулығында: «Омонимия дегеніміз мүлде болмаған, ол тарихи кезең жемісі. Бір дәуірде көп мағыналы болған сөз екінші дәуірде омонимдерге айналып кетіп отырған», - дейді.

Көп мағыналы сөздердің жеке мағыналарының дамуы, олардың байланысының үзілуіне әкелуі әбден мүмкін. Мұны көп мағыналы сөздің омонизациялану үрдісі дейміз. Осы жағынан алғанда бұл көп мағыналы сөздердің семантикалық дамуының шегі (В.М.Солнцева, 1984, 41).

Көп мағыналы сөздердің мағыналарының арасындағы семантикалық байланыстың үзіліп омонимдерге айналуы әр түрлі себептерден болады. Ол себептерді: *сыртқы (экстралингвистикалық), ішкі, таза тілдік (лингвистикалық) және тарихи этнографиялық* себептер деп бөліп қарауға болады. Ол себептерге мыналарды жатқызамыз: а) әр алуан контексте ұзақ қолданудан; типтік емес, кездейсоқ сипат негізінде; зат немесе құбылыстың белгілі қасиетінің ұқсасуы негізінде семантикалық байланыстың үзілуі. Омонимдердің тууына сөздердің негізгі мағынасын жоғалтуы немесе көп мағыналы сөздің әр алуан тізбектелген мағыналарын байланыстырушы аралық мағынаның бірінен айрылуы жатады.

«Аралық мағына» жайында Р.А. Будагов өте жақсы айтқан болатын. (Қараңыз: О так называемой промежуточном звене в смысловом развитии слова // Сборник статей по языкознанию, МГУ, 1958, стр. 76-77). «Омоним сөздердің ортақ семантикалық стержені болмайды. Омонимияның полисемиядан айырмашылығының өзі, көп мағыналықта сөздің барлық мағынасы бір ортақ стерженді мағынаға бірігуінде жатыр, ал

омоним сөзде ондай ортақ мағыналарды байланыстырушы негіз жоқ» [62], - деп көрсетеді В.И. Кодухов.

Яғни, көп мағыналы сөздердің арасындағы мағыналық байланыс үзілсе, ол омонимге айналады. Басқаша айтатын болсақ, белгілі бір зат немесе құбылыс арнаулы бір сөзбен аталатындығы шындық. Сол заттың (құбылыстың) бойындағы қандай да бір белгілер басқа бір заттың бойынан да кездесуі мүмкін. Не болмаса, ол екі заттың бойындағы белгілер ұқсасып келуі мүмкін. Сөйтіп, бірінші заттың атауы екінші затқа да атау болады да, осыдан келіп ол сөздердің негізгі мағынасына үстеме мағыналар қосылады. Мәселен, *күт* деген етістік «*тос*» деген мағынаны білдірумен бірге «*сыйла, құрметте*» деген де мағынаны береді. Бұл сөздің қосымша (екінші) мағынасы «*сыйлау, құрметтеу*», әрине, қарап «*аялдау, тосу*» деген мағынасына байланысты туып, бұл сөзді көп мағыналы сөзге айналдырған. Міне, осылай сөздер келтірінді мағынада қолданыла-қолданыла келіп, әр түрлі мағыналарға ие болады. Кейде ол көп мағыналы сөздердің әрбір мағыналары бір-бірінен іргесін аулақ салып, дараланып алшақтайды. Әр мағынада әр басқа ұғымның атауы болып бекиді. Сөздің осылай мағыналық жақтан дамуы нәтижесінде омоним сөз жасалады. Мұндай омонимдерді өз кезінде І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев та сөз қылған, олар ондай омонимдерді лексикалық тәсіл арқылы жасалған омонимдер деп түсіндірген болатын. Тілшілер: «Бір сөз әуелде бір мағынада қолданылғанымен, кейін мағынасының дамуы нәтижесінде бірте-бірте басқа мағынаға ауысады. Ал бара-бара бұрынғы мағыналық байланысын жоғалтып мүлдем басқа сөздер болып, яғни омоним болып кетеді», - дейді [25, 60]. Ал К.Аханов болса: «Кейде кейбір сөздер өзінің негізгі тура мағынасынан басқа келтірінді мағынада қолданыла-қолданыла келіп, ол келтірінді мағына дағдылы тура мағына сияқты болып ұғынылады. Мұнда да ол мағынаның келтірінді мағына екендігі бірден аңғарыла бермейді. Бірақ, ондай мағыналардың қалай да негізгі мағынамен байланысы бар екенін байқауға болады», - деп көрсетіп, оған мына сияқты сөздермен мысал келтіреді. Мәселен, **қый** 1. қағазды қайшымен ортасынан қый. 2. сен маған осы демалысыңды қый.

Қой 1. тура мағынасы – бір затты екінші бір жерге қою. *Ол кітапты әкеліп үстелге қойды*. 2. Туынды мағынасы екеу: а)

доғар (Мәселен, *осы сен үйретуіңді қой дедім зой*); ә) тоқтат, ойлан (Мәселен, *қой қалқам, бұның дұрыс болмас*). Негізгі мағына да, туынды мағына да бір сөздің әр түрлі мағыналары ретінде қаралады, өйткені олардың арасында қалай да мағыналық байланыс бар. Сондықтан да ол мағыналар бір сөздің түрлі-түрлі мағыналары ретінде танылып, осы сөздің мағыналық мазмұнына енеді деп түсіндіреді [63, 51]. Сондай-ақ осы еңбегінің 52-бетінде: «Егер сөздердің әр түрлі мағыналары бір-бірінен онша алшақтамай, дараланып бөлініп кетпей, өзара байланысып жатса, онда ол мағыналар бір сөздің әр түрлі мағыналары болып танылып, сөздің көп мағыналылығы деген категорияға жатады. Егер дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа болып, мағыналық жақтан дараланып, бір-бірінен алшақтап кеткен сөздер болса, онда олар омонимия құбылысының қатарына жатады», - дейді.

«Если семантическое единство слова определяется существующей между значениями внутренней связью, а семантическая омонимизация – отсутствуют каких-бы то ни было смысловых связей между разошедшимися значениями, то процесс распада семантического тождества характеризуются постепенными ослаблением, отмиранием общего семантического элемента в омонимизирующихся значениях. Этот процесс предполагает наличие в семантической структуре слова какого-то особого, своеобразного сдвига, не вписывающегося в лексико-семантическую формулу полисемичных отношении [64, 51].

Жоғарыдағы ізденушілердің қай-қайсысы да сөздердің мағыналары дамып кеңейе түсетіндігін айтады. Сондай-ақ, семантикалық тұтастық бірте-бірте әлсіреп үзіледі де, мағыналық ыдырау процесі жүреді дейді. Соның негізінде омонимдердің пайда болатындығын да мойындайды. Мұндай «омонимизация», яғни мағыналық ыдырау процесіне мына сияқты сөздерді мысалға алып көрсетуге болады. Мәселен, *ай* 1. Жерді, күнді айналатын, түнде жерге сәуле беріп тұратын планета. *Тамақтанып алып, айдың жарығымен тағы шөмеле саламыз* (М. Сүндетов, Балық аула). *Толық ай көк жүзіне өрмелеп көтеріліп келеді, салқын лепті тынық кеш* (САлдабергенов, Алға). *Бұлттан шыққан айға ұқсап тұр еді Назым нұрланып, Көк арбаға сүйеніп, Шыбықтай белі бұралып* (Қамбар батыр). 2. Жылдың он екіден бір бөлігін қамтитын мезгіл, отыз күндік мерзім. *Шұбартаудың ауылдарын аралап ай бойы фольклор жинадық* (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек). *Аяш осыдан кейін*

айға жуық жатып әрең тәуір болды (А.Жангельдин, Табыс тағдыры). *Колхоздың жұмысына кіріскеніме айдан асты* (С. Мұқанов, Шығ.).

Ай сөзін ҚТТС, I т., А., 1974, 86-87 бетінде рим цифрымен I, II деп көрсетіп, омоним сөз ретінде қарастырған. Бұнда, сондай-ақ, III санымен берілген одағай сөз (ай) де бар. Ал біздің әңгіме қылғалы отырғанымыз - алғашқы екеуі. Себебі, жерге жарық сәуле беріп тұратын планета *ай* отыз күн ішінде әр қырынан көрінуіне қарай (аспандағы планеталар, денелер айналыс, қозғалыс үстінде болатынын естен шығармауымыз керек), жіңішке қалыптан дөңгелек қалыпқа біртіндеп айналып жетуіне байланысты (оны халық «ай туды» дейді, бұл әйел адамның екі қабат болған кездегі ішінің дөңгеленіп өсуі және босанған соң қайта өз қалпына келуіне ұқсастырылып айтылса керек) жылдың он екіден бір бөлігі жаңа бір (мерзім) айдың келіп ауысуы болады. Бұл үнемі қайталанып отыратын процесс. Ендеше, бұдан байқайтынымыз, бұл сөздің бірінші және екінші беретін мағыналарының арасында байланыс барлығы айдан анық. Бірақ қазіргі кезде әр мағына өз алдына толық дербестік алып кеткен. Сондықтан да оларды дербес сөз ретінде омонимнің қатарына жатқызып қарастырып жүрміз. Бұл байланысты ашып айтпаса, мектеп оқушысы оны сезбеуі де мүмкін. Сол сияқты: *жал* сөзі үш мағынада жұмсалады. 1. жан-жануарлардың желкесіне шыққан қыл. *Осы кезде алаң ортасына жеткен Тәттімбек бозжорғасының жалын сипады* (А.Сатаев,

Дала). 2. жылқының желке майы. *Бал қайнатып шай ішкен, қазы кертіп, жал жеген. Асты болар ма екенсің? Ұзақ жасап көбірек, Басты болар ма екенсің?* (С. Сейфуллин, Шығ.). 3. қырат, қырқа сілемі, жон-жота, адыр. *Ауылдың ілгері тұсында, иек артпа жерде жататын кішкене қоңыр жал қыс болды-ақ өзінен арғыны көлегейлеп көрсетпейді* (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім). ҚТТС, Алматы, 1978, 3 т., 556 бетінде осылай *жал* сөзінің мағыналарын өзара байланысты ұғымдарды көрсетуші мағыналар ретінде көрсеткен. Бұл, әрине, дұрыс. Бірақ бұл сөздің үшінші мағынасы бірінші негізгі (тура) мағынаның негізінде жылқының (күланның, арыстанның, есектің) желкесі үстіне өскен қалың қылдың ұзыннан ұзақ созылып жатуына ұқсастырылып, метафора жолымен *белес, қырқа сілемі, адырға* да ауыстырылып қолданылған. Кейін келе, бұл атаулар жеке-жеке

заттардың атауы ретінде дербестікке толық ие болып омоним сөзге айналып кеткен іспетті. Аталған сөздікте **жал** сөзінің тағы бір түрі берілген. Ол а) *ақы алу үшін жалданып істейтін уақытша жұмыс*; ә) *белгілі қаржы үшін уақытша пайдалануға берілген орын*. Бұл - дыбысталуы жағынан кездейсоқ сәйкес келуі екендігінде сөз жоқ. Демек, *жал* сөзінен екі омонимдік қатар түзейді деп емес, үш омонимдік қатар құрылады десек дұрысырақ болар. Алайда, бұл сөздің мағыналық ыдырау процесі аяқталмағандықтан, оны кейде бір сөздің аясындағы мағыналар деп, кейде омоним деп қарап жүрміз.

Ал енді **жас** сөзіне келетін болсақ, бұның семантикасын әр ізденуші әр түрлі ашуға тырысқандығын байқадық. Жалпы бұл сөздің беретін мағыналары төмендегідей: 1. зат. адамның жан-жануарлардың т.б өмір сүру мезгілін белгілейтін уақыт, жыл саны. *Өзіме тете ағам бар, менен екі-үш жас үлкен болғанымен, менің бойым одан аласа емес* (Б. Майлин, Шығ.). 2. сын. а) жас өспірім, жеткіншек, қыз-бозбала. *Ақыл жастан, асыл тастан* (мақал); ә) уылжыған, балғын, кіші. *Сізді мұғалім дегенге адам сенетін емес, өте жас екенсіз* (Н.Сералиев, Ыстық күлше); б) жаңа туған, кәрі емес (төл). *Жас ботаның жаудыраған көзі қандай әдемі* (Қазақ әдебиеті); в) жаңа көктеп шыққан, буыны қатпаған, қурамаған, сарғаймаған өсімдік. *Сараңдау көтеріліп өскен жас егін елдің көзін бірден тартты* (С. Бегалин, Ана). 3. кеппеген, қатпаған (тағам, не басқа бір зат). *Сорпа-су ішіп, жас ет жесе, оңалып кетер еді* (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек.). 4. зат. жылағанда көзден шығатын сұйық зат. *Балуанды көргенде Ғалияның аузынан леп, көзінен жас шықпай қалды* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Н.И. Егоров бұны бір сөздің мағынасынан өрбіген деп көрсетсе, Қажыбеков Ерден Задаұлы «Семантика тюркских слов» деп аталатын еңбегінде бұған қарсы дау айтады: «... Нельзя так же согласоваться и обратным явлением – как бы стягиванием омонимов (часто генетически родственных) в структуру одной лексемы. Так, например, навряд ли правомерно объединят в состав одного слова значение: «Зеленый, молодой и год, возраст» на уровне пратюркского, который по мнению Н.И. Егорова «через прабулгарской *йаал* развелось в чувашском *сул* «год, возраст», откуда и чувашское *сулса* «лист, листва, зелень» (Егоров. 1986, с. 15) смотрите также в Егорове 1986 г., с. 59 – протобулгарский (прототюркский: зелень, молодой, свежий,

зеленый, возраст» - чувашский *сул//сол* год, возраст: *сулса//солча* «листва, листы, растения» протомонгольский «молодой, юноша; +монгольский *залуу* «юный, молод -- (тув. *чалосый* «молод, юный»), - дей келе, бұл сөздің семантикалық дамуына Қытай саяхатшысы Хе Эн Хунд «жыл шөптің өсуімен өлшенеді» деген қызғылықты ескертпе айтқандығын айтады [65]. Бұл пікірлерге қарағанда, «жас» сөзінің жоғарыдағы мағыналарының арасында семантикалық байланыстың болатындығына (дұрысын айтсақ, болғандығына) күмән туғызбасақ керек. «Жаңа көктеп шыққан, буыны қатпаған, құрамаған өсімдіктің желкілдеп, жап-жасыл болып айналаға сән беруіне байланысты жас өспірім, жеткіншек, уылжыған, балғындық, жастық шақ» мағынасы шықса керек. («Тіршіліктің көзі – өсімдік» деген сөйлеммен «Болашақ жастардың қолында» деген екі сөйлемді салыстыратын болсақ та осыны сездіргендей емес пе?!). Енді осыдан жастық шақ адамның, жан-жануардың т.б. өмір сүру мезгілін белгілейтін уақыт, жыл саны деген мағынаға ауысқанға ұқсайды. Жасыл шөпте таңертеңгі мезгілде суланып шық тұруы немесе оның тамырының дымқылданып тұруын ескерсек, бұл сөздің үшінші (жылағанда көзден шығатын сұйық зат) жас мағынасы туған. Я болмаса, адам жасына жас қосылған сайын, егде тарта бастағаннан-ақ, оның көзі суланып, жас үйіріліп келе беруімен байланысты туды ма деген ойға келдік. Олай болса, қытай саяхаткері Хе Эн Хундтың жыл шөптің өсуімен өлшенеді деуі тегін болмаса керек. Қалай болғанда да бұл сөздің мағыналары бір негізден шыққан; кейіннен алды-алдана бөлек заттардың атауы болып орнығып гомогенді омоним жасалған.

Осы сияқты зат есім **ық I** мен етістік **ық II** сөздерінің мағыналарын да қарауға болады. **Ық I** зат. 1. үйдің, қораның т.б. желден, жауыннан қаға беріс ықтасын жағы, қалқасы (Мәселен, *Мен районо үйінің ығындағы орындыққа келіп отырдым* (Н.Сералиев, Ыстық күлше). *Жүздеген маса палатканың жел тимейтін ық жағына келіп қонып жатты* (Т.Досжанов, Зиянды насеком)). 2. ауыс. жағдаят, ыңғай (Мәселен, *Ол Байболаттың қатал кейпін көріп ығына көне берді* (С.Омаров, Өмір)). **Ық II**. ет. 1. жауын-шашында, қатты боранда малдың (қой мен жылқының) өз орнынан ауа көшуі, ық іздеп кетуі (Мәселен, *Олар талай рет боран мен нөсер жауында ыққан жылқыны ауылға аман жеткізіп жүрді* (Т.Айнабеков, Алғы)). 2. балық аулау

кезінде, жарылған мұз үстінде су ағынына кету (Мәселен, *Жел терістіктен көтерілді де, ыққан мұзды теңіздің ортасына қарай айдады* (Т.Құрманғалиев, Теңіз). 3. ауыс. жасқану, қаймығу, тайқу (Мәселен, *Қылмысы болмаса, несіне ығады ол* (М.Гумеров, Хазірет)). Міне, бұл сөздің мағыналарының шығу төркіні бір екенін аңлау қиын емес. Егер *жас* сөзінің мағыналық ыдырау процесі аяқталған, мағыналық байланыс сезілмейтін күйге жетті десек, *ық* сөзінің мағыналарының ыдырау процесі әлі аяқтала қоймаған. Өйткені бұлардың арасындағы мағыналық байланыс әлі де болса сезілуі мүмкін.

Сонымен, сөздер негізгі мағынасының үстіне қосымша мағыналар үстеп алады. Ал ол мағыналар ұзақ қолданудың нәтижесінде кей жағдайда тілімізде өз дербестігін алып кетеді. Соның негізінде (көп мағыналы сөздің есебінен) омоним сөздер жасалады. Соған орай, тіл білімінде омонимдерді үлкен екі топқа бөліп қарастырамыз: гетрогенді (әр текті) омонимдер және гомогенді (бір текті) омонимдер.

Гетрогенді (әр текті)омонимдер деп шығу тегі бөлек-бөлек тұлғалық жақтан сөздік құрамда кездейсоқ сәйкес келетін лексикалық единицаларды айтамыз. Бұл грек тілінің *heteros* – «басқа» деген мағына беретін сөзінен алынған термин. Ал *гомогенді омонимдер* дегеніміз о бастағы бір сөзден мағыналық дамуы нәтижесінде туындап, ара қатынасы алыстап, бара-бара екі сөзге айналып кеткен лексемалар. Қазіргі кезде бұлар да сырттай дыбыстық формалары жағынан сәйкес келетін сөздер ретінде қабылданып жүр. Алайда олар қазақ тілінің ішкі даму заңдылықтары бойынша пайда болған.

Сөйтіп, сөздердің мағыналық жақтан дамуы нәтижесінде омонимдер жасалады. Метафора мәселесін егжей-тегжейлі қарастырған Б.Хасанов өз еңбегінің «омонимдердің пайда болуындағы метафораның дәнекерлік қызметі» деген тарауында былай деп түсініктеме береді: «... Сөздердің мағыналық жақтан дамуы нәтижесінде омонимдер жасалады. Дәлірек айтсақ, ауысқан мағынаның өзінің тағы да метафорлануы көбіне оны полисемант жүйесінен әбден бөлініп шығуына, басқа бір лексикалық единицаға, омонимге айналуына әкеліп соқтырады. Бұл құбылыс тіл-тілде кездесе береді» [66, 31].

Сондай-ақ ғалым: «Ғ.Мұсабаев бұрынғы бір еңбегінде кейбір сөздердің метафорлық мағыналарының ауыс немесе тұрақты мағынаға айналатынын, сөйтіп, лексикалық омонимдік қатар

күратынын айтқан болатын» дей келе, мына сияқты мысалдарды берген: **мойын** зат. *Басты кеудемен жалғастыратын дене мүшесі.* Енді біз адамның мойынын алып соған форма жағынан ұқсас келгендіктен *шамның мойны, бөтелке (шөлмектің) мойны* деп те айтатын болдық. **Өңеш** зат *1. жұтқынышақ пен асқазан арасындағы ас жүретін жол. 2. бір нәрсе өтетін кез келген тар жер; пештің түтін шығаратын бөлігі, яғни, заттың үңгір қуысы* деген ауыс мағынаға ие болады.

Біздіңше, бұл алынған мысалдар сәтті шықпаса керек. Өйткені, жоғарыдағы сөздердің беріп тұрған мағыналары басқа-басқа заттардың атауы болып ауысқанмен де, олар өз ара омоним бола алмайды. Бұл тек бір сөздің мағыналарын дамытып, көп мағыналық тудырудың жолы ғана. Бұдан метафора омоним жасауға негіз бола алмайды деген ұғым тумаса керек. Біз Б.Хасановтың пікірімен әрине, келісеміз. Метафораның негізінде жасалған семантикалық омонимдердің пайда болуы дамудың ұзақ жолынан өтеді. Мәселен, **қабырға** зат. **1.** Омыртқа мен төс сүйегін ұштастырып тұратын имектеу келген имек сүйек *...нағашымның дауысын анық естідім де, орнымнан атып тұрдым. Ауру қабырғам сырқырап ауырғандай болды* (С.Сейтхазин, Хадиша). **2.** Белгілі бір заттың тік бөлегі, қанаты. *Сөйлеп отырғанда Моисеевтің көзі көбінесе қабырғада ілулі тұрған картада болатын* (Ә.Нұрмаханова, Шығыс). **3.** ауыс. Бір заттың қатпалы тұсы. **4.** ауыс. Тірек, сүйеніш (ҚТТС, т. 5, Алматы, 1980, 465 б). Енді бұл сөзді жоғарыда айтылған полисемия мен омонимияның ара жігін ажыратуға арналған шарттарға салатын болсақ: сөзжасам жүйесінде (алдыңғы екі мағынада) бірінші қабырға (адамның дене мүшесі) жаңа сөз жасауға марғау, (екінші мағынасындағы «қабырға» сөзінен: *қабырғалық, қабырғасымақ, қабырғалас*), ал сөз тіркесінде *қабырғасы сынды, қабырғасы шытынады, қабырғам ойысты, қабырғам ауырды* сияқты біраз сөздермен ғана тіркесе алады. Ал екінші мағынасында *қабырғаға ілу, қабырға салу, қабырға соғу (бітіру), қабырғаны безендіру, қабырғаны әшекейлеу, сондай-ақ қабырғаны ақтау* тәрізді тіркестерден көруге болады.

Морфологиялық әдіске салсақ, бұл екі мағынада да сөздер тәуелденеді, септеледі, көптеледі; енді дәстүрлі тәсіл бойынша синоним таңдап көрелік, бірінші мағынасының синонимдік сыңары жоқ, ал екінші мағынасына *дуал, бөрене, қанат* секілді синонимдерді ала аламыз. Мұндағы соматизм қабырға екінші

мағынаның тууына негіз болып тұрғаны сөзсіз (адамның дене мүшесі қабырға ішкі құрылысты, яғни өкпе, жүрек, асқазан, өт сияқты адамның негізгі органдарын айнала қоршап тұрса, үй қабырғасы да қабырға I сықылды горизонталь (көлденеңнен) түсіп (ағаштан қалаған уақытта), ішінде тірі жан жүру үшін, оны зиянды құбылыстардан (желден, бораннан) сақтау мақсатында қаланады. Бірақ *соматизм қабырға* мен *үй қабырғасы* (жансыз объект) арасындағы ұқсастықтың олардың сырт бейнесіне ғана байланысты болғандықтан, оны ассоциативті-визуалды ұқсастық деп қарау керек. Бірі жанды, екіншісі жансыз затқа тән нысан болғандықтан, әрі шартқа сай бұлар тек гомогенді омоним ретінде қабылдануы керек.

Төбе сөзіне келетін болсақ, оның беретін мағыналары төмендегідей: *Төбе I* зат. Дөңгелене біткен биіктеу дөң жер. *Төбе II* зат. 1. Бастың ең үстіңгі бөлігі. Осы мағынаның негізінде мына сияқты туынды мағыналар берілген: 2. Бас киімнің үстіңгі жақ бөлшегі. 3. Үйдің үсті, жабылған жағы. 4. Бір заттың ұшар басы, ең жоғарғы жағы. 5. геом. Геометриялық фигуралардың *ең үстіңгі нүктесі*. Сөзжасам жүйесіне келсек, бірінші мағынасының төбешік, төбе-төбе, төбелі сияқты; екінші мағынасында төбетей, төбелес, төбелтас, т.с.с. туынды түбірлері бар. Морфологиялық тұрғыдан бірінші мағынасы көптеледі, ұсептеледі; екінші мағынасында тәуелденеді, тәуелденіп септеледі, абстрактыланып адам ұғымында көптеледі.

Дәстүрлік әдіс бойынша бірінші мағынасында тұрғанда *адыр*, *дөң*, *шошақ* сөздерімен синонимдік қатынасқа түссе, екінші мағынасында тұрғанда синоним табу қиын. Сөз тіркесінде: бірінші мағынасында *биік төбе*, *жартастанып келген төбе*, *Көктөбе*, *Ақтөбе*, *Қызылтөбе* сияқты бірсыпыра сөздермен тіркесіп келетін болса, екінші мағынасында тек тұрақты тіркес құрамында келеді: *Жүрегі тас төбесіне шықты* (қатты үрейленді, шошып кетті, қорықты). *Құдай тас төбеңнен ұрғыр!* (қарғыс. Алланың қаһарына ұшырағыр, тәңір атқыр). *Төбесінен жай түскендей болды* (оқыс естіген хабардан қатты шошыды). *Төбе көрсетті* (жай келіп көрініп кетті). Ауыспалы мағынада: *Төбесі тесік* (*төбесі жарық*) (басқа тілде сөйлегенді түсініп қоятын адам) т.б.

Этимологиялық жақтан келетін болсақ: Көне түркі сөздігі /КТС/ мен Древнетюркский словарь /ДТС/-да *Тор* 1. темя,

макушка, голова 2. вершина деп мысалдармен көрсетілген /ДТС. 6, 580/. Негізінде адам бірінші өзін танып, кейін маңындағыларға зер салатынын ескерсек, бірінші адамның дене мүшесінің бөлігі мағынасы алынып, кейін сол төбенің дөңгелене томпайып бітуімен ұқсастырылып, екінші мағынасы туды ма деген ойға келдік. Қалай болғанда да бұл мағыналар өзара семантикалық байланысып жататыны тілді жақсы (жетік) білетін адамға сезіліп тұрады. Алайда бұлар да мағыналық жақтан екеуі екі басқа нысан (бірі жанды затқа, екіншісі жансыз затқа нысан) болғандықтан, өзара гомогенді омоним болып тұр. Осы төбе сөзінің тағы бір мағынасы бар. Ол салт-дәстүрге қатысты өлген адамды жерлеуге жиналған жұртқа ауыл-ауыл, ру-руына қарай бірнеше топқа, яғни төбеге бөліп өлген адамның киім-кешегін (соңғы кезде ақшалай не мата, кездеме) тарату (Ә.Қайдаров материалдарынан). Сөйтіп елге үлестірілетін киім-кешектің бөлек-бөлек төбеге ұқсастырылып үйіп қоюынан туған. Яғни метафора жолымен жасалған гомогенді *төбе III* омонимі. Діни этнографизм ретінде осы *төбе* сөзіне кейде арабтың «сыйлық» мағынасында айтылатын *тәһнә* сөзімен төркіндес дейтіндер де бар.

Тамақ сөзін алатын болсақ, бұл сөз тілімізде екі мағынада жұмсалады. *Тамақ I* зат. Мойынның алдыңғы жағы, иектің асты. *Тамақ II* зат. Ішем-жем, тағам, дәм, ас. «Тамақ» сөзі де гомогенді омоним қатарына есептелуі керек. Себебі екі түрлі мағына беріп тұрған бұл сөз мағыналық жақтан бір негізден шыққан, бірінен-бірі туындаған. Оны КТС-нен байқауға болады. Бұнда *тамақ I* горло, глотка, задняя часть неба деп (*asal tatrur ilkin tamag tatitip*) *tamag = tamayag* дегендерді салыстыруға берген. *Тамақ II tamay iduq* геогр. название местности деп көрсеткен /ДТС, 529/. Сонда *тамақ II* қазіргі тілдегі (*ас, тағам* мағынасы) метонимия жолымен шектестік арқылы ауысқан (адамның ішер тамағы, асы) ауызға түсіп, одан асқазанға *тамақ I* арқылы өтуінен туындаған. (Салыс: алма ағашы және оның беретін миуасы, жемісі де бір ғана «алма» атауымен берілгені сияқты). Бұл сөздің жоғарыда берілген мағыналарына алынған синонимдер бір синонимдік қатар түземейді: *тамақ I* - өңеш, өңір, кеңірдек; *тамақ II* - ас, тағам, ішкілік. Сөз тіркесінде *тамақ I. Тамағын кенеді* (бір нәрсе айтпақ болып, сөйлер алдында жөткіріну); *Тамақ II. Арам тамақ* (жатып ішер, масыл), *тамақ асырады* (күнін көрді, күнелтті), *тамақ айырды* (талшық етті, күнелтті) /ҚТТС, т.8, 6.574/.

Өріс сөзі тілімізде бірнеше мағына береді: *Өріс I* зат. 1. Ауыл маңынан шалғайлау оты мол, мал жайылымдық жер. 2.

ауыс. Білім дәрежесі, дүние танымы. 3. ауыс. Үрім-бұтақ, жегжат. Бұдан *өріс алды, дамыды, ілгері басты, құлаш жайды*. (Өрісі тар, шолақ ойлайтын, білім-парасаты таяз).

Өріс II зат. кәсіб. Құрылған өрмек жібінің ұзындығы. Өріс жібі өрмектің немесе тоқылған матаның негізін құрайтын ұзына бойына бір-біріне параллель орналасқан жіп /ҚТТС, т.7, А., 1983, 6,577-578/. Бұлар да дыбыстық жақтан кездейсоқ сәйкес келген сөздер болмаса керек. Олай дейтін себебіміз мал өріске жайылғанда бір кішкене жерді (территорияны) алып қана қоймайды, олар, біріншіден, ауылдан аулағырақ (жіп сияқты созылып жатқан) автомобиль жүретін жолмен емес, мал жүретін жолмен барып, ұзыннан-ұзақ жерде жайылады. Сол сияқты адам баласы білім дәрежесін тереңдетіп, дүниетанымын кеңейту үшін ұзын соқпақ жолдан өтеді. Адамның үрім-бұтағын бір қатарға салсаң, созылып жататыны сияқты. Ендеше, *өріс II* де осы негізден шыққан деуге толық болады. Сол себепті бұлардың бәрін де гомогенді омоним дейміз. Ал «Қазақ тілінің омонимдер сөздігін» құрастырған Мәруа Белбаева бұл сөздердің біреуін де ол сөздікке енгізбеген. «»азақ тілінің түсіндірме сөздігін» алатын болсақ, бұл сөздің осы екі мағынасын көрсетіп, омоним сөз ретінде берген және *төбе* сөзінің I, II мағыналарының орындары ауыстырылып берілген. Демек, бұл фактор қазақ тілінің омонимия жүйесі әлі күнге дейін жан-жақты зерттеліп, лексикографиялық еңбектерде өз орнегін таба қоймағандығын көрсетеді. Теориялық зерттеулердің жоқтығынан көп мағыналық пен омонимияның ара жігін ажыратуда да көптеген түсінбестіктер байқалады. Әсіресе, бір лексемадан туындаған гомогенді омонимдердің әрбірінің өзіндік мағына шеңберіне жататын туынды, ауыспалы мағыналы сөздерді таратуда да сөздіктерде кемшіліктер аз емес. «Омонимдер сөздігінде» берілген *құлақ* сөзіне тоқталайық. Онда: *Құлақ* зат. 1. Адам мен жануарлардың есіту мүшесі. 2. ауыс. Бас киімнің құлақты жауып тұратын бөлшегі. 3. ауыс. Заттың ұстауға арналған жері, тұтқасы (қазанның, телефонның, т.б.) 4. ауыс. Музыкалық аспаптың ішегін қатайтып немесе босатып тұратын тетігі. *Құлақ II* зат. кәсіб. Арықтағы суды жырып әкететін кішкене тоспа. Арықтың құлағын ашқаннан кейін, су егінге тарайды /Диал.сөзд./, /ҚТТС, т.6, 6.451-452/. Бұл сөздердің арасындағы байланысты *бұлақ* сөзімен байланыстыра отырып, аңғаруға болады. *Бұлақ I* зат. Қайнар көз, кішігірім су, бастау. *Бұлақ II* зат. Құлақтан ағатын ірің, ауру. Бұл сөздің мағыналары метафора тәсілімен бір заттың (судың) белгілі бір

жерден бастау алып төмен карай ағуымен байланысты, яғни қозғалысы арқылы ұқсасып бірінен-бірі туындаса, *құлақ II* де осы сияқты туындаған мағына. Оның кішкене тоспа формасы құлаққа ұқсас келуі де мүмкін. Міне, осы сияқты омонимдердің бәрі көп мағыналық сөздің мағыналық ыдырауы, сөйтіп әр басқа зат немесе құбылысқа тарап атау болуы негізінде туынған. Олардың бірінде мағыналық байланыс әлі де болса сезіліп тұрса, бірінде тек этимологиялық жақтан талдау негізінде туған. Және олардың бірі метафора арқылы жасалса, енді бірі метонимия, қайсы біреулері синекдоха не қызмет бірлігі тәсілі арқылы да пайда болған. Мұндай омонимдер тілімізде бірнешеу. Оларды іштей түр-түске байланысты, қызметіне қарай, себеп-салдар негізінде т.с.с. бөліп жіктеп қарастыруымызға да болды.

3.3 Антонимдердің лексикалық-семантикалық сипаты

Лексикология үшін үлкен қызығушылық тудыратын құбылыстың бірі – антонимдер. Антонимдік қатынастар тілдегі семантикалық парадигманың бір көрінісі. Егер мағыналары жуық, мәндес сөздерді синонимдер деп атайтын болсақ, антонимдер, керсінше, қарсы мәндес сөздер.

Антонимия – тілдің лексикалық жүйесінде синонимия сияқты басқа жүйелік категорияларға қарағанда аз зерттелген негізгі құбылыстардың бірі. «Антоним» деген лингвистикалық терминнің тіл біліміне енуінің өзі қызығушылық тудырады. Тұлға мен мазмұн жағынан «синоним» терминімен қатысты бола тұра, ол тіл біліміне салыстырмалы түрде кеш енді.

В.А. Иванов «Антоним термині жөнінде» деген мақаласында оның тіл біліміне қалай енгендігін жақсы баяндап берген. Антоним терминін И.Ф. Калайдович 1826 жылы жарық көрген «Краткое изложение правил для составления ручного словаря нынешнего языка русского, с приложением пробных листов словаря» деген кітабында алғаш рет қолданып және оның пайда болу жолын түсіндіргендігін айтады [67, 100].

Бұдан аңдайтынымыз, И.Ф. Калайдович өз еңбегінде антоним терминін жай ғана айтып кетпей («антони» термині гректің **anti** – «қарсы» және **opota** – «атау» деген сөздерінен шыққандағын айтқан), сонымен қатар оның әлі де болса тың жатқан мәселе екендігін, оны зерттей түсу қажеттігін көрсетіп, антонимді

лексикографияда бірінші рет қолдануға ұмтылушылық болғандығын тілге тиек етеді. Мәселен, И.Ф. Калайдович *қулық* сөзіне *зұлымдық*, *мекерлік*, *жауыздық* сөздерін синоним ретінде алады; *Жамандық* сөзіне *жақсылық*, *игілік* сөздерін антоним ретінде көрсетеді.

В.А. Ивановтың айтуы бойынша әрі қарай таңғалдырарлық құбылыс болған болса керек «антоним» термині де жалпы антоним жайында да ешбір сөз болмай, ол мүлде ұмтылады да, тек он жылдан соң барып қана қайта көңіл бөлінеді, бірақ енді ол француз тілінен енген термин ретінде қарастырылады. ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басында «антоним» термині екінші рет лингвистикалық әдебиеттерде пайдаланыла басталды, ал ХХ ғасырдың 30 жылдарынан бастап ғылыми және оқыту лингвистикалық практикасында белсенді қолданылды. Алайда 50-жылға дейін бұл термин көбінесе әдебиеттанумен байланысты қолданылып, стилистикалық қатарда жұмсалды [5, 159]. Антонимді лексикалық құбылыс ретінде қарқынды зерттеу шамамен біздің ғасырымыздың соңғы үшінші он жылдығына жатады.

ХУІІІ-ХІХ ғасырда қарама-қарсы сөздерді әр түрлі атаумен белгіледі: «қарсы заттар» (М.В. Ломоносов); «қарсы мәнді атауыш сөздер, қарама-қарсы сөздер, қарсы атауыш сөздер» (И.И. Срезневский); «қарама-қайшылық», «қарама-қарсы» (И.И. Давыдов) т.б..

Қазіргі лингвистикалық ғылымда антонимия мәселесі едәуір зерттелген десек те, тілдің дамуы тұрғысынан, оның кейбір жақтарын әлі де болса аша түсуіміз қажет. Антоним терминінің өзін әр зерттеуші әр түрлі түсіндіреді. Бірақ олардың антонимге берген анықтамалары бір-біріне ұқсас келеді: М.А. Петрова: «Антонимы – слова с противоположенным значением». Например: правда – ложь, молодость – старость, тьма – свет, черный – белый деп берген. Ал 1964 жылы шыққан «Орыс тілінің лексикологиясы» кітабының 63-бетінде Н.А. Шанский: «Антонимы являются словами разного звучания, которые выражают противоположеные, но соотносительные друг с другом понятия», - десе [68, 63], Л.А. Булаховский: «Ассоциация по противоположенности (предполагающая одновременно наличие сходства в каком-то отношении) лежит в основании различения антонимов – слов с противоположенным значением» (греч. искусств, «противоположенное наименование»), - дейді [45, 44]. Д.Н. Шмелев: «Антонимами могут быть признаны слова, которые

противопоставлены по самому общему и существенному для их значения семантическому признаку, причем находятся на крайних точках соответствующей лексико-семантической парадигмы», - деп көрсетеді [3, 145].

Антонимдерге осы секілді анықтамалар берілгенмен де, олардың табиғатын түсіну үшін, ең алдымен, осы қарама-қарсылық дегеннің өзін анықтап алу керек. Бұл мәселе көптеген ізденушілерді ойландырған. Мәселен, В.Н. Ключева: «Сложность работы над антонимами заключается в трудности самого определения того, что такое «противоположеное понятие» мы можем противопоставлять слова (понятия) по разным причинам», - деп төменде бірнеше қарсы қойылатын сөздердің себебін ашуға тырысқан [69]. А.А. Киреев те: «сам термин «антоним» понимается по разному. Некоторые языковеды относят к антонимам только те слова, которые выражают качественные понятия», - деп көрсетеді. В.Н. Комиссаров: «Хотя научно-лингвистическое осмысление о сущности антонимов связано со значительными трудностями само существование в языке слов – антонимов ясно осознается и не может быть подвергнуто сомнению», - дейді [71].

Шынымен-ақ, тілде антоним сөздердің болатынына ешкім де дау айтып, күмәнданбайды. Дегенмен антонимия құбылысын жоққа шығаруға тырысқан (Лесник, Э.Сэпир) зерттеушілер де жоқ емес. Бірақ мағына қарама-қарсылығы дегенді қалай түсінеміз. Тіліміздегі кез келген сөздерге антоним табыла бере ме деген сияқты мәселелер зерттеушілерді ойландырғандығы да рас. Біреулері:

1. Можно противопоставлять любое слово другому слову являющимся выражением отрицающегося соответственно предметного понятия. Напр.: русский – нерусский.

2. Можно противопоставлять слова путем отрицания данного качества и действия. Напр.: умный - неумный, любит – нелюбит.

3. Путем выбора наиболее удаленного полярного качества по отношению к данному слову: прекрасный, красивый, миловидный, хороший, некрасивый, безобразный. Наиболее полярными словами являются прекрасный и безобразный. Это наиболее четко выраженные группы антонимов обозначаемых качество.

4. Можно противопоставлять слова с пространственным значением:

въехать - выехать.

5. Можно по физическому полу: петух - курица.

6. Может быть противопоставлены количественный характер:

много - мало, один - все.

7. Местоимение: мы - они, у нас - у вас.

8. Можно противопоставлять соотносительные слова, т.е. такие

которые в смысловом отношении связаны различными ассоциациями. Напр.: сестра - брат, гора - равнина.

9. Слова, один из которых имеет оценочный характер - положение

или отрицание: дом - дворец или суфф. (дом - домишка).

10. Можно противопоставлять слова на основании заключающихся в них отдельных полярных качеств. Напр.: понятие «гора» ничем не связаны с понятием «мышь», но сравнив их по величине можно их противопоставлять друг-другу в определенном контексте-антитезе,- деп санамалап керсеткен [69].

Енді біреулері барлық сөздердің бәрінің бірдей антонимдері бола бермейді, тек сапалық ұғымда немесе қандай да бір сапалық қасиетті білдіретін сөздердің ғана антонимі болады дейді. Мәселен *күшті* (адам) сапасы – әлсіз сапасына тез қарсы қойылады. Ал *кітап, дәптер, шалбар* деген сияқты зат есімдерге, сондай-ақ *темір* немесе *күміс* секілді қатыстық сын есімдерге антоним табу мүмкін емес. Бағдаршамда жасыл түске қызыл түс қарсы қойылады, ал өмірде (суретші) оларды қарсы түс деп айта алмаймыз.

Шетел лингвистері антонимдерді мағыналық байланысына қарай үш топқа бөліп қарастырған: 1. Контрарлық қарама-қарсылық. (Мұндай сөздердің арасында орталық, аралық мүше болады). «Вместе с крайними своими членами ряда таких антонимов, характеризуются градуальностью, т.е. тем, что между крайними точками основного противопоставления возможны промежуточные» (Шмелев, 1977, стр. 205). 2. Комплементарлық қарама-қарсылық (орталық межесі жоқ). 3. Векторлық қарама-қарсылық (қозғалыс, іс әрекет, сапа белгінің әр алуан бағытына негізделуі мүмкін). Н.И. Гайнуллина да Л.А. Новиков ұсынған бағытты қолдаған [5, 72]. Ал қазақ тілінің семантикасы мәселесін зерттеп жүрген М.Оразов: «Сөздерді антонимдік қатысына қарай тек белгілі

семантикалық топтардың аясында бөліп, сол топтармен байланыстыра қараған жөн. Л.А. Новиков көрсеткен үш түрлі парадигмалық байланыс осы топ элементтерінің арасында ғана анықталады. Оның көрсеткен антонимдерінің түрлері бір өлшемге негізделінбегендіктен көпшілік лексикологтар оны қабылдамай жүр», - дегенді айтады. Бұндағы бір өлшемге негізделмеген деп отырғаны, бірінші мен екінші топ қатарға байланысты элемент санымен байланысты болса, үшінші топ семаларының қатысына қарай топталады. Сонымен бірге М.Оразов антонимдерді мағынасына қарай топтаған кезде мынадай мәселелерге көңіл аудару керектігін айтады: 1. Сөздер антонимдік қатардың сыңары ретінде қолданылған кезде тура (номинативтік) мағынада тұра ма, ауыспалы (келтірінді, контекстік) мағынада қолданылып тұр ма деген сұрақтардың басын ашып алу керек. Сондай-ақ, көп мағыналы сөздердің бір мағынасы (барлығы емес) басқа сөздердің мағынасымен (не көп мағыналы басқа сөздердің бір мағынасымен) антонимдік қатынаста болуы мүмкін. Бұны да есепке алу керек. 2. Антоним болатын сөздердің тұлғалық құрамына да көңіл аудару керек. Яғни туынды түбір сөздерді антонимдік қатарға жатқызу, я жатқызбау мәселесін анықтау. Ондай анықтаудың негізі ұғым мен сөз мағынасында, қарама-қарсы қоюдың сипатында жатыр. Қарама-қарсы қою тек тілдік категория болып саналмайды, гнесиологиялық та, психологиялық та категория. 3. Қарама-қарсылық категориясы өзгермелі, салыстырмалы қасиетке ие болады. 4. Қарама-қарсылық тек ұғымда ғана болмайтын құбылыс, ол табиғатта да, қоғамда да болатын, объективтік сипаты бар құбылыс. 5. Қарама-қарсылық өсіп, сандық қарама-қарсылықтан сапалық қарама-қарсылыққа өтуі мүмкін. Тіл элементтері арасындағы қарама-қарсылық сәл басқашалау сипатқа ие, ол ұғыммен, ойлаумен байланысып жатады. Антонимияны түсіну үшін бұл құбылыс жиі бой көрсететін негізгі логикалық аймақты (байланысты) білу ләзім. Антонимиялық қатынас ретінде қандай да бір сапасы жағынан арақатынаста болатын сөздер, әдетте, сапалық, сандық, мерзімдік, кеңістік және ақиқат өмірдегі бір ғана категорияға жататын өзара бірін-бірі жоққа шығарушы ұғымдар жүреді. Осыған орай, логикалық байланыспен шарттасатын және белгілі бір ұғымға жататын антонимдердің келесі тобын көрсетуге болады: 1. Адамның іс-әрекеті мен қалпын көрсететін: *жұмыс - демалыс; науқастану - сауығу; сау - ауру өмір - өлім; жеңіс - жеңіліс; кәртаю - жасару; қуану - қайғыру; достасу - қастасу т.б.* 2. Табиғаттағы құбылысты білдіретін

антоним: *ыстық - суық, жарық - қараңғы, аспан - жер, бұлттану - ашылу т.с.с.* 3. Мезгіл мен мекен ұғымдарын көрсететін антонимдер: *жаз - қыс, күн - түн, ерте - кеш т.б..* 4. Сындық қасиетті білдіретін антонимдер. Қолда бар материалдардың көрсетуінше, антонимдік қатынасқа көбінесе сын есімдер түседі. Сондықтан да оларды өз ішінен: а) заттың түсін білдіретін антонимдер: *ақ - қара*; ә) заттың көлемін білдіретін сын есімді антонимдер: *тар - кең, үлкен - кіші, жуан - жіңішке, алыс - жақын*; б) заттың салмағын білдіретін сын есімдер: *ауыр - жеңіл*; в) заттың ішкі сипатын, түрлі қасиеттерін білдіретін: *жақсы - жаман, сараң - мырза, қу - ақымақ, жуас - дөрекі, қорқақ - батыр*; г) заттардың дәмін, иісін білдіретін: *дәмді - татымсыз, тәтті - ашты*; ғ) адамның көңіл-күйін білдіруге байланысты қолданылатын сын есімдер: *қуанышты - қайғылы, көңілді - ренжулі т.б.* деп те бөліп көрсетуге болады.

Сонымен, антонимия (антонимика) - лексикалық единицаның мағыналық жағынан қарама-қарсылығы, ал антонимдер (грек. анти- "қарсы" + опита, опота - "ат, атау, есім") - бір сөз табына жататын қайшы ұғымдарды білдіреді және мағыналық жағынан бір-біріне қарама-қарсы сөздер. Мысалы: *алыс - жақын, ақ - қара, бар - жоқ, өмір - өлім т.б.*

Сөз мағынасындағы қарама-қарсылық (антонимдік қасиет) формаль логикадағы екі ұғымға: 1. қарама-қарсылыққа (противоположность) 2. қайшылыққа немесе үйлеспеушілікке сәйкес келеді.

Және де қарама-қарсылық екі түрлі болуы мүмкін: а) бір заттың бойындағы немесе бір құбылыстың ішіндегі қарама-қарсылық және ә) екі заттың не құбылыстың арасындағы қарама-қарсылық. Мәселен, *жоғары - төмен* десек бұл бір затқа тән, яғни қандай болмасын бір құбылыстың қандай да бір бағытын көрсетуге негізделген; ал антоним сөздер кейде бір затты не құбылысты қарсы позициямен сипаттайды. Бұндай қарама-қарсылық әр түрлі сапа, қасиет, қатынас, қозғалыс, жағдай т.б. белгілерді атай отырып көрінеді. Мәселен, *ауыр - жеңіл* (салмақ), *алыс - жақын* (ара қашықтық), *көтерілу - түсу* (қозғалыс) т.с.с. Демек, қарама-қарсылық, М.Оразов көрсеткендей, бір жақты болмайды, екі жақты болады да, бірі екіншісін шақырып отырады. *Жақсы және жаман* десек, бұл бір қасиеттің екі шеті, оның орталық межесі – *орташа*. Бұларды антоним етіп тұрған қарама-қарсылық

қатынасқа түсіріп тұрған салыстыру процесі емес, бағалау. Ал *өлі мен тірі* десек, ол бір заттың екі түрлі қалпы ғана. Онда орталық шек те (меже деп түсіну керек шығар), бағалау да жоқ, тек салыстыру ғана бар [73, 146].


3.4 Көп мағыналы сөздердің ұғымдық сипаты негізінде туындаған антонимдер

Антоним бір сөз табына енетін сөздер арасында болады да, бір лексика-семантикалық топтың құрамында өмір сүреді. Олар семантикалық құбылыс болғандықтан, сөздік құрамдағы басқа сөздермен қат-қабат байланысқа түсіп, мидай араласып жатады. «Антоним сөздердің көп мағыналы болып келуі де мүмкін. Сондай-ақ бір антоним сөздің бірнеше синонимі болуы тілде жиі кездеседі. Олар ауыс мағынада да қолданылып, контексте әр қырынан көріне береді. Сөз мағынасы құбылғыш келеді. Мағынаның дамуы барысында тұрақты мағына да, ауыс мағына да, контекстік мағыналар да, жаңа мағыналар да туып олар бірде кеңейіп, бірде тарайып отыруы мүмкін. Осыған орай бір сөздің белгілі контексте ғана ашылатын бірнеше мағынасы болуы тіл-тілде кездесе беретін заңды құбылыс».

Антонимдер сөздің бүкіл мағынасында емес, тек белгілі мағынасында ғана жақындасады. Демек синонимді қарастырғандай, антонимді қарастыруда да, антоним тандауда да сөздің көп мағыналылығын ескеру қажет. Мәселен, **төмен** сөзін алсақ; ол тек қана *биік* сөзіне антоним болып қоймайды: *төмен - жоғары* (ұшуға байланысты), *төмен - жақсы* (хал-қуаты). Сондай-ақ, «**күн**» мезгілді білдірсе, оған антоним ретінде *түн* сөзін аламыз. Ал егер планета мағынасында тұрса, онда *ай* сөзін аламыз, бұл сөз символ ретінде тұрақты тіркес құрамында да келеді: «ай десе аузы, күн десе көзі бар», бұл жерде ұқсас құбылыс ретінде қолданылып сұлу, сымбатты (қыз бала) адам негізінде жүр.

Көп мағыналы сөз әртүрлі ұғымды білдіреді дедік. Осындай көп мағыналы сөздің ұғымдық сипаты негізінде антонимдер саны да молайып отырады. Мәселен, **мейірбан** сөзіне *жомарт* мағынасында «*сараң*» сөзі антоним, егер **мейірбан** сөзі *қайрымды* мағынасында танылған болса, «*қатыгез*» сөзі оған антоним болатыны сөзсіз. Осылай, бір ғана сөздің көп мағынасы болғандықтан, әр алуан антонимі және әр алуан синонимі бола береді.

Мұндай сөздерді сызбаға салсақ:



Бұдан байқайтынымыз, сөздік құрамдағы сөздер (лексика-семантикалық топтар) іштей бір-бірімен тығыз байланысып мидай араласып жататын жүйелі құрылым. Бұлардың байланысы синтагмалық сипатында айқын көрінеді.

Біздің жұмысымыздың зерттеу нысаны полисемиялы сөздердің басқа лексика-семантикалық топтармен байланысын көрсету болғандықтан, біз төменде көп мағыналы сөздердің есебінен жасалынған антонимдерге бірнеше мысал келтірдік: *Айығу* 1. Күннің ашылуы. 2. Ауырудан жазылу, тәуір болу, сауығу. 3. ауыс. Сейілу, сергу /ҚТТС, т. 1, А., 1974, б.113/. *Айығу - бұлттану; Айығу - асқыну; (ҚТАС, б. 30) 1. Науқасымнан тез айығып кете алмай, сол жылы оқудан қалып қойдым ... Бері келе ауру асқынып маған жазу жұмысымен шұғылдануға тіпті мүмкіндік бермей қойды (С.Көбеев). 2. Аспан қою бұлттан айығып, таң белгі бере бастады (С.Бегалин). Айналырған ауру алмай қоймас, Бұлттанған күн жаумамай қоймас (Мақал). Ақырын үст. 1. Жай, аспай-саспай, баяу. 2. Ептеп, білдірмей. 3. Байқа, абайла.*

Ақырын - қатты;

Ақырын - тез;

Ақырын - шапшаң.

Мәселен, *Ақырын айтсаң, көнбейді, Қатты айтсаң, ренжиді. Қатты жүрсең, қазық аяқ дейді. Ақырын жүрсең, малма аяқ дейді (Мақал). Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға ... (Абай). Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы сықылды тез суалар (Абай). Ақырын ғана су жылжып, қырқадан сайға ағады (Ә.Сәрсенбаев). Осы бір кештің қалай шапшаң өткенін сезбей де қалыптын (М.Әуезов).*

Аласа. сын. 1. Биік емес, жатаған. 2. Бойы ұзын емес, қысқа,

тапал. *Аласа - биік;*

Аласа - ұзын (Бұл сөз неге екенін қайдам ҚТАС-ге енбеген).

Алғыс зат. 1. Ізгі ниет, ықылас. 2. Үздік еңбегі үшін айтылатын ресми құрмет.

Алғыс - қарғыс;

Алғыс - сөгіс.

Айтқаны қата болмай келе берген, Кәрін тіккен адамы өле берген. Ем қылып алғысын да, қарғысын да, «Алласы» қасиетті бере берген (Б. Майлин). *Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал* (Мақал). *Ақыл айтар туғандар, бұл сөзімді ойлаңдар. Кәтелочке көбейді, сөгіс естіп тозды ажар* (Абай). Сөзде мағынаның тармақталуына, көбінесе, олардың (метафора, метонимия, синекдоха арқылы туған) ауыспалы мағынада қолданылуы әсер етеді. Мәселен, *мәнерлеп оқыды - мәнерлеп қарады* дегенде: *мәнерлеп оқу*, яғни *жақсылап, тыныс белгілеріне мән бере отырып көркемдеп, әдемілеп интонациялық оқу*; ал *мәнерлеп қарады* дегеннен *сүйсіне, қолдай*, я болмаса *сынап, барлай* немесе *қаһарлы, сұсты жүзбен өңменіңнен өтердей етіп қарау* дегенді түсінеміз. Сонда антонимді таңдап алуда сөзді мән бере, түсіну керек, ал ол үшін оның сөйлем ішінде, контексте қалай қолданылып, қандай мағына беретінін аңдау қажет. Сөз ауыспалы мағынада да қолданылып, контексте әр қырынан көріне береді екен.

Қазақ тіліндегі антонимдерді зерттеген ғалым Ж.Мусин логикалық қарама-қарсылық пен тілдік антонимдердің арасындағы айырмашылықтың өзі осында екенін, логикалық ауыс мағынада қолданылмайтынын, ұғым әрдайым нақты болатынын айтады. Ал тілдегі сөздердің ауыс мағынасы олардың негізгі тура мағынасынан туындайды. Ол туралы І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев былай дейді: «...тура мағынадан басқа кезкелген келтірінді мағыналардың тууы көбінесе сөздің ауыс мағынада қолданылуынан пайда болады. Ауыс мағына сөздің негізгі мағынасынан туып дамиды» [25]. Кейде сөз өзінің негізгі, тура мағынасында тұрған кезде оның антонимі болмайды да, ал ауыспалы мағынаға ие болған уақытта оған антоним табыла кететін кездері болады. Мәселен, *бас* сөзінің бірнеше мағынасы бар екендігі бізге аян. Егер біз оны тура мағынасында (адам, жан-жануарлардың дене мүшесі) алған болсақ, ол *аяқ* сөзіне антоним бола алмайды. Ал егер де *істің басы - істің аяғы* десек, не болмаса *таудың басы - таудың етегі* десек, онда олар ауыспалы мағынада келіп өзара антоним бола

алады. Ал кейде, керсінше, ауыс мағынада келгенде, оның антонимі болмай шығуы да ықтимал. Мәселен, **аялау** ет. 1. Әлпештеу, мәпелеу (негізгі тура мағына) 2. ауыс. құшағына алу, нұрына бөлеу. Осындағы негізгі мағынаның антонимі бар: **аялау - қорлау**. *Төрт бөліп түн ұйқымды, құлынымды, Күтуден аялаудан танбаушы едім* (К.Райбаев). *Жас баланы аялап, Ата-ананың көңілі шат* (О.Шипин). *Баланы кемсітуге, тілдеп зәбірлеуге қорлауға болмайды.* (Халық мұғалімі).

Азу ет. 1. Арықтап жүдеу, еттен арылуы. 2. ауыс. Дұрыс жолдан

таю, бұзылу.

Азу-оңалу.

Мен сәлем жазамын, Қарағым қалқама, қайғыңнан азамын, Барушы айта ма (Абай). *Тамағы түзелсе-ақ оңалып жүре береді бұл сырқат, - деді Айбарша* (С.Мұқанов).

Сол сияқты **аулақ** сөзі үш түрлі мағынада қолданылады. **Аулақ** сын. 1. Алыс, жырақ, қашық. 2. үст. ауыс. Оңаша, жеке, бөлек және 3. од. Алыс жүр, кет әрі. Осыған антоним ретінде **жақын** сөзін аламыз. Ол бірінші, үшінші мағыналарға антоним болып келеді, ал үстеулік ауыс мағынаға «бірге, топталып» дегендерді антоним қылып алуға келмейді. Кейде сөз негізгі номинативті мағынасында қолданылғанда антоним болатын сөздер ауыс мағынасында да антоним бола береді. Мәселен, **ақ** сөзінің негізгі мағынасы қардың, сүттің, бордың түсін білдірген кезде **қара** сөзі оған антоним болады. Сондай-ақ бұл сөздің *адал, кінәсіз, жазықсыз, айыпсыз, таза* деген сияқты ауыспалы мағынасы да бар. Жоғарыда келтірілген түсті білдіретін **қара** сөзінің де «*кіналы, айыпты, арам*» деген мағынада қолданылатын кездері болады. Осы орайда, бұл екі сөз тағы да бір-біріне қарсы мағынада жұмсалып антоним болады. *Ақ көңіл - қара ниет* дегенде де осыны аңғарамыз. *Қара көз, қиғаш қас, Қараса жан тоймас. Аузың бал қызыл гүл, Ақ тісің кір шалмас* (Абай). *Ақ -қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан, қара бет?! - деп, қанталаған көзімен Құнанбайға бұрылып атып жібергендей қарады.* (М.Ә.) Бұны сондай-ақ **ақтау - қаралау** деген туынды сөздің мағынасынан да байқауымызға болады. *Сот енді мені ақтап, не болмаса қаралап пікір айтамын дегендерге ерік берілетінін мәлімдед* («Жұлдыз» журн.). Сондай-ақ осы сөздің ауыспалы мән беруші сөздерінің өзі іштей бір-бірімен антонимдік қатынасқа түсуі де мүмкін.

Мәселен, *ақ – адал, кінәсіз, таза» және қара - «кінәлы, айыпты, арам»* дегендегі *адал* мен *арам* бір-біріне антоним бола алады.

«Көп мағыналы сөз өзінің лексика-семантикалық варианттарымен бірден бірнеше антонимдік қатарға енуі де мүмкін. Бұл, әсіресе, синтагмалық қатарда сөздердің лексикалық бірлігін (тұтастығын) өзгерту барысында айқын көрінеді», - дейді Н.И. Гайнуллина. Сөйтеді де оны мынадай мысалдар арқылы дәлелдейді:

Свежий	- (о продукте)	- испорченный
	- (о воде, одежде)	- грязный, несвежий
	- (о силах человека)	- истраченный, бессильный
Худой	- (о человеке)	- толстый
	- (о характера)	- хороший
Веский	- (о металлах)	- тяжелый
	- (довод)	- неубедительный

Енді осы сызба бойынша қазақ тіліндегі *жұмсақ* сөзін алып қарауымызға болады:

Жұмсақ	- (мата)	- қатты
	- (шаш)	- қайратты, қатты.
	- (нан)	- тығыз, қатыңқы, кебіңкі
	- (дауыс)	- ащы, дөрекі
	- (көзқарас)	- өткір

Алайда мұндай алшақтық үнемі абсолютті бола бермейді. Сонымен лексикалық синонимия, омонимия сияқты антонимия полисемия құбылысымен өте тығыз байланыста болып келеді екен. Кейбіреулері «Явление антономии, так же как и явление синонимии, тесно связано с многозначностью слова. Каждое из значений многозначных слов имеет свои синонимы и антонимы: *сухие дрова - сырые дрова, сухая пища - жидкая пища, сухое изложение - живое изложение»*, - деп антонимнің көп мағыналы сөзбен байланысын синоним мен көп мағыналыққа негіздесе, (бұл жерде омонимнің де көп мағыналылықпен байланысты болатынын тілге тиек етпейді; мүмкін бұл антонимді синонимге қарама-қарсы

қойып түсіндіруден болған шығар. Бұл жөнінде: «оқулықтарда болсын, күрделі монографиялық зерттеулер де болсын, шағын мақалаларда болсын антонимдерді синонимдерге қарама-қарсы қойып, қайшы мәндес сөздер деп анықтама береміз», - деп түсіндіреді М. Оразов [73], енді біреулері бұлардың арасындағы байланыстарды сызбаға салып: «Связь между многозначностью и антонимами можно представить схематично, используя слова, приведенные в пособии:

Темный	- 1,2,3-е значение	– светлый
	- 4-е значение	– ясный
	- 5-е значение	– образованный
Тихий	- 1-е значение	- громкий
	- 2-е значение	- быстрый

деп әр мағынасының өз антонимі болатынын көрсеткен [5, 173]. Бірақ, біздің түсінуімізше, сөздің әр мағынасына антоним табу шарт емес, әрбір мағынаның қарсы мәндес сөзі болуы мүмкін де емес. Оны мына сияқты мысалдардан байқаймыз:

Ашық сын есім. 1. Аузы, есігі, төбесі немесе үсті жоқ, жабылмаған; 2. Ешнәрсе жоқ, бос (жер, алаң); 3. Бұлтсыз, жауын-шашынсыз (күн, аспан); 4. Анық, айқын; 5. Әйгілі, көрнеу, жария түрде; жасырын емес; 6. Іркусіз, бүгүсіз шын ниетпен; 7. Жайдары, ақ жарқын.

Ашық сөзі ұқсату заңына сүйеніп, шектестірілген бірнеше мағынасы бар көп мағыналы сөз. Бұл сөзді жоғарыдағы сызбаға салсақ:

1 мағына	– жабық
3 мағына	– бұлыңғыр, бұлтты, алабұлтты
ашық	
5,6 мағына	– жасырын
7 мағына	- тұйық

болып шығады. Байқап отырғандарыңыздай, екінші және төртінші мағыналарына антоним табу қиынға түсті.

Ақтау қимыл есімі. 1. Үйді ақтау (әктеу); 2. Бидай, арпа, күріш, тары сияқты дәнді дақылдарды қауызынан тазарту; 3. Жазадан

күтқару, ара түсу, кінәсіз деп санау; 4. ауыс. Өтеу, есесін қайтару; 5. ауыс. Лайық болу, атын адалдау, өз дәрежесінен шығу.

Ақтау – жазалау

Ақтау – қаралау

Сонда бұл екеуі де үшінші мағынаның антонимі. Ал, кейде керісінше үрдісті де байқауымызға болады. Мәселен, **Байлық** зат есім 1. Жинаған дүние, мол дәулет, мал мүлік, қазына; 2. Бір нәрсенің мол қоры, көзі, молшылық. Бұл екі мағынаның да білдіретіні, бір түсінік – бар болу, барлық. Осының негізінде мына антонимдік қатарлар (жұптар) түзілген: **байлық - жарлылық; байлық (барлық) - жоқтық; байлық - кедейлік** (ҚТАС, А., 1984, 45 б.) 1. *Жұрт күндер жұрттан артық байлық үшін, бұлдайды біреу күшін, біреу түсін. Не қылса да надандар алмақты ойлар, Мал антұрған күйдіріп елдің ішін* (Абай). *Салынба қалсаң дағы сан құмарлық, Алдында уайым көп шошынарлық. Жарлылық, жалынышты жалтаң көздік, Сүйкімді, икемі жоқ шалдуарлық* (Абай). 2. **Байлық - мұрат емес, Жоқтық - ұят емес** (мақал). 3. *Санадық бар байлығын санға қосып, Уызын еміп, майын балға қосып, Иесіз өз бетінше жосып жүрген, Алмақпыз аңдарын да малға қосып* (К.Айнабекұлы). *Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады* (Абай). Яғни, байқап отырғанымыздай, сөздің білдіріп тұрған мағынасынан гөрі олардың антонимдік қатары сан жағынан аз. Бірақ мәселе олардың санында емес, ол байланыстардың (құбылыстардың) арақатынасында. Лексика, семантика туралы еңбектерде антонимдердің полисемия құбылысымен шектесіп байланысып жататындығы туралы көптеген тілші-ғалымдар, ізденушілер айтқан болатын (Р.Будагов, К.Аханов, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, Д.Н. Шмелев т.б.). Мәселен, М.И. Фомина: «Закономерная, тесная связь многозначности и антонимии подчеркивает системность отношений лексических единиц, их взаимозависимость и взаимообусловленность при сохранении, однако, каждым из явлений своих различительных (дифференцирующих) признаков», - деп көрсетеді [74, 68]. Бірақ бұл адамдардың еңбегінде ондай шектестіктің қай тұрғыда, қаншалықты дәрежеде бодатындығы жөнінде айтылмайды.

«Когда антонимы выступает как разные слова противоположного значения (*истинный - ложный*), тогда проблема антонимов в одном пункте сближается с проблемой синонимов, так

же операющейся на анализ разных слов, связанных между собой семантически; когда же антоним выступают как различные значения одного многозначного слова, тогда проблема антонимов сближается с проблемой полисемии» [2].

Антонимияның полисемия құбылысымен шектесуі сөздердің контекстік мағынасы, ауыс мағынада қолданылуы, оның экспрессивті-стилдік, синонимдік мәні т.б. жайттармен қат-қабат байланысып жатады. Қалай болғанда да антонимия мен полисемия құбылыстары іштей бір-бірімен шиырласып өте тығыз байланыста болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөз және оның мағынасының құрылымы мен құрамының, өзгеруі ерте кезден-ақ тілшілерді ойландырып келеді. Біз де өз еңбегімізде жүйе элементі ретінде сөздің мағыналық қатынастары туралы, оның ішінде ең маңыздылары – деривациялық, синтагмалық және парадигмалық қатынастары жайында сөз қозғадық. Сөз мағынасы арқылы біз қоғамдағы зат немесе құбылысты топшылап, оның ішкі мазмұнын түсінуге мүмкіндік аламыз. Бірақ бұл орайда сөз мағыналары біркелкі емес екенін де ескергеніміз жөн. Олардың арасындағы айырмашылық, ең алдымен, шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарға қатысы жағынан айқын көрінеді. Көптеген мағыналар сөздің жеке тұрып та білдіре беретін зат пен құбылыстың нақты атауларынан туса, енді бір топ мағыналар бір заттың (құбылыстың) атауын екінші бір затқа (құбылысқа) ауыстырып қолдануынан туады. Біздің зерттеу жұмысымызға негізгі желі қылып алып отырғанымыз да осы айтылғанның екіншісі, яғни ауыспалы мағына үстеу арқылы пайда болған сөздің көп мағыналылығы. Полисемияның тілде пайда болуы қоғам өмірінде күн сайын жаңадан бірнеше заттар енуімен тығыз байланысты. Басқаша айтатын болсақ, адам санасы дамып жетілуіне орай олар өз қолымен түрлі заттар мен құбылыстарды ойлап жасап шығарады. Немесе айнала қоршаған орта, я болмаса табиғат құпияларына үңілген сайын бізге бұрын таныс емес бірнеше тың құбылыстар сыр беріп, ашылып, таныла түседі. Осындай қоғам өмірінде болып (туып) отыратын қандай жаңалық болмасын адам баласы тіліне әсерін тигізбей қоймайды. Мұндай арақатынастың нәтижесінде сөздің лексикалық мағынасында әр түрлі заңды өзгерістер болуына әкеліп соғады. Сөз мағынасы бірде дамып, кеңейетін болса, бірде олар тарайып отырады. Тіпті бір күйден екінші күйге ауысып, бір қалыптан екінші қалыпқа көшіп түрленіп отыру заңдылығы да әрдайым болып отыратын құбылыс. Бір кездері (бір дәуірде) неологизм деп есептелген сөз қатардан шығып қалуы, тіпті қолданыла-қолданыла келіп көне сөзге, ал көнесі жаңаға, жай сөз бейнеліге, бейнелі сөз, керісінше, қарапайым сөзге, реңктер қалыпты дербес мағынаға, аз мағыналы (моносемиялы) сөз көп мағыналыға, көп мағыналы сөз омонимге айналып үнемі қозғалысқа түсіп отыру заңдылығы әрбір тілдің сөздік құрамына тән. Сөйтіп, көп мағыналы сөздің шыптасуы қоғамда пайда болған жаңа зат, я құбылысқа атау беру қажеттілігінен келіп туындайды. Себебі атау беру

барысында біз кейде тілімізге жаңа сөз енгізетін болсақ, енді бірде сөздік қорымызда бұрыннан бар сөздің бұрынғы қалыпты, дағдылы мағынасының үстіне қосымша жаңа мағына үстейміз. (Оның өзі екі заттың ұқсастық белгісіне негізделеді).

Сонымен, көп мағыналы сөздер туынды (ауыспалы) мағынаның пайда болуынан келіп шығады. Тілде бұл құбылыс, әсіресе, соңғы кезеңдегі еліміз өз тәуелсіздігін алып, егеменді ел болған, тіліміздің мемлекеттік мәртебе алған шағында қатты байқалып отыр. Атап айтсақ, соңғы жылдардың өзінде ғана тілімізде бұрыннан бар толып жатқан сөздер жаңа бір терминдік мағынаға ие болып отыр. Мәселен, *әкім (администратор), мәжіліс (Парламент палатасы), даңғыл (проспект), отбасы және жанұя (семья), әдіс (метод), әдістеме (методика), тіркеме (протиска), безендірме (транспарант), бекіткіш (фиксаж), зимарат (сооружение), термеші (сборщик), топтама (серия, цикл) т.с.с.* Сондай-ақ, ақпараттық технологиямен байланысты (компьютер, ғаламтор желісінің өріс алуына орай), тілімізге жаңа сөздер де ондап емес жүздеп, мыңдап еніп жатыр. Оған дәлел – соңғы жылдары жарық көрген газет-журнал бетіндегі жаңа атаулар туралы мақалалар мен Р.Сыздықованың редакторлығымен «Ана тілі» баспасынан шыққан «Жаңа атаулар» кітабы.

Шынтуайтқа келгенде, болмыста, қоғам өмірінде кездесетін заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің бәрін бірдей жеке-жеке сөздермен атау тілді оралымсыздыққа, шамадан тыс күрделілікке ұшыратар еді. Бұрыннан бар сөздің әуелгі мағынасының үстіне жаңадан қосымша мағына қосу, соның негізінде ол сөзді көп мағыналыққа айналдыру - тілімізді неғұлым ықшамды, икемді етудің өте тиімді жолы. Түркі тілдерінің материалдары полисемантизмнің зат есімдер, сын есімдер мен етістіктерде көп кездесетінін көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде көп мағыналы сөздердің зерттелу дәрежесі қандай дегенде, онда ірілі-ұсақты мақалалардан басқа сүбелі еңбектердің қатары да көбейіп келе жатқандығын айтуға болады. Солардың ішінде арнайы зерттеулер Р.Садықбековтің «Қазақ тіліндегі сөздердің көп мағыналылығы» және Б.Хасановтың «Метафораның сөздің көп мағыналылығын тудыруы» атты диссертациялық жұмыстары мен М.Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» атты еңбегі өз алдына атап айтарлықтай жұмыстар қатарына жатады. Бұл еңбектерде көп

мағыналы сөздерге біршама толық анықтама беріліп, олардың жасалу жолдарына, сан алуан ерекшеліктеріне қатысты мәселелердің басы ашылған. Алайда көп мағыналы сөздердің есебінен омоним, синоним, антоним сияқты лексикалық-семантикалық топтардың қатары байып, кеңейетіндігі жөнінде мағлұмат аз. Сондықтан да, біз өз еңбегімізде, осы құбылысқа баса назар аударып, біршама нақты мысалдармен ондай байланыстардың болатындығын, барлығын дәлелдеп көрсетуге тырыстық.

Тіліміздегі сөздер өз мағынасына қарай түрлі топтарға бірігіп отырады. Осындай топтардың бірі лексика-семантикалық топтар (ЛСТ). Лексика-семантикалық топ мүшелерінің арасындағы байланыс лексикалық мағынаға негізделеді. Бұндай лексика-семантикалық топтардың ішінде ортақ семаға бірігетіндер: көп мағыналы сөздер мен синонимдер, ал мағына қарама-қарсылығына антонимдер және дыбыстық сыбайластыққа омоним сөздер негізделеді де тілімізде бірнеше лексикалық-семантикалық топ құрайды. Әрбір сөз бір лексика-семантикалық топтың құрамына еніп, белгілі бір орынға ие болады. Ондай сөздердің мағыналарының немесе дыбыстық жамылғышы арасында белгілі бір байланыс болуы керек. Сөздердің мағыналық сыбайластығы оларды бір топқа біріктіріп жүйе ретінде талдауға мүмкіндік туғызады. Ал жүйе болса, сол мағыналық қарым-қатынастың сырын толық түсінуге мүмкіндік береді. Бір жүйеге түсіп, бір лексика-семантикалық топтың құрамына енген сөздер ғана бір-бірімен байланысып қоймайды. Әр түрлі лексикалық-семантикалық топтар да өзара бірімен-бірі тығыз байланысып жатады. Ал мұның өзі тілдің жүйелі құрылым екендігін растай түседі. Мұндай топтардың арасындағы байланыс лексикалық-семантикалық топтардың бәріне де тән болғанмен де, көп мағыналы сөздердің басқа лексика-семантикалық топтармен байланысы мықтырақ болады. Оны жоғарыдағы тарауларда келтірілген мысалдармен дәлелдедік. Мәселен, көп мағыналы сөздің бастапқы (негізгі) мағынасы өзімен мағыналас сөздермен бір синонимдік қатар құрса, сөзде екінші мағынаның дамуы негізінде жаңа синонимдік қатар (сыңар) жасалуы ықтимал. Сондықтан да мағыналас сөздерді белгілі бір синонимдік қатарға топтау үстінде көптеген мәселелер сөздің негізгі (номинативті), ауыспалы және контекстік мағыналарымен түйіседі.

Көп мағыналы сөздер жеке-жеке ұғымды білдіргендіктен, олардың әрбір мағынасы бөлек-бөлек синонимдік қатар құруға себепші болады. Мысал үшін *аудару* сөзін алатын болсақ, ол сөз алты түрлі мағына береді:

I Аудару: 1. Қопару; 2. Құлату; 3. Күресу; 4. Астын үстіне қарату; 5. Төгіп алу; 6. Басқа жаққа ауыстыру. I-деген белгімен көп мағыналылықты белгіледік, ал II бұл шартты түрде синонимдік қатарды көрсетеді. Бір ғана *аудару* сөзі өзінше бірнеше синонимдік қатар құрайды. Мәселен,

II. Аудару - қопару - төңкеру

Аудару - құлату - жұлып алу

Аудару - күресу - асытына түсіру

Аудару - астын үстіне қарату - екінші жағына ауыстыру

Аудару- төгіп алу - ақтара салу - сарқа қую - қотару

Аудару - басқа жаққа ауыстыру – көшіру

Сонымен, синонимдік қатар жүйелік құрылыстан тұратын тарихи қалыптасқан сөздердің синхрониялық тобын құрайды. Ал, полисемия синонимиялық қордың дамуына сан жағынан да, сапа жағынан да болса үлкен әсер етеді. Олар арқылы синонимдердің саны үздіксіз байып, молайып отырады. Біз өз еңбегімізде көп мағыналы сөздерден жасалған жеті жүз қырық жеті синонимдік қатарды анықтадық.

Сөздегі жаңа туынды мағынаның пайда болуы, кейде тіпті сол мағынаның дами келе негізгі мағынадан алшақтап, байланысының үзілуі әр түрлі ұғымдағы омонимдердің тууына әкелетіні белгілі. Осының өзі тіл білімінде полисемия мен омонимдерді бір-бірінен ажыратуда өзіндік едәуір қиындықтар келтіреді. Ал ажыратудың қиындығы бұл екі категорияның кейбір ұқсастығынан келіп туындайды. Жалпы омонимия процесін зерттеушілердің көпшілігі омоним мен полисемия құбылысының арасындағы байланыстың барлығын айтып, бір-екі мысал келтіріп дәлелдеп қана отырған.

Сонымен, егер омонимдер, көбінесе тілде көп мағыналылықтың ыдырауы жолмен жасала келе сөзде екі тәуелсіз номинативті мағынаның пайда болуына әкеледі. Мәселен, **Ақтық** сөзін алып көрелік:

Ақтық I. зат. қардың, сүттің тусіндей аппақ болушылық.

Ақтық II. сын. адалдық, пәктік, кінәсіздық, жазықсыздық.

Ақтық III. сын. соңғы, ақырғы.

Бұл сөздер кезінде мағыналық жақтан бір-бірімен

байланысты болып, кейін келе ол байланыс үзіліп омоним сөзге айналған. Адам адал, пәк болған кезде ақ түс сияқты ешбір кіршіксіз таза сезімді болуымен байланысты екінші мағынасы шықса, адам соңғы, ақырғы демі шығарар кезде айнала қоршаған адамдардан жасаған күнәсі болса, сол үшін кешірім сұрап тазалануы негізінде үшінші мағынасы шыққан. Сөйтіп, бұлар ауыспалы мағынаның негізінде пайда болған көп мағыналылықтың ыдырауынан жасалған.

Көпшілік омонимдердің пайда болуы, негізінен, этимологиялық әр түрлі сөздердің фонетикалық кездейсоқ үйлесуі, не бір кездегі полисемияның ыдырауынан болсын тілдің белгілі бір даму кезеңінде синхрониялық тұрғыдан омонимдер мағыналық жағынан байланыспайтын әр түрлі сөздер ретінде қабылданады. Алайда олардың біразы кезінде мағыналық жақтан байланысты болатын полисемияның енді бір кездері сол мағыналық байланысының үзілуінен жасалады. Бұл процесс тілдің дамуының өн бойынан көрінетіндігі Р.А. Будагов, В.М. Солнцев, Ф.П. Филин еңбектерінде толық қамтыған болатын.

Міне, осы проблемалық мәселемен айналыса отырып омонимдердің көбі көп мағыналы сөздің мағыналық ыдырауы, сөйтіп әр басқа зат немесе құбылысқа тарап атау болып қалыптасуы негізінде туындағандығы III тарауда бірсыдырғы мысал келтіру арқылы дәлелденді. Олардың бірінде мағыналық байланыс әлі де болса, сезіліп тұрса, бірінде тек этимологиялық жақтан талдау негізінде көрінеді. Сонымен қатар олардың бірі олардың бірі метафора арқылы жасалса, енді бірі метонимия қайсы бірі синекдоха, не қызмет бірлігі тәсілі арқылы пайда болғаны да біздің жұмысымызға тиек болды. Жалпы төрт жүз отыз сегіз омоним сөздер көп мағыналы сөздердің есебінен жасалғандығы айқындалды.

Көп мағыналы сөздерден жасалатын лексика-семантикалық топтың бірі – антонимдер. Антонимдер бір сөз табына енетін сөздер арасында болады да, бір ЛСТ-ның құрамында өмір сүреді. Олар семантикалық құбылыс болғандықтан, сөздік құрамдағы басқа сөздермен қат-қабат байланысқа түсіп, мидай араласып жатады.

Антонимдер сөздің бүкіл мағынасы бойынша емес, тек белгілі бір мағынасында ғана жақындасады. Демек, синонимді қарастырғандай, антонимді қарастыруда да, антоним таңдауда да сөздің көп мағыналығын ескеру қажет. Мәселен, *дұрыс* сөзінің

мынандай мағыналары бар: 1. *Белгілі ережені сақтай отырып жөндеу*; 2. *Орынды, ретті заңды*; 3. *Дәлме-дәл, нақпа-нақ, тұп-тура*. Бұл мағыналар мынадай антонимдік қатарлар түзеді:

Дұрыс – қате

Дұрыс – бұрыс

Дұрыс - теріс

Көп мағыналы сөз өзінің лексика-семантикалық варианттарымен бірден бірнеше антонимдік қатарға енуі де мүмкін. Бұл, әсіресе, синтагмалық қатарда айқын көрінеді.

Антонимияның полисемия құбылысымен шектесуі сөздердің контекстік мағынасы, ауыс мағынада қолданылуы, оның экспрессивті-стилдік, синонимдік мәні т.б. жайттармен қат-қабат байланысып жатады. Қалай болғанда да антонимия мен полисемия құбылыстары іштей бір-бірімен шиырласып өте тығыз байланыстындығын көп мағыналы сөзбен байланысты туындаған қырық төрт антонимдік қатар арқылы дәлелдедік.

Еңбекте көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарлар анықталып, олар лексика-семантикалық аспектіден зерттеледі, тіліміздегі лексика-семантикалық топтар ғылыми тұрғыдан талданды.

◆ Сөздің мағыналық қатынасының шетел, орыс тілі, түркітану және қазақ тіліндегі зерттелу жайларына шолу жасалды.

◆ Сөз мағынасының табиғатын айқындауға бағытталған еңбектерге шолу жасалып, сыни көзқарас білдірілді.

◆ Лексикалық жүйенің дамуына көп мағыналылықтың қосқан үлесі анықталды.

◆ Көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдердің лексика-семантикалық сипаты анықталды.

◆ Көп мағыналы сөздерден жасалған омонимдердің мағыналық байланысының сырлары ашылды.

◆ Көп мағыналы сөздерден жасалған антонимдердің өзіндік ерекшеліктері айқындалды.

◆ Лексикалық-семантикалық топтардың парадигмалық, синтагмалық қатынастары ашылды.

Қорыта келе айтарымыз, көп мағыналы сөздер бірнеше басқа құбылыстардың пайда болуына негіз болады. Алайда осы күнге дейін көп мағыналы сөздердің есебінен жасалған ЛСТ-тар жөнінде сөз қозғалмаған еді. Біздің зерттеу жұмысымызда көп мағыналы сөздер мен лексика-семантикалық топтардың өзара байланысы арнайы

қарастырылып, олардың арақатынасы мен айырмашылықтары түсіндірілді. Сонымен, көп мағыналы сөздер мен омоним, антоним, синоним категориялары жүйелі түрде бір ғана парадигмалық қатынасқа енетіндігі анықталды.

ҚОСЫМША СӨЗДІК

1 Көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік қатарлар

1.1 Екі синонимдік қатар түзейтін көп мағыналы сөздер

Абиырсыз: 1) абыройсыз; 2) ұятсыз.

I Абиырсыз – абыройсыз – беделсіз – қадірсіз

II Абиырсыз – ұятсыз – көргенсіз – әдепсіз

Ағым: 1) ағыс; 2) беталыс.

I Ағым – ағыс

II Ағым – беталыс – бағыт

Ажырау: 1) бөліну; 2) айрылу.

I Ажырау – бөліну – бөлектену – алыстау

II Ажырау – айрылу – қол үзу

Айқын: 1) анық; 2) белгілі.

I Айқын – анық – нақты – ашық

II Айқын – белгілі – мәлім

Айла: 1) ылаж; 2) қулық.

I Айла – ылаж – шара – шарық

II Айла – қулық – тәсіл – амал

Ақи: 1) ежірей; 2) әкіреңде.

I Ақи – ежірей – ақырай

II Ақи – әкіреңде – едіреңде – ақилан – ақшанда

Алданыш: 1) жұбаныш; 2) машық.

I Алданыш – жұбаныш – медет – тиянақ – қуат

II Алданыш – машық – ермек – жұбаныш

Алу: 1) ұстау; 2) азайту.

I Алу – ұстау – әкету – алып қою

II Алу – азайту

Алыстау: 1) қашықтау; 2) байланысты үзу.

I Алыстау – қашықтау – жырақтау

II Алыстау – байланысты үзу – бойды аулақ салу – ұзау

Аңқай: 1) бос қалу; 2) аң-таң болу.

I Аңқай – бос – ашық қалу (есік)

II Аңқай – аң-таң болу – аңқию – маңқаю – аңырау – аңтарылу

Арбашы: 1) ұста; 2) арбакеш.

I Арбашы – ұста

II Арбашы – арбакеш – делбеші – ат айдаушы

Арзан: 1) су тегін; 2) оңай.

I Арзан – су тегін

II Арзан – оңай – жеңіл

Арқау: 1) жіп; 2) жүйе.

I Арқау – кілем (алаша) тоқығанда көлденең өткізетін жіп

II Арқау – жүйе – желі – негіз – нәр – өзек

Атқару: 1) орындау; 2) бастан кешіру

I Атқару – орындау – істеп бітіру

II Атқару – бастан кешіру – өткізу – өткеру

Ауқаттану: 1) баю; 2) тамақтану.

I Ауқаттану – баю – молығу – әлдену – қатаю – шаруашылығын түзету

II Ауқаттану – тамақтану – ас ішу – жүрек жалғау – әлдену

Ауыздықтау: 1) ауыздық кигізу; 2) тиым салу.

I Ауыздықтау – ауыздық кигізу – жүгендеу

II Ауыздықтау – тиым салу – тәртіпке бағындыру

Әбден: 1) мейлінше; 2) толық.

I Әбден – мейлінше – біржола – мүлде – өте – тіпті – тым

II Әбден – толық – анық – жете – еркін – мол – кәміл

Әжептәуір: 1) тәп-тәуір; 2) бірталай.

I Әжептәуір – тәп-тәуір – жап-жақсы – әп-әдемі – кәдімгідей – онды – керім

II Әжептәуір – бірталай – бірсыпыра – бірқатар – біраз – бірқыдыру – едәуір

Әлді: 1) әлеуметті; 2) ауқатты.

I Әлді – әлеуметті – қарулы – күшті – мықты – қайратты – қажырлы – берік

II Әлді – ауқатты – әулетті – дәулетті – бай – қуатты

Әуей: 1) әулекі; 2) ашына.

I Әуей – әулекі – жындысүрей – әумесер

II Әуей – жеңіл, суық жүріске салынған адам – ашына – тамыр – көңілдес

Бағыну: 1) көну; 2) бас ию.

I Бағыну – көну – мойын ұсыну – бой ұсыну – тыңдау

II Бағыну – бас ию – табыну

Бағыт: 1) беталыс; 2) ұстаған жол.

I Бағыт – беталыс – бағдар – жөн

II Бағыт – ұстаған жол – ағым

Байлық: 1) дүние; 2) мол қор.

I Байлық – дүние – мол дәулет – мал-мүлік – игілік – қазына – мүкәммал

II Байлық – мол қор – молшылық – қазына

Басқару: 1) ел билеу; 2) ұйымдастыру.

I Басқару – ел билеу – басшылық ету – жетекші болу – нұсқау беру

II Басқару – ұйымдастыру – жөнге салу – игеру

Басыну: 1) билеп-төстеу; 2) еркінсу.

I Басыну – билеп-төстеу – өктемдік жасау – әкімшілік – зорлық көрсету

II Басыну – еркінсу – дандайсу

Баю: 1) көбею; 2) даму.

I Баю – көбею – қорлану – молаю

II Баю – даму – өрлеу – өсу

Баяу: 1) жай; 2) жайымен.

I Баяу – жай – ақырын – марғау – сылбыр – самарқау – митыңдау – мимырт

II Баяу – жайымен – жайбарақат – бейбіт – тыныш

Бәйге: 1) ат жарыс; 2) сыйлық.

I Бәйге – ат жарыс – ойын

II Бәйге – сыйлық – жүлде

Бәле: 1) жала; 2) қырсық.

I Бәле – жала – дау – жанжал – шатақ

II Бәле – қырсық – кесел – кесапат – кедергі – бақытсыздық – қайғы

Бәлекет: 1) бақытсыздық; 2) жұт.

I Бәлекет – бақытсыздық – қайғы

II Бәлекет – жұт – апат – ауыртпашылық

Бәсеке: 1) талас; 2) бақас.

I Бәсеке – талас – өнер сайысы – жарыс – егес

II Бәсеке – бақас – бақталас – өзара егес – күндес

Беташар: 1) өлең; 2) бастама.

I Беташар – өлең

II Беташар – бастама

Биязы: 1) нәзік; 2) сыпайы.

I Биязы – нәзік – жіңішке

II Биязы – сыпайы – әдепті

Бозару: 1) бозғылттану, 2) өңі қашу.

I Бозару – бозғылттану – ақшылдану

II Бозару – өңі қашу – түсі бұзылу – сұрлану – көгеру

Бойжеткен: 1) кәмелетке толған; 2) бикеш.

I Бойжеткен – кәмелетке толған – ержеткен қыз

II Бойжеткен – бикеш

Болат: 1) құрыш; 2) асыл.

I Болат – құрыш

II Болат – асыл – мықты – берік

Борау: 1) ұйтқу; 2) төпеу.

I Борау – ұйтқу – соғу – бұрқау – бұрқасындау – түтеу

II Борау – төпеу – төгілу – жауу

Борыш: 1) берешек; 2) міндет.

I Борыш – берешек – бересі – несие

II Борыш – міндет – парыз – қарыз

Босану: 1) құтылу; 2) туу.

I Босану – құтылу – еркіндік алу – азаттану

II Босану – туу – балалы болу – бала табу

Бұғу: 1) тасалану; 2) қорқу.

I Бұғу – тасалану – жасырыну – еңкею – тығылу

II Бұғу – қорқу – үрейлену

Бұжыр: 1) тегіс емес; 2) дақ.

I Бұжыр – тегіс емес – бұжыр-бұжыр

II Бұжыр – дақ – таңба – шұбар

Бұлақ: 1) бастау; 2) көз.

I Бұлақ – бастау – қайнар

II Бұлақ – көз – негіз

Бұлдау: 1) құнын, бағасын көтеру; 2) міндет қылу.

I Бұлдау – құнын, бағасын көтеру – дәріштеу

II Бұлдау – міндет қылу – бәлсіну – бәлдену – әлдеқандай болу – керігу – әулиесу

Бұлқыну: 1) ұмтылу; 2) тулау.

I Бұлқыну – ұмтылу – аласұру – жанталасу

II Бұлқыну – тулау – секіру – жұлыну

Бұлтақтау: 1) бір олай, бір былай қозғалу; 2) айну.

I Бұлтақтау – бір олай, бір былай қозғалу – шайқалу – тербелу – теңселу – шайқақтау – бұлтыңдау

II Бұлтақтау – айну – қобалжу – тұрақсыздану

Батыр: 1) қаһарман; 2) ер жүрек.

I Батыр – қаһарман

II Батыр – ер жүрек – қайсар – батыл – өткір

Бағдар: 1) беталыс; 2) шама-шарық.

I Бағдар – беталыс – бағдар – жөн

II Бағдар – шама-шарық – деңгей – мөлшер

Бұлтару: 1) кенет, шұғыл, кілт бұрылу; 2) жалтару.

I Бұлтару – кенет, шұғыл, кілт бұрылу

II Бұлтару – жалтару – қалтқы – қулық

Бұлтарыс: 1) қағаберіс; 2) жалтарыс.

I Бұлтарыс – қағаберіс – бұрылыс – таса – қалтарыс

II Бұлтарыс – жалтарыс – қалтқы – қулық

Бұрыс: 1) шалғай; 2) теріс.

I Бұрыс – шалғай – қиыс – шеткері – алшақ – кереғар – бүйрек

II Бұрыс – теріс – қисық – ағат – өтірік

Білім: 1) түсінік; 2) ақыл.

I Білім – түсінік – оқу

II Білім – ақыл – парасат – ой-өріс

Дағды: 1) машық; 2) әдет-ғұрып.

I Дағды – үйреншікті, сүйекке сіңген әдет, қалыптасқан машық

II Дағды – әдет – ғұрып – салт-дәстүр

Дағдылы: 1) үйреншікті; 2) әккі болған.

I Дағдылы – үйреншікті – машықты – қалыпты – сыр мінез

II Дағдылы – әккі – қақасал – тәжірибелі

Далию: 1) жайылу; 2) көңілі шалқу.

I Далию – жайылу – созылу – кең болу

II Далию – көңілі шалқу – масаттану – мақтану

Даму: 1) жан-жақты өсу; 2) қалыптасу.

I Даму – жан-жақты өсу – өркендеу – өну – өрістеу

II Даму – қалыптасу – жетілу – өрістеу

Дана: 1) кемеңгер; 2) тәжірибелі.

I Дана – кемеңгер – данышпан – білімді

II Дана – тәжірибелі – әділ – тура

Даналық: 1) данышпандық; 2) өнегелі өсиет.

I Даналық – данышпандық – кемеңгерлік

II Даналық – өнегелі өсиет – үлгі сөз

Дара: 1) жеке; 2) ерекше.

I Дара – жеке – жалғыз

II Дара – ерекше – өзгеше

Дауласу: 1) келіспеу; 2) жанжалдасу.

I Дауласу – келіспеу – қарсы сөйлеу – керілдесу – таласу

II Дауласу – жанжалдасу – ұрысу – керісу – тайталасу

Дерексіз: 1) хабарсыз; 2) айғақсыз.

I Дерексіз – хабарсыз – хабар ошарсыз

II Дерексіз – айғақсыз – дәлелсіз

Дөңкею: 1) тоңқаю; 2) күжірею.

I Дөңкею – тоңқаю – теңкею

II Дөңкею – күжірею – құржию

Дүрбелең: 1) ауыртпалық; 2) әбігерге салушылық.

I Дүрбелең – ауыртпалық төнген шақ – аласапыран уақыт

II Дүрбелең – әбігерге салушылық – қым-қиғаш әуреге түсушілік – мазасыздық

Дірілдеу: 1) дір етіп қозғалу; 2) қалтырау.

I Дірілдеу – дір-дір етіп қозғалу – қимылдау – қалш-қалш ету, қалшылдау

II Дірілдеу – қалтырау – селкілдеу

Ебдейсіз: 1) икемсіз; 2) ыңғайсыз.

I Ебдейсіз – икемсіз – оралымсыз – епсіз қорбиған

II Ебдейсіз – ыңғайсыз – жөнсіз – сөлекет ерсі

Егес: 1) ерегес; 2) бәсеке.

I Егес – ерегес – талас-тартыс – қақтығыс

II Егес – бәсеке – жарыс – тайталас – тірес

Егжей-тегжей: 1) бір нәрсенің жай-жапсары; 2) жан-жақты.

I Егжей-тегжей – бір нәрсенің жай-жапсары – анық-қанығы – бүгешүгесі – ұңғыл-шұңғылы

II Егжей-тегжей – жан-жақты – кеңінен – толығынан

Ежелгі: 1) бұрыннан келе жатқан; 2) ертедегі.

I Ежелгі – бұрыннан келе жатқан – байырғы

II Ежелгі – ертедегі – баяғы – бұрынғы – әуелгі – қашанғы – атам заманғы – көне

Елжіреу: 1) іші жылу; 2) жан-тәнімен берілу.

I Елжіреу – іші жылу – мейірлену – емірлену – айналып-толғану

II Елжіреу – жан-тәнімен берілу – құштарлану – құмарту – балқу

Емі: 1) емдеу әрекеті; 2) амалы.

I Емі – емдеу әрекеті – емдеу ісі – дауа – шипа

II Емі – амалы – айласы – шарасы

Еңбектеу: 1) етпеттей жүру; 2) өрмелеу.

I Еңбектеу – етпеттей жүру – еңбектей жүру – жер-бауырлау

II Еңбектеу – жорғалау – өрмелеу – тырмысу

Еңкіш: 1) ылдыйдау; 2) бүгіліңкі.

I Еңкіш – ылдыйдау – еңістеу – еңкістеу

II Еңкіш – бүгіліңкі – бүкірейіңкі – иіліңкі – еңкек

Еңселеу: 1) еңсеру; 2) ентелеу.

I Еңселеу – еңсеру – меңдеу – жеңу – алқымдау

II Еңселеу – ентелеу – бар күшін салу

Еңіреу: 1) егіліп, ағыл-тегіл жылау; 2) зар қақсау.

I Еңіреу – егіліп, ағыл-тегіл жылау – көз жасын көл қылу

II Еңіреу – зар қақсау – күңірену – күйіну – күйзелу

Епті: 1) ыңғайлы; 2) тәсілқой.

I Епті – ыңғайлы – икемді – бейім – оңтайлы – ықшам – оралымды

II Епті – тәсілқой – пысық – айлакер – қу

Ерсі: 1) оғаш; 2) жарасымсыз.

I Ерсі – оғаш – сөлекет – өрескел – сиықсыз – сорақы – сөкет

II Ерсі – жарасымсыз – ұнамсыз – қолайсыз – әбес – одағай

Епсіз: 1) ептемей; 2) исапсыз.

I Епсіз – ептемей – қалай болса солай – беталды

II Епсіз – қисапсыз – сансыз – көп – аса мол – шексіз

Есею: 1) үлкею; 2) марқаю.

I Есею – үлкею – өсу – ер жету

II Есею – марқаю – сақаю

Жабу: 1) жамылғы; 2) есік (қазақ үйдің киіз есігі).

I Жабу – жамылғы

II Жабу – (қазақ үйдің киіз есігі) есігі

Жаға: 1) киімнің бір бөлігі; 2) жағалау.

I Жаға – киімнің бір бөлігі

II Жаға – жағалау – жиек – кемер – қабак

Жағдайлы: 1) қолайлы; 2) жайлы.

I Жағдайлы – қолайлы – ыңғайлы

II Жағдайлы – жайлы – тиімді

Жадырау: 1) жайма-шуақтанып райлану; 2) көңілдену.

I Жадырау – жайма-шуақтанып райлану – жайнау

II Жадырау – шат-шадыман болу – жайраңдап масайрау – мажырау – қабағы ашылу – көңілдену

Жазалы: 1) айыпты; 2) айыпкер.

I Жазалы – айыпты – кінәлі – жазықты

II Жазалы – айыпкер – қылмысты

Жайласу: 1) жайғау; 2) жайғасу.

I Жайласу – жайғау – ыңғайлап жөндеу

II Жайласу – жайғасу – орналасу – орнығу

Жайнау: 1) жарқырау; 2) жайғасу.

I Жайнау – жарқырау – жап-жарық болу

II Жайнау – құбылу – құлпыру – түрлену

Жайпау: 1) қырып-жою; 2) сыпырып-сиыру.

I Жайпау – қырып-жою – жамсату – баудай түсіру – жаусату

II Жайпау – сыпырып-сиыру – тып-типыл ету – жапырып-жаншу

Жайылу: 1) өрісте оттау; 2) көлемі кеңею.

I Жайылу – өрісте оттау

II Жайылу – көлемі кеңею – жазылу – таралу – сіңу

Жалақтау: 1) жалмаңдау; 2) құлқыны құрып жалаңдау.

I Жалақтау – жалмаңдау – жалаң қағу – жұтыну

II Жалақтау – құлқыны құрып жалаңдау – ашқарақтану – жалмаңдау

Жалған: 1) шындығы жоқ, өтірік; 2) өңі боялған, шынайы емес.

I Жалған – шындығы жоқ, өтірік

II Жалған – өңі боялған, шынайы емес – бояма – жасанды

Жалғасу: 1) байланысу; 2) бір-біріне тие қосылу.

I Жалғасу – байланысу – хабардар болу

II Жалғасу – бір-біріне тие қосылу – ұштаса ұласу – шектесу – астасу – сабақтасу – жіптесу

Жалтару: 1) жалт беру; 2) бұлталақтау.

I Жалтару – жалт беру – бұлтара қашу

II Жалтару – бұлталақтау – айтқанында тұрмау – тайсақтау

Жаралу: 1) дүниеге келу; 2) пайда болу.

I Жаралу – дүниеге келу – туылу

II Жаралу – пайда болу – жасалу – құралу

Жарасу: 1) ажарын кіргізу; 2) тіл табысу.

I Жарасу – ажарын кіргізу – көрік беру – әдемі көріну – қонымды болу – ұнау – жарасымды болу

II Жарасу – тіл табысу – үйлесу – ынтымақтасу

Жарылқау: 1) жетістіру; 2) қуанту.

I Жарылқау – жетістіру – қарық қылу – кенелту

II Жарылқау – қуанту – мәз қылу – қолын бақытқа жеткізу

Жарымжан: 1) кемтар; 2) мүсәпір.

I Жарымжан – кемтар – мүгедек – дімкәс

II Жарымжан – мүсәпір – ғаріп – сорлы

Жасқаншақтау: 1) қорғаншақтау; 2) жүрексіну.

I Жасқаншақтау – қорғаншақтау – беттемеу – тайсақтау

II Жасқаншақтау – жүрексіну – қымсыну – имену

Жасыру: 1) тығу; 2) сыр бұғу.

I Жасыру – тығу – тасалау – бұқпантайлау – көлегейлеу – жытыру

II Жасыру – сыр бұғу – құпиялау – бүкпелеу – бүркемелеу – көмескілеу

Жемтік: 1) жыртқыш атаулының жемі; 2) өлексе.

I Жемтік – жыртқыш атаулының жемі – азығы – тамағы

II Жемтік – өлексе – өлімтік – өлген малдың қалдығы

Жеміс: 1) өнім; 2) нәтиже.

I Жеміс – өнім – миуа

II Жеміс – нәтиже – қорытынды

Жендет: 1) баскесер; 2) алғыр.

I Жендет – баскесер – қанішер

II Жендет – алғыр – өжет

Жентектеу: 1) жұмыру; 2) илектеу.

I Жентектеу – жұмыру – түйпектеу

II Жентектеу – илектеу – жаныштау – соқталау

Жеңілтек: 1) жеп-жеңіл; 2) ұшқалақ.

I Жеңілтек – жеп-жеңіл – жалаң қабат – қалың (ауыр) емес

II Жеңілтек – ұшқалақ – ұшып-қонба – жеңіл мінезді – қаңғалақ

Жетек: 1) тәрте; 2) ыңғай.

I Жетек – тәрте – арыс – қосар

II Жетек – ыңғай – ымбай – ырық

Жетілу: 1) өсу; 2) қатарға қосылу.

I Жетілу – өсу – даму

II Жетілу – қатарға қосылу – жетісу – теңелу

Жоғалу: 1) көзден таса болу; 2) жойылу.

I Жоғалу – көзден таса болу – бір жаққа кету

II Жоғалу – жойылу – құру

Жойқын: 1) қырып-жойып кететін; 2) керемет.

I Жойқын – қырып-жойып кететін – алапат – сұрапыл – әлей

II Жойқын – керемет – сұмдық – орасан – ғажайып – ғажап – ғаламат

Жоқшылық: 1) тапшылық; 2) кедейлік.

I Жоқшылық – тапшылық – жетімсіздік

II Жоқшылық – кедейлік – жарлылық – жоқ-жітіктік

Жұмсау: 1) жіберу; 2) пайдалану.

I Жұмсау – жіберу – тапсырма беру – аттандыру

II Жұмсау – пайдалану – жегу – жарату (ақшаны) – іске асыру

Жұмыс: 1) еңбек; 2) іс-шаруа.

I Жұмыс – еңбек – әрекет – қызмет – қаракет

II Жұмыс – іс-шаруа

Жүкте: 1) жүк арту; 2) міндеттеу.

I Жүкте - жүк арт – тие

II Жүкте – міндетте – тапсыр – сенім арт

Жүкті: 1) жүк артылған; 2) екі қабат.

I Жүкті – жүк артылған – жүк тиелген – жүк салынған

II Жүкті – екі қабат – аяғы ауыр

Жылпос: 1) пысық; 2) ширақ.

I Жылпос – пысық – епті – ылпың-жылпың

II Жылпос – ширақ – ұшқыр – жүрдек

Жылтыңдау: 1) жылт-жылт ету; 2) жылмаңдау.

I Жылтыңдау – жылт-жылт ету – жылтырау

II Жылтыңдау – жалмаңдау – қылмаңдау – жылпыңдау – қылтыңдау – сумаңдау

Жым-жылас: 1) зым-зия; 2) теп-тегіс.

I Жым-жылас – зым-зия

II Жым-жылас – теп-тегіс – жым-жалмағай

Жым-жырт: 1) тым-тырыс; 2) үн-түнсіз.

I Жым-жырт – тым-тырыс – меңіреу

II Жым-жырт – үн-түнсіз – тым-тырыс – тып-тыныш

Жымқыру: 1) шетін ішке қарай тығу; 2) жасыру.

I Жымқыру – шетін ішке қарай тығу – жинастыру

II Жымқыру – жасыру – тығып қою – ұрлау

Жымыраю: 1) бүктелу; 2) мыжыраю.

I Жымыраю – ішіне қарай бүктелу – қисаю

II Жымыраю – мыжыраю – мыж-мыж болу

Жырту: 1) соқалау; 2) жыру.

I Жырту – соқалау – өңдеу – айыру – дал-дұлын шығару

II Жырту – жыру – жаралап кету

Жіберу: 1) жөнелту; 2) босату.

I Жіберу – жөнелту – аттандыру – жұмсау

II Жіберу – босату – қоя беру – ұстамау – тоқтатпау

Жік-жік: 1) бөлек-бөлек; 2) жақ-жақ.

I Жік-жік – бөлек-бөлек – тарам-тарам – сал-сала

II Жік-жік – топ-топ – жақ-жақ

Жіңішке: 1) енсіз; 2) нәзік.

I Жіңішке – енсіз – сидам – талдырмаш – жіптіктей – сыптығыр

II Жіңішке – нәзік – бәсең – әлжуаз

Зағип: 1) кемтар; 2) кәріп-қасер.

I Зағип – кемтар – мүгедек – жарымжан

II Зағип – кәріп-қасер – мүсәпір – бейшара

Зақым: 1) жара; 2) зиян.

I Зақым – жара – жарақат

II Зақым – зиян – зардап – кесір – залал

Залым: 1) сұмырай; 2) рақымсыз.

I Залым – қу – сұм – сұмырай – ала аяқ – сайқал – мыстан

II Залым – рақымсыз – жауыз – қаныпезер – қара ниет – арам

Заман: 1) дәуір; 2) мерзім.

I Заман – дәуір – кезең

II Заман – мерзім – уақыт – кез

Зат: 1) нәрсе; 2) дүние мүлік.

I Зат – (табиғаттағы барлық жанды-жансыз) нәрсе

II Зат – дүние мүлік – жасау – жиһаз – бұйым

Зерделеу: 1) көңілге тоқу; 2) зейін қою.

I Зерделеу – көңілге тоқу – зейін қою

II Зерделеу – зейін қою – ойлану – толғану – зер салу

Зират: 1) мола; 2) қабір.

I Зират – мола – бейіт

II Зират – қабір – мазарат

Зиялы: 1) ізетті; 2) оқыған.

I Зиялы – ізетті – әдепті – сыпайы

II Зиялы – оқыған – сауатты – интелегент

Зиянды: 1) пайдасыз; 2) кесірлі.

I Зиянды – пайдасыз – залалды – шығынға ұшыраған – зарарды

II Зиянды – кесірлі – кесапатты

Игілікті: 1) шапағатты; 2) мәнді.

I Игілікті – шапағатты – қайрымды – рақымды

II Игілікті – маңызды – мәнді – нәтижелі

Иемдену: 1) меншіктеу; 2) пайдалану.

I Иемдену – меншіктеу – иелену – қожалық ету

II Иемдену – пайдалану – малдану

Икемді: 1) ыңғайлы; 2) епті.

I Икемді – ыңғайлы – ықшамды – бейімді

II Икемді – епті – іскер

Ими: 1) иіңкі келу; 2) бүкши.

I Ими – иіңкі келу – иілу

II Ими – бүкшию – бүгілу – еңкіштену

Инабат: 1) ізгі қасиет; 2) ар-ұждан.

I Инабат – ізгі қасиет – әдеп – өнегелі ізет – ілтипат

II Инабат – ар-ұждан – ұят

Итаршы: 1) кішкене, шәуілдек ит; 2) жарамсақ.

I Итаршы – кішкене, шәуілдек ит

II Итаршы – жарамсақ – құйыршық

Кездесу: 1) кезігу; 2) тап болу.

I Кездесу – кезігу – жолығу

II Кездесу – тап болу – ұшырасу – душар болу

Кезең: 1) кез; 2) тарихи дәуір.

I Кезең – кез – уақыт – мезгіл

II Кезең – тарихи дәуір – заман – эпоха

Кезігу: 1) қарсы жолығу; 2) ұшырасу.

I Кезігу – қарсы жолығу – кез болу

II Кезігу – ұшырасу – тап болу

Кейде: 1) кей уақытта; 2) оқта-текте.

I Кейде – кей уақытта – кей кезде

II Кейде – оқта-текте – анда-санда – бірде

Кегжи: 1) шалқай; 2) кекірей.

I Кегжи – шалқай – шалқақта

II Кегжи – кекірей – кекшей – кекей – қақшай – қақай

Кемтар: 1) жарымжан; 2) жетімсіз.

I Кемтар – жарымжан – мүгедек – ғарып – дімкәс – кемістігі бар

II Кемтар – тапшы – жетімсіз – мұқтаж

Кемшілік: 1) кемістік; 2) қателік.

I Кемшілік – кемістік – олқылық

II Кемшілік – қателік – әбестік – білместік

Кешиет: 1) ерекше қасиет; 2) кесір.

I Кешиет – ерекше қасиет – кие – құпия күш

II Кешиет – кесір – кесапат – қырсық

Кербез: 1) керіліп-созылған; 2) бабына келтіре.

I Кербез – керіліп-созылған – сәнқой – паң – сылқым

II Кербез – бабына келтіре – әсем – сәнді

Кері: 1) артқа қарай; 2) қарама-қарсы.

I Кері – артқа қарай – кейін – қайта

II Кері – қарама-қарсы – қайшы

Кескін: 1) бет пішін; 2) тұлға.

I Кескін – бет пішін – әлпет – келбет – кейіп

II Кескін – тұлға – тұрпат – бейне

Кескінді: 1) әлпетті; 2) келбетті.

I Кескінді – әлпетті – пішінді

II Кескінді – келбетті – әдемі – келісті – сымбатты

Көлем: 1) аумағы; 2) шегі.

I Көлем – аумағы – мөлшері – қарымы – шама – мұғдар

II Көлем – шегі – аясы – қорам

Көлеңдеу: 1) желбіреу; 2) қараңдау.

I Көлеңдеу – көлбең-көлбең ету – желбіреу – көлбеңдеу

II Көлеңдеу – қараңдау – қарауытып көріну

Көмкеру: 1) жапсыру; 2) қоршау.

I Көмкеру – жапсыру – жиектеу – қайыру

II Көмкеру - қоршау - орау

Күбіту: 1) қарбыту; 2) асыра сөйлеу.

I Күбіту – қарбыту – өндіру – тындыру

II Күбіту – асыра сөйлеу – көпірту – бұрқырату – өкірту – төпеу

Күйзелу: 1) қиналу; 2) азап шегу.

I Күйзелу – қиналу – қайғыру – қажу

II Күйзелу – азап шегу – жүдеп-жадау – жұтау – азу – азғыну

Күйлі: 1) жағдайы жақсы; 2) семіз.

I Күйлі – жағдайы жақсы – ауқатты – тың – ширақ

II Күйлі – семіз – қонды

Күлу: 1) жымию; 2) әлжуалау.

I Күлу – ыржию – жымию – езу тарту – жырқылдау – жыртақтау

II Күлу – әлжуалау – мазақтау – келеке ету

Күнделікті: 1) күн сайынғы; 2) үнемі.

I Күнделікті – күн сайынғы – дағдылы – әдеттегі – үйреншікті

II Күнделікті – үнемі – әрдайым – күн сайын

Күшею: 1) арту; 2) нығаю.

I Күшею – арту – үдеу

II Күшею – нығаю – жақсару – түзелу

Кібіртіктеу: 1) баяулау; 2) мүдіру.

I Кібіртіктеу – баяулау

II Кібіртіктеу – мүдіру – күмілжу

Кінә: 1) кемшілік; 2) айып.

I Кінә – кемшілік – мін – ағаттық – ерсілік

II Кінә – айып – жазық

Кісендеу: 1) тұсау; 2) матау.

I Кісендеу – тұсау – шынжырлау

II Кісендеу – матау – байлау – тыйым салу

Қағынды: 1) өкпенің талаурауы; 2) құтырған.

I Қағынды – өкпенің талаурауы – қабынуы

II Қағынды – құтырған – оңбаған – құдай атқан

Қайталау: 1) тағы да, қайтадан айту (істеу); 2) пысықтау.

I Қайталау – тағы да, қайтадан айту – екінші рет болу

II Қайталау – пысықтау

Қалау: 1) қолқа салу; 2) мақұл көру.

I Қалау – қолқа салу – сұрау

II Қалау – мақұл көру – ұнату – тілеу

Қалыпты: 1) тұрақты; 2) әдетке сіңген.

I Қалыпты – тұрақты – орнықты – өзгермейтін

II Қалыпты – әдетке сіңген – үйреншікті – дағдылы

Қам: 1) жай-жағдай; 2) әрекет.

I Қам – жай-жағдай – хал-күй

II Қам – әрекет – айла-амал

Қарайла: 1) қарағыштау; 2) байқау.

I Қарайла – қарағыштау – қайта-қайта қарай беру – көз салу

II Қарайла – байқау – аңғару – зер салу

Қаралу: 1) қарастыру; 2) тексерту.

I Қаралу – қарастыру – байқастыру

II Қаралу – тексерту – емделу – көріну

Қаралы: 1) қайғылы; 2) тауқыметті.

I Қаралы – қайғылы – азалы

II Қаралы – азапты – ауыр – мекнатты – тауқыметті

Қарапайым: 1) жұпыны; 2) жабайы.

I Қарапайым – жұпыны – жәй

II Қарапайым – жабайы – тұрпайы

Қарастыру: 1) іздестіру; 2) тексеру.

I Қарастыру – іздестіру – табуға тырысу

II Қарастыру – тексеру – ойластыру – қам жасау

Қас: 1) өш; 2) жау.

I Қас – өш

II Қас – дұшпан – жау

Қипақтау: 1) тынышы кету; 2) батылы бармау.

I Қипақтау – тынышы кету – мазасыздану – қозғалақтау

II Қипақтау – батылы бармау – кібіртіктеу – сипақтау – именшектеу – қыбыжықтау

Қиялдау: 1) қиялға берілу; 2) армандау.

I Қиялдау – қиялға берілу – ой жіберу – санамен шолу – ойлау – зерделеу

II Қиялдау – армандау – көксеу

Қопару: 1) аудару; 2) ескіні қазбалау.

I Қопару – аудару – астан-кестенін шығару

II Қопару – ескіні қазбалау – ақтару – қайта жаңғырту

Қорғансыз: 1) қорған-қамалы жоқ; 2) панасыз.

I Қорғансыз – қорған-қамалы жоқ – қоршаусыз

II Қорғансыз – панасыз – қорғаушы, сүйенері жоқ

Қорлау: 1) ар намысын аяққа басу; 2) жәбірлеу.

I Қорлау – ар намысын аяққа басу – басыну – кемсіту

II Қорлау – жәбірлеу – азаптау – қорлық көрсету

Қорыну: 1) біреуді кем тұту; 2) місе тұтпау.

I Қорыну – біреуді кем тұту – кемсіту – қор санау

II Қорыну – місе тұтпау – қомсыну – олқысыну

Қошаметтеу: 1) құрметтеу; 2) мақтау.

I Қошаметтеу – құрметтеу – сыйлау – ізет білдіру

II Қошаметтеу – мақтау – қолпаштау – мадақтау – дәріптеу

Қу: 1) айлакер; 2) опасыз.

I Қу – айлакер – амал тапқыш – епшіл

II Қу – опасыз – жалған – баянсыз – ала аяқ – сайқал

Қуаттану: 1) әлдену; 2) жігерлену.

I Қуаттану – әлдену – қуат алу – күш жинау – дилану

II Қуаттану – жігерлену – қайраттану

Қуғындау: 1) қуғын салу; 2) қудалау.

I Қуғындау – қуғын салу – қуу

II Қуғындау – қудалау – соңына түсу

Қулық: 1) алдамшы іс-әрекет; 2) залымдық.

I Қулық – алдамшы іс-әрекет – амал – айла – тәсіл

II Қулық – залымдық – зұлымдық – айлакерлік – арамдық – сұмдық

Құмар: 1) ынтық; 2) әуес.

I Құмар – ынтық – ынтызар – асық – іңкәр

II Құмар – әуес – үйір – құштар – қызықтағыш

Құрғау: 1) құрып кету; 2) кеберсу.

I Құрғау – құрып кету – кебу – дегду – тобарсу

II Құрғау – кеберсу – кезеру

Құрдас: 1) құрбы; 2) замандас.

I Құрдас – құрбы – теңдес

II Құрдас – замандас – қатарлас – тұстас – тұрғылас

Қымбат: 1) өте бағалы; 2) аса қадірлі.

I Қымбат – өте бағалы – құны артық

II Қымбат – аса қадірлі – аяулы – ыстық

Қыңыраю: 1) бір жағына қарай қисаю; 2) қасарысу.

I Қыңыраю – бір жағына қарай қисаю – иілу

II Қыңыраю – қасарысу – қикарлану

Қысылу: 1) ұялу; 2) қиналу.

I Қысылу – ұялу – ыңғайсыздану – қызару

II Қысылу – сасу – қиналу

Қысыла: 1) қымтырыла-қысылып; 2) қызара.

I Қысыла – қымтырыла-қысылып, қымтырылып – әрең – зорға

II Қысыла – қызара – ұяла – қымсына

Қысылтаяң: 1) аласапыран; 2) ауыр.

I Қысылтаяң – аласапыран – қарбалыс – қысылшаң

II Қысылтаяң – ауыр – қиын-қыстау

Қысылыңқырау: 1) тарығу; 2) аздап ұялу.

I Қысылыңқырау – тарығу – қиналыңқырау

II Қысылыңқырау – аздап ұялу – ұялыңқырау – именіңкіреу

Қытымыр: 1) қатығу; 2) ызғарлы.

I Қытымыр – қатығу – қатты – қатал

II Қытымыр – суық – ызғарлы – аязды

Леп: 1) самал; 2) хабар.

I Леп – самал – желпу

II Леп – хабар – жағымды жаңалық

Мағына: 1) ұғым; 2) мән.

I Мағына – ұғым – түсінік

II Мағына – мән – маңыз – мазмұн

Мағыналы: 1) мағынасы терең; 2) мәнді.

I Мағыналы – мағынасы терең – кең – әсерлі

II Мағыналы – мәнді – мазмұнды

Мағлұмат: 1) хабар; 2) мәлімет.

I Мағлұмат – хабар – жан-жақты білім

II Мағлұмат - ақпарат – мәлімет

Мажырау: 1) жайма-шуақтану; 2) жадырау.

I Мажырау — жайма-шуақтану — ашылу — жыли бастау — көңіреу

II Мажырау - жадырау — көңілдену — жарқырау

Мақау: 1) тілі жоқ; 2) меңіреу.

I Мақау – тілі жоқ – мылқау

II Мақау – меңіреу – кеше

Мақтану: 1) қораздану; 2) бөсу.

I Мақтану – қораздану – қоқилану – күпсіну – мардымсу

II Мақтану – бөсу – көпіру – ісіну – кебіну – күпіну

Мақұл: 1) құп; 2) дұрыс.

I Мақұл – құп – жақсы – жарайды деу – келісу

II Мақұл - дұрыс - жөн

Мақұлық: 1) жәндік; 2) надан.

I Мақұлық – жәндік - жан-жануар

II Мақұлық –надан – топас

Маңғаз: 1) паң; 2) байыпты.

I Маңғаз – паң – керенау – кербез – тәкашпар

II Маңғаз – байыпты – байсалды – салмақты

Марғау: 1) селсоқ; 2) көңілсіз.

I Марғау – селсоқ – сылбыр – самарқау

II Марғау – көңілсіз – жабырқаңқы

Марқаю: 1) есею; 2) өсіп-өну.

I Марқаю – есею – өсу – үлкею

II Марқаю – өсіп-өну – алға басу

Масқара: 1) ар-намысқа тиетін өрескел іс; 2) мазақ.

I Масқара – ар-намысқа тиетін өрескел іс – ұят – сұмдық

II Масқара – мазақ – келемеж – ажуа

Мәнерлеу: 1) әшекейлеу; 2) нақышына, бабына тиетін келтіре сөйлеу.

I Мәнерлеу – әшекейлеу – өрнектеу – өрлеу

II Мәнерлеу – нақышына, бабына тиетін келтіре сөйлеу – әдемілеп оқу

Мәртебе: 1) абырой; 2) дәреже.

I Мәртебе – абырой – атақ – дәреже – даңқ

II Мәртебе – бақ – дәреже – мақтаныш

Межеллеу: 1) мөлшерлеу; 2) шек қою.

I Межеллеу – мөлшерлеу – шамалау

II Межеллеу – шек қою – белгілеу

Мезетте: 1) кезде; 2) лезде.

I Мезетте – кезде – уақытта – сәтте – мезгілде

II Мезетте – лезде – тез – жылдам

Мейрімдену: 1) іші жылу; 2) жаны ашу.

I Мейрімдену – іші жылу – жақсы көру – ниеті ауу – ықыласы

түсу

II Мейрімдену – жаны ашу – есіркеу – аяу

Мекен-жай: 1) қоныстанған орын; 2) ғимарат.

I Мекен-жай – қоныстанған орын – тұрақ

II Мекен-жай – ғимарат – құрылыс – салынған үй – мекеме

Меңгеру: 1) игеру; 2) басшылық ету.

I Меңгеру – игеру – қыр-сырын жақсы білу

II Меңгеру – басшылық ету – басқару – баурау

Меңдеу: 1) әлі құру; 2) басу.

I Меңдеу – әлі құру – дәрмені кету – асқыну

II Меңдеу – басу – билеу – жеңу – дендеу – иықтану

Мөңку: 1) тулау; 2) ашулану.

I Мөңку – тулау – асаулану

II Мөңку – ашулану – шамдану – бұрқ-сарқ болу

Мақау: 1) кекеу; 2) жаны ашу.

I Мақау – кекеу – қағыту – мұқату – кеміту

II Мақау – жаны ашу – мою – қайту

Мұра: 1) дүние-мүлік; 2) салт-сана.

I Мұра – дүние-мүлік – бұйым т.с.с. заттар

II Мұра – салт-сана – дәстүр – өнегелі еңбек

Мұрындық: 1) істек ағаш; 2) басшы.

I Мұрындық – істек ағаш

II Мұрындық – басшы – жетекші – ұйтқы

Мүдіру: 1) тосылу; 2) тоқтап қалу.

I Мүдіру – тосылу – жауап таба алмай қалу

II Мүдіру – тоқтап қалу – бөгелу – кідірістеу

Мүлде: 1) біржола; 2) тіптен.

I Мүлде – біржола – үзілді-кесілді

II Мүлде – тіптен – бүтіндей

Мүсін: 1) бет-әлпет; 2) бейне.

I Мүсін – бет – әлпет – пішін – келбет

II Мүсін – бейне – тұлға – скульптура

Мықты: 1) күшті; 2) берік.

I Мықты – күшті – қуатты – әлді

II Мықты – берік – бекем – мызғымас

Мылжың: 1) мән-мағынасы жоқ, көпірме бос сөз; 2) тантық.

I Мылжың – мән-мағынасы жоқ, көпірме бос сөз

II Мылжың – тантық – қазымыр – қырт

Надан: 1) топас; 2) білімсіз.

I Надан – топас – пайымсыз – пасық – малғұн

II Надан – білімсіз – қараңғы

Назар: 1) зейін; 2) жанар.

I Назар – зейін – ықылас – зерде

II Назар – көз – жанар

Нақақ: 1) әділетсіз; 2) көпе-көрнеу.

I Нақақ – әділетсіз – жазықсыз – кінәсіз

II Нақақ – көпе-көрнеу – өтірік – жалған

Нәжіс: 1) үлкен дәрет; 2) былапыт.

I Нәжіс – үлкен дәрет

II Нәжіс – былапыт – былғаныш – жаман

Нәзік: 1) жіп-жіңішке; 2) берік емес.

I Нәзік – жіп-жіңішке

II Нәзік – берік емес – әлсіз – осал

Нән: 1) үлкен; 2) мықты.

I Нән – үлкен – дәу – қомақты

II Нән – мықты – күшті

Нәр: 1) талшық; 2) әл.

I Нәр – талшық – қорек

II Нәр – ел – күш-қуат

Нәрлі: 1) құнарлы; 2) мәнді.

I Нәрлі – құнарлы – қуатты – маңызды

II Нәрлі – мәнді – сапалы – тартымды

Негіз: 1) түп-төркін; 2) ірге тас.

I Негіз – түп-төркін – тек

II Негіз – ірге тас

Ожар: 1) оспадар; 2) оғаш дөрекі.

I Ожар – оспадар – ұр да жық – әпербақан

II Ожар – оғаш дөрекі – ерсі

Озық: 1) алдыңғы қатарлы; 2) ерте.

I Озық – алдыңғы қатарлы – маңдай алды – үздік – озат

II Озық – уақыт, мезгіл жағынан алда, ілгері – ерте

Ой: 1) түсінік; 2) ақыл.

I Ой – түсінік – пікір – ұғым

II Ой – ақыл – ес

Ойсыз: 1) ақылсыз; 2) уайымсыз.

I Ойсыз – ақылсыз – зердесіз – санасыз

II Ойсыз – уайымсыз – қайғысыз – алаңсыз

Оқушы: 1) шәкірт; 2) оқырман.

I Оқушы – шәкірт

II Оқушы – оқырман

Олимпиада: 1) спорт жарысы; 2) бәсеке.

I Олимпиада – спорт жарысы

II Олимпиада – бәсеке – жарыс

Олқы: 1) тығыз толмаған; 2) жетіспей, кемдеу.

I Олқы – тығыз толмаған – орта – бос

II Олқы – жетіспей, кемдеу тұрған – кеміс

Опай-топай: 1) ұмар-жұмар; 2) астан-кестен.

I Опай-топай – ұмар-жұмар – опыр-топыр

II Опай-топай – астан-кестен – бей-берекет

Опасыз: 1) екіжүзді; 2) тұрақсыз.

I Опасыз – екіжүзді – сатқын

II Опасыз – тұрақсыз – тұрлаусыз – баянсыз

Оралу: 1) қайта келу; 2) шырмалу.

I Оралу – қайта келу – қайта көңіл бөлу – екінші рет соғу

II Оралу – шырмалу – матасу

Орналасу: 1) орын тебу; 2) кіру.

I Орналасу – орын тебу – орнығу – жайғасу

II Орналасу – кіру – түсу – тұру

Ортай: 1) деңгейі төмендеу; 2) кему.

I Ортай – деңгейі төмендеу – қайту

II Ортай – кему – азаю – ортаға түсу

Отты: 1) оты, ыстығы бар; 2) жігерлі.

I Отты – оты, ыстығы бар

II Отты – жігерлі – қайратты – өткір

Өжет: 1) ешнәрседен қорқпайтын; 2) батыл.

I Өжет – ешнәрседен қорқпайтын – жау жүрек – ер

II Өжет – батыл – өткір

Өзімшіл: 1) қара басының ғана қамын ойлайтын; 2) менменшіл.

I Өзімшіл – қара басының ғана қамын ойлайтын – өз пайдасын қарастыратын

II Өзімшіл – менменшіл – тәкаппар – өр көкірек

Өксік: 1) жылау; 2) қайғы.

I Өксік – жылау – ықылық – солық

II Өксік – қайғы – қасірет – өкініш

Өкім: 1) шешім; 2) билік.

I Өкім – шешім – байбалам – үкім

II Өкім – билік – әмір – үстемдік – қысас

Өлең: 1) поэзия; 2) өн.

I Өлең – поэзия – ырғақ, ұйқаса құрылған көркем сөз

II Өлең – ән – әуен – жыр

Өлермен: 1) өлу халіне жеткен; 2) жан кешті.

I Өлермен – өлу халіне жеткен – өлмеші

II Өлермен – жан кешті – жансебіл – жарымес

Өмірлік: 1) тұрмысқа қажетті; 2) мәңгі.

I Өмірлік – тұрмысқа қажетті – өмірге тән

II Өмірлік – мәңгі-бақилық – өмір бойылық – тұрақты

Өркендеу: 1) көктеу; 2) жан-жақты өсу.

I Өркендеу – көктеу – жапырақтау – желі тарту

II Өркендеу – жан-жақты өсу – даму – көркею

Өткір: 1) өткірленген; 2) батыл.

I Өткір – өткірленген – жақсы қайралған – тез кесетін

II Өткір – батыл – пысық – өжет

Пайда: 1) мол табыс; 2) жағымды іс-әрекет.

I Пайда – мол табыс – таза кіріс – түсім

II Пайда – жағымды іс-әрекет – қажетті жақсылық – олжа

Пана: 1) тұрақ-жай; 2) қорғаныш.

I Пана – тұрақ-жай – баспана – қора – ықтасын жер

II Пана – қорғаныш – сая

Паналау: 1) баспана ету; 2) қорғаныш ету.

I Паналау – баспана ету – ықтасын қылу – бас сауғалау – тасалау

II Паналау – қорғаныш ету – саялау – қорғалау – сағалау

Пар: 1) қос; 2) бір-біріне тең.

I Пар – қос – жұп – екі

II Пар – бір-біріне тең – қатар

Парлау: 1) екі-екіден жұптау; 2) біркелкі қылу.

I Парлау – екі-екіден жұптау – қос-қостан қосарлау

II Парлау – біркелкі қылу – теңдей ету – үйлестіру – ұқсас ету

Пәле: 1) шатақ; 2) қырсық кесел.

I Пәле – шатақ – дау-жанжал – бөле-жала

II Пәле – қырсық кесел – кесапат

Пішін: 1) сыртқы түр; 2) кескін.

I Пішін – сыртқы түр – тұлға – форма

II Пішін – кескін – кейіп – келбет – бейне – қалып

Рет: 1) тәртіп; 2) істің жөні.

I Рет – тәртіп – қатар

II Рет – істің жөні – ыңғайы – орайы – қисыны – ебі – қыбы – қидыны – иіні

Рецепт: 1) нұсқау қағаз; 2) дайындау жолы.

I Рецепт – нұсқау қағаз

II Рецепт – дайындау жолы – ереже – норма

Сағат: 1) уақыт мөлшері; 2) мерзім.

I Сағат – уақыт мөлшері – механизм

II Сағат – мерзім – уақыт

Сала: 1) сайдың ашасы; 2) тармақ.

I Сала – сайдың ашасы – өзен ортасының тарауы

II Сала – тармақ – бөлік – жүйе

Салбырау: 1) төмен түсу; 2) еңсесі түсу.

I Салбырау – төмен түсу – салақтау

II Салбырау – еңсесі түсу – қажу – шаршау – ұнжырғасы түсу

Самарқау: 1) жай; 2) көңілсіз.

I Самарқау – жай – баяу – жайбарақат

II Самарқау – көңілсіз – селсоқ – керенау – немқұрайды

Санақ: 1) есеп; 2) санын анықтау ісі.

I Санақ – есеп – санау

II Санақ – санын анықтау ісі – есеп

Сарсылу: 1) тырп етпеу; 2) зарығу.

I Сарсылу – тырп етпеу – тапжылмау – сарылу

II Сарсылу – зарығу – сарғай

Сарын: 1) сарнау; 2) әуен.

I Сарын – сарнау

II Сарын – әуен – саз – ырғақ

Сасу: 1) бұзылу; 2) мұңку.

I Сасу – бұзылу – шіру – иістену

II Сасу – мұңку – аңку – жаман иіс сезілу

Сейілу: 1) саны, я көлемі азаю; 2) айығу.

I Сейілу – саны, я көлемі азаю – саябырлап басылу

II Сейілу – айығу – тарқау – тазару

Сенім: 1) наным; 2) күткен үміт.

I Сенім – наным

II Сенім – күткен үміт – ықылас – ниет

Сергек: 1) сақ ұйықтайтын; 2) жеңіл.

I Сергек – сақ ұйықтайтын – сезімтал

II Сергек – жеңіл – ширақ

Сермеу: 1) құлаш керіп үру 2) серпу.

I Сермеу – құлаш керіп үру – сілтеу

II Сермеу – серпу – тебу

Серік: 1) жолдас; 2) ермек.

I Серік – жолдас – еруші

II Серік – ермек – алданыш

Сескену: 1) жасқану; 2) қауіптену.

I Сескену – жасқану – қорқу – қаймығу

II Сескену – қауіптену – күдіктену

Солу: 1) қуару; 2) әбден жүдеу.

I Солу – қуару – сему – шежу

II Солу – әбден жүдеу – қуару – қату

Солбыраю: 1) ұзынды-қысқалы болу; 2) еңсесі түсу.

I Солбыраю – ұзынды-қысқалы болу – жинақы болмау

II Солбыраю – еңсесі түсу – сүмірею – сөлмірею – семпию

Соны: 1) бұрын таныс емес; 2) ешкім аяқ баспаған.

I Соны – бұрын таныс емес – жаңа

II Соны – ешкім аяқ баспаған – тың

Сұғу: 1) пісіп алу; 2) ішіне салу.

I Сұғу – пісіп алу – тығып алу – енгізу

II Сұғу – ішіне салу – тығу

Сұлу: 1) көрікті; 2) сәнді.

I Сұлу – көрікті – ажарлы – өңді

II Сұлу – сәнді – әсем – әйбет – әдемі

Сүйеу: 1) тіреу; 2) жақтау.

I Сүйеу – тіреу

II Сүйеу – жақтау – қолдау – медеу – демеу

Сүйкімді: 1) тартымды; 2) жағымды.

I Сүйкімді – тартымды – жарасымды

II Сүйкімді – жағымды – жайлы

Сүріну: 1) жығыла жаздау; 2) мүлт басу.

I Сүріну – жығыла жаздау

II Сүріну – мүлт басу – жаңсақ басу – қателесу

Сыбаға: 1) соғым еті; 2) енші.

I Сыбаға – соғым еті – мүше

II Сыбаға – енші – тиесі – үлесі

Сыбайлас: 1) шектес; 2) ымы-жымы бір.

I Сыбайлас – шектес – көршілес

II Сыбайлас – ымы-жымы бір – бір-бірімен тығыз байланысты – ауыз жаласқан – жемтікес

Сығыраю: 1) жарықтың көмескіленуі; 2) сықсию.

I Сығыраю – жарықтың көмескіленуі – сәл ғана жылтырау

II Сығыраю – сығыраңдау

Сыпырылу: 1) сылыну; 2) арылу.

I Сыпырылу – сылыну – сытылу

II Сыпырылу – арылу – айрылу – құтылу

Сыр: 1) құпия; 2) істің мән-жайы.

I Сыр – құпия – жасырын пікір

II Сыр – жай-жапсар

Сырбаз: 1) адамгершілігі мол; 2) кербез.

I Сырбаз – адамгершілігі мол – байсалды байыпты – ашық мінезді – сыралғы

II Сырбаз – кербез – сұлу – сылқым – сәнді – салтанатты – көркем

Сіңу: 1) судың таралуы; 2) кірігіп-бірігіп кету.

I Сіңу – судың таралуы – сорылу

II Сіңу – кірігіп-бірігіп кету – етене болып араласу

Табыну: 1) сиыну; 2) бас ию.

I Табыну – сиыну – шоқыну

II Табыну – бас ию – құрмет тұту – бағыну

Тазару: 1) кір-қоқыстан арылу; 2) арам, жаман пиғылдан арылу.

I Тазару – кір-қоқыстан арылу – тазалану

II Тазару – арам, жаман пиғылдан арылу – аршылу

Тайғақ: 1) тайғанақ; 2) тұрақсыз.

I Тайғақ – тайғанақ – сырғанақ

II Тайғақ – тұрақсыз – баянсыз – айнығыш

Талай: 1) әлденеше; 2) неше.

I Талай – әлденеше – бірнеше – көптеген

II Талай – неше – түрлі – алуан түрлі

Талдау: 1) бір-бірлеп санау; 2) тексеру.

I Талдау – бір-бірлеп санау – тарамдау

II Талдау – текеру – саралау – сараптау

Таңба: 1) лақ; 2) қаяу.

I Таңба – лақ – ен – белгі – мер

II Таңба – қаяу – шер – кек

Тарлық: 1) кішіректік; 2) ауыртпалық.

I Тарлық – кішіректік – қысыңқылық

II Тарлық – ауыртпалық – тапшылық

Тарылу: 1) тараю; 2) сарандық жасау.

I Тарылу – тараю – кішірею

II Тарылу – сарандық жасау – пейілі құру – тарығу – апшысы құрылу

Таяныш: 1) тіреу; 2) арқа сүйер тірек.

I Таяныш – тіреу – сүйеніш

II Таяныш – арқа сүйер тірек – сүйемел

Тәнтi: 1) өте риза болу; 2) қайран қалу.

I Тәнтi – өте риза болу – сүйсiну

II Тәнтi – қайран қалу – таңдану – таңырқау – қызығу

Тәуір: 1) біршама жақсы; 2) айығу.

I Тәуір – біршама жақсы – оңды – дұрыс

II Тәуір – айығу – сауығу

Тебiну: 1) тепектеу; 2) ашу шақыру.

I Тебiну – тепектеу – соққылау

II Тебiну – ашу шақыру – зіл тастау – тепсiну

Тегеуiрiндi: 1) екпiндi; 2) қайратты.

I Тегеуiрiндi – екпiндi – қарқынды – пәрмендi

II Тегеуiрiндi – қайратты – күштi – қуатты

Тектi: 1) шыққан тегi бiр; 2) тегi жақсы.

I Тектi – шыққан тегi бiр – тұқымдас

II Тектi – тегi жақсы – көргендi – затты

Телегей: 1) теңіз; 2) орасан көп.

I Телегей – теңіз – ұшы-қиыры жоқ – көз жеткiсiз – мол су

II Телегей – орасан көп – есепсiз мол

Темірқазық: 1) ең жарық жұлдыз; 2) бетке ұстар негізгі тірек.

I Темірқазық – ең жарық жұлдыз

II Темірқазық – бетке ұстар негізгі тірек – сенім

Тең: 1) бірдей; 2) лайық.

I Тең – бірдей – пара-пар – қатар

II Тең – лайық – сай – пар

Теңдік: 1) барлық жағынан бірдей; 2) тең құқылық.

I Теңдік – барлық жағынан бірдей – тең болушылық

II Теңдік – тең құқылық – еркіндік – бостандық

Теңіздей: 1) теңіз сияқты; 2) өлшеусіз.

I Теңіздей – теңіз сияқты

II Теңіздей – ұшан-теңіз – өлшеусіз

Тепкі: 1) теуіп жіберу; 2) ауыр азап.

I Тепкі – теуіп жіберу – соққы

II Тепкі – ауыр азап – бейнет – қорлық – зорлық – зомбылық

Тиянақты: 1) тұрақты; 2) өз ісіне берік.

I Тиянақты – тұрақты – баянды – орнықты

II Тиянақты – өз ісіне берік – табанды

Тоқтаусыз: 1) ешбір толастамай; 2) кедергісіз.

I Тоқтаусыз – ешбір толастамай – кідіріссіз – іркілусіз

II Тоқтаусыз – кедергісіз – кідірмей – тез – дереу

Тойғандық: 1) тойғандық; 2) ағыл-тегіл молшылық.

I Тоқтық – тойғандық

II Тоқтық – ағыл-тегіл молшылық – баршылық

Тоқырау: 1) бөгелу; 2) ілгері жылжымау.

I Тоқырау – кідіріп, тоқтап тұрып қалу – бөгелу

II Тоқырау – ілгері жылжымау – тыйылу – дамуы тоқтап қалу

Тырси: 1) күмпью; 2) өкпелеу.

I Тырси – күмпью – тырсию

II Тырси – өкпелеу – бұртию

Тоятта: 1) тоя жем жеу; 2) көңілі толу.

I Тоятта – тоя жем жеу – тоят алу

II Тоятта – көңілі толу – қанағаттану – риза болу

Төзімді: 1) шыдамды; 2) берік.

I Төзімді – шыдамды – көнімпаз

II Төзімді – берік – қатты – мықты

Төлеу: 1) баға; 2) қайтарылған қарымта.

I Төлеу – баға – құн – ақы – төлем

II Төлеу – қайтарылған қарымта – өтеу – өндіру

Төркін: 1) туған; 2) түпкі негіз.

I Төркін – туған – туысқан – ел – жұрт

II Төркін – түпкі негіз – басты арқау

Тұрақсыз: 1) тұрағы жоқ; 2) тиянақсыз.

I Тұрақсыз – тұрағы жоқ

II Тұрақсыз – тиянақсыз – берекесіз – орнықсыз

Тұрлау: 1) әбден шаршау; 2) тұтау.

I Тұрлау – әбден шаршау – болдыру – діңкесі құру – діңкелеу – жүйкелеу

II Тұралау – жоқшылықтан азып-тозу – тұтау – титықтау

Тұсау: 1) тұсамыс салу; 2) қол-аяғын матау.

I Тұсау – тұсамыс салу

II Тұсау – қол – аяғын матау – еркіне жібермеу

Тұтас: 1) түгел; 2) бөлек емес.

I Тұтас – түгел – жаппай – тегіс

II Тұтас – бөлек емес – бір – бүтін

Түйін: 1) түйіншек; 2) қорытынды.

I Түйін – түйіншек

II Түйін – қорытынды – байлам – шешім

Түкпір: 1) таса жер; 2) қиыр шет.

I Түкпір – таса жер – қалтарыс
II Түкпір – қиыр шет – алыс жер

Түлек: 1) балапан; 2) жас ұрпақ.

I Түлек – балапан – ұшар шақ

II Түлек – жас ұрпақ – жас буын – жеткіншек

Түнек: 1) қараңғылық; 2) ауыртпалық.

I Түнек – қараңғылық

II Түнек – ауыртпалық – қайғы – қасірет

Түнеру: 1) күңгірттену; 2) қабағын түйю.

I Түнеру – күңгірттену – карауыту

II Түнеру – қабағын түйю – ренжу

Түсінік: 1) ұғым; 2) ақпар.

I Түсінік – ұғым

II Түсінік – ақпар – мәлімет

Тың: 1) қолданылмаған; 2) жаңа.

I Тың – қолданылмаған – тыңайған

II Тың – соны – жаңа

Тікию: 1) тіп-тік болу; 2) тікею.

I Тікию – тіп-тік болу

II Тікею – тікею – тікірею – едірею

Тіксінү: 1) әлденеден сезіктену; 2) сескену.

I Тіксінү – әлденеден сезіктену – секем алу

II Тіксінү – сескену – тітіркену

Тілек: 1) көрікті ой; 2) өтініш.

I Тілек – көрікті ой – игі арман – ұлы мақсат – мүдде

II Тілек – өтініш – талап

Тілімдеу: 1) тілгілеу; 2) жерді жырту.

I Тілімдеу – тілгілеу – кескілеу – тілу

II Тілімдеу – жерді жырту – тілгілеп өсу

Тірек: 1) тіреу; 2) сүйеніш.

I Тірек – тіреу – аша

II Тірек – сүйеніш – таяныш

Тіркеу: 1) тіркестіру; 2) есепке алу.

I Тіркеу – тіркестіру – қосу

II Тіркеу – есепке алу – хаттау – тізімге алу

Тітіркену: 1) денесі түршігу; 2) сескену.

I Тітіркену – денесі түршігу – шіміркену – тіркеу

II Тітіркену – шошыну

Уату: 1) жұбату; 2) алдарқату.

I Уату – жұбату

II Уату – алдарқату – көңілін аулау

Уқалау: 1) үйкелеу; 2) умаждау.

I Уқалау – үйкелеу – ысқылау

II Уқалау – умаждау – мыжғылау – уалау

Улы: 1) уы мол; 2) зәрлі.

I Улы – уы мол – уландырғыш

II Улы – зәрлі – зиянды – ащы

Ұғым: 1) түсінік; 2) мән.

I Ұғым – түсінік – таным

II Ұғым – мән – мағына – маңыз

Ұйқасу: 1) сәйкесу; 2) үндесу.

I Ұйқасу – сәйкесу – сай келу

II Ұйқасу – үндесу – үйлесу – қиюласу

Ұйпалақ: 1) қобырап ұйпаланған; 2) мыж-мыж.

I Ұйпалақ – қобырап ұйпаланған – будыраған

II Ұйпалақ – мыж-мыж – қыртыс-қыртыс – умаждалған

Ұйтқы: 1) ашытқы; 2) себепші.

I Ұйтқы – ашытқы – қор – мәйек

II Ұйтқы – себепші – қозғау – түрткі – себеп

Ұқып: 1) тиянақтылық; 2) ысырапқа жол бермеушілік.

I Ұқып – тиянақтылық – тыңғылықтылық – тындырықтылық

II Ұқып – ысырапқа жол бермеушілік – үнемшілік

Ұлғаю: 1) үлкею; 2) жасы егде тарту.

I Ұлғаю – үлкею – өсу көбею

II Ұлғаю – жасы егде тарту – қартайыңқырау

Ұмтылу: 1) ентелеу; 2) талпыну.

I Ұмтылу – ентелеу – омыраулау – оқталу – тап беру

II Ұмтылу – талпыну – талаптану

Ұнату: 1) жақсы көру; 2) мақұл көру.

I Ұнату – жақсы көру – жарату – қалау – сүю

II Ұнату – мақұл көру – қолдау – жақтыру

Ұрыну: 1) қақтығу; 2) душар болу.

I Ұрыну – қақтығу – тиісу – соқтығу

II Ұрыну – душар болу – кездесу – кезігу

Ұрыс: 1) соғыс; 2) керіс.

I Ұрыс – соғыс – төбелес – айқас

II Ұрыс – керіс – талас – жанжал

Ұшып-қону: 1) бәйек болу; 2) жеңілтектену.

I Ұшып-қону – бәйек болу – зыр жүгіру

II Ұшып-қону – жеңілтектену – шошаңдау

Ұшырау: 1) кездесу; 2) жүздесу.

I Ұшырау – кездесу – жүздесу – жолығу

II Ұшырау – тап болу – шырмалу – шатылу

Үкім: 1) шешім; 2) кесім.

I Үкім – шешім – жаза

II Үкім – кесім – жарлық – билік

Үлгі: 1) өнеге; 2) нұсқа.

I Үлгі – өнеге – тәлім

II Үлгі – нұсқа – ғибрат – мысал

Үңілу: 1) мұқият, шұқшия қарау; 2) зер салу.

I Үңілу – мұқият, шұқшия қарау

II Үңілу – зер салу – ден қою – көңіл бөлу

Үрдіс: 1) екпіні күшті; 2) тез.

I Үрдіс – екпіні күшті – қарқынды – қауырт

II Үрдіс – тез – жылдам шапшаң – кенет – оқыс

Үркек: 1) шошынғыш; 2) қорқақ.

I Үркек – шошынғыш – үріккіш

II Үркек – қорқақ – батыл емес

Халық: 1) жиын; 2) ел жұрт.

I Халық – жиын – бұқара – көпшілік – қауым – жаран – жиһан

II Халық – ел жұрт – туған – туыс

Хикмет: 1) керемет; 2) бейнет.

I Хикмет – керемет – сұмдық

II Хикмет – бейнет – азап

Шабыс: 1) жарыс; 2) екпін.

I Шабыс – жарыс – бәйге

II Шабыс – екпін – қарқын

Шайқас: 1) майдан; 2) айтыс.

I Шайқас – майдан – соғыс – айқас – қырғын – ұрыс

II Шайқас – тартыс – қақтығыс – күрес – егес

Шайнау: 1) қаужалау; 2) қатты тістеу.

I Шайнау – қаужалау – майдалау – ұсату – күйсеу – жеу – соғу

II Шайнау – қыршу

Шалдығу: 1) әлі құру; 2) тап болу.

I Шалдығу – әлі құру – шаршау – болдыру

II Шалдығу – тап болу – ұрыну – күйзелу

Шамалас: 1) мөлшерлес; 2) тұстас.

I Шамалас – мөлшерлес
II Шамалас – тұстас – қарайлас

Шамасыз: 1) әлсіз; 2) амалсыз.

I Шамасыз – әлсіз – дәрменсіз – қауқары жоқ
II Шамасыз – амалсыз – айласыз – шарасыз

Шиеленесу: 1) егесу; 2) шылығы.

I Шиеленесу – егесу – қақтығысу – шекісу
II Шиеленісу – шылығы – ұшығу

Шошандау: 1) шошаң-шошаң ету; 2) ұшып-қонып жеңілтектеу.

I Шошандау – шошаң-шошаң ету – селтендеу
II Шошандау – ұшып-қонып жеңілтектеу – ұшқалақтану – тұштаңдау
– шоштаңдау

Шошу: 1) зәресі ұшу; 2) үрку.

I Шошу – зәресі ұшу – қатты қорқу – үрейлену
II Шошу – үрку – секем алу – сезіктену

Шөлдеу: 1) сусау; 2) аңсау.

I Шөлдеу – сусау – таңдайы кебу – қаталау – шөліркеу
II Шөлдеу – аңсау – сағыну

Шұғыл: 1) тез; 2) кенет.

I Шұғыл – тез – тығыз – жедел
II Шұғыл – кенет – кілт – аяқ асты

Шыдамды: 1) төзімді; 2) мықты.

I Шыдамды – төзімді – көнбіс
II Шыдамды – мықты – берік

Шыдамсыз: 1) төзімсіз; 2) сабырсыз.

I Шыдамсыз – төзімсіз
II Шыдамсыз – сабырсыз – күйгелек – тағатсыз

Шырмау: 1) байлау; 2) айтқанына көндіру.

I Шырмау – байлау – шанду
II Шырмау – айтқанына көндіру – басын айналдыру

Ығысу: 1) сырғу; 2) беті қайту.

I Ығысу – сырғу – жылжу

II Ығысу – беті қайту – жасқану – қаймығу

Ызғар: 1) суық; 2) суық рай.

I Ызғар – суық – үскірік – өт

II Ызғар – суық рай – ашу – кәр – қаһар

Ығу: 1) тығылу; 2) жасқану.

I Ығу – тығылу – көшу

II Ығу – жасқану – қаймығу – тайқу

Ық: 1) ықтасын; 2) жағдаят.

I Ық – ықтасын – қалқа жағы

II Ық – жағдаят – ыңғай

Ықылас: 1) жақсы ниет; 2) көңіл.

I Ықылас – жақсы ниет – пиғыл

II Ықылас – көңіл – зерде – ынта

Ырың-жырың: 1) араздық; 2) керіс.

I Ырың-жырың – араздық – кикілжің – ұрыс – талас

II Ырың-жырың – керіс – тартыс – у-шу – берекесіздік

Ыту: 1) шұғыл қозғалу; 2) атып кету.

I Ыту – шұғыл қозғалу – зытып кету

II Ыту – атып кету – ыршу – оршу – ортқу – шоршу

Істеу: 1) айналысу; 2) жасау.

I Істеу – айналысу – бірдеңе қылу – әрекет ету

II Істеу – жасау

1.2 Үш синонимдік қатар түзейтін көп мағыналы сөздер

Абайлау: 1) байымдау; 2) сақтану; 3) барлау.

I Абайла – байымдау – парықтау – аңдау – түсіну – байқау

II Абайла – сақтану – сақ болу – байқау – аңдау

III Абайла – барлау – шолу – көңіл аудару – көңіл қою – ойлау

Ағызу: 1) аққызу; 2) құю; 3) зымырату.

I Ағызу – аққызу – ақтыру – ағындату

II Ағызу – құю – сорғалату – төгу

III Ағызу – зымырату – ызғыту – барынша қатты айдау

Аймақ: 1) өлке; 2) мекен; 3) төңірек.

I Аймақ – өлке – облыс

II Аймақ – мекен – қоныс – жер

III Аймақ – төңірек – маңай – айнала

Айнала: 1) маңай; 2) барлығы; 3) жиек.

I Айнала – маңай – төңірек – жан-жақ

II Айнала – барлығы – бас-аяғы

III Айнала – жиек – ернеу – кенере – шет

Айығу: 1) жадырау; 2) сауығу; 3) арылу.

I Айығу – жадырау – арылу – ашылу – сейілу

II Айығу – сауығу – жазылу – арылып кету

III Айығу – арылу – азаптан құтылу

Айып: 1) қылмыс; 2) қате; 3) жазаға лайық кесілген мал-дүние.

I Айып – қылмыс – жазық – күнә

II Айып – қате – мін – кемшілік

III Айып – (жазаға лайық кесілген) мал-дүние

Ақсақал: 1) ру басы; 2) жасы үлкен, құрметті адам; 3) үй иесі.

I Ақсақал – ру басы – билік иесі

II Ақсақал – жасы үлкен, құрметті адам – қария – қарт

III Ақсақал – үй иесі – ер-азаматы – отағасы

Аласа: 1) жатаған; 2) тапал; 3) қысқа.

I Аласа – жатаған – кішкене – тырбық – мақар – бәкене – мәстек

II Аласа – тапал – тәпелтек – мықыр – қортық – бәкене – бақалтақ – ергежейлі

III Аласа – қысқа – молтақ

Алаңдау: 1) алақтау; 2) елеңдеу; 3) көңілі орнықпау.

I Алаңдау – алақтау – көздің аларуы

II Алаңдау – елеңдеу – елегізу – жалтақтау
III Алаңдау – көңілі орнықтау – көңілі бөліну

Алаңсыз: 1) қауіп-қатер ойламау; 2) уайым-қайғысыз; 3) ешбір қалтықсыз.

I Алаңсыз – қауіп-қатер ойламай – қаннен-қаперсіз – бейқам – беймарал

II Алаңсыз – уайым-қайғысыз – тыныш жайбарақат

III Алаңсыз – ешбір қалтықсыз – шын жүректен

Алапа: 1) олжа; 2) пара; 3) жөн жоралғы.

I Алапа – олжа – пайда – табыс

II Алапа – пара – алым – ауыз бастырық

III Алапа – (ескі әдет-ғұрып бойынша берілетін) кәделі сыйлық – жөн жоралғы

Алыс: 1) шалғай; 2) қашық; 3) атасы бөлек.

I Алыс – шалғай – жақын емес

II Алыс – қашық – қиыр шет – қиян – ұзақ – кереғар – жырақ – аулақ – қырым

III Алыс – атасы бөлек – бөтен – туыстығы жақын емес

Амал: 1) шара; 2) қулық; 3) жол.

I Амал – шара – лаж

II Амал – қулық – сұмдық – айла

III Амал – мат – жол – тәсіл – әдіс

Аман: 1) сау; 2) түгел; 3) нейбет.

I Аман – сау – сәлемет – есен

II Аман – түгел – бүтін

III Аман – нейбет – құр – бос

Анық: 1) шын мәніндегі; 2) көмескі емес; 3) жұртқа мәлім.

I Анық – шын мәніндегі – нағыз – күмәнсіз

II Анық – көмескі емес – дәл – айқын – ашық

III Анық – жұртқа мәлім – белгілі

Ап-ашық: 1) ауа райы ашық; 2) йен; 3) ап-анық.

I Ап-ашық – ауа райы ашық – бұлтсыз

II Ап-ашық – йен – кең – жазық

III Ап-ашық – ап-анық – айқын

Апшу: 1) матаның отыруы; 2) шыдамы таусылу; 3) абыржу.

I Апшу – матаның отыруы – қысқаруы

II Апшу – шыдамы таусылу – төзбеу

III Апшу – абыржу – абдырау

Араласу: 1) қосылу; 2) араласып-құраласу; 3) ел билеуге қатысу.

I Араласу – қосылу – бірігу

II Араласу – араласып-құраласу – қарым-қатынаста болу

III Араласу – ел билеуге (басшылық етуге) қатысу – кірісу

Арту: 1) жүк тиеу; 2) көбею; 3) міндет жүктеу.

I Арту – жүк тиеу – салу

II Арту – көбею – молаю – асып кету – озу – асу – асылу

III Арту – міндет жүктеу – тапсыру

Арыз: 1) өтініш; 2) шағым; 3) мұң-мұқтаж.

I Арыз – өтініш

II Арыз – шағым

III Арыз – мұң-мұқтаж – тілек

Арық: 1) жүдеу; 2) көк бақа; 3) жоқ-жітік.

I Арық – жүдеу – еті қашқан

II Арық – көк бақа – майсыз – жасық

III Арық – жоқ-жітік – жұпыны – жарлы – жақыбайлы – кедей

Аспандау: 1) көтерілу; 2) шарықтау; 3) кеуде көтер.

I Аспандау – көтерілу – самғау – әуелеу – шырқау

II Аспандау – шарықтау – шалқу

III Аспандау – кеуде көтеру – менмендеу

Атақ: 1) даңқ; 2) мамандық; 3) ресми атау.

I Атақ – даңқ – абырой – мәртебе – мерей – дабыс

II Атақ – мамандық – кәсіп

III Атақ – ресми атау – лауазым – дәреже

Атшы: 1) атқосшы; 2) көшір; 3) бақташы.

- I Атшы – атқосшы – ат бағушы
- II Атшы – көшір – ат жүргізуші
- III Атшы – бақташы

Ау: 1) балық ұстайтын сүзгі; 2) құс аулайтын тор; 3) өрмекшінің торы.

- I Ау – балық ұстайтын сүзгі – тор
- II Ау – құс аулайтын тор
- III Ау – өрмекшінің торы

Аунау: 1) аударылу; 2) домалау; 3) аунақшу.

- I Аунау – аударылу – ауысу
- II Аунау – домалау – құлау
- III Аунау – аунақшу – асыр салып ойнау – рахаттану

Ауру: 1) науқас; 2) науқас кісі; 3) жағымсыз қылық.

- I Ауру – науқас – кесел – дерт – сырқат
- II Ауру – науқас кісі
- III Ауру – жағымсыз қылық – жаман әдет

Ауыр: 1) салмақты; 2) қиындық; 3) байсалды.

- I Ауыр – салмақты – зілдей – зілмауыр – сом – батпан – шомбал
- II Ауыр – қиындық
- III Ауыр – байсалды – салмақты – шыдамды

Ауырлау: 1) ауырсыну; 2) ұлғаю; 3) ренжу.

- I Ауырлау – ауырсыну – салмағы тусу – арту
- II Ауырлау – ұлғаю – зораю – көбею – қиындау
- III Ауырлау – ренжу – кею – көңіліне кек алу

Ашқарақ: 1) аштыққа шыдамсыз; 2) қомағай; 3) қанағатсыз.

- I Ашқарақ – аштыққа шыдамсыз – оңаза
- II Ашқарақ – қомағай – обыр – тамақсау
- III Ашқарақ – қанағатсыз – тойымсыз

Әбігер: 1) әуре-сарсаң; 2) абыр-сабыр; 3) мазасыздық.

- I Әбігер – әуре-сарсаң – сергелдең – лаң
- II Әбігер – абыр-сабыр – қарбалас
- III Әбігер – мазасыздық – әурешілік – беймазалық

Әлем: 1) барлық халық; 2) түрлі құбылыстар; 3) жер жүзі.

I Әлем – барлық халық – әлеумет

II Әлем – түрлі құбылыстар – салалық бөліністер

III Әлем – жер жүзі – дүние – жиһан

Әлсіреу: 1) солғындау; 2) күш қуаты төмендеу; 3) күш-қуаты азаю.

I Әлсіреу – солғындау – бәсеңдеу

II Әлсіреу – күш қуаты төмендеу – беделі түсу – сапасы кему

III Әлсіреу – күш-қуаты азаю – шаршау – қалжырау – талмаурау – сүлесі құру – дәрмені кету

Баға: 1) заттың құны; 2) бес балдық жүйе; 3) қадір-қасиет.

I Баға – заттың құны – нарқы – бәс

II Баға – бес балдық жүйе

III Баға – қадір-қасиет

Басшы: 1) көсем; 2) басқарушы; 3) жолбасшы.

I Басшы – көсем – дана – данышпан

II Басшы – басқарушы – жетекші

III Басшы – жолбасшы – бастаушы – жол көрсетуші

Бәйек болу: 1) жақсы көру; 2) жағымпаздану; 3) құрдай жорғалау.

I Бәйек болу – жақсы көру – ілтипат көрсету – жаны қалмай берілу

II Бәйек болу – жағымпаздану – жарамсақтану – бәйпек қағу – майпаңдау

III Бәйек болу – құрдай жорғалау – бәйпектеу – байпаң қағу

Берілу: 1) тәуелді болу; 2) бой ұру; 3) ықылас, ынта қою.

I Берілу – тәуелді болу – бас ию – ырқына көну – қалтықсыз сену

II Берілу – бой ұру – бойын билету – бағыну

III Берілу – ықылас, ынта қою – зер салу – салыну – бой ұру

Болысу: 1) жәрдемдесу; 2) сөзін сөйлеу; 3) қарасу.

I Болысу – жәрдемдесу – көмектесу

II Болысу – сөзін сөйлеу – жақтау – қолдау – қуаттау – жағысу

III Болысу – қарасу – қарайласу

Булығу: 1) тынысы тарылу; 2) тығылу; 3) тұнып қалу.

- I Булығы – тынысы тарылу – жаны қиналу
- II Булығы – тығылу – тұтығу – тұншығу – сөйлей алмай қалу
- III Булығы – тұнып қалу

Бұлдырау: 1) мұнарту; 2) қарауыту; 3) зымыру.

- I Бұлдырау – мұнарту – сағымдау
- II Бұлдырау – қарауыту – күңгірт тарту – көмескілену – жөнді көрінбеу
- III Бұлдырау – зымыру – зулау – зыту

Бұтақтау: 1) желі тарту; 2) кесу; 3) өркендеу.

- I Бұтақтау – желі тарту – өсе бастау
- II Бұтақтау – кесу – қырқу – отау
- III Бұтақтау – өркендеу – таралу

Бүгу: 1) түзу қалпын өзгерту; 2) бүктеу; 3) ашық айтпау.

- I Бүгу – түзу қалпын өзгерту – ию
- II Бүгу – бүктеу – қайыру – жымыру
- III Бүгу – ашық айтпау – жасыру

Бүркеу: 1) жабу; 2) қаптау; 3) жасыру.

- I Бүркеу – жабу – қымтау – орау
- II Бүркеу – қаптау – тұмандату – жабу
- III Бүркеу – жасыру – білдірмеу – көму

Былапыт: 1) ұқыпсыз; 2) қалай болса солай; 3) бейпіл.

- I Былапыт – ұқыпсыз – салақ
- II Былапыт – қалай болса солай – бей-берекет
- III Былапыт – бейпіл

Бірігу: 1) қосылу; 2) ортақтасу; 3) тізе қосу.

- I Бірігу – қосылу – араласу
- II Бірігу – ортақтасу – бірлесу – әмпейлесу
- III Бірігу – тізе қосу – ұйымдасу – ұйысу

Дабыл: 1) белгі; 2) ұран; 3) дақпырт.

- I Дабыл – белгі – сигнал – хабар
- II Дабыл – ұран – үндеу – жар
- III Дабыл – дақпырт – дыбыс

Дәл: 1) дұрыс; 2) шақ; 3) нақ.

I Дәл – дұрыс – тура

II Дәл – шақ – дөп – тура

III Дәл – нақ – нығыз – дөп – дер – тап – қақ

Дәуір: 1) тарихи кезең; 2) мөлшерлі уақыт; 3) билігі жүріп, дегені болып тұрған кез.

I Дәуір – тарихи кезең – заман – кез - уақыт

II Дәуір – мөлшерлі уақыт – белгілі мерзім

III Дәуір - билігі жүріп, дегені болып тұрған кез – мезгіл - уақыт

Дерек: 1) хабар-ошар; 2) із-түзі; 3) дәлел.

I Дерек – хабар-ошар – мәлімет

II Дерек – із-түзі – белгі

III Дерек – дәлел – айғақ

Дос: 1) сыйлас; 2) рухани; 3) қамқоршы.

I Дос – сыйлас – сырлас – жолдас – серік

II Дос – рухани азық – жұбаныш

III Дос – қамқоршы – жан ашыр

Дөңгелену: 1) шеңберлену; 2) домалау; 3) шағындап кему.

I Дөңгелену – шеңберлену – шырқ айналу – шыр көбелек қозғалу

II Дөңгелену – домалау – аударылып төңкерілу

III Дөңгелену – шағындап кему – азаю

Дұшпан: 1) қас; 2) өш; 3) зиянды.

I Дұшпан – қас – жау

II Дұшпан – өш – араз – қырғи-қабак

III Дұшпан – зиянды – пайдасыз

Дүлей: 1) сұрапыл күш; 2) томырық; 3) айт-ұйтқа қарамайтын.

I Дүлей – сұрапыл күш – кара түнек – меңіреу – ноқай

II Дүлей – томырық – дүңк – үрт

III Дүлей – айт-ұйтқа қарамайтын – киме

Дүние: 1) өмір; 2) зат; 3) әлем.

I Дүние – өмір – тіршілік

II Дүние – зат – мүлік – жиһаз – нәрсе

III Дүние – әлем – жер жүзі – табиғат – жаратылыс

Дүрдию: 1) көнтию; 2) сес көрсету; 3) оқшаулану

I Дүрдию – көнтию – үрпию – күжірею – дөңкию – дүңкию – дүмпию – томпаю

II Дүрдию – сес көрсету – бұртию

III Дүрдию – оқшаулану – ерекше көзге түсу

Дыңдай: 1) ортан қолдай; 2) қуатты; 3) шебер епті.

I Дыңдай – ортан қолдай – дардай – бақандай – бір деген

II Дыңдай – қуатты – күшті – әлді

III Дыңдай – шебер – епті – оңтайлы

Едірею: 1) тікірею; 2) көзі шытынау; 3) ежірею.

I Едірею – тікірею – селтию

II Едірею – көзі шытынау – үрке қарау – бақыраю – бадыраю – бақшию

III Едірею – ежірею – одыраю – сұс көрсету

Едірендеу: 1) селтию; 2) елең ету; 3) дікіндеу.

I Едірендеу – селтию – тікірею – қарайып көріну

II Едірендеу – елең ету – жалт қарау – едірею – одыраю

III Едірендеу – дікіндеу – қожандау – қоқандау – сес көрсету

Елегізу: 1) елеңдеу; 2) жалғызсырау; 3) қорқу.

I Елегізу – елеңдеу – алаңдау – құлақ түру – жан-жағына қарау

II Елегізу – жалғызсырау – іші пысу – құлазу

III Елегізу – қорқу – үрейлену – шошу – қауіптену

Елес: 1) бұлдыр бейне; 2) қым-қуат уақиға; 3) құр алданыш.

I Елес – бұлдыр бейне

II Елес – қым-қуат уақиға – шым-шытырық көрініс

III Елес – құр алданыш – бос қиял – жалған дүние

Елеусіз: 1) көзге түспейтін; 2) ескерусіз; 3) мән бермей

I Елеусіз – көзге түспейтін – байқаусыз

II Елеусіз – ескерусіз – еленбейтін – назардан тыс

III Елеусіз – мән бермей – жай ғана – самарқау

Ендеше: 1) олай болса; 2) немесе; 3) білгің келсе.

I Ендеше – олай болса – демек

II Ендеше – не – немесе – я – яки

III Ендеше – білгің келсе – керек болса

Еп: 1) икем; 2) айла; 3) жөн.

I Еп – икем – ыңғай – бейім

II Еп – айла – тәсіл – әдіс – амал

III Еп – жөн – ем – лайық – лазым

Еркелеу: 1) наз білдіру; 2) еркінсу; 3) бұлаң қағу.

I Еркелеу – наз білдіру – қылжақтау – шолжандау

II Еркелеу – еркінсу – иек арту – арқалану – өзімсіну – арсалақтау

III Еркелеу – бұлаң қағу – арсалаңдау

Есею: 1) үлкею; 2) егде тарту; 3) шынығу.

I Есею – үлкею – өсу – ер жету

II Есею – егде тарту – тоқтасу – мосқалдану – марқаю – сақаю

III Есею – шынығу – шындалу – толысу – көркею

Есеңгіреу: 1) есінен айрылу; 2) не істерін білмеу; 3) ақылынан адасу.

I Есеңгіреу – есінен айрылу – талықсу – әлсіреу – қалжырау – алмаусырау

II Есеңгіреу – не істерін білмеу – аңырау – мәңгіру – зеңу

III Есеңгіреу – ақылынан адасу – сандырақтау – алжасу – есалаңдау

Есептеу: 1) санау; 2) ойлау; 3) ескеру.

I Есептеу – санау – есеп шығару – мөлшерлеу

II Есептеу – ойлау – санау – шамалау – мөлшерлеу

III Есептеу – ескеру – елеу – санасу

Етене: 1) тым жақын; 2) бар ықыласымен; 3) әбден.

I Етене – тым жақын – бірге өскен – бір қайнаған

II Етене – бар ықыласымен – қоян-қолтық

III Етене – әбден – жете – мейлінше

Жабдықтау: 1) қамтамасыз ету; 2) дайындау; 3) әбзелдеу.

I Жабдықтау – қамтамасыз ету
II Жабдықтау – дайындау – әзірлеу
III Жабдықтау – әбзелдеу – әшекейлеу – безендіру – жасақтау

Жақсы: 1) оңды; 2) адамгершілігі бар; 3) ақсүйек.

I Жақсы – оңды – керім – ілгері – келісті – әжептәуір
II Жақсы – адамгершілігі бар – игі – ізгі
III Жақсы – ақсүйек – белді – беделді – жуан

Жақын: 1) жуық; 2) ағайын; 3) көңілдес.

I Жақын – жуық – таяу – таман
II Жақын – ағайын – туған – тума – жегжат
III Жақын – көңілдес – ашына – жайлас

Жалаңдау: 1) жалмандау; 2) ашқарақтану; 3) айпап-жайпау.

I Жалаңдау – жалмандау – жалақтау
II Жалаңдау – ашқарақтану – қомағайлану – жалаңқағу
III Жалаңдау – айпап-жайпау – лыпу – құтырыну

Жалпы: 1) жаппай; 2) бүкіл; 3) негізінен.

I Жалпы – жаппай
II Жалпы – бүкіл – барлық
III Жалпы – негізінен – ортақ – көпке қатысты

Жанталасу: 1) қиналу; 2) арпалысу; 3) қарбаласу.

I Жанталасу – қиналу – қысылып ауыру
II Жанталасу – арпалысу
III Жанталасу – қарбаласу – асығу – алас – күлес

Жаңылу: 1) шатасу; 2) дұрыс істемеу; 3) бағытын өзгерту.

I Жаңылу – шатасу – мүдіру – ұмыту – алжасу
II Жаңылу – дұрыс істемеу – қателесу
III Жаңылу – бағытын өзгерту – ауытқу

Жарыс: 1) бәйге; 2) бәсеке; 3) өзара бәсекелестік.

I Жарыс – бәйге – ат шабыс
II Жарыс – бәсеке – сайыс – сын
III Жарыс – өзара бәсекелестік – құлшыныс

Жасамыс: 1) егде; 2) жасамалы; 3) көпті көрген.

I Жасамыс – егде – мосқал

II Жасамыс – жасамалы – біраз жасалған

III Жасамыс – көпті көрген – ысылған тәжірибелі – тіс қаққан

Жасу: 1) тот басу; 2) көру қабілеті нашарлау; 3) көңілдің басылуы.

I Жасу – тот басу

II Жасу – көру қабілеті нашарлау – нұры қайту

III Жасу – көңілдің басылуы – жабығу – жүнжу – еңсесі түсу жүні жығылу – қайратсыздану

Жаттығу: 1) дағдылану; 2) дене шынықтыру; 3) оқыту үрдісіндегі әдіс.

I Жаттығу – дағдылану – төселу – үйрену – ысылу – кәнігу – әдеттену – машықтану – бастығу – қалыптасу

II Жаттығу – дене шынықтыру

III Жаттығу – оқыту үрдісіндегі әдіс

Жәрдем: 1) қаржы; 2) көмек; 3) қолғабыс.

I Жәрдем – қаржы – қаражат

II Жәрдем – көмек – зейнет ақы

III Жәрдем – көмек – септік – қолғабыс – шарапат – сеп

Жинақтау: 1) жинау; 2) топтау; 3) шашыратпау.

I Жинақтау – жинау – көбейту – молайту

II Жинақтау – топтау – типендіру – жалпылау

III Жинақтау – шашыратпау – ықшамдау

Жиын: 1) жиынтық; 2) той; 3) жиналыс.

I Жиын – жиынтық – қосынды

II Жиын – той – думан – топ – тобыр – лек

III Жиын – жиналыс – мәжіліс

Жуас: 1) момын; 2) үйретілген; 3) жасық.

I Жуас – момын – момақан – тыныш – бұйығы

II Жуас – үйретілген – көндіккен – бас білген

III Жуас – жасық – ынжық

Жұғымды: 1) жұққыш; 2) жанасымды; 3) сіңімді.

- I Жұғымды – жұққыш – сіңгіш
- II Жұғымды – жанасымды – үйірсек – кірімді
- III Жұғымды – сіңімді – нәрлі – қоректілігі мол

IV Көздеу – бет алу

V Көздеу – ұнату – қалау – таңдау

Көмбе: 1) қойма; 2) байлық; 3) меже; 4) көмілген тезек; 5) құпия.

I Көмбе – қойма – ұра

II Көмбе – байлық – кен

III Көмбе – меже – мәре – сәре – белде

IV Көмбе – көмілген тезек

V Көмбе – құпия – сыр

Күн: 1) планета; 2) уақыт; 3) мезгіл; 4) өмір; 5) ауа-райы.

I Күн – планета

II Күн – уақыт – тәулік

III Күн – мезгіл – кез-дәуір

IV Күн – өмір – тіршілік

V Күн – ауа-райы – табиғат құбылысы

Кір: 1) ену; 2) бару; 3) пайда болу; 4) мүше болу; 5) түсу.

I Кір – ен (ішке енді) – кел

II Кір – бар – соға кет

III Кір – пайда бол – олжа

IV Кір – мүше бол – қабылдан

V Кір – түс – орналас

Кірбің: 1) разы болмау; 2) күдік; 3) қайғы; 4) кібіртік; 5) күңгірт көрініс.

I Кірбің – разы болмау – көңілі толмау – реніш – кейіс – қаяу – кикілжің

II Кірбің – күдік – көңілге түскен дақ
III Кірбің – қайғы – уайым – мұң
IV Кірбің – кібіртiк – баяу қимыл
V Кірбің – күңгірт көрініс

Қарама – қарсы: 1) бір-біріне қарсы; 2) бетпе-бет; 3) бір нәрсенің қарсы беті; 4) бір-біріне қайшы; 5) керісінше.

I Қарама-қарсы – бір-біріне қарсы – ерсілі-қарсылы
II Қарама-қарсы – бетпе-бет – жүзбе-жүз
III Қарама-қарсы – бір нәрсенің қарсы беті – алды
IV Қарама-қарсы – бір-біріне қайшы жағы– қарсы – кереғар
V Қарама-қарсы – керісінше – кері – сәйкес емес

Қуат: 1) күш-жігер; 2) қажетті, қызу; 3) шама; 4) өндіргіш күш; 5) медеу.

I Қуат – күш-жігер – қайрат – әл – дәрмен
II Қуат – қажетті қызу – калория
III Қуат – шама – энергия
IV Қуат – өндіргіш күш – пәрмен – қарқын
V Қуат – медеу – тірек – сүйеніш

Қыдыру: 1) шақырусыз бару; 2) аралау; 3) бой жазу; 4) шарлау; 5) көңіл қосу.

I Қыдыру – шақырусыз бару – қаңғыру – тентіру
II Қыдыру – аралау – қақақтау
III Қыдыру – бой жазу – серуендеу – сенделу – сандалу
IV Қыдыру – шарлау – шарықтау – кезу
V Қыдыру – көңіл қосу – жасырын жүру

Сүйреу: 1) тарту; 2) тартқылдау; 3) көмектесу; 4) азапқа түсіру; 5) сөзбұйдаға салу.

I Сүйреу – тарту – дарылдату
II Сүйреу – тартқылдау – ерікке қоймау
III Сүйреу – көмектесу – демеу – қолдау
IV Сүйреу – азапқа түсіру – әурелеу
V Сүйреу – сөзбұйдаға салу – кешеуілдету

Сылап-сипау: 1) сипау; 2) жуып-шаю; 3) қадірлеу; 4) сылану; 5) жым-жылас қылу.

I Сылап-сипау – сипау

II Сылап-сипау – жуып-шаю – алдап-арбау – бипаздау

III Сылап-сипау – қадірлеу – құрметтеу – күту – мәпелеу – аймалау

IV Сылап-сипау – сылану – тарану – әдемілену – сәндену

V Сылап-сипау – жым-жылас қылу – сыпырып – сиыру – түк қалдырмау

Сыпыру: 1) тазарту; 2) ысыру; 3) түк қалдырмау; 4) алып тастау; 5) шешу.

I Сыпыру – тазарту – жинау

II Сыпыру – ысыру – серпіп жіберу – түсіру

III Сыпыру – түк қалдырмау – сыдыру

IV Сыпыру – алып тастау – сыдыру

V Сыпыру – шешу – шешіп алу

Тамыр: 1) түп; 2) қан жүретін жол; 3) дос-жар; 4) ашына-жай; 5) төркін.

I Тамыр – түп

II Тамыр – қан жүретін жол

III Тамыр – дос-жар

IV Тамыр – ашына-жай – көңілдес

V Тамыр – төркін – негіз

Тұту: 1) ұстау; 2) қыстырып қою; 3) ұстап алу; 4) жібермей қалу; 5) қабылдау.

I Тұту – ұстау

II Тұту – қыстырып қою – жаю – құру

III Тұту – ұстап алу – қолға түсіру

IV Тұту – жібермей қалу – жабысу – жармасу

V Тұту – қабылдау – ұстау

1.5. Алты синонимдік қатар түзейтін көп мағыналы сөздер

Асыл: 1) қымбат; 2) майрылмайтын құрыш; 3) қазына; 4) шұрайлы; 5) қайратты; 6) ең керек.

I Асыл – қымбат – бағалы – құнды – таза

II Асыл – майрылмайтын (құрыш) – болат

III Асыл – қазына – байлық – бағалы кен

IV Асыл – шұрайлы – құнарлы – жұғымды – күшті

Ү Асыл – қайратты – қажырлы – сүйегі берік – мықты

ҮІ Асыл – ең керекті – таңдаулы – жақсысы

Аудару: 1) қопару; 2) құлату; 3) күресу; 4) астын үстіне қарату; 5) төгіп алу; 6) басқа жаққа ауыстыру.

I Аудару – қопару – төңкеру

II Аудару – құлату – жұлып алу

III Аудару – күресу – астына түсіру

IV Аудару – астын үстіне қарату – екінші жағына ауыстыру

V Аудару – төгіп алу – ақтара салу – сарқа құю – қотару

VI Аудару – басқа жаққа ауыстыру

Ескі: 1) тозығы жеткен; 2) көне; 3) танымал; 4) сыралғы; 5) үйреншікті; 6) ұзақ тұрған.

I Ескі – тозығы жеткен – өңі кеткен ұсталған

II Ескі – көне – баяғы – бағзы – ертедегі – бұрынғы

III Ескі – танымал – таныс – байырғы

IV Ескі – сыралғы – сырлас – сыр мінез

V Ескі – үйреншікті – дағдылы – қалыптасқан машықты

VI Ескі – ұзақ тұрған – көп сақталған

Жаңа: 1) өңі түспеген; 2) жуықта; 3) алғаш рет; 4) тың; 5) жаңалық; 6) кейінгі.

I Жаңа – өңі түспеген – бұрын ұсталмаған

II Жаңа – жуықта – жуырда – жақында – әлгінде – әлгі бір әзірде

III Жаңа – алғаш рет – жап-жаңа – енді-енді

IV Жаңа – тың – соны

V Жаңа – жаңалық – өзгешілік

VI Жаңа – кейінгі – соңғы

Жосы: 1) тез қағу; 2) қашу; 3) шұбау; 4) жорту; 5) екпіндеп өсу; 6) орынсыз бөсу.

I Жосы – тез қағу – сорғалау

II Жосы – қашу – босу – зыту – безу

III Жосы – шұбау – шұбыру – сабылу

IV Жосы – жорту – жүйткү – жөңкү

V Жосы – екпіндеу өсу – зулау – зымырау

VI Жосы – орынсыз бөсу – мақтану

I Кесілу: 1) созылу; 2) баурын жазу; 3) жосылу; 4) арқа-басы кеңею; 5) шешілу; 6) шалқу.

I Керілу – созылу

II Керілу – баурын жазу – құйғыта шабу

III Керілу – жосылу – зымырау – зулау – қарқындау – қарыштау

IV Керілу – арқа-басы кеңею – денесі жайылу – емін-еркін жайлану

V Керілу – шешілу – желпіне сөйлеу – шешендікке салу

VI Керілу – шалқу – шабытына міну – аруақтану – шабыттану

Күңгірт: 1) қарауытқан; 2) қара қоқшыл; 3) әлсіз; 4) түсініксіз; 5) көңілсіз; 6) арам.

I Күңгірт – қарауытқан – жарығы аз

II Күңгірт – қара қоқшыл – қара сұр

III Күңгірт – әлсіз – көмескі

IV Күңгірт – түсініксіз – белгісіз – жұмбақ

V Күңгірт – көңілсіз – жабырқаңқы – сұрықсыз

VI Күңгірт – арам – теріс пиғылды

Кішірей: 1) кішірею; 2) шамадан тыс азаю; 3) ибадат қылу; 4) лауазымы жағынан төмендеу; 5) тарылу; 6) қысқару.

I Кішірей – кішіру – кішкентай болу – шөгу

II Кішірей – шамадан тыс азаю – кему

III Кішірей – ибадат қылу – төмендеу – құрдай жорғалау – кішіпейілдену – иілу

IV Кішірей – лауазымы жағынан төмендеу – лауазымынан түсіп қалу

V Кішірей – тарылу – жирылу – сему – сығыраю

VI Кішірей – қысқару – аласу

Қосу: 1) біріктіру; 2) араластыру; 3) бірге жіберу; 4) жәрдем беру; 5) біреуге үйлендіру; 6) дұрыс деп табу.

I Қосу – біріктіру

II Қосу – араластыру – үстеу

III Қосу – бірге жіберу – ілестіріп жіберу

IV Қосу – жәрдем беру

V Қосу – біреуге үйлендіру

VI Қосу – дұрыс деп табу

Құрғақ: 1) су емес; 2) қурап қалған; 3) жауын-шашынсыз; 4) сусыз; 5)

қақырықсыз; б) бос.

I Құрғақ – су емес – дымқыл емес – кепкен

II Құрғақ – қурап қалған – қу – қуарған

III Құрғақ – жауын-шашынсыз – ылғалы аз – ылғалсыз

IV Құрғақ – сусыз – суы тартылған

V Құрғақ – қақырықсыз – түкіріксіз

VI Құрғақ – бос – құр бекер – жай – нәтижесіз

1.6 Жеті синонимдік қатар түзейтін көп мағыналы сөздер

Ашу: 1) шалқайту; 2) жігін айыру; 3) ұйымдастыру; 4) тазарту; 5) жаңадан табу; 6) бастау; 7) түйінін шешу.

I Ашу – шалқайту – ашып қою

II Ашу – жігін айыру – кеңейту – бос жер қалдыру

III Ашу – ұйымдастыру – құру

IV Ашу – тазарту – кір қалдырмау

V Ашу – жаңадан табу – айқындау

VI Ашу – бастау – қорғап жіберу – іске кірісу

VII Ашу – түйінін шешу – айқындау – анықтау

Белгі: 1) жеке; 2) шартты таңба; 3) ескерткіш; 4) есте қаларлықтай бұйым; 5) бір құбылыстың нышаны; 6) хабар; 7) із.

I Белгі – жеке-дара – өзгешелік

II Белгі – шартты таңба

III Белгі – ескерткіш

IV Белгі – есте қаларлықтай бұйым – көз

V Белгі – бір құбылыстың нышаны

VI Белгі – хабар – ишарат – ишан – тұспал

VII Белгі – із – таңба – жұрнақ

Енді: 1) бұдан былай; 2) нақ қазір; 3) тағы да; 4) олай болса; 5) тіпті; 6) әрине; 7) осымен.

I Енді – бұдан былай – осыдан кейін

II Енді – нақ қазір – дәл осы кезде

III Енді – тағы да – және де – бұдан басқа

IV Енді – олай болса – немесе – әйтпесе

V Енді – тіпті – тіптен – тегі

VI Енді – әрине – әлбетте

VII Енді – осымен – сөйтіп

Жабдық: 1) керек; 2) дүние; 3) түрлі тетік; 4) қажетті нәрсе; 5) қару; 6) мал; 7) әзірлік.

I Жабдық – керек-жарақ – құрал-сайман – әбзел

II Жабдық – дүние – мүлік

III Жабдық – түрлі тетік – бөлшек

IV Жабдық – қажетті нәрсе – бұйым

V Жабдық – қару – жарақ – құрал

VI Жабдық – мал-мүлік – керек-жарақ

VII Жабдық – әзірлік – дайындық – қам

Жаман: 1) сапасы төмен; 2) нашар; 3) ақымақ; 4) жағымсыз; 5) жайсыз; 6) өте қатты; 7) сорлы.

I Жаман – сапасы төмен – құнсыз

II Жаман – нашар – жөндеу

III Жаман – ақымақ – ессіз

IV Жаман – жағымсыз – ұнамсыз

V Жаман – жайсыз – қолайсыз

VI Жаман – өте – қатты

VII Жаман – сорлы – байғұс

Құлау: 1) жығылу; 2) құлдырау; 3) опырылу; 4) жата кету; 5) тақтан айырылу; 6) сыннан сүріну; 7) көңілі кету.

I Құлау – жығылу – мұрттай ұшу

II Құлау – құлдырау

III Құлау – опырылу – қирау – бұзылып қалу

IV Құлау – жата кету – сұлау

V Құлау – тақтан айырылу – орнынан түсу

VI Құлау – сыннан сүріну өте алмау

VII Құлау – көңілі кету – ұнату

Түп: 1) ішкі қабат; 2) түкпірдегі; 3) тамыр; 4) әрбір дана; 5) жаны; 6) шыққан тегі; 7) ақыры.

I Түп – ішкі қабат – төменгі жақ

II Түп – түкпірдегі – шеткі

III Түп – тамыр

IV Түп – әрбір дана – шоғыр

V Түп – жаны – қасы

VI Түп – шыққан тегі – негізі

ҮІІ Түп – ақыры – тоқтар жері

1.7 Сегіз синонимдік қатар түзеуші көп мағыналы сөздер

Басу: 1) жүру; 2) күш түсіру; 3) баспалау; 4) көңілін аулау; 5) қаптау; 6) ашуды тарқату; 7) өрлеу; 8) әнге салу.

I Басу – жүру – адымдау

II Басу – күш түсіру – аяқ астына қалдыр – тойтару – күшпен тоқтату

III Басу – баспалау – із қалдыру – түсіру

IV Басу – көңілін аулау – жұбату – ақыл айту

V Басу – қаптау – жайылу – қаулау – қоршау

VI Басу – ашуды тарқату – жадырау – сейілу

VII Басу – өрлеу – алға басу – қарқындау – екпіндеу

VIII Басу – әнге салу – күй ойнау

Бос: 1) ешкім, ештеме жоқ; 2) нейбат; 3) бекітілмеген; 4) қолы бос; 5) жұмсақ; 6) мықты емес; 7) ынжық; 8) ақысыз.

I Бос – ешкім, ештеме жоқ – құр тұрған

II Бос – нейбат – құр – құр қол – құр алақан – еш нәрсесіз

III Бос – бекітілмеген – ашық – байлаусыз

IV Бос – қолы бос – жұмыс істемеген кез – бейсауат – еркін – бостан бос – аза

V Бос – жұмсақ – борпылдақ – нық емес – пысық емес

VI Бос – мықты емес – осалдау – нашар – әлсіз

VII Бос – ынжық – болбыр – жасық – нашар

VIII Бос – ақысыз – пұлсыз – тегін

Бөл: 1) жару; 2) үйлестіру; 3) ажырату; 4) жікке бөлу; 5) топтастыру; 6) айқындау; 7) алыстату; 8) бөліп шығару.

I Бөл – жар – бөлшекте

II Бөл – үйлестір – тарат – бөліп бер

III Бөл – ажырат – айыр – белгіле

IV Бөл – жікке бөл – сарала

V Бөл – топтастыр – топта

VI Бөл – айқында – шегін көрсет

VII Бөл – айыр – арасын суыт – алыстат

VIII Бөл – бөліп шығару – жеке шығар

Жапсыр: 1) бекіту; 2) қосу; 3) ертіп жіберу; 4) қосақтау; 5) қадау; 6)

пайдалану; 7) қосып айту; 8) желімдеу.

I Жапсыр – бекіт – ұстат

II Жапсыр – қос – жама

III Жапсыр – ертіп жібер – қасына еріт – қасынан тастатпа

IV Жапсыр – қосақтат – таңып қою

V Жапсыр – қада (қадап қою) – тақ (тағып қою)

VI Жапсыр – пайдалану – малдану

VII Жапсыр – қосып айт

VIII Жапсыру – желімдеу

Жапыр: 1) басып-жаншу; 2) қырып-жою; 3) айпап-жайпау; 4) қайтару; 5) ұйқы-тұйқысын шығару; 6) көптеп алу; 7) майыстыру; 8) үймелеу.

I Жапыр – басып-жаншу – таптау

II Жапыр – қырып-жою – талқандау

III Жапыр – айпап-жайпау – өндіре істеу

IV Жапыр – қайтару – бет алысын өзгерту – бұру

V Жапыр – ұйқы-тұйқысын шығару – әпер-тәпер қылу

VI Жапыр – топтап – көптеп алу

VII Жапыр – мыжырайта бастыру – майыстыру

VIII Жапыр – үймелеу – жабылу

Жер: 1) планета; 2) сыртқы қыртыс; 3) территория; 4) мекен-жай; 5) ел-жұрт; 6) мезет; 7) рет; 8) шыққан орын.

I Жер – планета

II Жер – сыртқы қыртыс – үстіңгі қабат – құрлық

III Жер – территория – меншікті жер

IV Жер – мекен-жай – орын

V Жер – ел-жұрт – ауыл – өскен орта

VI Жер – мезет – кез – уақыт – мезгіл

VII Жер – рет – жөн – ыңғай

VIII Жер – шыққан орны – басталысы

Кейін: 1) артынан соң; 2) соңғы кезде; 3) соңыра; 4) артқа; 5) артта; 6) артқа қарай; 7) жаман; 8) кем.

I Кейін – артынан соң – соңынан – кейіннен

II Кейін – соңғы кезде – бертінде

III Кейін – соңыра – тағы бірде

IV Кейін – артқа – келешкке – болашаққа

V Кейін – артта – арт жақта

ҮІ Кейін – артқа қарай – кері – қайта
ҮІІ Кейін – жаман – нашар – төмен
ҮІІІ Кейін – кем – осал

Күйдір: 1) жағу; 2) денені қару; 3) қару; 4) нақақ кінәлау; 5) ыза қылу;
6) қызықтыру; 7) өңменен өте қарау; 8) жандүниені алаулату.

I Күйдір – жағу – жандыру – өртеу
II Күйдір – денені қару – зақым келтіру
III Күйдір – қару – қыздыру
IV Күйдір – нақақ кінәлау – жазғыру – айып тағу
V Күйдір – ыза қылу – шымбайына батыру – ашындыру
VI Күйдір – қызықтыру – қызғаныш тудыру
VII Күйдір – өңменен өте қарау
VIII Күйдір – жан-дүниені алаулату – өртеу

Ширау: 1) пысу; 2) қысқарып қалу; 3) жердің дегдігуі; 4) дененің сергуі; 5) үдей түсу; 6) күш жию; 7) өсу; 8) ысылу.

I Ширау – пысу – көбірек есілу
II Ширау – қысқарып қалу – отыру – апшу
III Ширау – жердің дегдігуі – кебу
IV Ширау – дененің сергуі – ширығу
V Ширау – үдей түсу – күшею – арту
VI Ширау – күш жию – әлдену – тыңаю
VII Ширау – өсу – ересек тарту – есею
VIII Ширау – ысылу – шынығу – шыңдалу

1.8 Тоғыз синонимдік қатарды түзейтін көп мағыналы сөздер

Айыру: 1) арашалау; 2) араздастыру; 3) жер жырту; 4) ажырата білу;
5) бөлу; 6) емшектен шығару; 7) қорыту; 8) істен шығару; 9)
майдалау.

I Айыру – арашалау – ажырату – бөлу – араға түсу – құтқару –
босату
II Айыру – араздастыру
III Айыру – жер жырту
IV Айыру – ажырата білу – тани білу – сырын, мән-жайын ашу
V Айыру – бөлу – жеке қалдыру
VI Айыру – емшектен шығару
VII Айыру – қорыту – бөліп шығару

ҮІІ Айыру – істен шығару – жарамсыз ету

ІХ Айыру – майдалау – ұсақтау

Жол: 1) жер белдеуі; 2) қағазға түскен із; 3) сапар; 4) салт; 5) кезек; 6) бұл; 7) шама-шарық; 8) амал; 9) бағыт.

І Жол – жер белдеуі – сүрлеу

ІІ Жол – қағазға түскен із

ІІІ Жол – сапар – ұзақ жол

ІV Жол – салт – әдет-ғұрып

Ү Жол – кезек – рет

ҮІ Жол – бұл – осы – сол

ҮІІ Жол – шама-шарық – жөн – орны – жайы

ҮІІІ Жол – амал – айла – тәсіл

ІХ Жол – бағыт – бағдар

Күш: 1) әл; 2) әсері; 3) энергия; 4) армия; 5) мақсат; 6) ауыр салмақ; 7) мықты; 8) зорлық; 9) шама-шарық.

І Күш – әл – қуат

ІІ Күш – әсері – ықпалы

ІІІ Күш – энергия – энергияның қуаты

ІV Күш – армия – жасақ – әскер

Ү Күш – мақсат – бағыты бір адамдар тобы

ҮІ Күш – ауыр салмақ – қиын

ҮІІ Күш – мықты – зор – алып

ҮІІІ Күш – зорлық – өктемдік

ІХ Күш – шама- шарық – мүмкіндік

1.9 Он синонимдік қатар

Жиді: 1) терінің түсуі; 2) шаштың түсуі; 3) іріп-шіру; 4) тозу; 5) езілу; 6) болбырау; 7) іші күй; 8) әбден пісу; 9) қатты күй; 10) іші-бауыры езілу.

І Жиді – терінің түсуі – іру – сыпырылу

ІІ Жиді – шаштың түсуі – сиреуі

ІІІ Жиді – іріп – шіру – иістену – сасу

ІV Жиді – тозу – іру – сүззілу

Ү Жиді – езілу – миы шығу

ҮІ Жиді – болбырау – болжырау – жүнжу

ҮІІ Жиді – іші күй – әлем-жәлем болу

ҮІІ Жиді – әбден пісу – былбырау
ІХ Жиді – қатты күй – бырысып-тырысу
Х Жиді – іші-бауыры езілу – елжіреу – босау

Күшті: 1) әлді; 2) мықты; 3) артықшылығы ерекше; 4) айрықша мол;
5) әдемі; 6) болбырау; 7) іші күй; 8) әбден пісу; 9) ауыр; 10) тамаша.

І Күшті – әлді – қуатты – қайратты – қажырлы
ІІ Күшті – мықты – берік – нық – құдіретті – белді – қабырғалы
ІІІ Күшті – артықшылығы ерекше – үлгілі – үздік – озық
ІV Күшті – айрықша мол – басым – көп
V Күшті – әдемі – әсем – қуатты
VI Күшті – жедел – тез – шұғыл
VII Күшті – берік – сақ – сайлы
VIII Күшті – әсері ерекше – өткір – қатты
IX Күшті – ауыр – қиын – азапты
X Күшті – тамаша – керемет

Қайыру: 1) бағытын бұру; 2) кері қарай бүктеу; 3) мұқалту; 4) кері қайыру; 5) атуға дайындау; 6) иесіне табыстау; 7) бүктеп қою; 8) тындыру; 9) баптау; 10) ысыру.

І Қайыру – бағытын бұру – қайтару
ІІ Қайыру – кері қарай бүктеу – көтеру
ІІІ Қайыру – мұқалту – майыру
IV Қайыру – кері қайыру – жатқызу
V Қайыру – атуға дайындау – сайлап қою
VI Қайыру – иесіне тапсыру – қайтару – кері беру – шегіндіру
VII Қайыру – бүктеп қою – белгілеу
VIII Қайыру – тындыру – бітіру
IX Қайыру – баптау – күту
X Қайыру – ысыру – ашу

1.10 Он үш және одан да көп синонимдік қатар құруға негіз болатын полисемиялар

Жабу: 1) бекіту; 2) жамылғымен бастыру; 3) ашық қалдырмау; 4) тоқтату; 5) аяқтау; 6) ұйымдастыру; 7) өзгеге аудару; 8) орнын толтыру; 9) бұлт не жауын торлау; 10) басу; 11) қамау; 12) сыр ашпау; 13) орнын басу.

- I Жабу – бекіту – құлыптау – кілттеу
- II Жабу – жамылғымен бастыру
- III Жабу – ашық қалдырмау – жинастыру – жауып қою
- IV Жабу – тоқтату – доғару
- V Жабу – аяқтау – бітіру
- VI Жабу – ұйымдастыру – жабыла күш жұмсау
- VII Жабу – өзгеге аудару – кінәлі етіп көрсету
- VIII Жабу – орнын толтыру – құю – төлеу
- IX Жабу – бұлт не жауын торлау – басу
- X Жабу – басу – бүркеу
- XI Жабу – қамау
- XII Жабу – сыр ашпау – жасыру
- XIII Жабу – орнын басу – ауыстыру

Тарт: 1) сүйреу; 2) тасу; 3) орау; 4) жапсыру; 5) керу; 6) ойнау; 7) сыйлау; 8) қызықтыру; 9) үгіттеу; 10) ұнтақтау; 11) салмағын анықтау; 12) ішу; 13) жүріп кету.

- I Тарт – сүйре – жылжыт
- II Тарт – тасы – жеткіз
- III Тарт (тартып таста) – ора – байла
- IV Тарт (тартып қой) – жапсыр (жапсырып қой) – таң (таңып қой)
- V Тарт – керіп қой – ұстатып қой
- VI Тарт (музыкалық аспапты) – ойна – шерт
- VII Тарт – сыйла – ұсын – арна
- VIII Тарт (бір іске бір адамдарды, мекемені тарту) – қызықтыру – ынтықтыру
- IX Тарт – үгіттеу – келтіру – кіргізу
- X Тарт – ұнтақта – ұн қыл – үк (үгу) – майдала
- XI Тарт – салмағын анықта – кірге сал – өлше
- XII Тарт (тартып жібер) – іш – сіміріп іш
- XIII Тарт – жүріп кету – жөнелу

Жи: 1) топталу; 2) молайту; 3) қолға түсіру; 4) біріктіру; 5) егінді ору; 6) ретке келтіру; 7) қарызын қайтарып алу; 8) ысырып тастау; 9) тартып алу; 10) денені жиыру; 11) шетін бұғу; 12) жолға әзірлеу; 13) үзу; 14) іздену; 15) ішке сақтау; 16) рухани күш.

- I Жи – топталу – бас құрау – жиналу
- II Жи – молайту – қор жасау
- III Жи – қолға түсіру

- ІҮ Жи – біріктіру – құрау
Ү Жи – егінді ору – басып жинап алу
ҮІ Жи – ретке келтіру – тәртіптеу
ҮІІ Жи – қарызын қайтарып алу
ҮІІІ Жи – ысырып тастау – жинап қою
ІХ Жи – тартып алу – жинап алу
Х Жи – денені жиыру
ХІ Жи – шетін бұғу – көмкеру
ХІІ Жи – жолға әзірлеу – жинастыру
ХІІІ Жи – үзу – теру – жинау
ХІҮ Жи – ішке сақтау – тығу
ІҮ Жи – рухани күш, қабілеті бір арнаға келтіру

Көп мағыналы сөздердің ұғымдық сипаты негізінде туындаған антонимдер

I Абай болу: 1. Сақ болу
2. Ес болу, бас-көз болу

II Абай болу (сақ болу) - қапы қалу

I Ағайын: 1. Туыстығы жақын, аталас адамдар
2. Жақын тартып айту
3. Бір-біріне жақын, алшақ емес

II Ағайын - жат

I Адал: 1. Пайдалануға жарамды, таза, арам емес
2. Ақ ниетті, таза ойлы, әділ
3. Алдаусыз, арамдықсыз
4. Нағыз жанашыр, таза сезімді
5. Тура, нақ, анық, шын
6. Күнәсыз, жазығы жоқ

II Адал - арам

I Ажырату: 1. Бөліну, бөлініп шығу, бөлектену
2. Айыру, айырылып қалу
3. Арылу, қол үзу

II Ажырау - қосылу

I Айқын: 1. Анық, ашық
2. Белгілі, мәлім

II Айқын - көмескі

I Айығу: 1. Күннің ашылуы
2. Аурудан жазылу, тәуір болу, сауығу
3. ауыс. Сейілу, сергу

II Айығу - бұлттану

Айығу - асқыну

I Айыру: 1. Дыр еткізу, жырту
2. Қақ жару, бөлу
3. Бөліп шығару, ажырату
4. Жерді жырту, тілу
5. Қарым-қатынастың үзілуі, алыстау, ажырау

6. Құтқару, арашалау
7. Бірдей көрмеу, алалау

II Айыру - қосу

- I Азу: 1. Арықтап жүдеу, еттен арылу
2. ауыс. Дұрыс жолдан таю, бұзылу

II Азу – оңалу

- I Ақ: 1. Қардың, сүттің, бордың түсіндей

II Ақ - қара

Ақ көңіл - арамза

Ақ көңіл - қара ниет

- I Ақтау: 1. Үйді ақтау

2. Бидай сияқты дәнді дақылдарды қауызынан тазарту

3. Жазадан құтқару, ара түсу, кінәсыз деп санау

II Ақтау - жазалау

Ақтау - қаралау

- I Ақыл: 1. Адамның ойлау қабілеті, сана-сезім

2. Пікір, пайдалы кеңес, өсиет

3. ауыс. Дұрыс шешім, қиындықтан шығудың жолы, амалы, айласы

II Ақыл - ашу

- I Ақырын: 1. Жай, аспай-саспай, баяу

2. Ептеп, білдірмей

3. Байқа, абайла

II Ақырын - қатты

Ақырын - тез

Ақырын - шапшаң

- I Ақырында: 1. Аяғында, соңында, түбінде

2. Сөйтіп, не керек, сонымен

II Ақырында - әуелде

Ақырында - басында

- I Ал: 1. Ұстау, көтеру

2. Бір нәрсеге ие болу, тәуелдену, меншіктену

3. Тамақ жеу, ішу

4. Басқа жерді жаулау, өзіне қарату, бағындыру

5. Аң ұстау, аулау

II Ал - қой

Ал - сал

Ал - бер

Ал - молайт, өсір, арттыр

Ал - таста

I Алалық: 1. Бірдей еместік, айырмашылық

2. Бөтендік, жаттық

3. Ала ауыздық, қырғи қабақтық

II Алалық - ынтымақтық

I Аласа: 1. Биік емес, жатаған

2. Бойы ұзын емес, қысқа, тапал

II Аласа - биік

Аласа - ұзын

I Алғы: 1. Алдыңғы реттегі, ілгерідегі

2. Алдағы, келешектегі, болашақтағы

II Алғы - артқы

Алғы - соңғы

Алғы - кейінгі

I Алғыс: 1. Ізгі ниет, ықылас

2. Үздіксіз еңбегі үшін айтылатын ресми құрмет

II Алғыс - қарғыс

Алғыс - сөгіс

I Алда: 1. Алдыңғы қатарда, ілгеріде

2. Болашақта, келешекте

3. Алдында, маныңда, алыста емес

II Алда - кейінде

Алда - артта

I Алды: 1. Адамның беті қараған жағы

2. Үйдің есік жағы

3. Бір нәрсенің алғашқы кезі, бастамасы

II Алды - арты

Алды - соңы

I Алыс: 1. Шалғай, жақын емес

2. ауыс. Туыстығы жақын емес, атасы бөлек, бөтен

II Алыс - жуық

Алыс - жақын

I Апару: 1. Белгілі бір затты бір орыннан екінші орынға алып бару

2. Алып кету, соңына ерту

3. Бастау, алып бару, ілгері дамыту

4. Жақындату, таяту

II Апару - әкелу

I Арғы: 1. Бір заттың ар қараған бет жағы, жиегі

2. Ертедегі, бұрынғы, өткен

3. Бұдан кейінгі, соңғы

II Арғы жақ - бер жақ

Арғы - сыртқы, шеткі жер

Арғы - бергі

I Асты: 1. Бір заттың үстіне қарама-қарсы жағы, төмендегі жері, түбі

2. Тау, адыр, дөң тәрізділердің төменгі тұсы

II Асты - үсті

I Асығыс: 1. Жылдам, шапшаң, шұғыл, тез, жедел

2. Қарбалас

II Асығыс - жай

Асығыс - сабырлы

I Аш: 1. Ас ішпеген, тамақ жемеген

2. Ішіп-жемі жоқ, жетіспейтін

II Аш - тоқ

I Аш: 1. Жабық тұрған нәрсенің бетін шалқайту, аңқайту

2. Бір нәрсенің үстінде тұрған затты алып тастау

II Ашу - бүркеу

Ашу - жұму

Ашу - қымтау

- I Ашық: 1. Анық, айқын
2. Әйгілі, көрнеу, жария түрде, жасырын емес
3. Іркүсіз, бүкпесіз, шын ниетпен
4. Жайдары, ақ жарқын

II Ашық - жасырын
Ашық - тұйық

- I Ащы: 1. Тұзды, тұзы күшті, сор дәмі бар
2. Ауызды, тілді дуылдататын, ашты; тәтті емес
3. ауыс. Уытты, зәрлі, өткір; әсері күшті

II Ащы - тәтті
Ащы - тұщы

- I Аулақ: 1. Алыс, жырақ, қашық
2. ауыс. Оңаша, жеке, бөлек
3. Алыс жүр, кет әрі

II Аулақ - жақын
Аулақ жүр - бері кел

- I Ауру: 1. Науқас, кесел, дерт, сырқат
2. Науқас кісі, сырқат адам.
3. ауыс. Жағымсыз қылық, жаман әдет

II Ауру - денсаулық
Ауру - сау

- I Ауыр: 1. Салмақты, зілдей
2. ауыс. Қиыншылығы, азабы мол; ауырпалығы,
мехнаты көп
3. ауыс. Қайғылы мұңды; жанға бататын

II Ауыр - жеңіл
Ауыр - жақсы

- I Аялау: 1. Әлпештеу, мәпелеу
2. ауыс. Құшағына алу, нұрына бөлеу

II Аялау - қорлау

- I Әбес: 1. Оғаш, ерсі, өрескел
2. ауыс. Бетке шіркеу, ұнамсыз, ұят

II Әбес - жөн
Әбес – лайық

I Әбігер: 1. Әуре-сарсаң, сергелдең, лаң
2. Мазасыздық, әурешілік, беймазалық
3. Абыр-сабыр, қарбалас

II Әбігер - тыныш

I Әділ: 1. Жалғандыққа жаны қас, шындықты сүйгіш
2. Турашыл, шыншыл
3. Тура, жөн, дұрыс

II Әділ - арам

I Әділдік: 1. Дұрыстық, шындық, түзулік
2. Дұрыстықты қолдаушылық, шындықты жақтаушылық

II Әділдік - арамдық
Әділдік - жауыздық
Әділдік - зұлымдық

I Әлді: 1. Әулетті, қарулы, күшті
2. Әл-ауқаты жоғары, ауқатты

II Әлді - кедей

I Әлсіреу: 1. Бойдағы күш-қуаты азаю, шаршау, қалжырау
2. Солғындау, бәсеңдеу
3. ауыс. Үстемдік құра алмау, күш-қуаты төмендеу,
беделі түсу

II Әлсіреу - күшею

I Бай:
1. Иелігінде көп мал-мүлкі бар
2. Сансыз көп, мол
3. Дәулеті тасыған, жетілген
4. Әл-ауқатты, табысты

II Бай - жалшы
Бай - кедей
Бай - нашар

I Байлық: 1. Жиналған дүние, мол дәулет, мал-мүлік, қазына
2. Бір нәрсенің мол қоры, көзі, молшылық

II Байлық - жарлылық

Байлық (барлық) - жоқтық;

Байлық - кедейлік

I Барлық: 1. Молдық, баршылық, молшылық

2. Бар екендік, жоқ еместік

II Барлық - жоқтық

Барлық - тарлық

I Бас: 1. Дене мүшесі

2. Тау, қыр, дөң т.б. нәрселердің ең биік жері, шыңы, төбесі

3. Өзеннің, бұлақтың басталған жері, қайнар көзі

II Бас - аяқ

Басы - етегі

I Бастау: 1. Басшы болу, басқару

2. Бір нәрсені ұйымдастырып бастап жіберу, ашу

II Бастау - аяқтау

Бастау - бітіру

I Басшы: 1. Көсем, дана, данышпан

2. Мекеменің, оқу орнының басқарушысы, жетекшісі

3. Бір нәрсені бастаушы, жол көрсетуші

II Басшы - қосшы

I Батыр: 1. Ел қамы үшін жаумен сайысқан, тарихы қаһарман

2. Ер жүрек, қайтпас қайсар адам

3. Батыл, өткір, тайсалмайтын

II Батыр - қорқақ

I Бауырмал: 1. Басқаны жатсынбай өзіне бауыр санайтын,

туысқаншыл

2. Тату-тәтті, ынтымақшыл

II Бауырмал-қатыбас

Бауырмал-тас бауыр

I Баяғыда: 1. Ертеде, ерте кезде, бұрынғы уақытта

2. Әлдеқашан, атам заманда

II Баяғыда - қазір

Баяғыда - жуырда

I Баяу: 1. Жай, ақырын, марғау, сылбыр
2. ауыс. Жайбарақат, бейбіт, тыныш

II Баяу - басым
Баяу - қатты

I Бейбастық: 1. Бас білмейтін, жүген-құрық көрмеген, бастықпаған
2. Тәртіпсіз, әдепсіз, көргенсіз

II Бейбастық - тәртіпті

I Бекер: 1. Босқа, текке, әншейін, жайдан-жай
2. Жалған, өтірік

II Бекер - шын

I Бекі: 1. Бекемделіп нығаю
2. Ашық емес, жабық болу
3. Тамыры ұстау, орнығу
4. Бір тоқтамға келу, ұйғару

II Бекі - босаңсу

I Берік: 1. Мықты, төзімді
2. ауыс. Ұстамды, сабырлы
3. Тұрақты, сенімді, табанды
4. Жабық, бекітулі

II Берік - бос
Берік - осал

I Бет: 1. Бастың алдыңғы жағы, жүз
2. Белгілі заттың үстіңгі жағы
3. Өте жоғары, көп қабатты
4. ауыс. Атақ-дәрежесі, зор, мәртебелі

II Беті - түбі
Беті - асты

I Биік: 1. Асқар, заңғар, зәулім
2. Төмен емес, жоғары

II Биік (жоғары) - төмен
Биік (зәулім) - аласа
Биік (ұзын) - тапал

I Биязы: 1. Нәзік, жіңішке
2. Сыпайы, әдепті

II Биязы - тұрпайы

I Босаға: 1. Есіктің екі жақтауы
2. Төрге қарама-қарсы, есікке жақын жер
3. ауыс. Үй, отбасы, табылдырық
4. ауыс. Тірек, орталық

II Босаға - төр

I Бөлек: 1. Өз алдына, жеке-дара
2. Оқшау, шеткері, оңаша
3. Басқа, бөтен
4. Ерекше, айрықша, өзгеше

II Бөлек - бірге

I Бөлшек: 1. Тұтас нәрсенің жеке бір бөлігі
2. техн. Кез келген механизмнің жеке-жеке тетігі, белгілі бір деталі

I Бөлшек: 1. Бүтін санның белгілі бір не бірнеше бөлегін көрсететін сан атауы
2. Бір заттың бөлігі

II Бөлшек - бүтін

I Буаз: 1. Құрсағында төлі, баласы бар; туатын /мал, хайуан/
2. қарап. Екі қабат, аяғы ауыр
3. ауыс. Екі бүйірі шыққан, қампиған

II Буаз - қысыр

I Бұз: 1. Қирату, сындыру, талқандау
2. Бір нәрсені бөлшектеу
3. Біркелкі күйді дағдылы, үйреншікті қалыптан өзгерту
4. Қалыптасқан заңды, салтты, дәстүрді сақтамау
5. ауыс. Біреуді азғыру, айныту
6. ауыс. Адамды жақсы қасиеттерден айыру, аздыру, жаман жолға түсіру

II Бұзу - түзету

I Бұрын: 1. Осыдан ілгергі кезде, ертеректе

2. Мөлшерлі уақыттан ерте

3. Ең әуелі, алдымен

II Бұрын - бүгін

I Бұрынғы: 1. Баяғыда, ілгеріде болған: ескі, көне

2. Бастапқы, әуелгі

II Бұрынғы - соңғы

I Бүгін: 1. Бұл күн, осы күн

2. Осы кезде, қазір

II Бүгін - ертең

I Бүгу: 1. Түзу қалпын өзгерту, ию

2. Қайыру, жымыру

II Бүгу - жазу

I Бүлдіру: 1. Бұзу, істен шығару

2. Істің жөнін таба алмау, ұқсата алмау

3. Ластап былғау

4. ауыс. Іріткі салып, ала ауыздық туғызу

II Бүлдіру - түзеу

Бүлдіру - тындыру

I Бүліну: 1. Бұзылу, құлау, қирау

2. Жарамсыз болу, бұзылу

3. Әлекке түсіп әбігерлену, бұлқан-талқан болу

4. Зақым келу, жарақаттану

5. Ластанып, былғану

6. ауыс. Тәртібі нашарлап, азғындау, бұзылу

II Бүліну - түзелу

I Бүрісу: 1. Тартынып, құрысып-бырысу, жиырылу

2. Құнысып, бір уыс болып қалу

3. ауыс. Ашық мінез, жарқын жүз көрсетпей тырысу

II Бүрісу - жазылу

I Бүтін: 1. Жыртық емес, тозбаған, жыртылмаған, бүлінбеген

2. Түгелдей, тұтас, бүтін, бүкіл

3. мат. Бөлшексіз тұтас сан

II Бүтін - жыртық

Бүтін - сынық

Бүтін - жарты

I Бірлік: 1. Бір санның заттанған атауы

2. Оңға дейінгі бір таңбалы сандардың жалпы атауы

3. Ынтымақтасып біріккен, бірауыздылық

4. филос. Іштей байланысты табиғи біртұтастық

II Бірлік - алалық

Бірлік - ала ауыздық

I Далию: 1. Кең көлемді алып, жайылып, созылып жату

2. Киімнің етек-жеңі шектен тыс кең болу

3. ауыс. Масаттану, көңілді шалқу, мақтану

II Далию - бүрісу

I Дардай: 1. Үп-үлкен, соқтандай

2. Ортан қолдай, дындай

II Дардай – титтей

I Дос: 1. Бір-бірнеше шын көңілмен берілген сыйлас, сырлас
адамдар

2. Адамға пайдалы, серік, жолдас

3. ауыс. Рухани азық, жұбаныш

4. ауыс. Қамқоршы, жанашыр

II Дос - жат

Дос - дұшпан

Дос - жау

Дос - қас

I Дұрыс: 1. Белгілі ережені сақтай отырып жөндеу

2. Орынды, ретті, заңды

3. Дәлме-дәл, нақпа-нақ, түп-тура

II Дұрыс - бұрыс

Дұрыс - теріс

I Екпінді: 1. Екпінді күшті, қарқынды, пәрменді

2. ауыс. Дауысы көтеріңкі, жігерлі, пафосқа толы

3. ауыс. Алдыңғы қатарлы, озат, озық

II Екпінді - жалқау

- I Ел: 1. Халық, жұрт, қауым
2. Өскен орта, туған жер
3. Шыққан тегі, негізгі, заты, руы
4. Отан, мемлекет
5. ауыс. Дос-жар, жақтас, ұрандас, жау емес

II Ел - жау

- I Елдес: 1. Елі бір, бір елден
2. Татуласу, табысу, жарасу, жақтасу

II Елдес - жаулас

- I Елдік: 1. Елге тән, халықтың бірлігі, бұқаралық
2. зат.мағ. Халыққа, елге тән жақсы қасиет: татулық,
бірлік, ынтымақтық

II Елдік - жаулық

- I Еңкей: 1. Алға қарай бүгілу, төмен иілу
2. Белі бүгілу, қартаю, мосқал тарту
3. Төмен түсіп құлдылау, ылдилау
4. Икемге келу, иілу, босаңсу, жібу

II Еңкею - шалқаю

Еңкею - шалқалақтау

- I Еңіре: 1. Егіліп, ағыл-тегіл жылау, көз жасын көл қылу
2. Зар қақсап күңірену, күйіну, күйзелу

II Еңіреу - жадырау

- I Епті: 1. Ыңғайлы, икемді, бейім, оңтайлы
2. Қу, айлакер, пысық, тәсілқой

II Епті - орашолақ

Епті - олақ

- I Ерсі: 1. Оғаш, сөлекет, өрескел, сиықсыз
2. Жарасымсыз, ұнамсыз, қолайсыз
3. Өрнектің үстіңгі бой жібі, еркек жібі

II Ерсі - жөн

- I Ерте: 1. Таң сәріде, ертемен
2. Бұрын, өткен кезде, баяғыда
3. Алдын ала, алдымен, күні бұрын

II Ерте - кеш
Ерте - жай

I Ескі: 1. Тозығы жеткен, өңі кеткен, ұсталған
2. Көне, баяғы, базғы, ертедегі, бұрынғы
3. Танымал, таныс, байырғы
4. Сыралғы, сырлас, сыр мінез

II Ескі - жаңа

I Есті: 1. Ақылды, есі бар, саналы
2. Білімдар, ақылгөй, ойшыл

II Есті - есуас

I Еш: 1. Түк жоқ, еш нәрсе болмау
2. Ешбір, түк, ешқандай

II Еш - кеш

I Жаға: 1. Киімнің мойын үстіне түсетін бөлігі
2. Су арнасының кемері, жиегі

II Жаға - етек

I Жақсы: 1. Көңілге ұнайтын, онды, тәуір
2. Әжептәуір, керім, ілгері, келісті
3. Адамгершілік қасиеті мол, игі, ізгі /адам/
4. Ескі ауылдың белді жуаны, ақсүйек

II Жақсы - жаман

I Жақын: 1. Аралығы жуық, таяу, таман
2. Ағайын-туған, туысқан-тума: жегжат
3. Көңілдес, ашына-жайлас

II Жақын - жырақ

Жақын - қашық

Жақын - жат

I Жалған: 1. Шындығы жоқ, өтірік
2. Өңі боялған, шынайы емес, жасанды

II Жалған - рас

Жалған - шын

I Жалғыз: 1. Тек бір ғана, жалқы

2. Бір өзі, жеке, салт

II Жалғыз - көп

- I Жандан: 1. Жан біту, қан жүгіріп, тірілу
2. Қыза түсу, дуылдау
3. Жайнап құлпыру, әдемі күйге келу
4. Ісі алға басу, жақсару, жөнделу

II Жандану - құлдырау

- I Жария: 1. Көпке таныс, белгілі, мәлім
2. Ашық-айқын, әйгілі
3. көне. Жарнама, хабарлама

II Жария - жасырын
Жария - құпия

- I Жарық: 1. Сәуле, нұр
2. Қараңғы емес, анық, айқын көруге келетіндей
3. ауыс. Үміт, қызық, жақсылық

II Жарық - қараңғы

- I Жас: 1. Жас өспірім, жеткіншек, қыз-бозбала
2. Уылжыған, балғын, кіші
3. Жаңа көктеп шыққан, буыны қатпаған
4. Жаңа туған, кәрі емес

II Жас - кәрі
Жас - қария
Жас - қарт
Жас - қу

- I Жасық: 1. Көк бақа, семіз емес, арық ет
2. Асыл емес, өтпейтін құрал
3. ауыс. Жігерсіз, күйреуік, ынжық

II Жасық - семіз
Жасық - қатты
Жасық - қайсар
Жасық - жігерлі

- I Жат: 1. Жақындық, туыстық қатысы жоқ, бөтен, бөгде (адам)
2. Бұрын көрмеген, естімеген, білмеген
3. Жау, дұшпан, қас

4. ауыс. Лайықсыз, сөлекет, өрескел

II Жат - таныс

Жат - жақын

Жат - туған

I Жаю: 1. Тірі жанды (адам, жануар) бір жерде ұстамай, таратып жіберу

2. Қолды, алақанды ашу

II Жаю - жусату

Жаю - жию

Жаю - жұму

I Қараңғы: 1. Жарық жоқ, қараңғылыққа шомған, түнек

2. ауыс. Сауатсыз, білімсіз, оқымаған

3. ауыс. Беймәлім, белгісіз, күмәнды

4. ауыс. Қара ниетті, арам

II Қараңғы - айқын (анық)

Қараңғы - оқымысты

Қараңғы - жарық

Қараңғы - ашық

Қараңғы - сауатты

I Қарсы: 1. Бір нәрсенің қарсы жағы, бет алды

2. Жүзбе-жүз, бетпе-бет, қарама-қарсы

3. Белгілі бір іс-әрекетке наразылық білдіру, қарсылық ету,
қайшы келу

II Қарсы - жақтас

I Қатты: 1. Жұмсақ емес, берік, мықты

2. Өте, аса

3. Көтеріңкі, күшті, ащы

4. Еш нәрсе сезбей, тырп етпей (ұйықтау)

5. ауыс. Қатыгез, қатыбас

II Қатты - жомарт

Қатты - тәтті (жағымды, жарасамды)

I Қиын: 1. Бейнеті, машақаты көп, михнатқа толы; жеңіл емес

2. Күрделі, ауыр, қыр-сыры мол

3. Оңайшылықпен бола қоймайтын, оңай емес

II Қиын - оңай

I Қомағай: 1. Тамақсау, ашқарақ
2. ауыс. Тойымсыз, ынсапсыз, қанағатсыз

II Қомағай - тоқмейіл

I Қос: 1. Бір нәрсені екінші бір нәрсемен біріктіру
2. Бір нәрсеге екінші нәрсені араластыру
3. Бірге жіберу, ілестіріп жіберу
4. Біреуге үйлендіру не күйеуге беру
5. Екі, пар, егіз

II Қос - сыңар

I Лас: 1. Таза емес, былғаныш, кір
2. ауыс. Бықсық, пасық, арамза

II Лас - таза

I Лепіру: 1. Күпсініп, бөсіп сөйлеу, есу
2. ауыс. Есерсоқтанып құтыру, еліру

II Лепіру - басылу

I Майлы: 1. Майы көп, майы мол
2. ауыс. Құнарлы, жұғымды, берекелі

II Майлы - арық

I Маздау: 1. Жалындап қатты жану, лаулап жану
2. ауыс. Жайнау, жарқырау

II Маздау - бықсу

I Мақтау: 1. Біреудің еңбегіне, істеген ісіне берілген жоғарғы баға
2. қимыл атауы: мақта-у

II Мақтау - боқтау

Мақтау - даттау

Мақтау - жамандау

I Мол: 1. Көп, сан жетпес
2. Кең, үлкен

II Мол - тапшы

Мол - тар

Мол – қысқа

I Мырза: 1. Үстем тап өкілдері және соларды мадақтау мәніндегі
лауазым

2. ауыс. Не киемін, не ішемін демей еркін, ерке өскен
жас

3. ауыс. Қолы ашық, жомарт, береген адам

II Мырза - сараң

I Найқалу: 1. Шайқалу, ырғалу, теңселу

2. ауыс. Ырғалып-жырғалу, асықпау, саспау

II Найқалу - абыржу

Найқалу - асығу

Найқалу - әбігерлену

I Нақақ: 1. Әділетсіз, жазықсыз, кінәсіз

2. Көпе-көрнеу, өтірік- жалған

II Нақақ - кінәлы

I Нашар: 1. Қанағаттанарлықтай емес, мардымсыз

2. ауыс. Сіңірі шыққан, кедей, жалшы-жақыбай

II Нашар - мықты

I Оң: 1. Солға қарама-қарсы, соған кереғар

2. Теріс емес, дұрыс, жөн

II Оң - сол

Оң - теріс

I Оңал: 1. Ондалып, жөніне келу, түзелу

2. Қатарға қосылу, жөнделіп кету

3. Етейіп қондану, семіру

4. ауыс. Сырқаттан жазылу, айығу

II Оңалу - жүдеу

I Орнықты: 1. Тиянақты, жайлы, қолайлы

2. ауыс. Байыпты, салмақты

II Орнықты - ұшқалақ

I Өшу: 1. Жануын тоқтану, сөну

2. Бір заттың бетіндегі жазуы, бояуы кету, жоғалу, жойылу

3. ауыс. Құру, кему, жоғалу

II Өшу - жану

Өшу - оршу

Өшу - өсу /өркендеу/

I Пайда: 1. Өндіріс, ауыл шаруашылық өнімдерінен түсетін мол табыс,
таза кіріс, түсім

2. Адамға тиімді, жағымды іс-әрекет, қажетті жақсылық,
олжа

II Пайда - залал

Пайда - шығын

I Пысық: 1. Қатты ширатылған, ширақ

2. ауыс. Епті, іскер, еті тірі

3. ауыс. Қу, залым, ала аяқ

II Пысық - бос

Пысық - ынжық

I Соғу: 1. Періп жіберу, ұру

2. Тарсылдату, қағу

3. ауыс. Ұйытқып соғу

II Соғу - тоқтау

Соғу - тыну /жел/

I Созу: 1. Бір нәрсені тарту, ұзарту

2. Өңгімені, сөзді көбейту, жалғастыра түсу

3. Бір істі уақытында бітірмеу, кешеуілдету

II Созу - жинау, жинақтау

Созу - қысқарту

Созу - тындыру

I Табыс: 1. Бірін-бірі тауып алып кездесу, көрісу, дидарласу

2. Төлдің енесіне қосылуы, жамырлауы

3. ауыс. Бірін-бірі түсінісу, татуласу, достасу

II Табысу - айрылысу

I Тақыр: 1. геог. Шөл, шөлейтті өңірлерде өсімдік өспейтін жер

2. Шөбі қурап қалған, тегіс жер

3. Тақыр, жалтыр

II Тақыр - шөптесін

I Тану: 1. Айнытпай тап басып білу, шырамыту

2. Бір затты жан-жақты тексеріп, ажырату, айыру

II Тану - ұмыту

Тану - мойындау

I Толу: 1. Бір нәрсенің іші деңгейіне, кенересіне жете шүпілдеу

2. Белгілі бір жасқа келіп, мерзімді уақытқа жету

3. ауыс. Ет алып толысу, семіру

II Толу - солу

I Төмен: 1. Жоғарыға, биікке қарама-қарсы жақ, еңіс

2. ауыс. Ой, ылди, етек

3. ауыс. Көңілдегідей жақсы емес, нашар

II Төмен - жоғары

Төмен - биік

I Тұңғыш: 1. Ең алғашқы, бірінші

2. Ең бірінші туған бала, баланың үлкені

II Тұңғыш - кенже

I Түзу: 1. Тура, тік

2. ауыс. Дұрыс

II Түзу - теріс

I Тыңай: 1. Топырақтың түрлі бактериялық тыңайтқыштарды бойына жинап құнарлануы, егін шығымдылығының артуы

2. ауыс. Дем алу, тынығу, әлдену

II Тыңай - болдыру

I Тып-тыныш: 1. Ешбір у-шусыз, жым-жырт, тым-тырыс

2. Қаннен қаперсіз, алаңсыз, бейқам

II Тып-тыныш, у-шу

I Тырбық: 1. Тырбиып өспей қалған, жатаған

2. ауыс. Тырбиған, қысқа

II Тырбық - бойшаң

I Ұзақ: 1. Алыс, қашық, жырақ

2. Көп уақытқа созылған, тез емес

3. Ұзын, шұбалаңқы, қысқа емес

II Ұзақ - жақын

Ұзын - қысқа

I Ұзару: 1. Ұзара түсу, биіктеу
2. Мезгіл, мерзімнің тез өтпей, көпке созылуы

II Ұзару - қысқару

I Ұяң: 1. Биязы, жұмсақ /жүн/
2. ауыс. Ұялшақ, бұйығы

II Ұяң - ашық

I Үйрен: 1. Өзі білмеген нәрсені түсініп, көңілге тоқу, басқадан біліп алу, оқу

2. ауыс. Бір нәрсеге дағдылану, көзі үйрену, машықтану

II Үйрену - жирену

Үйрену - үйрету

I Үлкен: 1. Көлемі жағынын аумақты, зор дәу

2. ауыс. Бұрын туған, жасы артық

3. ауыс. Көпті көрген көне, көп жасаған қарт

II Үлкен - жас

Үлкен - кіші

I Ырыс: 1. Мол байлық, береке, дәулет

2. Бақ-талай, несібе

II Ырыс - сор

I Шабан: 1. Сылбыр, жайбасар, жалқау

2. Баяу, жай, ақырын

II Шабан - жүйрік

I Шашырау: 1. Быт-шыт болып жан-жаққа тарау, жайылу, бытырау

2. Жарық түсу, жан-жаққа сәуле шашу

II Шашырау - шоғырлану

I Шикі: 1. қайнап піспеген, жеуге әлі болмайтын

2. Өңделмеген, қам

3. ауыс. Кемеліне келмеген, жетілмеген, шалағай

II Шикі - пісі

I Ширақ: 1. Тығыз, қатты, жұмсақ емес

2. Жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы ылдым-жылдым,
күш-қуаты мол

3. Күйлі, қуатты, тың

II Ширақ - бос

Ширақ - сылбыр

I Ширау: 1. Жіптің көбірек есілуі, пысу

2. Жуылған киімнің отыруы, қысқарып қалуы, апшу

3. Жердің дегдуі, кебу

4. Адам денесінің сергуі, ширьғуы

5. Қимыл қозғалыстың артуы, үдей түсу, күшею

6. Күш жию, әлдену, тыңаю

7. Өсу, ересек тарту, есею

8. ауыс. Ысылу, шынығу, шындалу

II Ширау - болбырау

Ширау - қолбырау

I Шолақ: 1. Қол-аяқтың кемтарлығы, мүгедек

2. Қысқа, ұзын емес

II Шолақ - ұзын

Көп мағыналы сөздің мағыналарының ыдырауы нәтижесінде пайда болған омонимдер

Абзал 1. зат. әбзел, ер-тұрман, құрал-сайман, мүлік

Абзал 2. сын. қадірлі, құрметті, ардақты, бағалы, ең жақсы

Абзал 3. жөн, дұрыс, орынды, қолайлы, ыңғайлы

Адасу 1. ет. жолдан жаңылу, бағыттан шатасу, көз жазып қалу, жол таба алмау

Адасу 2. ауыс. қателесу, шатасу, азу, теріс бағытқа түсу

Аз. сын. 1. көп емес, шағын, белгілі мөлшерден кем

Аз ет. 2. жүдеу, арықтау

Аз 3. ұсақтап, азғындап кету

Аза 1. зат. кісі өлген үйге жақынының малдай не заттай алып баратын жәрдемі

Аза 2. қайғы-қасірет, мұң-шер

Азар 1. үст. әрең, әзер, зорға, өліп-талып

Азар 2. зат. азап, қорлық

Азынау 1. қатты кісінеу, малдың шулауы, қатты дауыс шығаруы

Азынау 2. ет. желдің гуілдеп соғуы, гулеу

Азынау 3. мұздау, тоңу

Ай 1. жерді, күнді айналатын, түнде жерге жарық сәуле беріп тұратын планета

Ай 2. жылдың он екіден бір бөлігін қамтитын мезгіл, 30 күндік мерзім

Айбын 1. зат. айбат, айбар, ызбар

Айбын 2. ет. жасқану, имену, қаймығу, қорқу

Айқас 1. ет. екі заттың бір-біріне көлденең түсуі

Айқас 2. зат. шайқас, қырғын ұрыс, соғыс, күрес

Аймақ 1. зат. өлке, мекен, қоныс

Аймақ 2. төңірек, айнала

Айналма 1.зат. бұрылыс, қаға беріс, қалтарыс, көшенің бұрылатын жері

Айналма 2. бір жағына айналып ауыратын мал ауруы, делбе

Айтыс 1.зат. сөз жарысы, өнер сынасу

Айтыс 2. пікір таласы, дискуссия

Айтыс 3. тартыс, сонар дау

Айтыс 4.ет. айт етістігінен жасалған ортақ етіс

Айтыс 5. қарсы сөйлеу, дауласу, пікір таластыру, араздасу, тартысу

Айтыс 6. сөз жарысына тісуі

Айттыру 1.ет. атастыру, құда түсу

Айттыру 2. айту етістігінің өзгелік етіс түрі

Айыр 1. зат. шөп сабан, егін жинауға керекті құрал, аша

Айыр 2. сын. қос нәрсенің екіге жарылуы

Айыр 3. зат. қос өркешті түйе

Ақ 1. сын. қар, сүттің түсіндей (қараға қарама-қарсы түс)

Ақ 2. зат. сүт немесе сүттен өндірілетін айран, қатық т.б.тағамдар

Ақ 3. зат. көзге түсетін ноғала

Ақ 4. хақ, ақиқат, шындық

Ақтық 1. зат. қардың, сүттің түсіндей аппақ болушылық

Ақтық 2. сын. адалдық, пәктік, кінәсыздық, жазықсыздық

Ақтық 3. сын. соңғы, ақырғы

Ақылдас 1. ет. пікірлесу, кеңесу, ақыл қосу

Ақылдас 2.сын. пікірі, ойы бір

Ақыры 1. бәрібір, әйтеуір, қалай болған күнде де

Ақыры 2. үст.соңы, кейінгісі, ақырғы кезі

Алас 1. көне. «от» деген ұғымның атауы

Алас 2.ет. жойылды, жоғалды, құрыды

Алаула 1. ет. лаулалап жану, жалындау

Алаула 2. көне. соғысу

Алмас 1. жарқырауық, түссіз, ең асыл, ең қатты тас

Алмас 2. шыны кесетін өткір құрал

Алшақта 1. үст. алыста, қашықта; жақын арада емес

Алшақта 2. ет. алыстау, қашық тарту, ұзау

Алшақта 3. сын. алыстау, алысырақ

Андыз 1. зат. тауда өсетін, мал жейтін ұзын сабақты өсімдік

Андыз 2. сын. бытыраған, шашыранды

Анық 1. шын мәніндегі, нағыз

Анық 2. айқын, мәлім, белгілі

Алым 1. зат. а) салық; ә) пара, жасырын түрде алған зат

Алым 2. мат. математикалық бөлшектің бір мүшесі

Алтыбақан 1. зат. әлпеншек, әткеншек, ойынның аты

Алтыбақан 2. жастардың кешкі сауығы

Арқаулық 1. зат. мәтке, бел ағаш, арқалық

Арқаулық 2. күш-қуат берерлік, нәр боларлық

Арай 1. зат. а) таң атар кездегі күн шапағаты, күн шұғыласы

ә) нұр, сәуле

Арай 2. зат. сабыр, ұстам, тоқтам

Арт(у) 1. ет. а) жүк тие(у), бір затты бірдеменің үстіне сал(у)

ә) асыл(у); б) міндет жүктеу, тапсыру

Арт(у) 2. ет. молай, көбей, асып кет(у)

Арықтау 1. сын. арықша, жүдеулеу, ашаңдау

Арықтау 2. арықта етістігінің қимыл атауы

Асылы 1. зат. сөйл. шыққан тегі, нәсілі, руы, әулеті

Асылы 2. үст. тегінде, сірә, заты

Атлас 1. зат. бір жақ беті жылтыр келген жібек мата

Атлас 2.сын. жылтыр, тегіс, жатық, жоғары сапалы қағаз сорты
Атлас 3.зат. географиялық, биологиялық карталардың жалпы атауы

Аттан 1. ет. кетіп қалу, жүріп кету

Аттан 2. көне. а) «жау шапты» немесе «ұры түсті» деген хабарды білдіруші ұран; ә) жәрдемге шақыру, ойбай салу

Ау 1. зат. шалбардың, ішкі киімнің екі балағы түйіскен жері

Ау 2. балық ұстайтын үлкен тор, сүзгі

Ауа 1.зат.а) тіршілікке, тыныс алу үшін қажетті, түссіз, иіссіз зат
ә) атмосфера

Ауа 2. әуе

Аулақта 1. ет. қашық тарту, алыс кету

Аулақта 2. үст. а) алыста, қашықта; ә) оңашада, жеке

Ауыздық 1.зат. жүгеннің темірден істеліп, екі сулық аралығына бекітілген бөлігі

Ауыздық 2. зат. адамның езуіне түскен жара

Ауыр 1. сын.а) салмақты, зілдей

ә) қиыншылығы азабы мол, мекнаты көп

б) қайғылы, мұңды (хабар)

в) өте қатал, төзуге болмайтын

г) қауіпті, қатерлі

Ауыр 2. ет. а) науқастану, сырқаттану, дертке шалдығу;

ә) жанына бату

Ашаңдау 1. ет. арықтау, жүдеу

Ашаңдау 2. сын. арығырақ, нәзігірек

Ащы 1.сын.а) тұзды, тұщы емес, тұзы күшті

ә) ашты, тәтті емес

б) уытты, зәрлі, өткір, әсері күшті (мысқыл)

Ащы 2.сын. а) қиын, ауыр, азапты

ә) қарсы, араз, жау, қырғи қабақ

Ащы 3. зат. сортанды, тұзды жер

Әулетті 1. сын. туған-туысы мол, үрім-бұтақты
Әулетті 2. сын. қауқарлы, күшті

Байлама 1.зат. су ұстағыш, бөгет
Байлама 2.зат. жеңіл орамал, жаулық

Байқау 1.ет. аңдау, бақылау, қарау, барлау
Байқау 2.зат. а) көрме
 ә) сынау

Байланыс 1. зат. қарым-қатынас, аралас
Байланыс 2. зат. қоспа, түзіліс
Байланыс 3.ет. а) жөнсіз ілінісу, ұстасып керісу, тиісу
 ә) қатысу, араласу

Байлау 1.ет. байла етістігінің қимыл атауы
Байлау 2.зат. байлам, тоқтам

Бақыр 1.зат. мыстан жасалған ұсақ ақша
Бақыр 2. металдан жасалған шелек, ыдыс

Бастау 1. «баста» етістігінің қимыл атауы
Бастау 2. зат. бұлақ, өзен суының басталатын жері

Бауыр 1.зат. адамзат, жан-жануардың ас қорыту таратушы ішкі мүшесі
Бауыр 2. жан-жануардың алдыңғы, ішкі жағы, төс алды, өкпе тұсы
Бауыр 3. бірге туған, қандас, ағайындас адамдар

Бауырлас 1.сын. а) бірге туған, туыстас
 ә) арманы, ой-тілегі бір, дос-жар, туған (ел)
 б) мөлшерлес
Бауырлас 2.ет. а) туыстасу, жақын болу, достасу
 ә) бір-бірімен ұласу, жалғасу

Бәйге 1. зат. ат жарыс, ойын
Бәйге 2. сыйлық, жүлде

Бәс 1.зат. ерегескенде, бәсекелескенде тігілетін төлем ақы

Бәс 2.зат. баға, құн, нарық

Безер 1.ет. а) бедірею, міз бақпай мелшию, сазару, саздану

ә) құлазу, мелшию, сұрқай тарту

Безер 2.сын. қиқар, бір бет, айтқанға көнбейтін қыңыр

Бейне 1. зат. а) тұлға, кескін, келбет; ә) мүсін, сымбат, пішін

Бейне 2. зат. а) кейіпкер, образ, тұлға; ә) кейіп, көрініс, көрік

Бейне 3. шыл. а) секілді, сияқты, тәрізді, ұқсас; ә) нағыз, дәл, кәдімгі

Бек 1.зат.тар.әкім, хан тұқымы

Бек 2.сын.бекем, мықты, берік

Бек 3.үст. өте, тым

Бекініс 1.зат. қорған, қамал

Бекініс 2. бекін етістігінен жасалған ортақ етіс

Боздақ 1.зат. ботаның ақ жүні, түлегеннен соң шығатын жұмсақ,

ұлпа жүн

Боздақ 2.зат. үлпілдек жүнді тюлень

Боздақ 3.зат. ер азамат, жас жігіт

Болат 1.зат. құрыш

Болат 2. асыл, мықты, берік

Бояу 1.зат. белгілі бір түске келтіру үшін жағылатын химиялық

зат

а) өңін айналдырушылық, жасандылық, жалғандық

ә) ерекшелік, мәнер

Бояу 2. боя етістігінің қимыл атауы

Бөгет 1.зат. а) платина; ә) кедергі, тосқауыл, ілгішек

Бөгет 2. бөге етістігінен жасалған өзгелік етіс

Бөгеу 1.зат. а) бөгет, тосқауыл, кедергі; ә) кідіріс, аял, тоқтам

Бөгеу 2. бөге етістігінің қимыл атауы

Бөлектеу 1.сын. а) оңашалау, алыстау

ә) айрықшалау, басқашалау, ерекшелеу

Бөлектеу 2. бөлекте етістігінің қимыл атауы

Бөрту 1.ет. а) суды бойына тартып алу, ісіну; ә) бүршік ату, көктеу

Бөрту 2.ет. денеге ұсақ бөрткен шығу

Бұлақ 1.зат. қайнар, көз, кішігірім су, бастау

Бұлақ 2. құлақтан ағатын ірің, ауру

Бұлау 1.зат. а) ауырған жерді ыстық бумен булайтын халық емі

ә) қиналып, қысылғанда шығатын тер

Бұлау 2. бұла етістігінің қимыл атауы, көз жасын көл қылу

Бұршақ 1. зат. жауын-шашын

Бұршақ 2.зат.ұрығы қабық ішінде орналасқан дақылды өсімдік,
оның дәні

Бұршақ 3. қозы-лақ байлайтын түйнекті жіп

Бытыра 1.зат. қорғасыннан ұсақ етіп, домалақтап жасалған
мылтық оғы

Бытыра 2.ет. шашырап, тарап бет-бетіне кету

Даңғара 1.көне. а) бір жақ бетіне тері қаптап, ішкі жағына
сылдырмақ темір тағылған дыбысы күшті музыкалық аспап

ә) данғаза, айғай-шу

Даңғыра 2. даңғырлау, саңғырлау

Даурық 1.ет. а) дабырлап сөйлеу

ә) құр дақпырт тарату, желігу, лепіріп-көпіру

Даурық 2.зат. айғай-шу, дабыр

Дәм 1.зат. түрлі тағамдардың әсерінен ауыз қуысында пайда
болатын сезім, түйсік

Дәм 2.зат. ас, тағам, тамақ

Декрет 1.зат. жоғарғы өкімет орнының заң есебінде шығарған
қаулысы,указ, нұсқау, заң

Декрет 2.зат. екі қабат әйелдерге берілетін заңды демалыс

Дода 1.зат. а) екі жаққа тең бөліп тартысатын көкпар;
ә) өмір талқысы

Дода 2. бір бума, бір топ, бір бөлек

Долы 1.сын. а) ыза кернеген, булықпа, ызақор
ә) алай-түлей, күшті

Долы 2. жерг. бұршақты, жаңбырлы дауыл

Дөңгелек 1. а) арбаны т с.с. қозғалысқа келтіретін шеңбер,
доңғалақ

ә) майға піскен жұқа нан; б) шеңбер

Дөңгелек 2. шар сияқты, шеңбер тәрізді сопақ емес, сызық

Дөңгелектеу 1.сын. дөңгелекше келген, домалақтау

Дөңгелектеу 2. дөңгелекте етістігінен жасалған қимыл атауы

Дүрлігіс 1.зат. абыржушылық, үрейленушілік

Дүрлігіс 2. дүрлік етістігінен жасалған ортақ етіс

Ебелек 1.бот. сабағы дөңгеленіп келген бір жылдық шөп

Ебелек 2.тех. комбайнның астық сабағын жығу үшін жасалған
қалақтары

Ебелек 3.кәс. шыр айналған нәрсенің бейнесін көрсететін ою

Ебелек 4.физ. жылтыр заттың жарыққа шағылысуынан пайда болған
сәуле

Егеу 1. зат. металл заттарды егеп өңдейтін, жұқартатын, кесетін,
өткірлейтін құрал, аспап

Егеу 2. «еге» етістігінің қимыл атауы

Егіз 1.сын. а) бір анадан туған екі бала не екі төл

ә) қос, екі, жұп; б) сыңары, серігі, жұбы

Егіз 2.зат. бейненің не суреттің жұп-жұбымен, екі-екіден қайталанып
келетін өрнек атауы

Ез 1.ет. а) сұйық күйге айналдыру, еріту ә) мыжу, мыжғылау

Ез 2. а) жаншу, жаныштау, таптау ә)қайғы-мұңға батыру, еңсесін басу

Ез 3. қанау, құлдықта ұстау, еңбегін пайдалану

Ез 4.а) сын.ынжық, жасық, шірік, бос; ә) бейшара, қор, мүсәпір;

б) ығыр қылған, мезі еткен, жалықтырған
Езуші 1.зат. езетін, езу ісімен шұғылданатын
